

Әлібеков С.Т.



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫ**

*Оқулық*

ИГР-ПРЕСС

*Әлібеков С. Т.*

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫ**

*Оқулық*

**Алматы  
2007**

ББК 67.401.21я7

Ә 55

*Қазақстанның кедендік декларанттарының одағы  
және құқық саласы бойынша оқу әдістемелік  
секциясымен мақұлданған*

### **РЕЦЕНЗЕНТТЕР:**

**Баймаханов М.Т.** – *Академик НАН РК,  
доктор юридических наук, профессор*

**Сәрсембаев М.А.** – *доктор юридических наук, профессор*

**Ә 55 Әлібеков С. Т.**

**Қазақстан Республикасының кеден құқығы:** Оқулық. –  
Алматы: – Нұр-пресс, 2007. – 267 б.

ISBN 9965-830-02-9

Бұл оқулық «Қазақстан Республикасының кеден құқығы» пәніне тиісті типтік бағдарламаға сай дайындалған. Бұл оқулық шықпастан бұрын автормен (1997-2003 жж.аралығында) бірнеше оқу құралы шығарылған. Бұл оқулық студенттерге, оқытушылар мен аспиранттарға және кеден мәселелерімен айналысатын қауымға арналған.

ББК 67.401.21я7

Ә 1203020200  
00(05)-07

ISBN 9965-830-02-9

© Әлібеков С. Т., 2007.

© Нұр-пресс, 2007.

## КІРІСПЕ

Қазақстанның тәуелсіздік алып, егемендікке ие болуы жаңа заңдарды қажет етті. Ұлттық қауіпсіздікке байланысты жаңа құқықтық инфрақұрылымдардың құрылуы жаңа басты бағыттар мен заң шараларының қабылдануына алып келді. Осындай басты бағыттардың бірі – кеден жүйесі. Кеден саласын ғылыми негіздеу үшін қазақстандық қана емес, сондай – ақ бұрынғы одақтық және халықаралық кеден заңдарының негізінде қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуінің орны мен рөлін, ерекшелігін анықтау өте маңызды.

Кеден құқығының пайда болуына Қазақстанның мемлекеттік қызметінде кеден саласының бөлінуі әсер етті. Кеден саласын монополиялық мемлекеттік реттеудің қажеттілігі ішкі және сыртқы саясаттың құрылымы кеден саясатын анықтау арқылы кеден қызметінің арнайы органдарының, кеден ісінің құрылу жолдары арқылы кеден жүйесінің қалыптасуына алып келеді.

Кеден ісі кеден саясатының мақсатқа жету құралы ретінде, кеден территориясында арнайы әдіс – тәсілдері арқылы басқа кеден салаларының элементтерімен байланыса отырып, мемлекеттің монополиялық қызметінің құралы болып табылады.

Кеден құқығының дамуының алғашқы кезеңі оның, пәнінің тар болуымен және қоғамдық қатынастарды кедендік реттеуімен сипатталады. Кодификацияланған актінің қабылдануы құқықтық реттеуде кеден құқығы пәнінің жаңа мазмұнын қалыптастырады. Еуропа кеден құқығының тәжірибесі көрсеткендей, фискальды функцияның басқа экономикалық бірыңғай нарықтың шараларымен салыстырғанда, рөлі төмен болуы тиіс. Кеден саласының құқық қорғау аспектілеріне заңсыз есірткі және заңсыз қару айналымдары, халықаралық терроризммен күресу жатады.

Қазақстанның халықаралық саяси және экономикалық қатынастарының дамуы, еліміздің интеграциялық процестерге тікелей қатысуы кеден құқығының рөлі мен маңыздылығын арттыруда. Бұл оқу құралы Қазақстан құқығындағы кеден құқығының жеке кешендік құқық саласы ретінде құрылып, дамуына ғылыми негіздеме беруді мақсат етті. Кітапта Қазақстанның кеден саласының пайда болуының алғашарттары мен оның құрылымдық бөлімдерін: ке-

ден саясаты мен кеден ісін, Қазақстан құқығының кешендік құқық саласы ретіндегі пайда болу және қалыптасу жолдарын, оның даму кезеңдерін зерттеу, кеден құқығының жалпы сипаттамасын, кеден құқығының құқықтық институттарын, кеден ісі нормативтерінің жетілу жолдарын және халықаралық кеден құқығының жетістіктерін ескере отырып, республикамыздың кеден саясатының құралдарын, кеден саясатындағы мемлекеттік басқаруда болатын мәселелерді шешуді қарастырған.

Еуропа Одағының және ТМД мемлекеттерінің кеден заңдарына салыстырмалы талдау жасалған. Кеден саласындағы құқықтық қатынастардағы мәселелерді шешу мен реттеуге деген мемлекет талпынысының пайда болуы және соған арнайы құқықтық нормалардың қабылдануы кеден құқығының пайда болуына әкелді. Жалпы кеден құқығының дамуының екі кезеңін атап айтуға болады:

- 1991 жылғы желтоқсаннан 1995 жылдың шілдесіне дейін (кодификацияланған актінің қабылдануына дейін);
- 1995 жылдың шілдесінен бүгінгі күнге дейін.

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы және Ресей Федерациясы Мемлекетаралық кеңесі жанындағы Үкімет басшылары кеңесімен 1998 жылғы 24 қарашада “Кеден Одағы мен бірыңғай экономикалық кеңестік құру және оның жүзеге асыру шаралары туралы, келісім жобасы туралы” шешім қабылданды.

1999 жылғы 26 ақпанда мемлекет басшылары қабылданған Келісім (Қазақстан 1999 жылғы 24 маусымда ратификациялаған) Кеден Одағындағы өзара қатынасқа өзгеріс әкелмек, сондай – ақ интеграциялық процестерді күшейтіп, ұлттық кеден заңдылықтарының өзгеруіне септігін тигізбек.

Қазақстанның кеден құқығының негізгі ережелері кеден заңдылықтарының құқықтық институттарына негізделген. Оларға кеден саясатын, кеден ісін, кеден шекарасынан тауарлар мен көлік құралдары өтуінің қағидалары мен құқықтық механизмдерін, кеден режимдерін, кеден төлемдерін, кеденді рәсімдеу мен кедендік бақылауды, кедендік құқық бұзушылық үшін жауапкершілікті жатқызуға болады.

Кеден саласындағы қоғамдық қатынастардың пайда болуы кеден құқығы субъектілерінің өзара қатынастарымен тығыз байланысты. Кеден құқығы материалдық та, ұйымдастырушылық та сипатқа

ие. Ол кеден құқығын материалдық және ерекше бөлімнің негізін құрайды.

Жалпы бөлімде кеден саласының жалпы мәселелері, кеден құқығының сипаттамасы, халықаралық кеден құқығы мен ішкі кеден құқығының арақатынасы, кеден қызметін ұйымдастырудың негіздері кеден саясаты және кеден ісі қамтылған.

Ерекше бөлімде кеден ісі мемлекеттік басқарудың құралы ретінде кеден құқығының институттары, кеден органдарының функциялары. Қазақстан кеден саласының халықаралық – құқықтық аспектілері қарастырылған. Жалпы және ерекше бөлімдерінің тақырыптары оқу бағдарламасына сәйкестендірілген. Қосымшада оқу бағдарламасы, тест және нормативтік құқықтық материалдар берілген. Автордың ойынша, бұл оқу құралы кеден саласының арнайы курстарын жүргізу барысында көмекші құрал ретінде және сыртқы экономикалық қызмет, халықаралық аспектілер мен Қазақстанның мемлекеттік және қоғамдық өміріне, кеден мәселесіне қатысты курстарда пайдалануға арналған.

# ЖАЛПЫ БӨЛІМ

## 1 - тақырып

### КЕДЕН САЛАСЫ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ ЖАҢА САЛА

*Егеменді Қазақстандағы кеден саласын басқарудағы мәселелер.  
Егеменді Қазақстандағы жеке монополиялық мемлекеттік және  
басқа салалардың өзара байланысы*

Арнайы және қызмет ететін халықаралық ұйымдар – Бүкіләлемдік сауда ұйымы (ВТО/ГАТТ), Бүкіләлемдік кеден ұйымы және т.б. бір мезгілде міндеттемелерді орындай отырып, белгілі бір мақсатқа жету жолында мүшелікке кірген, планетамыздың көптеген елдерін құрамына алып, біріктіреді. Бұл мемлекеттердің мемлекеттік басқаруына тән өзінің ішкі және сыртқы мүдделері болады.

Қазақстан 1992 жылдан Бүкіләлемдік кеден ұйымына мүше бола отырып, Бүкіләлемдегі Сауда ұйымына мүше болу мәселелерін қарастыруда.

Егеменді мемлекеттер ұлттық мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдар жүзеге асыратын құқықтық реттеудің салаларын өздері анықтайды.

Бұл салаға Қазақстанның егемендік алғаннан кейін шынайы пайда болған кеден саласын жатқызуға болады. Басқа салаларды біз төменде қарастыратын боламыз.

Егеменді Қазақстандағы кеден саласы кеден ісі ретінде және кеден саясаты, соған сәйкес құқықтық қатынастар түріндегі ішкі және сыртқы саясаттың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Оны бүгінгі күнгі қабылданатын саяси және экономикалық шараға әсер етуіне тиісті қоғамдық, мемлекеттік және жеке мүдделер тұрғысынан қарастыру маңызды.

Егер біз мемлекеттік деңгейде кеден саласын мемлекеттік механизмнің екінші элементі ретінде қарастыратын болсақ, ол өз

міндетін толық көлемде атқара алмайды және барлық өзгерістерге бірқатар кешігулермен әсер ете отырып, осы механизмнің қосымша ретінде ғана қызмет атқаратын болады.

Сонымен, кеден саласының қызметін басқа мемлекеттік қызмет салаларынан бөлшектеуге болмайды, өйткені олардың арасында өзара байланыстың объективті негізі бар.

Монополиялық мемлекеттік ретке келтіру мәселелеріне кеден саласы, кеден саясаты, кеден ісі, кедендік әкімшілік ету, кеден заңдылықтарының нормаларын Қазақстанның басқа заңдылықтарымен сәйкестендіру (қолданыстағы ішкі құқықты үйлестіру), құқық қолданушылық тәжірибесіне сәйкес мамандарды кәсіби дайындау, қоғамдағы құқықтық нигилизмді жою жатады.

Кеден ісі және кеден саясаты негізгі институт және қолданыстағы құқығы ретінде мемлекеттің осы сала қызметінің қазіргі жағдайын және тұтас алғандағы кеден саласының мәселелерін көрсетеді.

Кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қолданылатын бірыңғай кедендік төлемдер жүйесін құру жолымен іске асырылатын кеден саясатын мемлекетіміздің сыртқы экономикалық қызметінің бір бөлігі ретінде қарастыра отырып, жалпы мәселелерінің, кеден саясатының мақсаттары мен кеден ісінің жөнге қойылуының және кеден саласының маңыздылығын байқауға болады. Кеден шекарасының жалпы ұзындығы 13 мың км; оның ішінде Ресеймен – 7000 км, Өзбекстанмен – 2000 км, Түркіменстанмен – 400 км, Қырғыз Республикасымен – 1000 км астам, Қытаймен – 1700 км. Теңіз шекарасы – 1700 км ұзындықты алып жатыр.

Қазақстанның кеден шекарасынан жылына орта есеппен 1 млн. жеке тұлға қатынайды (мысалы: 1995 ж. - 651 148 адам Қазақстан Республикасынан, 526 050 - Қазақстан Республикасына, 1996 ж. – сәйкесінше 590 879 және 507 893 адам); 1997 – 2006 жж. 1 млн. астам тауарлар айналымы динамикасы әкелінуден сыртқа шығарудың жоғары екендігін байқатты (мысалы: 1995 ж. 73 715 мың тонна шығарылса, 19 418 әкелінген, 1996 ж. тиісінше 67 474 және 18 069, 1997 ж. - 55 000 және 15 000; 1998 ж. - 43 044 және 12 100 тонна кірген). Көптеген процедуралық әрекеттер жүзеге асырылады (мәселен, 1995 ж. - 298 537 жүк кеден декларациясы рәсімделген, кейінгі жылдары оның көлемі 200 000 асқан); 2000-2006 жж. – 300 000 – 350 000 жүк кеден декларациясы рәсімделген.



Жыл сайын кеден қызметіне қойылатын талаптар қатандауы керек, оның үстіне бюджетіміздің кіріс бөлігіне жыл сайын кеденнен түсетін табыс көбеюде (1994 ж. – 7 млрд. теңгеден астам, 1995 ж. – 20 млрд. теңгеден астам; 1996 ж. – 18 млрд. теңге; 1997 және 1998 ж.ж. – 20 млрд. теңгеден астам; 1999 ж. – 40 млрд. теңгеге жуық); 2000–2006 жж. – 100 – 350 млрд. теңгеден астам.

Қазақстан бекіткен кеден ережелері Кеден одағы мемлекеттеріндегі және ТМД-дағы кейбір ерекшеліктерін қоспағандағы нормаларға ұқсас. Ережелерді бұзу динамикасының өзі нақты тұрақты динамиканың сақталуын айғақтайды. Сонымен, 1995 ж. - 3773 кеден ережесін бұзу анықталған (КЕБ) және 250 қылмыстық іс; 1996 ж. – 10000 астам КЕБ және 200 қылмыстық іс; 1997 ж. – 15000 астам КЕБ және 88 қылмыстық іс; 1998 - 11000 КЕБ және 40 қылмыстық іс қозғалған; 2000 – 2006 жж. – 25000 – 30000 КЕБ және 300 – 350 астам қылмыстық іс қозғалған.

Кеден заңдылығымен қарастырылған 40 кеден ережесін бұзу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 209, 214 және 250 баптары кедендегі заң бұзушылықтарды барынша қамтығанымен, Қазақстан халықтарының және шетел мемлекеттерінің шекарасынан алынып кетілген көркемдік, тарихи және археологиялық мұраларын қайтармау сияқты құқық бұзушылықтар назардан тыс қалдырылған.

Кеден заңы халықаралық нормалардың жетістігіне негізделетіндіктен, кеден заңының зор болашағы және қорлары бар; құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру қажет.

Мемлекет, сондай-ақ кедендік қатынастардың басқа да қатысушыларының қызметінің мүдделеріне сай кеден реттеулерінің қажеттігіне байланысты айтарлықтай айқындалған бағыттылығына ие болу қажет.

Осыған орай Қазақстан ғалымдарының еңбектері кеден құқығының әдіснамалық негіздерін, пәні мен құқықтық реттеу тәсілін, осы құқық саласының жүйесін, қағидалары мен құқықтық институттарын зерттеуге және оның қайнар көздері мен өзге де мәселелеріне арналған.

Кеден құқығы мемлекеттік және басқа кеден ісіне қатысушылардың мүддесін қорғайтын айтарлықтай анық бағытқа ие болуы тиіс. Бұл бағыттар ең тиімді кедендік әкімшілік етуді немесе кеден

шекарасынан өткізетін процедуралар мен бақылау қызметтерін, кеден режимін анықтауда кеден төлемдерін есептеу мен алуды, кеден рәсімдеуін, кеден бақылауын жүзеге асыруды, жауапкершілік мәселелерін жүзеге асыру кезінде белгілі бір жариялылықты талап етудің түрлерін айқындауы қажет.

Кеден заңында қарастырылатын кедендік әкімшіліктендірудің делдалдық қызметін пайдалану нысаны (кеден брокері немесе кеден тасымалдаушысы), кеңес және ақпарат беру, кейбір процедуралар мен қызметтерді жеңілдету сияқты мұнда шынында, кеден органдарының өкілеттілігінің бір бөлігін басқа ұйымдарға беру әр түрлі бұзушылыққа және қиянат етушілікке алып келуі мүмкін.

Сондықтан кеден құқығына жеке құқық саласы ретінде қоғамда болып жатқан жағдайлар сөзсіз әсер етеді.

Кеден құқығы көздейтін мақсаттарды анықтаймыз. Мәселен, проф. М.А. Сәрсембаев мынадай мақсаттарын айтады:

-кеден ісінің тиісті ұйымдары республикадағы кеден саясатын жүзеге асыратын құрылымдармен қамтамасыз етуі тиіс;

-кеден мекемелерінің қалыпты әрі тиімді жұмыс істеуі үшін сәйкесінше жағдай жасау;

-кеден қызметін жүзеге асырғанда Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

-қазіргі халықаралық құқық субъектісі ретінде Қазақстан Республикасының экономикалық және сыртқы экономикалық мүдделерін қорғау.

Біздің ойымызша, осы мақсаттардың қатарына кеден саласы мен кеден саясатында ғылыми доктрина дайындауды, қалыптасқан жағдайды теориялық тұрғыдан негіздеу, кеден заңдары мен кеден салаларының даму жолдарын маманданған кадрлар дайындау үшін оқу пәні ретінде кеден құқығының зерттеулерін жете пайдалануды қосуға болады.

Кеден саласында психологиялық, әлеуметтік, физиологиялық және басқа да критерийлерді ескере отырып таңдап алынған жоғары білікті мамандар еңбек етуге тиіс. Қоғам мен азаматқа өркениетті түрдегі қызмет ету үшін кеден саласына мемлекет тарапынан оның қажеттіліктеріне қызу көңіл бөлуге тұрарлық.

КСРО ыдыраған соң, Қазақстан өз мемлекеттілігін 1978 ж. Қазақ ССР Конституциясына және одақтық заңдарға сүйене оты-

рып құра бастады, бірақ бұл нормалар ескі жүйенің қағидаларынан көрініс беріп, бүгінгі күн талабына жауап бере алмады және жаңа мемлекеттің құқықтық негізі болып қызмет ете алмады.

Бүгінгі Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылдануына алғашқы дербес заңдар мен 1993 ж. егеменді Қазақстанның тұңғыш Конституциясы алғышарт болды.

Конституция (1995) жаңа мемлекеттігіміздің негізін қалап, қоғамдық дамудың бағыты мен ретін анықтауға қабілетті бірыңғай мемлекеттік биліктің құрылуына жол ашты.

Тәуелсіздігіміздің 5 жылдығына арналған баяндамасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев экономикалық реформа және заңмен қамтамасыз ете алатын, ішкі саяси процестерді тұрақтандыратын елімізде тұрақты, мирасқор мемлекеттік билік институты құрылғандығын және азаматтық кодекс, салық кодексі, Жер туралы заң, ипотека, мемлекеттік қызмет сияқты экономикалық реформаларды іс жүзіне асыратын заңдардың бірқатарын атаған болатын.

1991 жылғы желтоқсан айындағы оқиғалар КСРО-ның ыдырауына әкеліп, Қазақ КСР-ін қоса алғанда, одақтас мемлекеттердің тәуелсіздігін жариялауына мүмкіндік берді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев “Қазақстан 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында”: біріншіден, Қазақстан егемен тәуелсіз мемлекет болды. Екіншіден, біз кең ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформаларды жүргізе бастадық. Аталған мақсаттарға жете қойғанымыз жоқ, дегенмен жекелеген бағыттарда көзге түсер нәтижелеріміз де бар,” – деген.

Ескі саяси және экономикалық жүйенің қалдықтарын ескере келе, ұлттық стратегияны жүзеге асыру кезеңі толық қалыптасып үлгерген жоқ.

Дербес мемлекет қалыптастыру үшін құқықтық базаны түбірімен қайта құру қажет. Жүргізілетін құқықтық реформаның нәтижелілігіне мемлекеттік деңгейде мән берілген, бұған дәлел – 1993 жылғы 16 маусымдағы Президенттің “Қазақстан Республикасының құқық реформасының тиімділігін арттыру шаралары туралы” жарлығы.

1995 ж. Конституция жаңа қолданыстағы құқық категориясын енгізе отырып, оның негізі болып табылатын қайнар көздеріне сілтеме жасайды. Оған Конституция нормаларынан өзге, тиісті заңдар, басқа нормативтік құқықтық актілер, халықаралық келісім-шарт-

тар және республиканың басқа да міндеттемелері, Жоғарғы сот пен Конституциялық Кеңестің нормативті қаулылары жатады.

Мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларын қамтитын заңдарды кешенді әрі жүйелі түрде жетілдіруді жүзеге асырсақ, айтылған мәселелерді шешуге қол жеткізе аламыз.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев Парламент қызметі туралы айтқан сөзінде еліміздің заң шығарушы органының бүгінгі күні кодекс түріндегі жинақталған, кодталған кешенді актілерді қабылдауға ерекше көңіл аударып отырғанын алға тартады.

Кеден құқығы егеменді Қазақстанда мемлекетіміздің сыртқы экономикалық қызметінде жаңа құрал болып табылады. Заңдарымыз “кеден ісі”, “кеден саясаты”, “кеден саласы” сияқты құқықтық категориялардың жеткілікті түрдегі дәл анықтамасын бермегендіктен, оларды қолдануда кейбір қиыншылықтарға соқтырды.

Қазақстанның, Ресейдің және Қырғызстанның кеден заңдарының, сондай-ақ, ТМД қатысушы – мемлекеттердің Кеден заңдарының негіздеріне жасалған талдау кейбір баптарда кеден ісіне жоғары мән берілетіндігін көрсетті. Мысалы, кеден ісі 1-бапта “Кеден ісі” ұғымы анықталған соң ары қарай сілтемелі номерлер арқылы көрсетіліп, Қазақстан Республикасында (“Кеден ісі туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 3-11, 13, 16, 424 баптары) жан-жақты ұғымға айналған.

Кеден саласы мемлекет қызметінің монополиялық саласы ретінде кеден мүддесі мен мемлекет қызметіне сай келіп, өз құрылымына кеден саясаты мен кеден ісін енгізген.

Бұл жағдайда республиканың егемендігін, қауіпсіздігін, экономикалық мүдделерін қорғайтын кеден саласындағы мемлекет қызметімен байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге қажетті саласы кеден құқығының пәні болып табылады.

Кеден саласының басқа бір элементі – кеден саясаты – тұтастай ішкі және сыртқы саясаттың өзіне тән мақсаттары бар. Заңдар негізінде оны мемлекет саясатының ішкі және сыртқы құрама бөлігі ретінде қарастырғанымен, кеден саясатының кейбір мақсаттары, біздің ойымызша, кеден саласы шеңберінен шығуы мемлекеттік басқарудың басқа салаларымен өзара тығыз байланысы мен оның маңыздылығын көрсетеді.

Мемлекеттің бірыңғай сыртқы экономикалық қызметінің жүйесін қалыптастыру 1990 ж. 15 желтоқсанда “Қазақ ССР сыртқы

экономикалық қызметінің негізгі қағидалары туралы” Қазақ ССР Заңымен қарастырылған.

Бірақ дербес кеден ұйымдарын құрмай, бұны тәжірибеде жүзеге асыру мүмкін болмады. Кеден ісін ұйымдастыру қағидаларын бекіту КСРО-ң біртұтас кеден аумағы негізінде бекітіліп, оның құзырына кеден саласында 1990 ж. 10 сәуірдегі “КСРО, одақтық және автономдық республикалардың экономикалық қатынастарының негізі туралы” Заңымен анықталған КСРО, одақтық және автономиялық республикалардың экономикалық мүддесін қорғау, кеден баждары мен алымдарын бекіту кірді.

Одақтас республикалар өзара келісімінсіз тауарлар мен қаржы ресурстарын әкелу мен әкетуге шектеу қоюға, өз аумақтары арқылы жүк транзитіне бөгет жасауға, басқа мемлекеттің азаматтары мен заңды тұлғалары меншігіндегі ақша және мүлік құралдарын өткізуге кедергі келтіруге, кеден төлемдерін енгізуге тыйым салынды. Кедендік, сондай-ақ, әрекет етуші тетіктердің болмауы Қазақстаннан әр түрлі шикізаттар мен басқа да тауарлардың кедергісіз әкетілуіне әсер етті, оларды әкетуге рұқсат және лицензия болғанның өзінде, Қазақстан тиісті бөлінген валюталық аударымдарды алмады. Сонымен қатар бұл үрдісті тоқтатуға республикалық мемлекеттік органдар дәрменсіз болды.

Оған мысал ретінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1989 жылғы 27 қазандағы № 210 бұйрығын айтуға болады. Онда киік мүйіздерін өткізуден түскен пайданың заң бекіткен пайызы (5 %) одақтас министрліктер мен оған ведомстволық бағынышты кәсіпорындардан Қазақстан Үкіметіне аударылуға тиіс екендігін негіздеген. Бұл пайда түгелімен аударылмаған және ол бойынша көрсетілген жазалау шаралары да орындалмаған. Тағы да бір айта кететін жайт, одақтық министрліктер мен ведомстволардың ешқайсысы селт етпеген, ал белгіленген квота шеңберінде берілген лицензиялар саны кемімеген.

Мемлекетіміздің сыртқы экономикалық қызмет механизмін анықтауға тағы бір талпынысы 1991 ж. 6 маусымдағы № 328 “Қазақ ССР республикалық валюта комитеті туралы” Қазақстан Президентінің қаулысы болды. Жаңадан құрылған мемлекеттік орган валюталық және экспорт – импорт саясатын жасау мен үйлестіру, экспорт базасын дамыту мен экспорт үшін ресурс іздестіру шараларын айқындауы керек болды. Президент аппаратының бұл бөлімшесін Премьер – министр басқарса да, шын мәнінде, бұл комитеттің бар

мәселелерді шешуде ешқандай рөлі болмады және жарыса қызмет істеуші орган болып табылады.

1994 жылғы 9 маусымдағы Жоғарғы Кеңес мәжілісінде Президентіміз Н.Ә.Назарбаев еліміздің шикізаты көп салаларын айқын көрсетті.

Қазақстан экономикасын реформалау үшін заңдардың пісіп – жетілмегендігі сезіліп тұрды.

Бұрын қажет болмаған жаңа қоғамдық қатынастарды реттеу үшін жаңа заң актілерінің қажеттілігі туындай бастады. Бұл кеден саласына да қатысты.

1991 ж. 24 желтоқсанда Қазақстанда “Кеден тарифі мен бажы туралы” Заң қабылданып, кеден бажының жүйесі ретінде кеден тарифін құрып, қолдану көзделді.

Сөйтіп, республикамызда дүние жүзілік қауымдастық таныған мемлекеттік қызметтің тәуелсіз функциясы кеден саласында да орныға бастады. Кеден құқығының объектісі ретінде кеден саласы - өз алдына қойған мақсаттары мен тапсырмалары бар кең сала.

Кеден саласы, 1991 ж. 16 желтоқсандағы ҚР тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңында да атап өтілгендей, еліміздің экономикалық негізін нығайту үшін құрылған объективті қажеттілік. Басты бағыт ретінде қаржы-несиелік, ақша жүйесін, республикалық кеден және салық жүйелерін құру құқығы анықталды.

Кеден жүйесі кең мағынасында, қалыптасу барысында қазақстандық кеден құқығын дербес салаға айналдыратын қажетті заңды негіз қалап келеді.

Кеден құқығы мен кеден саласының дамуында кезеңдік бөліну 1995 жылғы 20 шілдедегі “ҚР кеден ісі туралы” Президенттің заң күші бар Жарлығымен көрінді.

Бұл жүйеленген нормативтік құқықтық актіні қабылдау кеден заңдарын толықтырып, құқық саласы ретіндегі құрылымын реттеуге, кеден құқығы пәнін кеңейтіп, әдіс-тәсілдерін анықтауға, қағидаларын бөліп көрсетуге және қазақстандық құқықтың басқа да салаларымен байланысын құқыққа дәстүрлі тәсіл арқылы білуге мүмкіндік береді. Кеден ісінде жаңа мазмұнды категориялы аппарат пайда бола бастады.

Ең маңызды мәселелер қатарына басқа қазақстандық құқық салаларымен – әкімшілік, салықтық, қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық, қаржылық, еңбек құқықтарымен үйлесімі жатады.

Мемлекеттік құқықтық реттеуге жататын кеден саласымен байланысты қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, сыртқы экономикалық қызмет, табиғи монополия, экология, көлік және т.б. салаларды атауға болады.

Қазақстан Республикасының қорғанысы республиканың егемендігін қорғау, аймақтық біртұтастықты сақтау және оның шекарасына қол сұғылмауын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын саяси, әскери, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құқықтық сипаттағы мемлекеттік шаралар жүйесі болып табылады. Қарулы күштерге әскери басқарудың органдары, қарулы күштердің түрлері, тыл, әскери құрылыс бөлімдері, әскери оқу орындары, соғыс кезінде – шекаралық және ішкі әскер, ұлттық гвардия, ҰҚК-ң әскерлері, Азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен бөлімдері кіреді.

Қазақстанның мемлекеттік шекарасын қорғауды заңмен бекітілген жағдайларда кеден органдарымен бірге қызмет атқаруға шақырылған шекаралық әскер жүзеге асырады.

Сыртқы экономикалық қызметті құқықтық реттеу кейінгі кездері оның босануы әкімшіліктен гөрі экономикалық әдіске көшу тенденциясын көрсетеді. Әрине, бұл көптеген күрделі процедураларды жеңілдетіп, кеден тарифін реттеудің анық қажеттілігі пайда бола бастағанымен, осы уақытта кедендік әкімшіліктендіру сақталды.

Қазақстан төмендегі қызмет түрлері енетін табиғи монополиялар саласын: құбыр жүйесі магистралімен мұнай өнімдері мен мұнайды тасымалдау; магистралді және таратушы құбыр жүйелерімен газ бен газ конденсатын тасымалдау; жылу және электр энергиясын беру мен бөлу, темір жол магистралінің эксплуатациясы; әуе жай, порттарда, әуе – навигация қызметі; жергілікті байланыс жүйесін пайдалану мен телекоммуникация қызметі; су шаруашылығы және канализация жүйесінің қызметі, пошта байланысы қызметі; заңмен бекітілген басқа да қызметтер түрін жатқызады.

Мемлекет қызметінің салалары олардың өзара қызметтесуі тапсырмалары мен іске асырып жатқан жұмыстарынан байқалады.

Ішкі және сыртқы саясаттың құрамдас бөліктеріне сыртқы экономикалық, ақша – несие, сауда, кеден, салық, инвестициялық, қазынагерлік, жаңа өнеркәсіптік, мониторлық және т.б. жатқызуға болады.

Қазақстан үшін жалпы мемлекеттің осы ішкі және сыртқы саясат құрамдас бөліктерінің мақсатын, маңызын, әлеуметтік бағыт-

тылығын, өзара сәйкестілігін, орындау жауапкершілігін қарастыруды қажет ететін ұлттық саясат туралы нормативтік құқықтық акт қажет.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар**

*1. Кеден саласын монополиялық реттеуде мемлекеттік мүдде қалай сипатталады?*

*2. Кеден саласы мемлекеттік және қоғамдық өмірдің қандай аумағын қамтиды?*



**МЕМЛЕКЕТТІК ТӘУЕЛСІЗДІК АЛУ ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕН САЯСАТЫ МЕН  
КЕДЕН ІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ  
АЛҒЫШАРТЫ РЕТІНДЕ**

*Кеден саясаты ішкі және сыртқы саясаттың құрамдас бөлігі  
ретінде. Қазақстанның кеден ісінің жалпы мәселелері*

ТМД мемлекеттерінің кеден заңдарының негіздерінде кеден ісін құқықтық экономикалық және ұйымдастырушылық реттеу принциптері анықталған. Сонымен қатар, негіздерде қайшы келмейтін нормалар енгізуге рұқсат етілген. Бұнда кеден саясатының мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі екендігі баса айтылады.

Қазақстанның кеден саясаты қазақстандық нарықты, отандық тұтынушылар мен өндірушілерді қорғауға, экономика, экспорт және импорттың орнын басатын өндірісті дамытуға, шетел инвестициясын тартуға, сауда саясаты мәселелерін шешуге және т.б. ықпал етуге тиіс. Бұл міндеттер Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін, оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет.

Кеден саясаты кеден ісімен қатар кеден құқығының пәнін құрайды. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі ретінде оның экономикалық сипаттағы өзіндік заңды түрде анықталған мақсаты бар. Бірақ, біздің көзқарасымыз бойынша, шетел инвесторларын тарту, экономиканы құрылымдық жағынан қайта құруға ықпал ету, монополияға қарсы күресті және бәсекелестікті қолдау кеден саласы мақсатына енбейді. Сондықтан, кеден ісінің мүмкіндігіне орай кеден саясатының нақты мақсатын айқындау керек.

Үкіметтік деңгейде, тіпті жалпы мемлекеттік бағдарлама контекстінде кеден саясаты әлі күнге талқыланған емес. Кеден комитеті ұсынған 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Кеден саясатының даму бағдарламасы да біраз кешігуде.

Кеден саясатының мақсаты мен міндеттерін орындаудың жетістігі кеден реттеуі әкімшіліктендіру механизмі арқылы жүзеге асуы тиіс.

Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарын кеңейту, оны реттеудің тәсілдерін өзгертуді талап етеді. Кеден саясатын реттеу, экономикалық әдістер, оның ішінде, кеден бажы, салық және алымдар арқылы жүзеге асырыла бастады. Ал реттеудің әкімшілік тәсілінің маңызы шұғыл төмендегенімен, олар сыртқы экономикалық қызметтің белгілі салаларында сақталып, экономикалық реттеуге қосымша қолданыс ретінде пайдаланады.

Қазақстанның ұлттық капиталы импорт тауарларына кеден салығын салудың механизмі арқылы мемлекеттік қолдауға әзірше зәру отандық өндіріске арналған мемлекеттік жағдайларды жасауда пайда болуы мүмкін. Алайда, Үкіметтің импортталатын тауарға баж салығын белгілеуі, олардың жиі өзгеруі, жеңілдіктер енгізуі бұл механизмді іске қосудың жақсы жағына бет бұруына мүмкіндік туғызбайды.

Импортқа кедендік баждың көлемін белгілеуде халықаралық баға мен ұлттық бағаның арасындағы айырмашылық объективті қиындық болып табылады. Кеден бажының деңгейі осы айырмашылық ескеріле отырып белгіленуі тиіс. Біздің білетініміздей, дамыған мемлекеттерде ұлттық бағаларға әсер ететін еңбек өндірісінің деңгейінде үлкен айырмашылық болмағандықтан, кеден бажының деңгейі де біршама төмен. Ал дамушы елдерде отандық өндірушілерді қорғауда ұлттық шығын жоғары болғандықтан, импорттық тауарларға едәуір жоғары кеден бажы алынады.

Халықаралық еңбек бөлінісінің дамуы қоғамдық еңбек өндірісіндегі ұлттық айырмашылықтардың қысқаруымен қатар жүрді. Бұл құбылыс келешекте көптеген мемлекеттерде импорттық тауарларға баж салығының төмендеуіне алып келді. Жоғарыда аталған процестерді өзі анықтауына мүмкіндік алу үшін, Қазақстан осы елдер қатарына қосылуы қажет. Қазіргі кезеңде Қазақстанда байқалып отырған еңбек өнімділігінің төмендеуі құбылысы белгілі бір уақыт аралығында басқа елдерде де кездесуі мүмкін.

Ал әлемдік баға бұл уақытта тұрақты қалпында қала береді, тіптен төмендеуі де мүмкін. Ол импорттық тауарларға баждың төмендеуінде алғышарттардың жоқ екендігін көрсетеді. Отандық өндірушілерді қорғау үшін, алдымен, ұлттық шығынның қай деңгейі экономикалық тұрғыдан негізделген қаншалықты дәрежеде және отандық өндірушіні шетелдік бәсекелестіктен қорғаудың қажеттігін айқындағанымыз жөн. Бұны, әрине, жеке шығындары орташа ұлттық

деңгейден біраз жоғары, техникалық және экономикалық артта қалушылықтың консервациясын білдіретін техникалық жағынан артта қалған кәсіпорындарға қолдануға болмайды.

Ұлттық өндірушілердің қайсыбір бөлігі әлемдік нарықта бәсекелестікте төтеп бере алмайтын, әлемдік бәсекеге қабілеттілігі шектеулі тауарларды өндіруге, оларды шетелдік бәсекеден қорғаған жағдайда ішкі нарықта бәсекелес болуға қабілетті.

Қазақстанның дамушы экономикасында, сондай-ақ экспорт маңызды рөлге ие.

Экспортқа салынатын кеден бажының экономикалық сипаты да басқаша. Ол тауарлардың шектелген тізбесінен алынып, оның негізі ұлттық шығын мен әлемдік бағаның төмен болып алынуы шарт. Экспорт бажы, сондай-ақ ежелгі және өнер туындылары мен ұлттық мұраға жататын мемлекет тарапынан қаржыландырылатын интеллектуалды туындыларға салынуы тиіс.

Экспорт квотасынан және экспортқа салынатын салықтан бас тартуы мемлекет кеденінің экспорт мәмілесіне немқұрайлы қарауы деп түсінбеуіміз керек.

Мемлекет тарапынан экспорт – импорт валюта бақылауының күшеюі мемлекеттің кеден органдарына сыртқы экономикалық операцияларды бақылап отыруына мүмкіндік берді. 1997 жылдың 1 шілдесінен кеден органдары экспорт, импорт бойынша мәміле паспорттарын рәсімдеу процедурасына қатысуда.

Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге экономикамыз табысты қызмет етіп, қарқынды даму жағдайларын жасауды жатқызуға болады, ол үшін қолайлы жағдайда өндірушілерге өндіріс ресурстарына кеңінен жол ашып өз өнімдерін сыртқы нарыққа шығаруға мүмкіндік беру қажет.

Мұнымен қатар, Қазақстан интеграциясы халықаралық сауданы реттеу механизмінде сыртқы экономикалық байланысқа еркіндік беру сияқты және Дүниежүзілік Сауда Ұйымы ережелерін, басқа да халықаралық міндеттемелердің орындауын талап етеді.

Кеден саясаты және кеден органдарының қызмет ету механизмі осы талаптарға сай келуі тиіс. Бұл реттеудегі тек стратегиялық маңызды шикізат тауарларынан өзге экспорты әкімшілік реттеудің барлық құралдарын өзгертуді талап етеді.

Сонымен қатар, сыртқы саудада кеден органдарына реттеуші рөлі жүктелген. Қазақстанның өтпелі кезеңдегі әлсіз тұстары кеңестік

кезеңмен мұраға қалған экономикалық құрылымының өзгеруі, экономикалық құрылымның бәсекеге қабілетсіздігі, монополиялық және инфляциялық үрдістердің болуы, ғылыми-техникалық потенциалымыздың әлсіреуі, басқару шешімдерін қабылдағанда лоббизмнің болуы, заңдылығымыздың жалпы жетілмеуі, экономикамызда қылмыстық әрекеттің етек алуы және экономиканы басқару аймағындағы сыбайлас жемқорлықтың етек алуы және т.б. салдарынан болып табылады.

Өндірістік кешендерді шетелдік басқаруға жекешелендіру жолымен беру, мемлекеттік акция пакеттерін сату жолымен экономиканың мемлекеттік секторын шұғыл қысқарту жағдайды әзірше жеңілдете қойған жоқ. Сөз жоқ, мемлекетіміз табиғи монополияларды анықтауға, қолда бар потенциалды толық пайдалануға, нәтижелі мемлекеттік әкімшіліктендіруге, қоғамдық қатынастарды реттеуде, заңды әрекет етуші құралға айналдыруға заң шараларын қолдануы қажет.

Қазақстанның күшті жақтары: бай ресурстарының болуымен, өндіріс потенциалымен, кейбір “ақылдың кету” деңгейіне карамастан, мәдениет пен білімнің айтарлықтай жоғары деңгейімен байланысты.

Осы мүмкіндіктер мен артықшылықтарды пайдалану 2030 Стратегиямызда көрсетіліп, жүзеге асыру мәселесі мемлекеттік деңгейде көтерілген.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлі ықпал жасаудың икемді тәсілдері мен нысандары арқылы жүзеге асырылатын стратегиялық міндет ретінде қарастырылуы қажет. Осы мақсатта экономикаға мемлекет тарапынан ықпал етудің толық жүйесін қалыптастыру қажет.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты “Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы” Заңында жеке бап қарастырылған.

Кеден саясаты ішкі және сыртқы саясаттың туындысы ретінде сыртқы және ішкі экономикалық қатынастардағы оқиғаларды ескеріп, оларға талдау жасау негізінде орнын тапқаны дұрыс.

Кеден саясаты жеке саясат ретінде кеден саласы шекарасына әсер етеді, кедендік теорияны реттейді.

Бұл заң бойынша экономикалық қауіпсіздік – тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігі қауіпті жағдайда тұрған ішкі және

сыртқы жағдайлардан, әрекеттердің және фактілерден Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасының қорғалғандық жайы. Елдің ішкі және сыртқы саясатынан туындайтын кеден саясаты мемлекеттің ішкі және сыртқы экономикалық жағдайын есепке алмай, сондай-ақ оны объективті негізде сараптаудан өткізбей, құрыла алмайды және жүзеге аспайды. Бұл тұрғыдан кеден саясатын сыртқы экономикалық, сыртқы сауда, қаржы, салық, валюта салаларындағы мемлекеттік мүдделердің тоғысуы деп қарастыруға болады. Бұл ретте кеден саясаты мемлекет саясатының катализаторы болып қана қызмет атқармайды, оның санау-есептеудегі “аманаты” ретінде қызмет атқарады. Экспорттық-импорттық операцияларды реттеудің тарифтік емес жолдары кеден әдістері мен механизмі арқылы жүзеге асырылады. Осыны негізге алсақ, еліміздің сыртқы экономикалық саясаты біртұтас және мақсатты бағытты ұстанған, ал сыртқы экономикалық қызметте мемлекеттік реттеу механизмі тұйықталған қалыпқа ие.

Кеден заңдылығы кеден саясатын жеке анықтамай, оны ішкі және сыртқы саясаттың құрамдас бөлігі ретінде мақсаттарын көрсете отырып қарастырған. Жоғарыда айтылғанды ескерер болсақ, кеден саясаты Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін тауарларға қатысты кеден төлемдерінің бірыңғай, мақсатты жүйесін құрып, жүзеге асыратын мемлекеттік реттеудің сыртқы экономикалық қызметтегі бір саласы болып табылады.

Қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету, ішкі нарықты реттеу және оны импорттаушылардың әділетсіз бәсекелестігін қорғау, өндіріске шетел инвесторларын тартып, ынталандыру, отандық тауар өндірушілерді ауыр салықтан босату, шикізатты елден шығаруды ретке келтіру, импорттың ыңғайлы құрылымын құру, тауарлар экспорты мен қызмет көрсетуден келген валюта түсімдерін қамтамасыз ету, Қазақстан капиталының шығуына бақылау жасауды күшейту, кедендегі алаяқтық пен контрабандаға жол бермеу – осының бәрі біздің кеден саясатының ретке келтіріліп, жүзеге асырылуына байланысты.

Мұнда кеден органдарының біздің экономикамыздың нәтижелі қызмет етуі мен оның ішкі және сыртқы жағдайлардан қорғауға жауапты басқа да мемлекеттік құрылымдармен ақпараттық және іскерлік әрекеттігін жөнге салу мен оңайлатуға басты мән беріледі.

Бірыңғай мемлекеттік саясат шеңберінде және әрекет етуші құқық негізінде ұлттық қауіпсіздік жүйесін осы қауіпсіздікті қамтамасыз

ететін, өзара әрекет етуші күштермен, мемлекеттік органдармен қатар кеден қызметі де құрайды.

Сонымен, кедендік реттеу мен сыртқы экономикалық байланысты бақылау Қазақстанның егемендігін қамтамасыз етіп, экономикалық реформалық стратегиямен қатар экономикалық қауіпсіздігіміздің тығыз үйлесімінде жалпы өндірістің, рыноктың шынайы жай-күйін есепке ала отырып кеден саясатындағы арнайы тапсырмалар мен анық мақсатымызды шешуде басқа да басым міндеттемелерді қамтамасыз ете алуы мүмкін.

Республикалық деңгейде мемлекеттік органдардың бақылау функциясын атқаратын Кеден комитеті қызмет етеді. Президенттің басқару нысанында Үкіметіміздің өкілеттіліктері баршылық.

Кеден Одағына мүше елдердің кеден саясаты бір-біріне ұқсас. Мәселен, отандық нарықты қорғау, отандық өндірушілер мен тұтынушыларды қорғау, экономиканы және экспортты дамытуды жандандыру, импорттың орнын баса алатын өндірісті қолдау, шетелдік инвесторларды тарту, сауда саясаты мәселелерін шешу және т.б. мақсаттар ортақ. Бұдан мүдделер қайшылығы болатынын да жасыруға болмайды, бірақ олар алдын ала келісілген келісімдермен шешілуі тиіс.

Қазақстан Кеден Одағына 1995 ж. 20 қаңтарда мүше болды. Сөйтіп, Белоруссия мен Ресей Федерациясының Кеден Одағының барлық міндеттемелерін қабылдады. Оның ішінде уақытша шек қою да бар. Бұл, мына жағдайда орындалады: ішкі рынокта сол тауардың тапшылығы; жағдайды тұрақтандырғанға дейінгі өтеу балансының тапшылығы; отандық тауар өндірушілерге нұқсан келетіндей немесе зиян келтіру қаупі бар немесе тікелей бәсекелестікке түсетін тауарды өте көп мөлшерде әкелу.

Қазақстан мен Ресей арасындағы экспорт пен импорт соңғы жылдары белгілі бір қозғалыс үстінде және тұрақтылық қалпын бұзбауда.

Біз білетіндей КСРО тұсындағы кеден ісі КСРО мемлекеттік жоғарғы билік және басқару органдарының құзырында болды. Сыртқы сауда және басқа да сыртқы экономикалық қызметтің басқа да түрлері, кеден ісі де (КСРО Конституциясы, 73-бап), ал одақтас республикалар, оның ішінде Қазақстан, тек өз территориясында кеден басқармаларын құруға және оның басшыларын тағайындауға келісім берумен шектелді, тіптен мұның өзі қағаз беттерінде шартты түрде болды.

1990 жылдың 15 желтоқсанында қабылданған “Сыртқы экономикалық қызметтің негізгі қағидалары туралы” Қазақ ССР Заңында республикамыздың сыртқы экономикалық қызметін ретке келтіру жүйесін бекіту көзделді. Бұл Заңның 5-бабы мемлекеттік реттеу жүйесін құрайтын кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен басқа да мүліктердің мәлімдеуін, тауарларды экспорттау мен импорттау тәртібін (жұмыстар, қызметтер) анықталды. Бірақ құқықтық негіз жасалмай, арнайы кеден органдарын құрмай, кеден ісін жүзеге асыру екіталай болды.

КСРО ыдырауының қарсаңында республиканың сыртқы экономикалық қызметін жеке өзі шешуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақ ССР Президенті 1991 ж. 31 тамыздағы “Қазақ ССР-ң сыртқы экономикалық қызметінің дербестігін қамтамасыз ету туралы” Жарлығыменен 1991 ж. 1 қыркүйегінен экспорт пен импорт өнімдеріне квота және лицензия беру, бартерлік операциялар жасау Қазақ ССР өз құзырына жататындығын қабылдады. Осы Жарлықта Министрлер Кабинетіне 1992 жылдың 1 қаңтарына дейін: мемлекеттік кеден қызметін құру; экспорттық-импорттық салықтан, кеден алымдары мен баждарынан, жоспардан тыс кедендік кірістен түсетін түсімдерді бөлу механизмін, сондай-ақ сыртқы экономикалық байланыстарды қамтамасыз ететін көліктік кестелерді республикалармен және мемлекеттермен келісу; шектес шетел мемлекеттері немесе олардың жекелеген аймақтарымен сауда жасауда екі рет салық салуды болдырмау үшін шаралар қабылдау тапсырылды.

Қазақстанның кеден заңдары 1991 ж. 24 желтоқсанда “Кедендік тариф пен баж туралы” Заң қабылданғаннан кейін қалыптаса бастады.

Бұл Заңнан бұрын 1991 жылдың 12 желтоқсанында Президенттің 1990 ж. 25 қазанда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған мемлекеттік егемендік туралы Декларацияға сәйкес Қазақстанның экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында “Қазақстан Республикасының кеден комитетін құру туралы” жарлығы шыққан болатын. Егеменді Қазақстанның Кеден комитетінің қарамағына ҚР аумағында орналасқан бұрынғы КСРО кеден органдары берілді және оған ел аумағында кеден ісін мемлекеттік басқару мен кеден ұжымдарының іс-әрекеттеріне басшылық жасау функциялары жүктелді. Бір сөзбен айтқанда, Кеден саясатын жүзеге асыру жүктелді. Министрлер Кабинетінің 1992 ж. 19 тамыздағы № 127

“Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік кеден қызметі туралы” қаулысымен сол кездің өзінде-ақ кеден комитетінің ең маңызды міндеттерінің бірі – кеден саясатының экономикалық, ұйымдық, құқықтық механизмдерін жасау және оны тәжірибеде қолдануды ұйымдастыру міндеті айқындалды.

Кеден саласының, қоғамның, мемлекеттің және азаматтың экономикалық өміріне әсер ету тәсілдерінің көптүрлілігін ескере отырып, кеден заңдары кешенді түрде қабылданды және ықпал аймағы ҚР біртұтас кеден аумағы болып табылады.

Кеден тарифі тауарлар мен өзге де заттарды Қазақстанның кеден аумағына енгенде Қазақстанның кеден аумағынан шығарылғанда қолданылады. Бұл Заң күшінің аумағы – ҚР біртұтас кеден аймағына жүреді, яғни әкімшілік аймақ біртұтас кеден аймағы болып жарияланды. Заң бойынша кеден тарифін Президент бекітуге тиіс болатын, алайда тәжірибеде Үкімет бекітетін қандай да бір кеден баждарын қосқан соң ғана тариф туралы айтуға болады.

Заңдық мазмұны бар кеден тарифі туралы 1991 жылдың 17 желтоқсанында қабылданған “ҚР салық жүйесі туралы” Заңда жалпы мемлекеттік салықтар қатарында (16-бап) айтылған, ал кейінгі заңдарда кеден тарифі көрсетілмейді. Тек 1992 жылғы 28 қарашадағы “Уақытша импорттық кеден тарифі туралы” Президент Жарлығын айтса болады. Кеден тарифі туралы түсінікті “кеден баждары ставкаларының жүйесінен”, “кеден баждары ставкаларының жиынтығы” ұғымына өзгерту, біздің ойымызша, көптеген тауарлар мен көлік құралдарына баж салудың негізділігінен алшақтату болып табылады. Ставкалар жүйесі ставкалар жиынтығымен салыстырғанда баждардың өзара байланысын, нарық конъюнктурасының есебін және т.б. білдіруі мүмкін. Сондықтан, бұл мәселеге тым болмағанда заңды бекітерден бұрын қайтып оралған жөн.

Кеден тарифі мәселесі, енді Кеден Одағы аймағында көтерілуі әбден мүмкін, бұл үшін Үкіметтік деңгейде талдау жұмыстарын жүргізіп, кеден баждарының ставкалары мен тауарлардың барлық түрлеріне салынатын салықтардың көлемін анықтап, оларды бір ізге келтіруін бекітерден бұрын орындалуы ықтимал қолайлы және қолайсыз жақтарын қарап алу керек. Бұл жерде мынаны айту керек: 1997 жылғы 13 желтоқсанында ҚР № 203-І Заңына сәйкес “Кеден тарифі және бажы туралы” Заң өз күшін жойған болатын.



Тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кеден баждарын ретке келтіріп, оларды кеден тарифіне біріктіру Қазақстан ТМД елдерінің, Кеден Одағының ішінде, ең алдымен, Ресейдің кеден тарифіне біртіндеп көшкенде оңайлаған болар еді. ТМД-ң интеграциялық комитетінің мәліметтеріне қарағанда, Қазақстанда кеден баждарының 60 %-ға жуығы Ресейдікімен сәйкес келеді, дегенмен жалпы 15 мың тауар түрлеріне қатысты тарифтерді қайта қарау керек. Ресей мен Белорустың келісілген кеден тарифтері 98 топқа біріктірілген 10 мың тауар түрлерін қамтиды.

Қазір тариф саясатына қатысты бірыңғай көзқарас туралы айту әлі ерте. Қазақстанда кедендік – тарифтік саясат аталған “Кедендік тариф және баж салығы туралы” Заңда Кедендік тариф Кеңестің міндеттері қатарына баяндалды.

1995 жылғы 10 ақпандағы ТМД мемлекет басшылары кеңесінің шешімімен осы елдердің кеден заңдарының Негіздері қабылданған. Қазақстан Президентінің тиісті жарлығымен 1995 жылғы 6 шілдеде аталған Негіздерді ратификациялаған жалғыз ел болды. Бұл халықаралық нормалар мен стандарттарға мейлінше жақындатылған кеден саясаты мен кеден ісін ұйымдастыратын қазақстандық кеден заңдарын дайындауға мүмкіндік берді.

Мысалға отандық өндірушіге, қазақстандық рынокты қорғауға бет бұруға ұмтылуды алайық. Бұл әрекет Ресейдегі экономикалық және қаржылық қиындықтардың әсерінен пайда болды. Бұл Ресей аудандарының басшыларымен өзара келісім-шартқа отырып, Қазақстан аумағына ресейлік тауарларды әкелуді шектеуді кедендік әкімшіліктендірудің бір тәсілі ретінде қолдануға мүмкіндік берді.

Ресейдің мемлекеттік кеден комитетінің ақпарат беруінше, 1998 ж. екінші жартысында Ресей Федерациясында импорт өнімдерінің үш жылдық қоры бар еді. Бұл отандық өндірістің нақты көлеміне байланысты болды. Ресейдің федералды мүдделері кедендік саясаттың мақсаттарымен, экономикалық тиімділігімен тығыз байланысты. Біздің елдерімізді Кеден одағы шеңберінде де, ТМД шеңберінде де интеграциялану тілегі біріктіреді.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар**

*1. Кеден саясаты мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі ретінде қай қырынан көрінеді?*

*2. Қазақстандағы кеден саясаты мен кеден ісі арасындағы байланыс қалай көрінеді?*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕН  
ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ.  
ҚАЗАҚСТАН ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ДЕРБЕС ҚҰҚЫҚ САЛА  
РЕТІНДЕГІ КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ**

*Кеден құқығының пайда болуы. Кеден құқығының даму кезеңдері. Кеден құқығының даму жолдары. Құқықтық реттеудің пәні мен әдістері. Кеден құқығының құрылымы мен жүйесі, институттары, Қазақстан құқығының басқа салаларымен арақатынасы, қағидалары мен қайнар көздері*

Құқық мәселелері теориялық қайта қарауды қажет етеді. Заңды егеменді Қазақстан қызметінің негізгі қағидаларына жауап беретін жаңа мазмұнмен толықтыру қажет. Пайда бола бастаған қазіргі құқық түсінушілік құқық табиғатының, оның мазмұнының, құрылымының және мемлекеттік және қоғамдық өмірдің басқа да құбылыстарымен байланысының мәселелеріне жауап беруге көмектеседі. Барлық заңдық ұғымдардың дәл анықтамасын беру толықтай қоғамның құқықтық ұйымдарының “құқықтық жүйесі” ретінде, соның ішінде мемлекетте іске асатын және қызмет ететін барлық заңдық құралдарға, институттар мен мекемелерге әсер етеді.

Еуропа елдерінің нормативті-құқықтық заңдық жүйелерінің объективті құқықтық заңдылықтарын қарастыра келе, құқық құрылымында әр түрлі деңгейдегі, соның ішінде көп тұғылы заңдық реттеуді қамтамасыз ететін екіншілік, кешендік бөлімдерінің қалыптасуын бөліп көрсетеді. Құқық әлеуметтік құбылыс және өзінің жүйесі (құрылым, құрылыс) бар. Құқық жүйесінің бір элементі ретінде негізгі (іргелі) және кешенді болып бөлінетін құқық саласы болып табылады.

Дәстүрлі (іргелі) немесе негізгі сала ретінде Конституциялық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, процессуалдық және басқа да салалардың қазақстандық құқық жүйесінде орын алуы күмән тудырмайды. Дегенмен, объективті шындық қандай да бір қоғамдық қатынастарды реттейтін жаңа салалардың пайда болуының ғылыми негізделуін талап етеді. Егеменді Қазақстанның түзілуінен ішкі және кеден саясаты олардың құрамдас бөлігі болды. Оны іске асыру

үшін мемлекеттің басқарушылық қызметі, арнайы өкілетті органдар, заңдық негіз керек.

Кеден саласы Қазақстан үшін мемлекеттік егемендікті және тәуелсіздікті, оның экономикалық қауіпсіздігін, сонымен қатар егеменді мемлекеттің қызметіндегі қайтадан пайда болған ішкі саясат, экономика, қорғаныс және т.б. салаларын қамтамасыз етудің құралы ретінде болды.

Құқық өзіндік жүйесі, құрылымы бар әлеуметтік құбылыс. Оның бір элементі – құқық салаларына бөлінуі. Олар өз ішінен негізгі және кешендік болып бөлінеді. Қазақстандық құқық салаларының ішінде Конституциялық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық, басқа да құқық салаларының орны ешқандай күдік туғызбайды. Жаңа құқық салаларының пайда болуы қоғам қажеттілігінен туындайды. Қазақстанның егемендік алуы ішкі және сыртқы саясатына жаңа мазмұн берді. Оның бірі – арнайы өкілді органдары бар белгілі бір заңдылық негізі бар кеден саясаты.

Қазақстанның егемендігін, тәуелсіздігін, экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құралы ретінде кеден саласы пайда болды.

Алғашқы пайда болған кеден заңдылығының кедендік реттеуде мүлт кеткен жерлері де болды. Кеден саласына қатысты негізгі заңның қабылдануына дейін кедендік реттеудің өзін оны ғылыми зерттеу жағдайында осы саланың бір институты ретінде қарастыруға болады. Сондай-ақ әкімшілік пәні менен әдістері кеден саласының кейбір мәселелерін қамтыған.

Жеке мемлекеттің құрылу кезінде кеден саласына қатысты бірнеше нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Негізінен кедендік тарифтік реттеуді қамтитын 1991 ж. 24 желтоқсандағы “Кеден тарифтері мен баждары туралы” ҚР-ң Заңы, Үкіметтік шешімдерімен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің нормаларымен сәйкес келетін 1991 ж. 12 желтоқсандағы “ҚР-ң кеден комитетін құру туралы” Президент жарлығын айтуға болады.

Келесі кеден саласындағы маңызды қадам – “ҚР кеден ісі туралы” 1995 ж. 20 шілдедегі Заң күші бар Президент Жарлығы (бұдан кейін – “Кеден ісі туралы” Жарлық) – 1999 ж. 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы” Заңы (бұдан кейін – “Кеден ісі туралы” Заң).

Кедендік реттеу, бүгінгі түсінігімізше, кеден құқық институттарының жиынтығы, “кедендік әкімшілік ету” ұғымын білдіреді.

Осылайша Қазақстандық кеден заңдылығы құрылымы бойынша әр түрлілік сипатқа ие болып, халықаралық кеден құқығы нормаларына, конституциялық, әкімшілік қылмыс, қаржы, салық, қылмыс–процессуалдық құқық салаларына сүйенеді.

Кеден заңдылығына кіретін Үкіметтің, Кеден комитетінің, ҚР Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері қабылдануда. Кеден мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер пайда бола бастады. Кейбір әкімшілік құқық мәселелерін қарастыратын ғалымдар: жаңа институттардың құрылу үрдісінде, мәселен қаржы, банк, кеден, салық, муниципалды және т.б. құқық салалары сияқты әкімшілік құқықтың нормалары басқару әдістемелік орталығы рөлін атқарып, олардың нығаюына көмектесіп, кешендік институттар мен жеке құқық салаларына бөлінуін қолдауда деп атап көрсетеді.

Кеден құқығының кешендік болуы Қазақстанның құқық саласын жаңа материалмен толықтыратын, ерекшелігі бар дербес сала ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан құқығының жаңа, кешенді салаларының пайда болуын қоғамдық және мемлекеттік өмірдің әр түрлі жүйелерінің қажетті деңгейде дамуымен байланыстыруға болады.

В.Н.Протасовтың айтуынша, “Мұндай салалардың жоқтығы белгілі әлеуметтік салалардың болмауын білдіреді” (*Протасов В.Н. Что и как регулирует право. М., 1995. С. 39*).

Кеңес дәуіріндегі заң ғылымы кешендік құқық салалары туралы көптеген идеялар тастаған болатын: 1947 ж. басында В.К. Райхер, одан кейін 1957 ж. Ю.К. Толстой, 1961 ж. О.С. Иоффе мен М.Д. Шаргородский.

Олар құқық жүйесі мен құқық заңдарын қарастыра отырып, олардың құрылымында кешенді құқықтың қайнар көздеріне ие бөлімдердің бар екенін айтты.

Ю.К.Толстой негізгі және кешенді құқық салалары арасындағы төмендегі айырмашылықтарды ажыратады:

1) Әр құқық саласы пәнінің біртұтастығына ие, кешенді салада пән біртұтас емес, сондықтан ол әр түрлі болып келеді.

2) Негізгі құқық саласының құрамына басқа құқық саласының нормалары кірмейді. Керісінше, кешендік құқық салаларының нормалары негізгі құқық салаларынан алынатын нормалардан тұрады.

3) Құқықтық реттеудің өзіндік жеке әдістемесі болмай жеке негізгі құқықтық сала бола алмайды. Ал кешендік құқық салалары құқықтың басқа салаларының әдістемелерін пайдаланады.

4) Негізгі құқық салаларының бүгінгі күнгі қалыптасқан құқық жүйесінде белгілі бір объективті орны бар болса, кешендік құқық салалары құқық нормаларын жүйелендірудің нәтижесі болып табылады және құқық жүйесінде ешқандай орын алмайды. (*Толстой Ю.К. О теоретических основах кодификации гражданского законодательства // Правоведение. 1957. № 1, 44-45 б.*)

Құқықтық реттеудің пәні мен әдістемесінің болу шарты тек кешендік құқық саласы ғана емес, негізгі құқық салаларының (1-қосымшадағы схемаға қараңыз) басты аргументі болып табылады.

Кешендік құқық саласына ғылыми қадамды ары қарай дамытқан – В.Н.Протасов. Кешендік құқық саласының тәуелсіз екендігін негіздей келе: “Егер негізгі құқық саласының бастамасы – заң яғни әдістеме болса, кешендік құқық саласының бастамасы – пәннен әлеуметтік бастама”. В.Н.Протасов кешендік құқық саласы туралы ойын қорытындылай келе: “Құқықтық негізгі салаларға бөлу – оның “функционалды” ұйым екендігін көрсетсе, ал Құқықты кешенді салаға бөлу, әрқайсысы пәндік немесе басқа кешендік саланы құрайтын, реттеулі біртұтас әлеуметтік түзілімдерді құру мен құқықтың қамтамасыз ету болып табылатын “аймақтық” (пәндік) қағида негізінде жүргізіледі” (*Протасов В.Н. Көрсетілген еңбек.43 бет*) – дейді.

Қазақстанда кеден саласының жаңадан енгізілуіне орай және сол кезеңнің заңдарына сәйкес, кеден органдарының қызметінің жүзеге асуына байланысты кедендік құқық өзінің қалыптасқан уақытынан бастап, өз алдына, дербес тіршілік етуге ұмтылды.

Біз көрсетіп отырған кеден құқығының құқықтық реттеу пәні құқықтық қатынастарды реттеу үшін қабылданған, ол заңды бекітілген, кешенді сипаттағы нормаға ие.

Кеден құқығы өзінің пайда болу кезінен бастап сол кезеңнің заңдарына, Қазақстан үшін кеден саласындағы жаңалықтарға сәйкес кеден органдарының атқаратын қызметтерінің күшіне орай дербестікке ұмтылды. Ю. А. Тихомиров сияқты бірқатар ғалымдар кедендік реттеуді әкімшілік құқық институты ретінде қарастырды. Әйтсе де, ол, бір жағынан: “...жоғарыда аталған мемлекеттік және қоғамдық өмір салаларын тек қана мемлекеттік басқарудың өзінде ғана

қарастыруға болмайтындықтан, жалпы және ерекше бөлімдердің мазмұны мен арақатысын жаңаша түсіну алда тұрған мәселе. Оларда өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі реттеу бастамалары күшейіп келеді”, – дейді (Тихомиров Ю.А. Публичное право. М., 1995. С. 333).

Кедендік реттеуді кодификацияланған заң қабылданғанға дейін әкімшілік құқықтың пәні арқылы қарастырсақ, онда ол әуел бастан-ақ қазіргі кездегі кеден ісі тәрізді мемлекеттік монополиялық қызмет аймағы болған деп айтуға болады. Дегенмен әкімшілік жауапкершілік қызметтің қазынагерлік сипатқа тән кейбір мәселелері әйтсе де жеке топқа (кеден ережелерін бұзу, кеден ережелерін бұзу жөніндегі істерді жүргізу) бөлінді және соңында кодификацияланған актіге, атап айтқанда, “Кеден ісі туралы” Жарлыққа енгізілді.

Кеден саласындағы қылмыс, тергеу органдарының қызметі, жедел іздестіру қызметін жүргізу құқығы, процессуалдық әрекеттеуді анықтау қылмыстық құқық пен қылмыстық-процессуалдық құқықтың құқықтық реттеу пәніне кіреді және кеден органдарының құқық қорғау қызметіне жатады.

Кеден баждарының бағамдарын, алымдардың, төлемдердің көлемін белгілеу, кеден төлемдері мен салықтарын есептеу мен төлеу (өндіріп алу) ережелерінің қаржылық және салықтық құқықтық пәндеріне арақатынасы бар және кеден органдарының қазынагерлік сипаттағы қызметіне жатады.

Кеден органдары жұмысшылары қызметінің құқықтық негізін еңбек құқығының негізгі ережелері мен еңбек туралы заңдар құрайды. М. А. Сәрсембаев пен К. С. Мәуленов кедендік және сыртқы экономикалық қызметтің өзара байланысын көрсете отырып, кедендік реттеуді Қазақстанның сыртқы экономикалық құқығының контекстінде қарастырады.

Кеден құқығының пәнін бөліп көрсете отырып, оған кеден ісінің барлық мәселелерін (бөлімдерін, блоктарын):

- 1) кеден ісін ұйымдастыруды;
- 2) тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы өткізуді;
- 3) тауарлардың кеден режимін;
- 4) кеден төлемдері мен салықтарын;
- 5) кедендік рәсімдеуді;
- 6) кедендік бақылауды;
- 7) валюталық бақылауды;

8) кедендік статистиканы және сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасын жүргізуді (СЭҚ ТН);

9) тергеу мен жедел іздестіру қызметін;

10) кеден ережелерін бұзу мен жауапкершілікті;

11) кеден органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының құқықтық статусын; олардың жауапкершілігін;

12) арнайы және қосымша ережелерді енгізу керек.

Жоғарыда аталған мәселелерге кеден саясатын, оның мақсаттары мен құралдарын қоса және Қазақстан ынтымақтастығының халықаралық құқықтық аспектілерін қосу қажет. Сонымен бірге, кеден құқығы саласы толығымен мемлекеттің кеден қызметімен немесе кеден саласы қызметімен үйлеседі.

“Кеден құқығымен реттелетін барлық қоғамдық қатынастардың басты ерекшелігі олардың біртекті еместігінде және онымен қатарлардың кешенділігінде, өзара байланыстылығында”, – дейді М.А. Сәрсембаев.

Б. Н. Габричидзе кеден құқығындағы құқықтық реттеуге байланысты “басқа қоғамдық қатынастардан қарағанда кедендік және басқа да атқарушы биліктің басқарушы және ұйымдастырушылық қызметіне байланысты қоғамдық қатынастар басым рольде болады” – деп жазады.

Кеден құқығы заңмен айқындалған құқықтық реттеудің өзіндік мәселелеріне ие.

М. А. Сәрсембаев кеден құқығының пәні туралы: “Конституциялық, әкімшілік, қаржы, қылмыстық, салықтық заңдылықтар нормаларымен реттелетін пәнінің жиынтығын құрайды”, – деп баса айтады.

Кеден құқығы пәніне К. К. Сандровский берген анықтама өзіне көңіл аудартады: “Кеден құқығына сәйкес мемлекет бекіткен режимге және жалпы кеден саясатын жүргізуге байланысты пайда болған қоғамдық қатынастар осындай пән болып табылады. Бұл аймақта 1964 жылғы КСРО Кеден кодексінің ережелеріне негізделген алғашқы анықтамалардың бірі болды”.

Кеден құқығындағы құқықтық реттеу әдістері қоғамдық қатынас салаларында қолданылатын мемлекеттік билік органдарының қызметі мен басқару өкілеттілігін жүзеге асырумен байланысты құқық салаларына тән тәсілдер, құралдар мен әдістерден тұрады. Кеден құқығында қолданылатын әдіс–тәсілдер мен құралдарды автормен үш топқа бөлінген:

- 1) ерік беру (рұқсат беру);
- 2) тыйым салу (шектеу);
- 3) міндет жүктеу.

Кедендік материалдың әрекетшілік күшінде кедендік реттеудің әдісін құрайтын бұл үш топ пайда болатын кедендік құқықтық қатынасқа байланысты қолданылады.

В. Н. Протасов кешенді құқық салаларының қолдаушысы бола отырып, ерекшелікті құқықтық реттеудің ерекше пәнімен бірге өзіндік әдісінен көреді. Оның айтуынша: “Құқық саласының біртұтас кешенді әдісін құқық саласы пәнінің кешенді және бүтіндік сипаты анықтайды”. Ал, С. С. Алексеевтің пікірі бойынша, құқықтық реттеудің құрылымына рұқсат ету, міндеттеу, тыйым салу секілді үш тәсіл де тән болады. Сонымен қатар, ол негізінен жария құқыққа жататын және орталықтанған реттеу басымдылық танытатын (әкімшілік құқық, қаржылық және т.б.) салалық әдістерде үш тәсілден міндеттеу мен тыйым салу көбірек көрінетінін, ал негізінен жеке құқыққа жататын диспозитивті бастаманы білдіретін салалық әдістерде рұқсат етудің басым болатынын атап өтеді (азаматтық құқық, отбасы құқығы, еңбек құқығы).

Біздің ойымызша, кеден құқығында құқықтық реттеу тәсілдерінен рұқсат ету тәсілі әкімшілік құқық немесе жария құқықтың басқа да, әсіресе құқық салаларымен салыстырғанда көбірек көрініс тапқан. “Заңдық реттеудің негізі типтік әдістердің комбинациясы тек қана осы кешенді салаға тән екендігін” айта отырып В. Н. Протасовтың нені меңзегені белгілі.

Бұл тәсілдің Қазақстан Республикасы кеден құқығында да көрініс тапқанын келесі мысалдар арқылы көруге болады:

-тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасы аумағына әкелу және әкету құқығы;

-белгіленген кеден режимдерінің кез-келген түрін таңдау құқығы;

-кедендік рәсімдеу кезінде өкілетті өкілдің қатыса алу құқығы;

-кедендік органның немесе лауазымды тұлғаның әрекетіне (әрекетсіздігіне) арыз келтіру құқығы және т.б.

Кедендік құқықты құқықтың кешенді дербес саласы ретінде қарастыра отырып, Б. Н. Габричидзе былай дейді: “Бір құқық саласының басқа құқық саласынан немесе бірнеше құқық салаларынан бөлініп шығуы жалпылай алғанда объективті сипатта болады.



Осыған байланысты құқықтық реттеудің пәні де үнемі өзгеріп және жаңарып отырады”. Сонымен қатар, Б. Н. Габричидзе құқықтық реттеу әдісі мен тәсілдердің жиынтығын қарай келіп: “...аталған қатынастар тобын немесе бірнеше топтар жиынтығын реттеу үшін оларға тән құқықтық реттеудің әдістері мен тәсілдері қолданылады”, деп атап өтеді.

Реттелетін қатынастардың “әрқайсысында қолданылатын тәсілге байланысты біржақты деуге болмайды. Біздің ойымызша, оларды қатынастар тобының ішінде аралас пайдалануға да болады. Оны бүгінгі күні қолданып жүрген құқық та қарастырады. Мысалға, кеден құқығының тауарлар мен көлік құралдарын кедендік шекарадан алып өтудің құқықтық механизмдері мен қағидалар институты арқылы онда құқықтық реттеудің үш тәсілінің де қолданылатынын көруге болады.

Кеден құқығының жалпы сипаттамасына оның пәні мен құқықтық реттеудің әдісінен басқа құқық жүйесі, оның құрылымы және қағидалары, құқықтық нормалармен және басқа құқық салаларымен байланысы кіреді.

Кеден құқығы ұғымын жалпы алғанда, кеден аясын реттеудің пәнін, мақсатын, қағидаларын, әдістерін біріктіретін құқықтық нормалар мен институттардың жүйесі құрайды. Өз кезегінде кеден құқығының заңдық нормалары құқықтық категорияларға, институттарға біріктіріліп, кеден ісінде қолданылатын түсініктер ретінде берілуі мүмкін. Ал кеден құқығын жалпы және ерекше бөлімдерге бөлу заңға негізделіп отырып құрастырылған. Оның себебін құқықтық нормалардың жалпы және арнайы немесе процессуалдық және материалдық сипатымен түсіндіруге болады. Процессуалдық нормалар мазмұны бойынша құқықтарын жүзеге асыру және міндеттер атқару процедурасын, тәртібін бекітетін болады, материалдық нормалар өз кезегінде кедендік қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтап береді.

Кеден құқығы кеден саласында өзіндік құқықтық реттеу режимін құрады. Кеден құқығының жалпы бөлімінде негізінен мемлекеттің кедендік саясаты, кеден ісі секілді негіз салушы институттар, сонымен қатар, кеден органдары қызметінің құқықтық – ұйымдастырушылық мәселелері қарастырылады (процессуалдық бөлім). Ал ерекше бөлім тауарлар мен көлік құралдарын кедендік шекарадан алып өтудің құқықтық механизмдері мен қағидалары,

кедендік режимдерді, кедендік төлемдерді, кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылауды, жауапкершілікті, осылармен бірге кедендік статистика, сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы, кедендік жеңілдіктер мен проференциялар, кеден органдары мен оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым келтіру секілді процессуалдық және материалдық сипаттағы нормалармен анықталған ұғымдарды қамтиды (материалдық бөлім). Осы жерде атап айтатын мәселе ерекше бөлімде процессуалды нормалар да кездеседі және осы критерий бойынша бөлу шартта болып келеді.

Кеден құқығының негізіне кеден аясының қызметі мен мәніне жауап бере алатын ғана қағидаларды жатқызуға болады. М.А. Сәрсембаев Қазақстан кеден құқығының қағидаларына келесі үш қағиданы жатқызады:

- а) кеден қызметін жан-жақты реттеу;
- б) кеден қызметін заңға сәйкес қатаң түрде жүзеге асыру;
- в) кеден ісі бойынша сұрақтарды халықаралық – құқықтық реттеу және шетелдермен қарым-қатынас тәжірибелерін ескере отырып шешу.

Заңдылық, демократизм секілді басқа құқық салаларына да жататын қағидалардың бар екендігін ескере отырып, сонымен қатар кеден құқығына тиесілі кедендік саясатты қамтамасыз етумен, халықаралық шарттардың басымдылығы секілді қағидалармен толықтыруға болады.

Заңдылық қағидасы кеден ісін жүзеге асыратын ұйымдар мен азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда, сонымен бірге кеден органдарына жүктелген кеден ісі бойынша заңда қамтамасыз етуден көрінеді.

Демократизм кеден құқығының қағидасы ретінде кеден органдарының мақсаттарында көрсетілген әр адамның тауарларды әкелу және шетке шығару бостандығынан, кез-келген кедендік режимді таңдауынан, кеден органы мен оның лауазымды тұлғасының әрекеті немесе әрекетсіздігіне шағымдана алуынан, кеңес алу және ақпарат алу құқығының болуымен ашылады.

Халықаралық шарттардың басымдылығынан көрініс табады және ол Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы” Жарлығының 6–шы бабында, сонымен қатар халықаралық кеден құқығында да бекітілген. Кеден

саясатын қамтамасыз ету қағидасы кеден ісі ұйымдастырылатын мақсат және мазмұнмен анықталады.

М. А. Сәрсембаев кеден құқығын жеке саласы ретінде ала отырып, оған төмендегідей анықтама береді: “Кеден құқығы дегеніміз – кеден қызметі аясындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін заң нормаларының жиынтығын құрайтын құқық саласы”.

Жалпы алғанда осы анықтамамен келісе отырып және құқықтық жалпы теориясын негізге алып, кеден құқығын өзіне тиесілі қоғамдық қатынастарды реттейтін жалпы және арнайы институттар мен құқықтық нормалардың жиынтығын құрайтын Қазақстан құқығының және кешенді саласы деп бөліп айтуға болады.

Кеден құқығының түсінігін оның басқа құқық салаларымен арақатынасын ашқанда ғана толық түсінуге болады. Ең алдымен, конституциялық құқықпен арақатынасынан бастайық. Конституциялық (мемлекеттік), құқықтық құқық жүйесіндегі басымдылығы заң әдебиеттерінде әрқашанда ерекше атап көрсетіледі.

Конституцияның құқық мәселелеріне И. Е. Фарбер, А. И. Лепешкин, С. Ф. Кечекьян, М. С. Пиголкин, С. З. Зиманов, В. А. Ким, М. Т. Баймаханов, Г. С. Сапарғалиев, С. С. Сартаев, К. Ф. Котов, В. В. Мамонов және т.б. еңбектері арналған.

Конституциялық құқық Қазақстан құқық салаларының соның ішінде кеден құқығының да қағидаларын анықтайды.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы (жалпы бөлім) оқулығы авторларының пікірінше әкімшілік құқығының пәніне төмендегі қатынастарды жатқызуға болады:

- атқарушы билік органдарын ұйымдастыруға байланысты;
- басқарудағы әкімшілік-биліктік өкілеттіктерді жүзеге асыру және әкімшілік билік органдарының азаматтар, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен қатынастары барысында пайда болатын қатынастар;
- әкімшілік-деликтілік сипаттағы қатынастар.

Дәл осындай қатынастарды кеден құқығынан да байқауға болады, яғни оның жеке құқық саласы екендігіне тағы бір дәлел ретінде қарастыруға болады.

Қазақстан Республикасының құқық жүйесі туралы айта келе, әкімшілік құқықтық ерекшеліктерін көрсете отырып, оқулық авторлары мына мәселеге де көңіл бөледі: “Дуалистіліктің де пози-

тивті жағы бар, өйткені ол құқық жүйесін ыдыратпайды, тек қана оның жаңа салаларын айқынырақ қалыптасуына ыңғайлайды”. Кеден құқығының тарихи пайда болуына келетін болсақ, оның екі кезеңнен тұратынын көруге болады. Кеден саясаты, кеден ісі бірінші кезеңде заңда айтылған түрде бөлініп, бекітілмеген болатын, солай бола тұра сол кезеңде-ақ кеден аясы анықталып және кеден органдары белгілі бір дәрежеде кеден төлемдерін алу және кеден ережелерін бұзғандарды әкімшілік жауапкершілікке тартуға байланысты өкілеттіктерді жүзеге асырған. Кеден құқығының пәні, құқықтық реттеу және құқықтық институттары толығымен қалыптасып болмаған, сонымен қатар оның пайда болғаннан бастап-ақ жеке сала болғанын айта кету керек.

Жалпы алғанда кеден органдары кедендік реттеуді жүзеге асырып отырған және сол уақыт заңдары бекіткен кеден аясының бөлімдерін біріктірген болатын.

1995 жылы 20 шілдеде Қазақстан Республикасының Президентінің “Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы” Заң күші бар Жарлығының қабылдануымен кеден құқығы өзінің алдында тұрған мақсаттарды толығымен шешетіндей сапалы сипаттамаға ие болды.

Біздің ойымызша, соңғы уақытта заң шығарушы ұйымдар кодификациялық актілер жасау бағытында жұмыс істеуде. Олар біркелкі құқықтық материалдарды біріктірмегенімен, негізінен бүгінгі күннің талаптарына сай келеді. Мысал ретінде негізгі құқық саласы ретінде әкімшілік құқықтан әкімшілік іс жүргізу құқығын бөліп шығару қажеттілігі туындауын айтуға болады, өйткені құқықтық реттеу пәні өте үлкен және сапалы түрде өзгеруді талап етеді.

Қылмыстық құқық қылмыстың болуымен байланысты қатынастарды реттейді, осы жерде кеден аясы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін мемлекеттің ерекше мүдделерінің бірі екенін атап өткен жөн. Және бұл салада қылмыстық жауапкершілік көзделетін әрекеттердің орын алуы анықталады. Жаңадан қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қылмыстық тәртіптің нормаларын анықтап, нақты қылмыс құралдары үшін жауапкершілікті белгілейтін тек осы кодекс нормаларының ғана қолданылатынын белгіледі. Осы жерде Қылмыстық кодекс пен Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы” заң күші бар Жарлығы арасындағы сәйкессіздік туралы айта кету керек, соған қарамастан Қылмыстық кодекс нормаларының басымдылығы

танылады. Президент Жарлығында да кеден ісі аясындағы болатын қылмыс (құрамдары 33-5) туралы бөлім бар, дәлірек айтсақ, мемлекеттік мүдделерге жататын мәселелер көтерілген. Өкінішке орай, бұл мәселелер жаңа қылмыстық кодексте толығымен көрініс таба алмады және де мәселе бұл нормаларды сәйкестендіруде ғана емес, кеден ісі қажеттіліктерін толығырақ ескеруде болып отыр.

Қылмыстық іс жүргізу құқығына келсек, ол өз кезегінде анықтама, жедел іздестіру қызметі, белгілі бір процессуалдық әрекеттерді жүргізуге байланысты қатынастарды реттейді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі кеден органдарын қылмыстық кодекстің 209, 214, 250-баптарының белгілі бөліктері бойынша анықтама органдары қатарына жатқызады. Ал жедел іздестіру қызметін жүргізу құқығына кеден органдары 1994 жылы 15 қыркүйекте қабылданған “Жедел іздестіру қызметі туралы” Заңға 25 желтоқсан 1995 жылы енгізілген толықтырулар негізінде ие болды.

Қаржы құқығы мен салық құқығы жалпы алғанда, бюджет кірістері мен салық түсімдеріне байланысты қатынастарды реттейді. Кеден органдарынан түсетін бюджеттік кірістер оларға жүктелген фискалдық өкілеттіктердің дұрыс орындалуына тәуелді болады. Кеден құқығына кеден төлемдері институты да кіреді, сонымен бірге кеденді төлемдер мен салықтарды есептеу, кедендік құнды анықтау әдістемесінде жасауды біріктіреді.

Кеден құқығы еңбек құқығымен де тікелей байланыста болады. “Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы” заң күші бар Президент Жарлығының қабылдануы да және 1996 жылы 19 қыркүйекте Үкімет қаулысымен бекітілген № 1119 “Кеден органдарында қызмет ету тәртібі туралы” ереженің және Акт мәтінінің қабылдануы да еңбек заңдарының жалпы ережелерін толығымен алмастыра алмайды. Осыларға қоса Қазақстан Республикасы Президентінің “Мемлекеттік қызмет туралы” Заң күші бар Жарлығы да белгілі бір деңгейде қосымша болады. Соңғы актінің нормаларына сәйкес кеден органдарының лауазымды тұлғалары мемлекеттік қызметкер қатарына жатқызылмайды, ол өз кезегінде олардың құқықтық отбасына әсер етеді.

Кеден құқығының қайнар көздері 1998 жылы 24 наурызда қабылданған “Нормативті-құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасы заңына сәйкес жіктеледі және негізгі, негізгі емес болып бөлінеді. Бұл қатарда алдыңғы орында Қазақстан Республикасы

Конституциясы, осыдан кейін заңдар, Президент Жарлықтары мен Қаулылары, Үкімет актілері, Кеден комитетінің актілері, құқықтық және кеден ісіне байланысты Қазақстан Республикасы қатысқан халықаралық шарттар мен келісімдер тұр. Соның ішінде 21-баптың мазмұнына үңілетін болсақ, әрбір адам заңдармен тікелей белгіленген жағдайлардан басқа реттерде еркін жүруге, тұрғылықты орнын таңдауға құқығы бар. Әркім республика аумағынан еркін кетуге және ешқандай кедергісіз оралуға құқығы бар.

Ал 26-бапқа сәйкес әркімнің кәсіпкерлікпен айналысуға еркі бар, сонымен бірге өзінің мүлкін қандай да болсын заңды кәсіпкерлік қызметке пайдалану бостандығы бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы” заң күші бар Жарлығының 19-бабы әрбір тұлғаға тауарлар мен көлік құралдарын еркін кіргізуге және шығаруға бірдей құқық береді. Егер заңда тікелей көрсетілмесе, ешкімді де Қазақстан Республикасы аумағына тауарлар мен көлік құралдарын еркін кіргізу немесе шығару құқығынан айыруға немесе оны шектеуге болмайды. Ал Конституцияның 35- бабы заңда белгіленген салықтар, алымдар және басқа да төлемдердің міндетті екендігін анықтайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы” Заң күші бар Жарлығының V-бөлімі (109-152-баптар) кеден төлемдері мен салықтарын төлеудің және есептердің тәртібін реттейді және белгілейді.

Конституцияның 84-бабына сәйкес алдын-ала тергеу мен анықтама жүргізумен Прокуратура мен соттан бөлінген арнайы органдар айналысады. Құзіреттері, ұйымдастырылуы, қызмет тәртібі және жедел іздестіру қызметін реттеу мәселелері Қазақстан Республикасында арнайы заңдармен реттеледі.

“Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы” жарлықтың XI бөлімі (240-245-баптар) негізінен жоғарыда айтылған мәселелерді, яғни кеден органдарының анықтама және жедел іздестіру қызметін реттейді.

Кеден құқығының келесі қайнар көздеріне (бастауларына) кеден ісіне байланысты заңдар, Президент жарлықтары мен қаулылары, Үкімет қаулылары, министрліктер мен ведомстволардың шешімдері, кеден комитетінің шешімдері секілді құқықтық актілерді жатқызуға болады.

Кеден құқығының ерекше тоқталатын қайнар көзінің бірі ретінде кеден ісіне байланысты Қазақстан мүшесі болып табылатын немесе кейіннен қосылған халықаралық шарттар мен келісімдерді айтуға болады. Осы жерде айта кететін жайт – ол халықаралық шарттардың ішкі заңдардан басымдылығы.

Кеден құқығының институттары төменіректе толығырақ ашылған (8-тақырыпты қараңыз).

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар**

- 1. Кеден құқығының туындауы мен қалыптасуының қажеттілігі неден көрінеді?*
- 2. Кеден құқығын құқық саласы ретінде не сипаттайды?*

**КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ КЕШЕНДІЛІГІ: КЕДЕН  
САЛАСЫНДАҒЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НЫСАНЫ ЖӘНЕ  
КӨРІНІС АЛУ ТҮРЛЕРІ**

*Кешенді құқықтың түзілімдері әрекет етуші Қазақстан  
құқығының ерекшелігі ретінде. Кеден заңдарындағы сәйкестену  
мәселелері*

Кеден құқығы кешенді құқық саласы ретінде құқықтық институттардың бөлімдерінде (блоктарға) қамтылатын құқықтық нормалар жиынтығы болып табылады. Осы институттар мен құқықтық нормалардың мазмұнынан құқық саласының кешенділігі көрінеді. Кеден аясындағы қатынастар, кеден саясаты, кеден ісі, мемлекет бекіткен ережелер болып табылатын нормалар арқылы реттеледі. Кеден қатынастары әкімшілік құқығымен реттелетін әкімшілік-құқықтық қатынастармен өте ұқсас болып келеді. Бұл қатынастарда тараптардың құқықтары мен міндеттері мемлекеттің атқарушы және билік ету қызметімен байланысты болды.

Кеден құқығының негізгі институттарын қарамастан, бұрын олардың мазмұнының кейбір бөліктеріне, сонымен бірге кеден құқығының кешенділігі мен кешенді бөліктерінің арақатынасына тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Кеден саясаты институты автор ойынша ҚР Президентінің Заң күші бар “Кеден ісі туралы” Жарлығында дұрыс белгіленгендігінен, яғни кеден саясатын кеден ісінен бөліп қарағандықтан, оны мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының құрылымды бөлігі ретінде қарастырғандықтан құралып отыр.

Егер кеден құқығы дамуының бірінші кезеңінде “Кедендік тариф және баж туралы” ҚР заңына сәйкес Кедендік – тарифтік кеңес негізгі бағыттарын белгілейтін кедендік-тарифтік саясат сұрақтарын анықтаумен ғана сипатталса, ал екінші кезеңде кеден құқығының сапалы түрде жаңа құқықтық институты пайда болды.

Кеден саясаты салыстырмалы түрде тәуелсіз болғандықтан, оның белгілі бір бағдарлары кеден аясынан тыс салаларда да қолданыс табады.



Бұл негізгі институттың проблемасы негізінен кеден саясатының мақсаттарын жүзеге асыру механизмінде болып табылады, яғни олар Қазақстан нарығын тұтынушылар мен өндірушілерін қорғау; экономикалық дамуға қозғаушы болу және оның құрылымдық қайта құрылуына ықпал ету; монополизмге қарсы тұра отырып, бәсекелестікті дамыту; экспортқа шығару мен өндірістегі импорт алмастыруды қолдау; шетелдік инвестициялар тарту; сауда саясаты мақсаттарын шешу.

Автордың ойынша, бұл мәселені шешу кеден құқығы шегінен шығып кетеді және оның шешуі заң базасын құқықтық жинақтаудан, яғни Қазақстан заңдарын кодификациялау, унификациялаудан көрінеді.

ТМД қатысушысы мемлекеттердің кеден заңдарының негіздері (1-бап) және Ресей кеден кодексі (1-бап) кеден саясаты, кеден ісінің құрылымдық бөлігі болып табылады, сонымен бірге ол мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының да бөлігі ретінде қарастырылады.

Б. Н. Габричидзе кеден саясатының сипаты мен мақсаттарын кеден құқығының негізгі мәселелеріне жатқыза отырып, кеден саясатын кеден ісі категориясымен тең қарау керектігі туралы айтады. Оның мақсаттарын айта келе, ол былай дейді: “...ол кеден саясатын кеден ісі шегінен шығарады”.

Б. Н. Габричидзе кеден саясатының мақсаттары мен сипаттарын кеден құқығының концептуалды мәселелері қатарына жатқыза отырып, кеден саясатын кеден ісі категориясымен бірдей қарастыру қажеттілігін мойындайды. Оның мақсаттарын көрсете келе, ол: “...бұл кеден саясатын кеден ісінен кең ауқымда қарастыруды талап етеді. Кеден ісінің анықтамасында “теңдей” кеден саясаты және сонымен бірге тетіктерінің (кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің тәртібі мен шарттары; кеден төлемдерін өндіріп алу, кедендік рәсімдеу, кедендік бақылау мен кеден саясатын жүргізетін басқа да құралдар) мәні маңызды салыстырмалы жеке категориялардың бар болуы, ауқымды құбылыстар мен құралдардың негізділігі жөнінде күмән тудырады”.

Талданушы анықтама мен жетілмегендігін дәлелдейтін қарама-қарсылық осында.

Кеден ісі мемлекеттің қауіпсіздік мәселелерін ғана емес, сонымен қатар, сыртқы экономикалық қызмет пен сауданы реттеу мәселелерін де қарастырады. Кеден саясатын кеден шекарасы

арқылы өтетін тауарларға қолданатын бірыңғай кеден төлемдерінің жүйесін қалыптастыру арқылы және басқа да әдістерді қолдана отырып жүзеге асыратын сыртқы экономикалық қызметті мемлекет тарапынан реттеудің бір саласы ретінде қарастыруға болады.

Б. Н. Габричидзе кеден саясатын жалпы түрде былай анықтайды: “Нарықтық қатынастарды қалыптастыру жағдайында саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүргізу мақсатындағы сыртқы және ішкі экономикалық мүдделерді қорғау бағытындағы саяси-құқықтық, экономикалық және де басқа кең көлемді іс-әрекеттер жүйесі”.

Ресейдің ішкі және сыртқы саясатынан туындайтын және оның құрамдас бөлімі болып табылатын, заң тұрғысынан бекітілген кеден саясатының анықтамасының осы тұста айтарлықтай кең екендігін атап кету қажет.

Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты бір-бірімен тығыз байланыста болады және ол кеден саясатында да өз ізін қалдырады.

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев сыртқы саясат мәселелері бойынша бас қосуда (15 ақпан 1995 жылы) атап өткендей: “Бір жағынан халықаралық экономикалық қатынастардың саясаттануы жүріп жатса, екінші жағынан саяси және дипломатиялық қатынастарға экономиканың әсері күшеюде.

Осыны ескере отырып, Қазақстан дүниежүзілік қауымдастық елдерімен қатынастарында өзінің табиғи ресурстарына және экономикалық қатынастардың барлық түрлеріне егемендігін сақтайды”.

Кеден ісіне сипаттама бере отырып, Б. Н. Габричидзе былай дейді: “Кеден ісі – ол орныққан, өзгермейтін құбылыс емес; оның құрамы мен құрылымы әрқашан да өзгеріп, дамып отырады, сонымен бірге жаңа элементтер де пайда болады. Соған байланысты кеден ісі аясында қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу де өзгереді. Осы кешенді сипатта болатын қатынастардың болуының өзі кеден құқығының жеке кешенді құқық саласында бөлуге объективті фактор бола алады”.

Кеден ісі және кеден аясы Қазақстанда бүгінгі күнде дамуда, ол кеден құқығының екі кезеңінің болуынан көрінеді.

Р. З. Лившиц заң жүйесін саралай келе, оның салалары осы мәселе туралы былай дейді: “Заң саласының пайда болуы мен дамуы ол ұзақ уақытқа созылатын көпқырлы процесс және оның белгілеріне бір

топ құқықтық нормалардың қоғамдық қатынастарды реттеуге бағыт алуын (пәнін), құқықтық реттеудің белгілі құралдары мен әрекеттерін қолдануын (әдісін) жатқызуға болады. Кодификациялық актінің немесе бірнеше актілердің қабылдануы бұл саланың қалыптасу процесін аяқтайды”.

И. Н. Сенякин құқық жүйесі мен заң жүйесінің арақатынасын қарастыра келіп, былай дейді: “Олар бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ құқықтың жеке екі аспектісін көрсететін тәуелсіз категориялар. Олар бір-бірімен мазмұн және нысан ретінде ұштасады. Құқық жүйесі мазмұн ретінде – өзі реттейтін қоғамдық қатынастарға сәйкес келетін құқықтың ішкі құрылымын анықтайды. Заң жүйесі – оның қайнар көздерінің құрылысын көрсететін, яғни құқықтық актілер жүйесін көрсететін құқықтың сыртқы нысаны. Құқық заңдарсыз өмір сүре алмайды, ал заңдар дегеніміз – кең мағынада құқық болып табылады”.

Бұл басылымда кеден құқығының негізгі институттары қаралады. Олар:

- 1) кеден шекарасы арқылы өтудің қағидалары мен құқықтық механизмдері және кедендік режимдері;
- 2) кедендік төлемдер;
- 3) кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеу;
- 4) жауапкершілік.

ТМД сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасы туралы келісімге 1995 жылы 3 қарашада қол қойылған. Онда 11 мемлекет (соның ішінде Қазақстан) дүниежүзілік Кеден Ұйымының сәйкестендірілген тауарларға код беру және оларды сипаттау жүйесіне негізделген келісімде қабылданады.

Кеден құқығының жауапкершілік институты әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік және басқа да жауапкершіліктен тұрады.

Кеден заңдарымен белгіленген ережелерге барлық сыртқы экономикалық қызмет қатысушылары азаматтығына қарамастан ҚР кеден шекарасынан тауар мен көлік құралдарын алып өткенде бағынуға міндетті болып табылады.

Ереже кеден тәртіптерін анықтау, кедендік бақылау жасау, кедендік құжаттарды жүргізу, кеден төлемдері мен салықтарын төлеу, кеден жеңілдіктерін пайдалану сияқты т.б. маңызды шарттардан тұрады.

Кеден Заңдары осы ережені бұзғаны үшін “Кеден ісі туралы” Жарлықта көрсетілген жауапкершілікті қарастырады.

Кедендік қатынастардың құқықтық реттелуі – қазақстандық құқық нормаларының және Қазақстанмен келісілген халықаралық келісім-шарттардан туындаған халықаралық нормалардың алғышарты болып табылады.

Кеден ережелерін бұзу (КЕБ) құқық табиғаты жағынан алғанда әкімшілік құқық бұзушылыққа жатады, дегенмен Кеден ісі жөніндегі жарлықтағы кейбір мәселелерді ескеріп, “кедендік құқық бұзушылық” деп атауға тура келеді.

“Кеден ісі туралы” Заң қабылданғанға дейін кедендік құқық бұзушылық әкімшілік құқық бұзушылық қатарына қарастырылды. (Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің 15-тарауы). Енді 40 түрлі кеден ережесін бұзу Заң бойынша жауапкершілікке тартылады (260-299-бб.). Сонымен қатар, 13 бап (413-425-баптар) кеден органдарының әрекетіне кедергі келтірген құқық бұзушылық түрлерін қамтиды. Істі қозғау, қарау, жауапкершілік кеден органдарына жүктеледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 ж. 16 шілдедегі “Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы” Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңында “Кеден ережелерін бұзу және осы бұзушылық үшін жауапкершілік. Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша іс жүргізу және оларды қарау” XII бөлімі және “Қазақстан Республикасының кеден органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының шешімдерінің әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағымдану және қарау” XV бөлімі әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының жаңа Кодексі әрекетке кіріскенге дейін әрекет етеді делінген.

Сонымен бірге, кедендік құқық бұзушылық үшін жауапкершілік тікелей әкімшілік заңмен белгіленетін болады. Заң кеден ережелерін бұзудың маңызы аз болғанда жауапкершіліктен босатуды қарастырады, бұны кеден органы (жаза санына кірмейтін) ауызша ескерту берумен белгілейді; бұл жағдай басқа нормативті құқықтық актілерде шешілмеген аз маңыздылық түсінігі туралы мәселені алға тартады. Практика Ресейдің Кеден кодексінде жасалғандағыдай жауапкершілікті жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайларды анықтайтын баптарды енгізуді талап етеді.

Сонымен қатар, бұл құжат Ресейдің Кеден кодексіндегі аса маңызды емес кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатуды қарастырады.

Қылмыстық жауапкершілік тұрғысынан алғанда, “Кеден ісі туралы” Жарлық пен Қазақстанның Қылмыстық Кодексінің арасында кеден ісіндегі контрабанда және басқа қылмыстар жөніндегі кеден органдарының өкілеттігіне араласатын сәйкессіздік бар.

Кеден ісі туралы Жарлықтың 240-бабы кеден ісіне қатысты кеден органдарының контрабанда және басқа қылмыстарға қатысты өкілеттігін қарастырады. Жарлықтың 241-бабында басқа қылмыстар ретінде мыналар көрсетілген:

- кедендік төлемдерді төлеуден жалтару;
- бағалы қағаздармен заңсыз операциялар жүргізу;
- шетел валютасы мен төлем құжаттарының заңсыз операциялары;
- кеден ісіне қатысты басқа қылмыстар.

Қазіргі уақытта контрабандаға қатысты Қылмыстық Кодексте екі бап бар, онда алғаш рет экономикалық контрабанда деген ұғым енізілген (209-бап).

Қылмыстық Кодекстің 214-бабында кеден төлемдері мен алымдарынан жалтару және валюталық операцияларды құқықтық реттеуді өзгерте отырып, оларға қылмыстық жауапкершілік жүктеді.

Мемлекет валюталық операцияларды құқықтық реттеудегі тәсілдерін өзгертіп, олар үшін қолданылатын қылмыстық жауапкершілікті жойды.

Қазақстан аумағына республика халқының және шет елдердің көркем, тарихи және археологиялық заттарды қайтарылмауы өзекті проблема болып табылады және қылмыстың бұл түрі Қылмыстық Кодексте міндетті түрде көрсетілуі керек.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық Кодексінің 285-бабы (бұдан кейін – ҚПК) ҚК-тің 214-бабының бірінші бөлімінде қарастырылған қылмыстар туралы іс бойынша тергеуді кеден органдары жүргізеді, ал ҚК 250-бабының бірінші бөлімінде қарастырылған бап бойынша тергеуді қылмыстық істі қозғаған ішкі істер органы жүзеге асырады. ҚПК-тің 192-бабында алдынала тергеу жүргізуді қажет ететін ҚК 209-бабының екінші және үшінші бөлімдері бойынша, 214-бабының екінші бөлімі бойынша, 250-бабының екінші және үшінші бөлімдері бойынша тергеу жүргізу

қылмыстық істі қозғаған ішкі істер органдарына және ұлттық қауіпсіздік органдарына бекітіп беріледі. Кеден органдарының заң бөлімшелері көрсетілген “Кедендік қылмыстар” бойынша алдынала тергеу жүргізудің мүмкіндігіне орай құқық қорғау қызметіне бекітілуіне мүмкіндік бермейді.

Кеден органдары қызметкерлерінің дисциплинарлы жауапкершілігі жөнінде “Кеден ісі туралы” Жарлықта және Кеден органдарында қызмет ету Ережесінде көрсетілген (Үкіметтің 1996 жылғы 16 қыркүйектегі № 1119 қаулысы). Ант қабылдау да осы қаулыда қарастырылған.

Басқа жауапкершіліктерден азаматтық - құқықтық жауапкершілікті бөліп қарастыру керек. Кеден органдары мұндай жауапкершілікке азаматтарға және олардың мүліктеріне зиян келтіру мақсатындағы әрекет және әрекетсіздіктері үшін тартылады. Ол әрекеттер ҚР заңдарында қарастырылатын ортақ негіздерге кіреді.

Кедендік құқыққа жауапкершілік институты жайлы айтқанда, ҚР экономикалық тәуелсіздігін және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде азаматтар мен мемлекеттің алдында жауапты кедендік органдардың жауапкершілігіне жалпы қатысын баса айтқан жөн.

Кеден қызметкерлері заңдық құқықтарды және азаматтардың құқықтарын бұзған жағдайда, ол үшін жауап беруін кедендік органдар қадағалауы керек (“Кеден ісі туралы” Президент Жарлығының 424-425-б.).

ТМД шеңберінде және Кедендік Одақта қабылданатын құжаттардың бір бағытта түсінудің және қолданудың маңыздылығы қарастырылады.

Бізге өзекті проблемалардың бірі боп саналатын Кедендік және кедендік емес құжаттарда кездесетін “жақындасу”, “үйлесу”, “теңестіру” деген категориялар Еуропалық құжаттарда бір мағыналы боп табылғандықтан, оларда бұл мәселеге қатысты қиындық туындамайды. Осы мәселелер бойынша қабылданған келісімдер мен келісім-шарттарға Кеден ісі туралы ұсынылған заңды (1992 ж.), Кеден одағы мәселелері бойынша келісімді (1995 ж.). Экономикалық және гуманитарлық салалардағы біріктіруді (интеграцияны) тереңдету туралы келісім-шартты (1996 ж.), Кеден Одағы мен бірыңғай экономикалық кеңестік туралы келісім-шартты (1999 ж.) жағқызуға болады.

1991 жылдың аяғынан, яғни одақ ыдыраған кезден бері бұрынғы одақтық республикалар тәуелсіздік алып, мемлекеттік құрылысты саяси және экономикалық жүйедегі жаңа құқықтық базаны ескеріп, өздері құра бастады.

Алғашқы кезеңде Қазақстан өзінің заң актілерінде халықаралық тәжірибе мен нормаларды пайдаланды. Аталып отырған халықаралық тәжірибе мен нормалар – мазмұны жағынан, қолдану жағынан сыннан өткен ешбір күмән келтірмейтін ережелер. Сондықтан Қазақстан өзінің алғашқы заң актілерінде осы нормаларға сүйенді. Себебі, сол кезеңде қалыптасқан заң жүйесінің кодификациясының жетілген деңгейінің өзі халықаралық тәжірибеге бейімделген сапалы, жаңа құқықтық материалмен қамтамасыз ете алмас еді.

Заңдардың кодификациялануынан нәтиже шығаруға тырысу ССР Одағының шеңберінде жүргізілді. Қазіргі уақытта Қазақстан мен өзге ТМД мемлекеттерінде ұлттық заңдардағы кодификациялық жұмыс жөнінде оң көзқарас қалыптасуда.

Мұндай жағдайда осы елдердің әрқайсысында жоғарыдағыдай жұмыс жүргізілуі керек. Бұл олардың ұлттық заңдарындағы ішкі үйлесімділік үшін аса маңызды.

Кедендік одақ және ТМД шеңберіндегі кодификациялық жұмыстар ішкі аспект болып табылады.

Нақты кодификациялық жұмыстарды Кеден Одағы мен Тәуелсіз Елдер Достастығы сияқты біріккен мемлекеттердің аясында жүргізу ішкі аспект болып табылады. Рас, мұнда әрбір мемлекет өзінің егемендігі мен тәуелсіздігіне негізделуі мүмкін және негізделетін болады. Ұлттық заңдары үйлестіру мақсатына осы жұмыстарды келісімді ұйымдастырғанда жетуге болады.

Бұлай болмаған жағдайда, әңгіме модельді заңдар әрекетінің қандай да бір мемлекеттерде таралуы туралы, бұл ішкі мемлекеттік процедураларын, ратификациямен бірге, қосымша орындауға әкеліп соқтырады, не олардың толық көлемде, өзгеріссіз, ұлттық актілер түрінде рәсімделген күйінде қабылдануы туралы болмақ.

Ұлттық заңдарды үйлестіру мақсатына қол жеткізуде бірлескен жұмыстардың маңызы зор. Олай болмаған жағдайда, мемлекеттің ішкі процедураларын қосымша өзгертуге тура келеді.

Моделдік заң жобаларын қабылдағаннан кейін оларға сәйкесінше түсіндірме беруге тырысу керек. Себебі, олар, құқықтық тәжірибе

көрсеткендей, дер кезінде және қысқа мерзімде пайдаланылмай қалуы мүмкін.

Егер аталмыш түсініктемелер әр мемлекетте жасалса, түзетулер енгізу, жекелеген жайттарды анықтаудың аса қажеттілігі болмайды. Ал, екінші жағынан алғанда, мемлекеттің негізгі заңдарында халықаралық құқықтық нормаларға қатысты баптар бар. Осы орайда ҚР Президентінің “ТМД мемлекеттері Кеден заңдарының негізін ратификациялау жөніндегі” Жарлығын келтіруге болады (3-шілде 1995 ж.).

ҚР Президентінің “Кеден ісі туралы” (шілде, 1995 ж.) Заң күші бар Жарлығын ТМД мемлекеттері бір бағытта қабылдай алған жоқ.

Кедендік заңдар үйлесімділігінің қажеттілігі жөніндегі мәселе 1995 жылдың ақпанындағы мемлекет басшыларының кеңесінде шешіліп, аталмыш Негіздер сол кезде қабылданды.

ТМД аталмыш Негіздер қабылданғанға дейін “ТМД елдерінің парламентарлық Ассамблеясының кеден ісін реттеудегі ортақ келісімі” деген Заңы болған. Онда ұлттық және кедендік ережелердің унификациясы мен үйлесімділігі жөнінде айтылған.

1992 жылы ТМД-да кеден ісімен байланысты көптеген келісімдер қабылданса, саланы функцияландыру тек тәуелсіз елге ғана тән. Ол халықаралық кедендік Заңда қолданылатындықтан құқықтық түсініктерге аздаған өзгертулер мен толықтыруларды талап етеді. Сондықтан да, кеден ісін әр мемлекеттің кеден саясатының құралы деп қарастыру керек.

Қазақстанда кеден саясаты мен кеден ісін біріктіретін кеден саласын қызметтендіру тек қана егеменді елдерге тән, бұл халықаралық кеден заңында қолданылатын құқықтық ұғымдарға кейбір түзетулер енгізуді талап етеді. Сонымен қатар, кеден ісін әрбір мемлекеттің кеден саясаты мен кеден саласының мақсаттары мен міндеттеріне жетудің құралы ретінде қарастыру керек. Осындай тәсіл арқылы Кеден Одағына кіретін мемлекеттердің құқығына қысым жасамай-ақ, оның аумағында бірлесіп жұмыс істеу, не тіпті кеден ісі мен оның құрамдас бөліктерін біріктіру туралы батыл айтуымыз қажет.

Бұл ретте кедендік одақ шеңберіндегі кеден ісінің және оның құрамдас бөлігінің бірігуі немесе бірлескен жұмысы жайлы айқын айтуға болады. Бірақ, бұл жерде Одаққа кіретін мемлекеттердің құқықтары ескерілуі қажет.



Еуропа тәжірибесіне жүгінсек, Еуропалық қауымдастық 1990 жылдың мамырынан бастап Қауымдастық бірыңғай Кеден Кодексіні талқылауда. Оның ережелері Қауымдастықтың қазіргі “кеден заңының” мазмұнында бар. Осыған орай, Кедендік Кодекс ұлттық заңдарда көрініс таппаған нормаларды қамтуы екіталай.

Еуропада ортақ Кеден Кодексінің қабылдану мүмкіндігі заңды ортақ сыртқы шекарада қолдануға шақырылған 12 кедендік басқарманың оған бейімделуі мақсатында шаралар қабылдануда. Мысалы, 1989 ж. оған мүше мемлекеттердің кеден қызметкерлерін дайындау шаралары жүргізіле бастады.

Көрсетілген шаралар Кеден Одағына қатысты атқарушылық қызметтер жүктелетін ұлттық кедендік мемлекеттерге, ұлттық қызметкерлерге қатысты болды.

1999 жылдың қаңтарында ортақ валюта енгізілді және оның мәртебесі ұлттық валютаны алмастыратындай дәрежеде болғандығын атап өткен жөн.

ТМД елдерін сомдық аймақта сақтап, ұлттық валюта ретінде сомды енгізу туралы Қазақстан ұсынысы қабылданбады, бұл жағдай ұлттық валюта енгізуге әкеліп соқтырды. Яғни, біріктірудің (интеграцияның) қазіргі деңгейінде көрінетін жаңа мемлекеттердің экономикалық бөлектенуі болып жатты. ТМД аймағында рәсімделген саяси ұсыныстар ең жоғарғы деңгейде қабылданғанымен, бәрінен бұрын экономикалық кедергілерге (барьерлерге) кездесіп отырады. Жаңа құжат 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден Одағы мен бірыңғай экономикалық кеңестік туралы келісім-шартта ерекшелік болып табыла алған жоқ. Бұдан әрі, барша қауымдастық халықаралық істерге қатысуы туралы біршама дербес шешім қабылдай алуы мүмкін еуропалық органдардың айтарлықтай дербес құқықтық статусын атап өткіміз келеді. Кеден Одағын қызметтендірудің негізгі тәсілдеріндегі түбірлі айырмашылық – осы бірлестіктің бастапқы түсінігі мен анықтамасы болуы мүмкін.

1957 жылғы Рим келісінде Еуропадағы Кеден Одағына “бірнеше аумақты бір кедендік аумақпен алмастыру” деп анықтама берген. Осы анықтама негізінде барлық саладағы өзара қарым-қатынастар құрылған.

ТМД егеменді мемлекеттер бұл түсінікке көбіне егемендік пен қауіпсіздік элементтерінен туындайтын біраз өзгеше мән қосуы мүмкін. Егер, мұндай “психологиялық” және басқа кедергілер

жеңіп шыққан болса, бірлестіктің қызметінде жағымды өзгерістерді күтуіміз мүмкін.

Өкілеттілік жөніндегі мәселелер ТМД органдарына интеграциялық процестердің жаңа лебін бере алады. Ұлт үстемдігін жүргізуші органдардың (под национальные органы) құрылуы туралы да өз уақытында мәселе көтерілген. Соған қарамастан, ұлттық заңдардың гармонизациясына тек мемлекет ішіндегі заңдардың кодификациялық жұмысы сәтті жүргізілгенде ғана рұқсат етіледі.

Үйлесу механизмін кең түсінік тұрғысынан алғанда, халықаралық стандартқа сай ұлттық кодификация арқылы түсіндіруге болады.

Үйлестіру механизмін оның кең түсінігінде ұлттық заңдарды халықаралық стандарттарға үйлестіре (одан әрі үйлесімдендірудің шектерін анықтаумен) кодификациялау арқылы, сондай-ақ кедендік бірлестік (одақ) арқылы бірінші кезекте Экономикалық Одақ пен ТМД басқа да бірлестіктерді қызметтендіруді қамтамасыз етуге бағытталған заң жобаларын бірлесіп дайындау арқылы жүзеге асыруымыз мүмкін.

ТМД органдарына реформа жүргізу мәселесі бірнеше мәрте көтерілген. Дегенмен, оған қосымша өкілеттіліктер берілмегендіктен, ол жоғары нәтиже бермейді.

Ұлттық актілерде мемлекетаралық органдарға қосымша құқық мүмкіндіктерін беру байқалуы керек. Ол интеграцияның және жалпы шындықтың мағынасына сай, сондай-ақ қабылданған шешімдерге бақылау жасауға мүмкіндік берер еді.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар**

- 1. Құқықтың кешенді саласына сипаттама беріңіз.*
- 2. Кедендік заңдарға сүйене отырып, “үйлесу”, “жақындасу”, және “теңестіру” түсініктерінің қарым-қатынасын көрсетіңіз.*

**КЕДЕН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚР КЕДЕН САЛАСЫНЫҢ  
ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

*Кеден саласының саяси – құқықтық аспектілері.  
Мемлекеттік басқаруда кедендік қамтамасыз етудің  
мүмкіндіктері мен болашағы*

Қазақстандық кеден заңдарында кездесетін “кеден ісі”, “кеден саясаты” сияқты құқықтық категориялар олардың өзара қарым-қатынасы мен кеден құқығындағы орнын анықтап беруді қажет етеді.

Бұл категорияларды мағынасына қарай кеден құқығындағы біріккен құқық материалдары ретінде анықтау керек.

Олардың өзгешелігі кеден саясатының мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатының құрамдас бөліктеріне жатқызылуымен түсіндіріледі, бұл кеден саясатын жалпы кеден саласымен тепе-тең қояды.

Кеден ісін мемлекет белгілі бір мақсаттарға жеткізудің құралы ретінде қарастырады (8-тақырыпты қараңыз).

Кеден саясаты мен кедендік құқықты қоса алғандағы кеден саласы мемлекеттік басқарудың жаңа бір саласы іспеттес (9-сур. қараңыз).

Кеден саласын қабылданатын саяси және экономикалық шараларға әсер етуге тиіс мемлекеттік құрал ретінде қарастыру керек. Егер оған мемлекеттік деңгейдегі екінші элемент ретінде қарауды жалғастырсақ, кеден саласы аморфты жағдайын сақтап қалады және өзгерістерге дер кезінде ықпал ете алмайды.

Кеден ісі Президентінің “ҚР кеден ісі туралы” Заң күші бар Жарлығының 1-бабына сәйкес төмендегі элементтерден тұрады: ҚР Кеден аймағы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің тәртіптері мен шарттары; кедендік бақылау және кеден саясатының басқа түрлері; кеден органдарының ұйымдастырушылық – құқықтық негіздері.

Осы кодификациялық құқықтық нормативтік акт қабылданғанға дейінгі кеден ісінің мазмұны тар ауқымда еді (1 және 3 суретті қараңыз).

Кеден ісінің құрылымынан кеден саясатын бөліп қарау маңызды құқықтық мәселе болып табылды. Кеден саясатын жүзеге асыру механизмінде әр мемлекеттік органға және олардың жауапкершілігіне қатысты. Үкіметтік деңгейдегі бағдарламаларды қабылдау талап етілді.

Кеден органдары тек атқарушы орган ретінде қалмай, рынок конъюнктурасына талдау және болжау жасауға, тарифтік және тарифтік емес шаралардың реттелуіне қатысуы керек.

Кеден саласының шегін анықтау – маңызды мәселелердің бірі. Кеден саясатында кейбір мақсаттарға басқа мемлекеттік органдардың іс-әрекеті арқылы қол жеткізілетін болса да, кеден органдарының өкілеттік мәселесін қосқанда, кеден ісінің мүмкіндіктері жеткіліксіз. Егер бұған экономикалық қауіпсіздікті іс жүзінде қамтамасыз ету мәселесін қоссақ, кеден ісін кемелдендіруге тура келеді.

Кеден Одағын сәтті құру кеден ісінің мазмұнына сапалы өзгерістер алып келеді. Ол, әсіресе, бірыңғай кедендік тариф құрудан, кедендік қызметті басқарудың бірыңғайлығынан, экономикалық кеңістіктегі еркін сауда және білім алу тәртібіне байланысты бірыңғай кеден аумағын құрудан көрінеді.

Кеден заңдылықтарына сүйенсек, Қазақстанның кеден аумақтарына: құрлық аумағы, су аумақтары, ішкі сулар, ауа кеңістігі, теңіздік ерекше аймақтардағы жасанды аралдар, кешендер, басқа да объектілер кіреді. Сонымен қатар, заңда кеден аумағынан тыс кеден аймақтары мен еркін қоймалар қарастырылған.

Сонымен бірге, заң еркін кеден аймағының және Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс орналасқан еркін қоймалардың аумақтарын қарастырады. Кеден аумағының шектері, сондай-ақ еркін кеден аймақтары мен еркін қоймалардың периметрлері кеден шекарасы болып табылады.

Кеден саласында экономикалық және әкімшілік шараларды қолдану дәстүрі бар. Әкімшілік шараларына тарифтік емес реттеу тетіктерін жатқызуға болады. Олардың санатында – лицензиялау, квота енгізу, максималды және минималды баға мөлшерін анықтау, сертификаттар, тауарлар мен көлікті кіргізу мен шығаруға қойылған шектеулер жатқызылуы мүмкін.

Лицензиялау мен квоталау мемлекеттің экспорт және импорт операцияларын бақылау жүйесіне жатады. Бұл екеуі 1995 жылға дейін кең қолданыста болған (кеден құқығы дамуының 1 кезеңі).

Қазақстанда 1995 жылдан бері жүргізілген сыртқы экономикалық қызметті либерализациялау негізгі кедергілерді жоюға бағытталды. Оның ішінде кедендік (бақылау тетіктерінен басқасы) кедергілер де бар. Ондағы мақсат стратегиялық маңызы бар шикізат экспортын реттеу мен экспорттық-импорттық операциялардан түскен валюталық қаражаттарды бақылау болып табылады.

Осы ретте кеден қызметі кедендік тарифтер кедендік құжаттарды жетілдіру мен реттеуді жеңілдетуге байланысты нақты ұсыныстар жасау тиіс. Бұл ұсыныстар кеден құқығы мен бақылауға және жалпы жүйеге нұқсан келтірмеуді көздеуі тиіс.

Мемлекеттің стандарттау мен сертификаттауға қоятын талаптары импорт пен экспорт жүйесін реттеудегі әлемдік талаптарды ескере отырып жасалады. Қазақстанда сертификаттаудың міндетті және ерікті деп аталатын екі түрі қабылданған (1993 жылдың 18 қаңтарында қабылданған “Стандарттау мен сертификаттау туралы” Заңды қараңыз).

Үкімет тарапынан міндетті түрде сертификаттауға жататын тауарлар санаты жасалады. Соған сәйкес кеден қызметі бақылау жүргізеді. Импортталатын тауарларға мемлекеттік бақылауды күшейте түсіп, әкелінетін тауардың нарықтағы орнын ескеріп отыру қажет.

“Тауардың нарықтағы орны немесе беделі” секілді ерекшелік сол тауардың кедендік бағасын анықтауда басшылыққа алынатын негізгі талап болып табылады. Бұндай тетікті пайдалану әкелінетін тауарлардың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет тарапынан мемлекеттік стандарттар мен техникалық келісімдерге қатысты міндетті түрде орындалатын және кеңес есебіндегі талаптар қойылып отырады.

Тауарларға қойылатын негізгі талаптар: олар адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмеуі тиіс; қоршаған ортаға зияны болмауы тиіс; қапталу тәртібі; маркалануы мен міндетті талаптарға сай болуын бақылау әдістері.

Ұсынылған талаптар тұтынушылар мүддесін қорғау мен тауарлардың сапасын арттыруды көздейді.

Осы ретте тауарлардың сапасын көтеруге бағытталған шараларды енгізу кезінде 1991 жылғы 5 маусымда қабылданған “Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы” Заңның кесімдерін басшылыққа алып отыру лазым. Бұл заң тұтынушылар құқықтарын қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін қалайды.

Барлық мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар тұтынушылардың құқықтарын қорғап, сапалы тауарлар мен қызмет көрсетілуге бағытталған іс-шараларды қолданулары тиіс.

Кеден мекемелері мен басқа да мемлекеттік ұйымдардың бірлескен жұмысы тек құқық қорғау саласын ғана емес, сонымен бірге жалпы кеден саясатының мақсат-мүдделерін іске асыру, оның ішінде нарықты қорғау, қазақстандық тауар өндірушілер мен тұтынушыларды қорғау, экономика дамуына жағдай жасау мен құрылымдық қайта құру ісіне ықпал ету, бәсекелестікті қорғау мен монополияларға жол бермеу, экспорттың өркендеуі мен импорттың орнын толтыра алатын өндірістің дамуына ықпал ету, инвестиция тарту мен мемлекеттің сауда саясатының іске асырылуы т.б. іс-шараларды қамтып отыруы тиіс.

Кеден қызметінің ұйымдастырылуы мен бүгінгі мәртебесі осы мақсаттардың іске асырылуын қамтамасыз ете алмауда, сондықтан Үкімет Қазақстандағы кеден қызметі жүйесін реттеуге бағытталған арнайы шаралар ойластыруы тиіс.

Жалпы Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардың кеден саясатын жүзеге асыруға қатыстылығы экономикалық мүдделерді, егемендік пен қауіпсіздікті қорғау мақсатында оның тиісті қызметтендірілуінің маңыздылығын білдіреді.

Шын мәніндегі Кеден Одағының қалыптасуы одақ мүшелері болып табылатын елдердің аумағын қамтитын ортақ кедендік аумақ пен біртұтас экономикалық кеңістіктің пайда болуына байланысты. Осы бағыттағы шешімін табуы тиіс негізгі мәселелердің бірі – аймақтар мен еркін сауда жағдайының мәртебесін анықтау болып отыр.

Тауарларға еркін сауда жағдайын енгізудің мақсаттары:

-басқа мемлекеттен әкелінетін - әкетілетін тауарларға көлемдік және кедендік шектеулер қоймау;

-жанама салық жинаудың бірыңғай жүйесін енгізу;

-қатысушы елдердің басқа елден әкелінетін тауарларға қатысты сақтандыру ретінде уақытша шаралар қолдану құқығы. Бұл шаралар қалыптасқан халықаралық нормалар мен ұлттық заңдарға сәйкес болуы тиіс.

-қатысушылардың келісімсіз сауда жасауда үшінші бір мемлекетке жеңілдіктер бермеу;

-бәсекелестікке қойылуы мүмкін шектеулерге жол бермеу;

-тараптар бір-бірінің тауарларына қатысты кемсітушілік немесе әділетсіз жағдай туғызуы мүмкін шараларды қолданудан бас тартуы тиіс.

Бұл мақсаттардың іске асуы үшін Қазақстандағы кедендік басқару мен жалпы кеден және басқа да салаларда мемлекеттік басқару жүйесін кемелдендіре түсуді керек етеді. Біз кез-келген өзгерістер мен кеден саласы мәселелерін шешудегі бірлескен іс-қимылдарға дайын болуымыз керек.

Кеден Одағы аумағында бірыңғай кедендік тарифтер мен кеден жүйелерін басқару тетіктерін енгізуді тездету қажет. Мемлекеттердің кеден және басқа да салалардағы құқықтық актілердің бір арнаға түсуі қамтамасыз етілуі тиіс.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар**

*1. Кеден саясаты мен кеден ісі арасындағы байланысты анықтаңыз.*

*2. Мемлекеттік әкімшіліктендірудегі кедендік қамтамасыз етудің орны мен рөлін анықтаныз.*

## **ІШКІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ**

*Халықаралық кеден құқығының негіздері. Кедендік Одақтар мен басқа да халықаралық ұйымдар. Кедендік Одақ пен бірыңғай экономикалық кеңестік жайлы келісім*

Қазақстанның кеден құқығының қалыптасуы халықаралық кеден құқығының дамуымен үйлесімді келе жатыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 1990 жылдың 12 қыркүйектегі шешімі бойынша 1999-2000 жылдар аралығындағы мерзім халықаралық құқықтың онжылдығы деп аталып, халықаралық құқық келісімдерінің барлық мемлекеттер үшін міндетті екендігі аталып өтті. Яғни, халықаралық құқықтың саясатта басым болуы тиіс деген сөз, халықаралық құқық келісімдерінің сақталуы ұлттық мүдделерден жоғары болуы тиіс.

Халықаралық кеден құқығына Н. С. Барчуков, Ф. Мартенс, Б. М. Угаров, К. Г. Борисов өздерінің еңбектерін арнаған.

Осыған орай, М. А. Сарсембаев “Кеден ісі тек мемлекеттің ішкі құзыретінде ғана қалып қоймайды, ол халықаралық мемлекеттің халықаралық арена да реттеледі, кеден ісі халықаралық аренада халықаралық құқықтық нормалармен реттеледі. Халықаралық құқықтық жүйесінің ішінде халықаралық кеден құқығы атты жеке сала бар”.

Халықаралық экономикалық қатынастар халықаралық құқықтық қағидаларға және халықаралық кеден құқығына негізделеді. Атап айтар болсақ, ұлттық тәуелсіздікті және егемендікті құрметтеу, ішкі іске араласпау, күш көрсетпеу, толық тең құқылық, ұлттық мүдделер мен әр халықтың өз тағдырын өзі шешу, құрметтеу, өзара пайда құқығын шектемеу, т.б.

Қазақстанның егемендігі экономикалық егемендік, өзіндік ұлттық экономикасының нысаны мен жолын таңдауға бағытталған бостандық. Экономикалық қауіпсіздіктің бағыты төмендегі шаралармен байланысты:



- экономикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету және дүниежүзілік экономикалық жүйеден Қазақстан экономикасының оқшаулануына жол бермеу;

- еліміздің экономикасының ресурстық, энергетикалық негізін сақтау және нығайту;

- геосаяси органның әсерінен пайда болатын жағымсыз факторлардың мемлекет экономикасына зиян келтіруінің деңгейін азайту;

- отандық және халықаралық қаржы институттарымен өзара пайдалы ынтымақтастықты қамтамасыз ету, ішкі және сыртқы несие ресурстары мен инвестициялық мүмкіндіктерді отандық экономиканың қалпына келтіру мен дамытуға жұмсау;

- мемлекеттік бюджеттің табыс көзін нығайту;

- сыртқа қарыздарды республикалық бюджет заңында көрсетілген шектен асырмай, Қазақстан аймағында әлеуметтік-экономикалық дамуының дисбалансын болдырмау;

- бәсекелестікті қолдай отырып, монополияны шектеп, экономикалық өсуді қамтамасыз етіп, экономикада отандық тауар өндірушілердің үлесін арттыру.

Ұлттық қауіпсіздікке, мемлекеттің тәуелсіздігіне қауіп төндіретін халықаралық келісім-шарттарды бекітуге жол берілмеуі керек.

Халықаралық келісім-шарттар, құқық нормасы ретінде танылған халықаралық әдет-ғұрыптар, халықаралық құқықтың жалпы қағидалары, кедендік ынтымақ пен өзара көмекке байланысты халықаралық ұйымдардың шешімдері; халықаралық сот пен арбитраждың шешімдері халықаралық кеден құқығының қайнар көздері болып табылады. Халықаралық кеден құқығының нормалары мен қағидаларының қалыптасуына ұлттық кеден заңдары тікелей әсер етеді.

Қазақстан өз кеден заңдарын қалыптастырған кезде, халықаралық стандартқа сай нормалар арқылы жасауы тиіс. Қазақстан интеграцияны қолдап, тіптен Еуразиялық Кеден Одағының құрылуының бастамашысы болды. Бірақ кейбір мемлекеттерді интеграция бізге не береді және біз интеграцияға не бере аламыз деген сұрақ толғандырды. Алғашқысына баса назар аударылғандықтан, ол орындалуға тиіс. Қазақстан Ресей Федерациясы мен Белоруссия Республикасы құрған Кеден Одағына екі апта өткен соң, 1995 жылғы 20 қаңтарда кірді.

1996 жылғы 29 наурызда кеден келісім-шартына Қырғызстан кірді. 1998 жылдан Тәжікстан бақылаушы ретінде кірді.

Уақыт өте Кеден одағының тағдырына баға бере жатармыз.

Бұл одақтың қызмет етуі ТМД жағдайларға, сондай-ақ экономикалық одақпен, өтем одағымен және статистиканың басқа органдарымен байланысты.

Сонымен, Кеден Одағын ғаламдық мақсаттардың, оның ішінде саяси және экономикалық мәселелерді шешу құралы ретінде қарастырамыз.

Қазақстанның ТМД және Кеден Одағынан тыс қабылдаған шарттары мен міндеттемелері әрқашан да тиімді нәтижелерге әкеле бермейді немесе оларды шешу белгілі бір міндеттемелер жүктеп отырады. Қазақстанның Кеден Заңы Еуропа экономикалық қоғамдастығының кеден құқығы алты бастамаға негізделген. Олардың қатарына:

1. Еуропа экономикалық қоғамдастығының құрушы трактат 25 наурыз 1957 ж. және 1987 жылғы біртұтас Еуропа актісімен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген Рим трактаты.

2. 1951 ж. сәуірдегі Еуропалық көмір және болат ұйымын құрушы трактаты – “Париж келісім-шарты”.

3. 1957 ж. 25 наурыздағы Еуропалық атом энергиясы комиссиясының құрушы келісім-шарты – Еуроатом келісім-шарты.

4. Қоғамдастық органдарының актілері.

5. Халықаралық келісім-шарттар.

6. Жалпы құқық қағидалары (теңдік, бостандық, бірлік, сенім әділеттік қағидалары) жатады.

Бұл Еуропалық экономикалық қоғамдастықтың трактаты Кеден Одағының заңды негізі болып табылады және ол оның барлық тауарға қатысты күші бар. Бұл келісім-шарттар қоғамдастыққа енген елдерге, жеке тауарларға қатысты қолданатын, іс жүзінде жүзеге асыруды көздейтін мақсаты мен принциптерін, айқын ережелерді құрағандықтан “қоғамдастық конституциясы” болып табылады. Қоғамдастық органдарынан шығатын актілер құқықтың қайнар көзі ретінде келісім-шарттарды асыру, нәтижелерге жету мақсатында қабылданады.

Рим трактатын қабылдаудың мақсаты Экономикалық Одақ болғандықтан, барлық территориялар бірігуге бағытталған.

Кеден Одағында экономикалық одақтар 1967 жылғы, 1865 ж. Француз – Монако келісінде, 1921 ж. Бельгия – Люксембург келісінде және Швейцария – Лихтенштейн мемлекетінің арасында 1928 жылғы келісінде құрылған.

Сонымен бірге, қоғамдастықта жеке конвенциялардың ережелері әрекет етеді. Мәселен, Азаматтық авиация туралы Конвенция (Чикаго, 1944 ж. желтоқсан), Аумақтық су мен оған жалғас жатқан аймақтары туралы Конвенция (1958 ж. 28 сәуір, Женева), Теңіз туралы Конвенция (1982 ж. 10 желтоқсан, Монтего-Бей).

Кедендік реттеу қоғамдастықтың барлық кеден аумағында қолданылады. Қоғамдастықтың кеден құқығының қайнар көзінің қатарына халықаралық келісім-шарттар кіреді және қоғамдастықтың субъектілері қоғамдастық органдарының қосымша шараларына қарамастан, келісім-шарт ережелерін орындауға міндетті. ЕЭҚ құқықтарын қамтамасыз ету үшін және келісім-шарттардан туындайтын даулар үшін Еуропа қоғамдастығының соты қызмет етеді. Халықаралық кеден құқығында “Кеден Одағына” бір кеден аумағының орнына екі немесе одан да көп кеден аумағының айырбасы деп Сауда және тариф туралы басты келісім берген (СТБК/ГАТТ). Одаққа кіретін аумақтарының арасында, әсіресе, сауда саласында кеден баждары және тағы да басқа шектеу қоятын шаралар болмайды. Осы одаққа кіретін мемлекеттер одақтан тыс мемлекеттермен сауда қатынасына түскенде бірыңғай баж қолданады. Ішкі нарықты реттеуде мүше мемлекеттер арасындағы кез-келген бөгетті болдырмауға тырысады, ережелер келісіледі, заңдар мен салық құрылымдары жақындастырылады, қаржы саласындағы ынтымақтастық күшейтіледі, т.б. Сонымен, ішкі нарық “тауар, адам, қызмет және капиталдың еркін айналымын қамтамасыз ететін ішкі шекара болмайтын кеңестік” сияқты ЕЭҚ Кеден Одағы сауда саласындағы жалпы саясатқа негізделген, сыртқы әлемге ашық ортақ заңдылығы бар, тәуелсіз юрисдикция кепіл болатын қоғамдастық органдарының шешімімен жүзеге асырылатын ұйым. Қоғамдастықтың кеден аумағы мүше мемлекеттердің аумақтарының (ГФР, Франция, Италия, Ұлыбритания, Испания, Бельгия, Нидерланды, Греция, Португалия, Ирландия, Дания, Люксембург) географиялық және саяси көзқарас тұрғысынан оның ішінде аумақтық суларын, ауа кеңістігін, еркін аймақтарын қосады.

ТМД құрамындағы Кеден одағы мемлекеттерінде тап осындай проблемалар туындаған.

ЕЭҚ кеден тарифтері ставкалар жинағы ретінде қоғамдастық аумағына импортталған барлық тауарлар түріне қатысты. Бірақ, бұл кезде даму деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігі, экономика салаларының сезімталдығы ескерілуі тиіс. ТМД мемлекеттерінің интеграциясы бүгінгі күні көбінесе саяси сипатқа да тәуелді болып отыр.

1995 ж. 10 ақпандағы ТМД мемлекеттерінің басшыларының кеден заңдылықтары Негіздерін қабылдауы Кеден Одағында белгілі бір үйлесімділік пен реттілік әкелді.

Қазақстан кеден саласында едәуір алға жылжып, 1995 жылы 6 шілдеде осы негіздер ратификацияланып “ҚР Кеден ісі туралы” Президенттің Заң күші бар Жарлығы қабылданды.

Құқықтық жағынан алып қарасақ, кеден заңдылықтары негіздерін ратификациялау туралы Президент жарлығының қызықты тұстары көп-ақ.

Бұл жағдайда оған заң шығарушы өкілет берілген сияқты онымен қатар, оның халықаралық – құқықтық қайнар көзі ретінде мәртебесі сақталған. Бұл құжаттың ұлттық заң актісінің болмаған жағдайында немесе ережелердің бұзылуы барысында Қазақстан территориясында жүзеге асуы әзірше қарастырылмаған. Бірақ бүгінгі күні Қазақстан “Негіздер туралы” шешімді күшіне енгізу мақсатымен, ратификациямен қатар ішкі мемлекеттік рәсімдерді жүзеге асырған жалғыз ғана мемлекет болып отыр. 1997 ж. сәуірдегі Белорусия мен Ресейдің жаңа одағын көбісі қолайлы қадам деп үн қосып жатты, бірақ келісім-шарт бойынша олар алдын-ала одақ мүшелеріне хабарлауы тиіс болатын. Бұл одақтың ТМД мемлекеттері интеграциясына өз ықпалын тигізу, тигізбеуін арнайы заңдардың деңгейінен көрінуінен күтеміз.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың пікірінше: “аймақтық интеграциялар кең ауқымды көлемдегі интеграция тұрақтылығын жақсы қалыптастыратын құрамдас бөлік болады. Интеграциялық глобалды көлемі, ол Еуразия жобасы, ол менің күн тәртібімнен түсе қойған жоқ және түспейді”.

ТМД мемлекеттері көп жақты бірлестіктер құруға даяр ма? Саяси жағынан алып қарасақ – иә, ал экономикалық мәселелер жағынан бұны айтуға болмайды, себебі қабылданған келісімдер жүзеге аспай қалуда. ТМД бес жылдығы көптеген шешімдердің өз міндетін

орындай алмайтындығын көрсетті (интеграция комитеті мәліметі бойынша олар 300-ден астам) көбінесе екі жақты келісімдердің бағыты айқын көрінуде. Сол себепті Қазақстанға Еуразия Одағы сұрақтарын жеке шешіп, кейбір ТМД мемлекеттерімен өзара келісуі қажет. Қандай жағдайда болмасын кеден саласын айналып өту мүмкін емес. Сондықтан, Еуразия кеңістігінде кеден ұйымын құру да көзделіп отыр. Еуразия Одағы негізінде кеден ұйымына жа-туы тиіс.

Интеграциялық комитет ТМД ұйымына баға бере келіп, ондағы қаржылай көмектің әлсіздігінен интеграцияға үлкен бөгет болып отырғандығын, төлем төлейтін ұйымдар қаржылай аспектіні құрастырғанымен, қаржылық шешімдер жүзеге аспайтындығын көрсетті.

Қазақстан Дүниежүзілік Сауда Ұйымына өткенде ондағы міндеттемелерді орындауы талап етіледі, тауар және қызметтің халықаралық саудасында тарифтік және тарифтік емес барьерді алу, сауда ережелерін үйлестіру керек. Шынына келгенде, бұл ұйымға кіруге басқа да ТМД мемлекеттердің және Кеден Одағына кіретін мемлекеттерінің ойы бар, сол себепті осындай мәселелер бірлесіп шешілуі керек.

Кірген күннің өзінде жаңадан міндеттемелер жүктелегіндігін де ескеру керек. Мәселен, Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру Қазақстанның басқа ұйым, не болмаса Одақтардан шығуына немесе кейбір жарғылар мен құжаттардың өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Қазақстан интеграцияға кедергі келтіріп отырған ТМД органдарына реформа жасаудың қажеттілігін қолдаған.

1995 жылғы 20 қаңтардағы Ресей Федерациясы, Беларусь және Қазақстан арасындағы Кеден Одағы келісінде, бірыңғай Атқарушы орган құру көзделген, бірақ ол әлі күнге дейін іске аспады. Бұл орган функциясын Интеграция комитеті өз мойнына алды.

Кеден саласын халықаралық байланыста экономика факторы ретінде пайдалану экономиканың саяси мақсаттарда басымдығын камтамасыз етеді. Мемлекеттердің интеграцияға саяси дайындығы тек экономикалық және құқықтың алғышарттардан кейін орын алады.

1995 жылдың 6–20 қаңтар аралығында Кеден Одағы жөніндегі келісімдердің кейін бірқатар құжаттар қабылданды. Олар: 1997 жылғы 3 шілдедегі Дүниежүзілік Сауда Ұйымына өту кезіндегі Кеден Одағына мүше мемлекеттердің халықаралық сауда келіссөздері тура-

лы хаттамасы. 1997 жылы қазанда қабылданған Кеден Одағын құру негіздегі тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы келісім, 1998 ж. 22 қаңтардағы Кеден Одағы мемлекеттері қатысушыларының аумағынан өткендегі транзиттің бірыңғай шарттары туралы келісім, 22 қаңтар 1998 ж., № 2 және 28 сәуір 1998 ж. № 11 6 ай ішіндегі Кеден Одағын Кеден баждарының келісілген мөлшеріне міндетті қою туралы қатысушы мемлекеттердің жалпы кеден тарифін белгілеу туралы Үкімет басшыларының шешімдері.

Беларус Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясының Мемлекетаралық Кеңесі жанындағы Үкімет басшылары кеңесінің 1998 ж. 24 қарашадағы қабылдаған шешімі, жоғарыдағы құжаттар, сондай-ақ Кеден Одағын құру мәселесі бойынша Үкімет басшылары кеңесінің және Мемлекетаралық кеңестің басқа да шешімдері “Кеден Одағы туралы шартқа және біртұтас экономикалық кеңестік туралы” шартқа қосылудың негізін құрайды.

Кеден Одағын құруға бағытталған бұл құжаттар және басқа да мемлекетаралық кеңес пен Үкімет басшылары кеңесінің шешімдері “Кеден Одағын құру туралы келісім мен бірыңғай экономика кеңестігін құруға қосылудың шарттарын” құрайды.

Бұл шарт мемлекетаралық кеңес жанындағы Беларус Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Республикасы Үкімет басшылары кеңесінде 1998 жылғы 24 қарашада қабылданған.

Кеден Одағы мемлекеттерінің 1996 ж. 26 ақпандағы Кеден Одағы туралы және бірыңғай экономика кеңестігі туралы келісімі интеграцияның қарқынды жүруіне үлес қосты, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруы үшін экономикалық дамудағы алшақтықтарды жақындатуға мүмкіндік берді.

Бұл келісімге қол қойған мемлекеттер (Беларус Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, және Тәжікстан Республикасы) Кеден Одағын құруды және оның негізіндегі бірыңғай экономика кеңестігін құруды аяқтауға міндеттеме алды.

Бірыңғай экономикалық кеңестік құрудың мақсаты:

- тауар, қызмет, капитал, еңбек қарқының жалпы қызмет етудің жақсаруы үшін;
- тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында экономиканы құрылымдық қайта құруының тұрақты дамуы үшін жағдай туғызу;

- салық, ақша несие, валюта қаржылық, сауда, кеден және тариф келісімінде өзара үйлескен саясат жүргізу;
- бірыңғай көлік, энергетика және ақпарат жүйелерін дамыту;
- мемлекеттің экономикадағы басым салаларға, өндіріс және ғылыми – технологиялық кооперацияға көмек көрсету үшін жалпы шаралар жүйесін белгілеу.

Мақсат негізіне халықаралық қағидалар (өзара тиімділік, дискриминацияға жол бермеу) мен жалпы қағидалар (өзара көмек, еріктілік, тең құқылық, қабылданған міндеттемелерге жауапкершілік) алынған.

Интеграциялық басқару органдарына мемлекетаралық кеңес, Үкімет басшылары кеңесі, Интеграциялық комитет, Парламентарлық комитет жатады. Мемлекетаралық кеңес шешімімен басқа да органдар құрылуы мүмкін.

Сонымен қатар, келісімде сыртқы экономикалық қызметті реттеуді қамтамасыз ету үшін төмендегі шаралар көзделген:

- сыртқы экономикалық қызметті тарифтік реттеу;
- үшінші мемлекеттермен саудада тарифтік емес реттеуді жүргізу;
- үшінші мемлекеттерге қатысты сауда режимін белгілеу;
- үшінші мемлекет пен сыртқы сауда операцияларына жаңаша салық салу;
- сыртқы сауда операцияларын валюталық реттеу.

Бірінші кезеңнің мақсаты Кеден Одағын және бірыңғай кеден аумағын құру, екінші кезеңде бірыңғай экономикалық кеңістікті құру көзделді.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар**

1. *Кеден саясаты мен кеден ісінің арақатынасын сипаттаңыз.*
2. *Мемлекеттік әкімшіліктендірудегі кедендік қамтамасыз етудің орны мен рөлін анықтаныз.*

**КЕДЕН ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК  
ӘКІМШІЛІК ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТИЛЕРІ**

*Кеден органдары және оның қызметінің ұйымдық – құқықтық негіздері. Кедендік әкімшілік ету мемлекеттік басқарудың нысаны ретінде*

Мемлекеттік басқару 1995 ж. 30 тамыздағы жалпы халықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. ҚР Конституциясының 3-бабы бойынша мемлекеттік билік біртұтас және Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылып, биліктің бөліну қағидасы бойынша заң шығарушы, атқарушы, сот билігі тармақтарына бөлінеді. Кеден органдары атқарушы билік тармағына қосылады. Кеден органдары биліктің атқарушылық тармағына қосылады. Қазақстан кеден мекемелерінің қызметтерінде оның орталық органдарының үкімет құрылымдарына тәуелділігіне байланысты қалыптасу кезеңдерін байқауға болады (1998 жылдың 12 қазанынан бастап ол Мемлекеттік кіріс министрлігіне енді). Бастапқы кезден ол көптеген өзгерістерге ұшырады, оның ішінде кеден басқармаларының өсуі, сондай-ақ орталық кеден органының мәртебесі де біршама өзгерді. Кеден комитетінің алғашқы құрылу кезеңіндегі мақсаттары төмендегідей болды (кеден туралы Президент Жарлығына дейін):

-өз құзыреті шегінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

-сауда – экономикалық қатынастарды кедендік реттеу жүйесін жетілдіру, республикалық бюджетке кеден алымдарын, баждарын, салықтарын және басқа төлемдерін енгізу;

-контрабандамен, кеден ережелері мен кеден салықтары туралы заңдарды бұзумен күресу;

-сыртқы экономикалық байланысты дамытуды қолдау;

-мемлекеттік органдарды, кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдар мен азаматтарды кеден ісі ақпаратпен қамтамасыз ету;

-сыртқы экономикалық қызмет саласында мамандарды дайындау, қайта даярлау және біліктілігін көтеруге қатысу;



-республикамыздың кеден ісі саласында халықаралық ынтымақтастыққа қатысуын қамтамасыз ету;

-оның ішінде есірткі айналымы және психотроптық заттарды, қару-жарақ, мәдени және тарихи мұралардың, интеллектуалдық меншік объектілерінің заңсыз айналымының алдын алу.

Кеден қызметі әрдайым қауіпсіздікті қорғауға дайын болуы тиіс. Мемлекеттік бақылаудың әлсіреуі ертеңгі күні орны толмас қателіктерге әкелуі мүмкін. Мәселен, Ресей академиктері В. Лисичкин мен В. Симчериннің айтуынша, Ресейдегі 7 жылға созылған реформа оның макроэкономикалық жағдайына кері әсерін тигізген. Ұлттық байлықтың тікелей жоғалуы 1991 ж. мен 1997 ж. арасында 1,2 трлн. \$ болған. Бұл КСРО 2-ші дүниежүзілік соғысындағы халық шаруашылығының шығынынан 3 есе асып түскен (420 млрд. \$).

1991 жылғы 12 желтоқсандағы ҚР Кеден комитеті құрылған кезінен республикалық кеден қызметі әр түрлі құрылымдық өзгерістерге ұшырады: Қаржы министрлігінің 1992 жылғы қараша айындағы Бас Кеден басқармасы, 1995 жылғы сәуірдегі Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті, 1995 ж. қазан айында ҚР Кеден комитеті (Үкімет құрамына кірмейтін, бірақ оған орталық орган мәртебесіндегі), 1997 жылғы қаңтардан бастап – мемлекеттік Кеден комитеті, 1997 жылғы қарашадан бастап Қаржы министрлігі жанындағы Кеден комитеті, 1998 қарашадан орталық Кеден органының функциялары Мемлекеттік кіріс министрлігіне берілді.

Кеден органдарының мақсаттары кеден құқығының кеден саясаты, кеден ісі және кедендік әкімшілік ету сияқты қажетті институттарын қамтыған. Сондай-ақ жоғарыда құқық қорғау мақсаттарынан басқа: кеден саясатын жасау және өткізуге қатысу ҚР заңдылығымен кеден ісін сақтауды қамтамасыз ету, кеден ісін жүзеге асыру кезінде азаматтар мен ұйымдардың мүдделерін қорғау, өз құзыреті шегінде экономикалық қауіпсіздік пен экономикалық мүдделерді алу, экономикалық саясат шараларын жасауға қатысу, кеден шекарасынан өту кезінде рұқсат беру тәртібін сақтауды қамтамасыз ету, арнайы кеден статистикасын енгізу, өз құзыреттілігінде валюталық бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету және Кеден ісі туралы Жарлықтың 11-бабында көрсетілген басқа да мақсаттар көзделген. 1996 жылғы 1 наурыздан бастап Кеден комитеті ведомстволық бағыныштылық буынын ескере отырып, кедендік басқару, кеден және кедендік бекет туралы ережені қабылдады.

Жаңадан теңіз кедендері құрылды, олар: Атырау, Ақтау және басқа елді мекендерге көшу, РМК кеден транссервис энергетика ресурстарын бақылау департаменті.

Аймақтық кеден басқармаларын, Орталық сараптау қызмет жүйелерін құру қажеттілігі туып отыр.

Каспий теңізі акваториясындағы кеден шекарасын қорғау арақашықтығы 1000 км, одан Кеден комитетінің мәліметі бойынша жылына бақылаусыз мұнай, балық және есірткі сияқты контрабанда заттарының өтуінен 260 млн. \$ шығын келеді.

РМК кеден транссервис кеден жүктерін шығарып салу үшін құрылған. Кедендік шығарып салу ережесі 1995 жылғы 7 желтоқсанда Кеден комитетімен бекітілген. Белгілі мөлшермен шығарып салу алымы белгілі мөлшерде алдын-ала алынады.

Энергетика ресурстарын бақылау департаменті де қажеттіліктен туындаған құрылым. Ресей Федерациясында энергия ресурстарын кеден шекарасынан өтуін бақылау үшін арнайы кедендер құрылған. Кеден органдарының лауазымдық тұлғаларының құқықтық мәртебесі, кеден ісі туралы Президент жарлығымен және Үкімет шешімімен анықталады. Кеден органдарының лауазымды тұлғаларының қызметінің өту тәртібі туралы Үкіметтің 1996 жылғы 16 қыркүйектегі № 1119 ережесі болғанымен, олардың еңбек тәртібі еңбек туралы заңмен реттеледі. Жоғарыда көрсетілген ереже мәтінінде тек конституциямен кеден ісі туралы жарлыққа сілтеме жасап, мемлекеттік қызмет туралы заңмен байланыстырмаған. Сол себептен, енді кеден қызметтілігіне өту тәртібін қарастырайық.

Кеден органы қызметіне ерікті түрде ҚР әрекет қабілеттілігі бар. ҚР қарулы күштерінде шекара және ішкі әскерінде әскери борышын өтеген, жеке моральдық және іскерлік қабілеті, білім дәрежесі, денсаулық жағдайы кеден органы мақсаттарын орындай алатын азаматтар алынады.

Кеден ісі туралы жарлық пен кеден органында қызметтен өту ережесі бойынша кеден қызметіне мынадай жағдайларда алынбайды:

- 1) зейнеткерлік жасына және денсаулығына байланысты қарулы күштер қатарынан, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, прокуратура, салық полициясы қатарынан шыққан адамдар;
- 2) бұрын сотталған және жағымсыз себептер мен мемлекеттік қызметтен құқық қорғау органдарынан сот және әділет органдарынан шыққан адамдар;

3) шетелдіктер азаматтығы жоқ адамдар егер халықаралық шарттарда өзге нәрсе қарастырылмаған жағдайда кеден заңдылығы бойынша тексеру мерзімі үш айдан 1 жылға дейін.

Бұл аралықта тұлғаға арнайы шен берілмейді. Ереже бойынша кәсіпкерлікпен айналысуға тыйым салынған.

Кеден заңдылығына кандидаттарға 3 айдан 1 жылға дейін сынау мерзімі берілген. Бұл мерзім аралығында кандидат белгілі бір лауазымдылыққа тағайындалғанымен, арнайы шен берілмейді.

Кеден органдарының лауазымды тұлғаларының арнайы шен мәртебесі алғашқы рет КСРО Кеден кодексінің 6-бабында қарастырылған.

Қазақстан құқық қорғау органдарының қызметшілері арнайы шендерге ие болғандықтан, олардың құқықтық мәртебесі бір-бірлерімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Кеден органдарының лауазымды тұлғаларының шендері мемлекеттік қызметшілер жүйесінде түсініксіз жағдайға алып келді.

Кеден ісі туралы Заң кеден органының мәртебесі мен арнайы тағайындалатын шендер мәселелерін шешіп берді.

Ресей Федерациясының (1993 ж.) Кеден Кодексі кеден органдарын құқық қорғау органдарының қатарына қосып, 420-бабында арнайы шендер нақты анықталып көрсетілген.

Сондай-ақ кәсіпкерлікпен айналысуға тыйым салыну мәселесі, сынау мерзімінен өту шарттары, лауазымға тағайындаудың аттестациясы, тәртіптік жауапкершілік, демалыс мерзімі, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер, зейнетақымен қамтамасыз ету сұрақтары шешілген.

Кеден органдарына бақылау функциясы, фискалды сипаттағы функциялар және құқық қорғау функциясын жүзеге асыру жүктелген. Бұл функцияларды жүзеге асыру үшін кеден органдары кеден шекарасынан тауарлардың өтуінің негізгі қағидаларын анықтау, кеден режимі, кеден төлемдері, кедендік рәсімдеу, кедендік бақылау сияқты құралдарын қолданады.

Сонымен кедендік әкімшіліктендіру деп, кеден саласындағы тапсырмаларды жүзеге асыру үшін арнайы мемлекеттік өкілетті органдардың процедуралық және басқа да әрекеттерінің жиынтығын түсінеміз.

Мысалы, кедендік рәсімдеу тауарлар мен көлік құралдарын белгілі кедендік режимге орналастыру мен оның аяқталуын, тауарлар

үлгілерін алуды, уақытша сақтау шарттарын, кеден брокерлері мен тасымалдаушылардың қатысуын қарастырған.

Кедендік бақылау осы шаралардың белгілі аймақта, қажетті құжаттар мен ақпараттарды ұсынуды, қаржылық және сыртқы экономикалық қызметті тексеру және қараумен байланысты қосымша ережелерді қарастырған.

Кедендік әкімшіліктендіру – кедендік құқықтық қатынасқа түсушілердің мүддесін қозғайтын мемлекеттік басқарудың басты нысандарының бірі.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар**

- 1. Кеден органдары функцияларының ерекшелігі.*
- 2. Кеден саласын мемлекеттік басқарудың ерекшелігі.*

## КЕҢЕС ӨКІМЕТІ КЕЗЕҢІ (1917 - 1991 ЖЫЛДАР)

Кеден қызметіндегі кеңестік сыртқы сауданы национализациялау туралы Комиссарлары Кеңесінің 1918 жылғы 22 сәуірде қабылданған декретімен тығыз байланысты болды. Ол Декретке сәйкес, шетелдік мемлекеттермен және шетелдердегі жекелеген кәсіпорындармен жасалатын сауда-саттық мәмілелерін Кеңес өкіметінің Ресей Федерациясы атынан берілген өкілеттігі бар уәкілдер жүргізетін болып бекітілді.

Сыртқы сауданың кеңес мемлекетінің монополиясы деп жариялануы кеден істері жөніндегі бұрынғы заң актілерін қайта қарауды талап етті. 1918 жылғы 29 тамызда Халық Комиссарлары Кеңесі “Орталық және жергілікті өкімет орындарының баж салығын жинау және жергілікті кеден мекемелерінің қызметін реттеу жөніндегі құқықтарын шектеу туралы” Декрет қабылдады. Мұның өзі шын мәніне келгенде КСРО Кеден қызметін құрудың бастамасы еді. Декретте кедендік мекемелер Кеңес өкіметінің органдары болып табылады, оларға Қаржы істері жөніндегі Халық Комиссариаты Кедендік алым-салықтар жөніндегі департамент арқылы тікелей басшылық жасайды деп жарияланды.

Алайда, 1918 жылғы маусым айында кедендік мекемелер Сауда және өнеркәсіп Халық Комиссариатына қайта бағындырылды. 1930 жылдан бастап, Кедендік Бас басқарма жаңадан құрылған Сыртқы сауда Халық Комиссариатына бағынатын болды.

Халық Комиссарлары Кеңесінің 1925 жылғы 5 сәуірдегі Қаулысы бойынша Тауарларды қабылдап алу, тексеріп көріп шығу, шығару мен босату жөніндегі және жолаушылардың жүктерін Персиямен екі арадағы теңіз шекарасы, сондай-ақ Батыс Қытаймен, Моңғолиямен және Оранхаймен екі арадағы құрлықтағы шекаралар арқылы өткізу жөніндегі Ережелер бекітілді. (Төменде сол Қаулының мәтінін келтіріп отырмыз).

РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі қаулы етеді:

КСРО - дағы Кеден жарғысының 4-бабына сәйкес (Заңдастырулар жинағы. 1925 ж. № 5. 53-бет) ұсынылып отырған тауарларды қабылдап алу, тексеріп көріп шығу, шығару мен босату жөніндегі

және жолаушылардың жүктерін Персиямен екі арадағы теңіз шекарасы, сондай-ақ Батыс Қытаймен, Моңғолиямен және Оранхаймен екі арадағы құрлықтағы шекаралар арқылы өткізу жөніндегі Ережелер мақұлданып, бекітілсін.

§ 1. Қара жолдармен және тас жолдармен тауар таситын көліктер кеденге шекара арқылы тек қана күндіз, күн шыққаннан күн батқанға дейін өткізіледі.

§ 2. Егер кеден шекараның өзінде орналаспаған болса, онда көліктерді алдыңғы кеден мекемесі арқылы өткізу, олар кеденге күндіз барып жететіндей уақыт есебімен жүргізіледі.

§ 3. 1 және 2 параграфтардағы талаптардың орындалуы үшін көліктерді шекарадан өткізу уақытын әрбір кеден мекемесі бойынша жергілікті кеденнің басқарушысы жергілікті шекаралық күзет органдарымен келісе отырып белгілейді.

§ 4. Егер кеден шекараның өзінде орналасқан болса, онда қара жолдармен және тас жолдармен келе жатқан көліктер алдыңғы кеден бекетінде немесе кеденнің тікелей өзінде қабылданады.

§ 5. Көліктерді алдыңғы кеден бекетінде (немесе кеден бекеттері жоқ жерлердегі пункттерде шекаралық күзет бекеттерінде) қабылданған кезде (4) жолдама билеттері болған жағдайда олар ең таяу кеденге дейін арнайы шығарып салынады.

§ 6. Әр бекетте ерекше кітап жүргізіледі. Онда келген рет тәртібі бойынша шекарадан өткізілген көліктердің саны көрсетіледі.

§ 7. Көліктер шекарадан кеденге дейін кедендік қадағалаудың көрсеткен жолымен ғана, кеден Жарғысының ережелерін оның тиісті қаулыларына сәйкес сақтай отырып жүруі тиіс.

§ 8. Көлік шекара арқылы өткізілгеннен кейін, кеден жүктерді толық қабылдап болғанша тауарлы заттар салынған ыдыстардың аузын ашуға, қайта бекітуге қатаң тыйым салынады, сондай-ақ оларды өте-мөте лажсыз қажеттілік (тасымал құралдарының сынуы немесе бұзылуы сияқты басқа да жағдайлар) тумаған жағдайда өзге көліктерге ауыстырып тиеу кеден қызметкерінің қадағалауымен жүргізіледі.

§ 9. Көліктерді кеденнің қабылдау кезінде аға кірекеш лицензия алудан босатылмаған барлық тауардың лицензиясын көрсетуге міндетті.

§ 10. Жеткізілген тауарларды кеден аға кірекештен олардың лицензияларымен қоса қабылдайды. Егер лицензияны көрсету (9)

ауызша талап етілген жағдайда мұның өзі кеден қызметкері жазатын хаттамаға енгізіледі. Ол хаттамаға тілек білдіруші өз қолын қоюы тиіс, ал егер ол сауатсыз болса, онда қатысып отырғандардың біреуі аға кірекештің өтініші бойынша қол қояды.

§ 11. Алдыңғы параграфта атап көрсетілген хаттамаларда мынадай мағлұматтар қамтылуы тиіс:

а) жүк тиелетін жануарлардың, тіркеме арба көліктердің, оларға жегілетін көліктердің көрсету санын,

ә) көрсетілген лицензиялар мен құжаттардың тізімі, сондай-ақ жеткізілген тауарлы заттардың аттары мен саны, тауардың кімдікі екені және қайдан әкеліне жатқанын егжей-тегжейлі баяндау,

б) осы көлікпен келе жатқан адамдардың жүгіндегі заттардың саны.

Хаттамада жеткізілген тауарлы заттардың салмағын көрсету талап етілмейді.

§ 12. Көліктегі жүкті түсіруді және жүктерді кеденге табыс етуді кірешілердің өздері жүргізеді немесе жүкті қабылдап алушының құралдары арқылы кеден қызметкерлерінің аға кірекешті қатыстыра отырып бақылау жасауымен жүзеге асырылады (п. 10).

§ 13. Кеден жүктерді оның түсірілуімен бір мезгілде қабылдайды, сонымен қатар қабылданатын тауарлы заттарды қабылдап алу кезінде олардың салмағы өлшенеді, өлшеудің нәтижесі хаттамада баяндалып, онда заттардың саны, олардың қалай буып – түйілгені, таңбалары мен номерлері, сондай-ақ заттардың салмағы қоса көрсетіледі.

§ 14. Алдыңғы шептегі бекеттің берген жолдама билеттерімен келген (5) барлық көлік шетелден әкелген заттарын тіркеу үшін өздерінің билеттері бойынша кедендегі тұрақты тізім кітабына енгізіледі.

§ 15. Алдыңғы шептегі кеден мекемесінің берген жолдама билеттері бар тауарлы заттардың түгел болуы сол билеттерде көрсетілген нақты деректермен салыстырыла отырып тексеріледі. Тауарлы заттардың жетіспегені немесе артық шыққаны жөнінде аға кірекештің қатысуымен тиісті актілер жасалады және ондай сәйкессіздіктің себептері тексеріледі.

§ 16. Зақымданған деп табылған тауарларға заттарды қабылдап алу кезінде аға кірекештің қатысуымен актілер жасалады және олар хаттамаға (10) қоса тіркеледі.

§ 17. Қабылдаудың нәтижелеріне сәйкес қабылдап алынған тауарлы заттар көліктің келіп жеткен рет номері бойынша жүк қоймасының тіркеу кітабына енгізіледі.

§ 18. Жүк тасымалдайтын құралдар Кеден жарғысының ережелерін оның тиісті қаулыларына сәйкес сақтай отырып, шетелге кері қайтарылады немесе елдің ішкі жағына қарай өткізіледі.

§ 19. Тас жолдармен және қара жолдармен жеткізілетін тауарларды тексеріп қарап көру, тауар иелерінің не олардың сенімді өкілдерінің ауыزشа мәлімдеме жасауы бойынша тауар кеденге жеткізілген бойда кідіріссіз немесе қалай дегенде үш күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады және жалпы негізде құжат жасалып, оған тексеріп қарап көрушілердің қолдары қойылады.

§ 20. Тауарларды тексеріп, қарап көру, оларға тариф қолдануға қатысты шағым жасау, тауарлар үшін баж салығын төлеу тәртібі, сондай-ақ тауарларды таңбалау, сақтау және қайта шығарып беру, бұл шараларды кеденнің жүргізу тәртібі Кеден Жарғысының жалпы қаулыларымен белгіленеді.

§ 21. Сыртқа шығаруға арналған тауарлар шетелдерге шекаралық кеден мекемелері арқылы жөнелтіледі, олар, сонымен қатар алдағы кезде оларды қашан нақты алып кеткенге дейін кеден қоймаларында, егер ондай қоймалар бар болса, уақытша сақтауда тұра алады.

§ 22. Жүк жөнелтуші лицензия тапсырудан босатылмаған барлық экспорттық тауарларға лицензия тапсыруға міндетті.

§ 23. Акцизі есепке алынған немесе төленген баж салығы кері қайтарылған тауарларды сыртқа шығару, осындай жағдайларға қатысты қабылдап бекітілген ережелерді сақтай отырып жүзеге асырылады.

§ 24. Экспорттық тауарларды тексеріп қарап көру Кеден жарғысында белгіленген жалпы тәртіпті сақтай отырып, жүк тасу ведомосттары бойынша жүргізіледі.

§ 25. Ірі қайықтарды, ескекті шағын қайықтар мен салдарды, сондай-ақ олармен өзен арқылы тасып жеткізілген тауарларды қабылдау, тауарларды тексеріп қарап көру, оларға кедендік баж салығын төлеу және тауарларды ішкі тұтынуға шығару осының алдындағы параграфтарда (9-20) баяндалған негіздерде жүргізіледі. Теңіз кемелерін қабылдау мен жіберудің кедендік ғұрып рәсімдері Кеден жарғысында белгіленген ережелер негізінде жүзеге асырылады.



§ 26. Жолаушыларды және олардың жүктерін өткізу Кеден жарғысының тиісті қаулыларын қатаң сақтай отырып жүргізіледі.

**Ескерту.** Қажылыққа бара жатқан мұсылмандардың баж салығынсыз және акцизсіз алып өтуіне болатын заттары қатарында әр адамның ұзындығы екі аршын, ені бір жарым аршын кілемше алып өтуіне рұқсат етіледі.

Сондай-ақ, Персиямен екі арадағы теңіз шекарасы арқылы, Батыс Қытаймен, Моңғолиямен және Оранхаймен екі арадағы құрлықтағы шекаралар арқылы тауарлар өткізу ережелерін бұзуға байланысты қолданылатын жазалар туралы Ереже де бекітілді.

1. Еуропалық шекарада қолданылып жүрген және Кеден жарғысының тиісті қаулыларында алдын-ала көзделген (Заңдар жинағы, 1925 жылы № 5, 3 -бет) барлық жазалар төмендегі кейбір ерекше жағдайларды қоспағанда осы көрсетілген шекараларда да жалпы негізде қолданылады.

2. Шекараның арғы жағынан келген көліктерге жауапты адамдарға, аға кірешілерге және ұшқыштарға мына жағдайларда айыппұл салынбайды:

а) шекараның арғы жағынан келген көлік туралы кеденге жазбаша түсінік тапсырмағаны үшін;

ә) әкелінген тауарларға жүк тасымалдау құжаттарын тапсырмағаны үшін, келген жолаушылардың тізімін тапсырмағаны үшін;

б) Кеден-тариф комитеті жариялаған ерекше тізімде атап көрсетілген, ішінде жарылғыш, сондай-ақ өртке қауіпті, тез тұтанатын заттары бар жүктер туралы мәлімдемегені үшін;

3. Еуропалық шекара бойынша алдын-ала көзделген жазалар мынадай тәртіп бұзушылықтар кезінде қолданылмайды:

а) жүк тасымалдау құжаттарында көрсетілген тауарлар партиясын немесе жекелеген тауарды, заттарды кеденге дейін жеткізбегені үшін;

ә) тауарлардың жүк тасымалдау құжаттарында көрсетілген салмағының кем болып шыққаны, сондай-ақ олардың сақталған орынды немесе жекелеген кейбір тауарды, заттарды бүлдіріп, зақым келтіргені үшін;

б) тауарлардың партияларын және жекелеген кейбір тауарды, заттарды жүк тасымалдау құжаттарыныңсыз алып өткені үшін.

Іс жүзінде бұл жылдардың бәрінде де Қазақстан Республикасының аумағында “Хоргос” (Қорғас) кедені, Ташкент кеденіне бағынышты болған Алматы кедені үздіксіз жұмыс істеп келді.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстандағы кеден өзінің қызметін Жаркент кеденінің негізінде атқарды. 1920 жылы 19 желтоқсанда Халық Комиссарлары Кеңесі Орталық Атқару Комитетінің Қаулысымен Кеден кодексінің 17-бабына сәйкес “Жаркент” кедені РКФСР Сыртқы сауда Комиссариатының “Хоргос” кедені болып қайта құрылды.

Алғаш рет құрылған кезде, бұл кеденнің штатында 1 басқарушы, 1 бақылаушы-қараушы, 1 кеңсе қызметкері, тауарларға таңба соғатын 1 қызметші, 1 аула сыпырушы, 11 атты күзетші болды.

Жедел жұмыстар көлемінің өзгеріп отыруына байланысты кеденнің штаты да өзгеріп тұрды. “Көлжат”, “Іле” және “Жаркент” кеден бекеттеріндегі штаттар әр бекетке шаққанда адамнан ғана келді.

Бұл үш кеден бекеті жойылған 1963 жылдан бастап “Хоргос” кеденінің қарамағында “Бақты” кеден бекеті берілді. Оның штатында да 1 адам ғана болды. Бұл бекет Семей облысының Мақаншы ауданына қарасты Бақты селосында еді. Ал 1963 жылдан 1983 жылға дейін бұл кеден жұмысында ешқандай құрылымдық және ұйымдық өзгеріс бола қойған жоқ. КСРО мен ҚХР арасындағы саяси және сауда-экономикалық қарым-қатынастардың қайтадан жақсара түсуіне байланысты “Хоргос” кеденінің жана ғимараты салына бастады. Сөйтіп, ол 1985 жылғы шілде айында жаңа ғимаратқа көшті. Онда жақсы жабдықталған кабинеттер, алыстан шолып бақылау жасауға болатын саңлаулы шұңқырлар, басқа да қажетті жабдықтар бар. Ал, 1993 жылдың қыркүйек айында кеденнің жолаушыларды өткізетін жаңа ғимараты да пайдалануға берілді.

1979 жылғы 15 мамырда “Алматы” кеден бекеті құрылып, ол Ташкент кеденіне бағындырылған еді. Сыртқы сауда және көрмеге қойылатын жүктер көлемінің, жеке жөнелтілетін жүктердің, қол жүктері мен халықаралық пошта жөнелтілімдері көлемінің арта түсуіне, сондай-ақ КСРО мемлекеттік шекарасын кесіп өтуші адамдар санының көбеюіне байланысты 1984 жылғы 8 маусымда ол Алматы кедені болып, өз алдына дербес құрылды.

Алматы кедені штатында 14 адам жұмыс істеді. Олардың 13-і жоғары білімді қызметкер болды, 9 қызметкер шетел тілдерін білді. Қызмет сан салалы еді. Оның негізгі бағыттары: жүк тасымалы (темір жол арқылы), авиация, пошта, автомобиль қатынастары, көрмеге қойылатын заттар тасымалы болды. Жеке құрылымдық

бөлімшелері бойынша алсақ, жүк тасымалы учаскесінде 6 адам, авиация қатынас учаскесінде – 2 адам, пошта қатынас учаскесінде – 3 адам, мемлекеттік бақылау қызметі тобында – 2 адам жұмыс істеді. Жедел қызметтің барлық учаскелерінде де кедендік рәсімдеу жұмыстары әрі біліктілікпен, әрі сапалы, әрі нәтижелі жүргізіліп отырды. Мысалы, бір ғана 1986 жылы кеден ережелерін бұзудың 229 оқиғасы тіркелді, контрабанда жөніндегі 48 істің беті ашылып, тергеу органдарына берілді, оның ішінде 28 адам қылмыстық жазаға тартылды, одақтық бюджеттің есебіне жоспардан тыс 635, 125 сом аударылды.

Кедендік бақылау жасау процесінде металл іздеп табатын құралдар, радиостанциялар, айналар жиынтығы, ВХ 150-1 рентген аппараты сияқты техникалық құралдар кеңінен пайдаланылды.

Алматы кедені 1988 жылы Қазақ Республикалық кедені болып қайта құрылды.

Кеңес мемлекетінің Кеден жарғысы, Кодекстері (1928, 1964, 1991 жылдардағы) ендігі жерде республикамыздың сыртқы экономикалық қызметін реттеп отыру механизмін қамтамасыз ете алмайтын болды. Өйткені, олар Одақтық орталықтың монополиясы мүдделерін ғана көздеуге, әрі бұл саланың барынша құпия болуына бағытталған еді.

1986 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің тұрақты органы ретінде Мемлекеттік Сыртқы экономикалық комиссия (МСЭК) құрылды. Оның атқаратын қызметіне сыртқы экономикалық стратегияны жүзеге асыру және сыртқы экономикалық қатынастар туралы заң жобаларын жасау кірді. Ол Комиссияның жанынан Ғылыми-экономикалық кеңес, Бүкілодақтық сыртқы экономикалық байланыстар, ғылыми-зерттеу институты құрылды.

Сыртқы экономикалық комиссияға КСРО Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің, КСРО Сыртқы экономикалық банкінің және КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы Мемлекеттік кедендік бақылау Бас басқармасының қызметіне басшылық жасау жүктелді.

Мемлекеттік Сыртқы экономикалық комиссия, сонымен қатар сыртқы рынокқа шығатын барлық министрліктер мен ведомстволардың қызметіне де басшылық жасады, импорт пен экспорттың құрылымын жоспарлаумен және ретке келтіріп отырумен айналысты, шетелдермен экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытудың нақты бағыттары бойынша ұсыныстар енгізіп отырды.

Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне сыртқы экономикалық қызметті жоспарлап, реттеп отыру және сыртқы экономикалық байланыстар қауымдастығына мүше елдердің барлығының да сыртқы рыноктағы мемлекеттік мүдделері қорғалып, ешқандай нұқсан келмеуіне бақылау жасау міндеті жүктелді.

КСРО-ның сыртқы экономикалық органдарын реформалау, кеден жүйесінің өміршеңдік қабілетін арттыру жөнінде мәселе қарап, оны жаңа жағдайларға сәйкестендіруді талап етті. Кеден Бас басқарманың ведомстволық жағынан КСРО Сыртқы сауда министрлігіне бағынышты болуы, оның сыртқы сауда саттық операцияларына, жолаушылардың кедендегі жүріп-тұруын қадағалап, бақылау жасау және контрабандаға қарсы қатаң да тиімді күрес жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ете алмады.

КСРО Министрлер Кеңесінің 1986 жылғы 12 ақпандағы № 222 шешімі бойынша КСРО Сыртқы істер министрлігі жанындағы бұрынғы Кеден Бас басқармасының негізінде енді КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік кеден бақылауы Бас басқармасы (МКБББ) құрылды.

1987 жылы 13 шілдеде КСРО Министрлер Кеңесі Мемлекеттік кеден бақылауы Бас басқармасы туралы Ережені бекітті. Онда Бас басқарманың Мемлекеттік кеден бақылауын жасайтын жалпыодақтық орган болып табылатыны және оның өз қызметін жүзеге асыруда Кеңес мемлекетінің заңдарын, КСРО жоғарғы заң шығарушы және басқарушы органдарының шешімдерін, сондай-ақ басқа да нормативті актілерді басшылыққа алатыны атап көрсетілді.

Кеден Бас басқармасына құқықтық жұмыстарды жүзеге асыру және кеден мекемелерінің, кедендік уәкілдерінің, өз қарамағындағы ведомстволық кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысына басшылық жасау міндеттері жүктелді.

КСРО Мемлекеттік кеден бақылауы Бас басқармасы елдің кеден саясаты саласында ұсыныстар жасаумен айналысты, кеден істеріне басшылық жасады, министрліктердің, ведомстволардың, бірлестіктердің, кәсіпорындардың және жеке адамдардың мемлекеттік шекара арқылы тауарлар мен басқа да заттар, көлік құралдарын, жеке тұтыну заттарын, Кеңестік және шетелдік валюталар мен валюталық құндылықтарды алып өту жөнінде белгіленген тәртіпті қатаң сақтауына мемлекеттік кеден бақылауын жүзеге асырып отырды.

Кеден органдары қызметінің маңызды саласы контрабандаға және кеден ережелерін бұзуға қарсы ымырасыз күрес жүргізу, өз қызмет бабы өкілеттігі шеңберінде КСРО-ның халықаралық келісім-шарттарының кеден ісіне қатысты бөлімінен туындайтын міндеттемелердің мінсіз орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

КСРО-ның кеден жүйесіне Кеден бақылау Бас басқармасы, кедендер және кеден бекеттері кірді. Сонымен қатар кедендердің өздері де үш топтағы класқа бөлінді. Соның ішінде “Хоргос” кедені екінші топтағы класқа енгізілді.

КСРО-ның ең соңғы Кеден кодексі 1991 жылғы 1 наурызда қабылданған болатын. Ол Орталықтың үстемдігі арқасында мемлекеттік сыртқы сауда монополиясының қол жетпейтін биік шыңы, айбарлы да күшті қаруы болды. Ол Кодекс мемлекеттің құрамына кіретін одақтас республикалардың құқығын барынша тұқыртып тастады, олар өз аумақтарындағы кедендік мекемелердің қалай орналасуын және бірінші басшылары кім болатынын өздері шеше алмайтын, тек формальды түрде келісу құқығына ғана ие болатын.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар:**

- 1. Қазақстандағы Кеден ісінің пайда болуына негіз болған жағдайлар*
- 2. КСРО-дағы Кедендік іске қатысты мәселелердің ауқымы*

## ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН (1991 – 2006 ЖЫЛДАР)

КСРО-ның күйреуі қарсаңында Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Республиканың сыртқы экономикалық қызмет саласындағы дербестігін қамтамасыз ету мақсатымен 1991 жылғы 31 тамызда жариялаған Жарлығында 1991 жылғы 1 қазаннан бастап Республика аумағындағы өнімдердің (жұмыстардың, көрсетілетін қызмет түрлерінің) бартерлік операцияларды қоса алғандағы экспорты мен импортына квота белгілеу және лицензия беру Қазақ КСР-інің құзырындағы құқық болып табылды деп белгіледі. Осы Жарлықта Министрлер Кабинетіне 1992 жылдың 1 қаңтарына дейін орындау үшін екі маңызды тапсырма берілді. Ол тапсырмалар, біріншіден, Мемлекеттік кеден қызметін құруды, екіншіден, одақ кезіндегі экспорттық-импорттық салықтардан, кедендік төлемдерден түскен табыстарды бөлісу механизмін жасаудың, сондай-ақ сыртқы-экономикалық байланыстарды қамтамасыз ететін көлік жүйесін жасауды, өзге республикалармен сауда-саттық жасау кезіндегі қосарланған салықтың салынуын, жоюдың шараларын қолдануды көздейтін еді.

Қазақстанның өз егемендігі мен тәуелсіздігіне ие болуы мемлекетті басқарудың жаңа саласы ретінде кедендік кеңістік құруды объективті түрде қажет етті және соған алып келді. Қазақстан бұдан былайғы жерде кеден саясатын өзінің ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, дербес белгілей алатын болды.

Осының алдындағы тараудан айқын көрінгеніндей, КСРО-дағы кеден ісі жоғарғы мемлекеттік билік пен басқару органдарының өктемдігі арқасында тек қана КСР Одағының құзырындағы іске айналған болатын. Сыртқы сауда және аясына кеден ісін қамтитын сыртқы экономикалық қызметтің өзге салалары да мемлекеттің ғана монополиясы еді (КСРО Конституциясының 73-бабы). Сондықтан да, бұрынғы одақтас республикалардың, соның ішінде Қазақ КСР-інің де, кеден ісіне қатысы олардың өздерінің аумақтарында аймақтық кеден басқармаларының құрылуын және олардың бірінші басшыларының кім болатынын формальді түрде алдын-ала келісіп алуымен ғана шектелетін әрі мұның өзі сырт көзге жасала-

тын көзбояушылық болатын (1991 жылғы КСРО Кеден Кодексінің 4-бабы).

Қазақ КСР-нің 1990 жылғы 15 желтоқсанда қабылданған “Сыртқы экономикалық қызметінің негізгі принциптері туралы” Заңы Республиканың сыртқы экономикалық қызметін мемлекеттік реттеу жүйесін құруға бағытталған әрекет болды. Осы Заңның 5-бабы бұл жүйеде кеден шекарасы арқылы алынып өтетін тауарлар мен басқа да мүліктерді мәлімдеуді, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызмет түрлерінің) экспорты және импорты саласындағы тәртіпті айқындап берді. Алайда, қажетті құқықтық база болмағандықтан және соған сәйкес арнаулы мемлекеттік органдар құрылмағандықтан республикадағы кеден ісін ойдағыдай жүзеге асырудың сәті түспеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Заңының (2-бабы) күшіне енгізу тәртібі туралы” Қаулысы бойынша, алдағы кезде Қазақстан Республикасының тиісті заңдық және нормативтік актілері қабылданғанға дейін, оның аумағында КСРО-ның бұрынғы заң нормалары мен халықаралық құқықтың КСРО танып, мойындаған нормалары қолданыла тұратын болып белгіленді. Өйткені, олар Қазақстан Республикасының қазіргі Заңына, басқа да заңдық және нормативтік актілеріне қайшы келе қоймайды деп танылды. Алайда, Қазақстанның өзінің құқықтық-нормативтік актілерінің жоқтығы республика кеден органдарының алдағы кездегі жұмысына өз салқынын тигізгені байқала тұрса да, іс жүзінде бұрынғы одақтық заң актілері кеден саласында қолданылғанын айта кету керек.

Қазақстанның өз кеден заңы 1991 жылғы 24 желтоқсанда қабылданған “Кеден тарифы мен баж салығы туралы” Заңнан бастау алып, қалыптаса бастады. Осы заңның шығуы алдында 1991 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың республикада Кеден комитетін құру туралы Жарлығы жарияланған еді.

Бұл Комитет 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған “Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация” талаптарына сәйкес республиканың экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында құрылған болатын. Егемен Қазақстанның Кеден комитетіне бұрынғы КСРО-ның қазіргі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан кеден орғанда-

ры бағындырылды және оған еліміздің аумағындағы кеден істерін мемлекеттік басқару, кеден мекемелерінің қызметіне басшылық жауап міндеттері жүктелді.

Сонымен, Қазақстан Республикасы Президентінің еліміз егемендігін алғаннан кейінгі қабылдаған алғашқы құжаттарының бірі 1991 жылғы 12 желтоқсанда жарияланған “Қазақстан Республикасының Кеден комитетін құру туралы” Жарлығы болды. Комитет Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік орган болып табылады. Бұл жұмыс шынмәнінде нольден басталды деуге болады. 1991 жылы Республикадағы кеден органдары қызметкерлерінің саны 150-ден сәл-ақ асатын.

Республикадағы кеден жүйесінің қалыптасуы нақты тарихи жағдайларда жүзеге асырылды. Бір жағынан – одақтық мемлекет күйреп, ыдырап, экономикалық дағдарысқа ұшырап жатты. Екінші жағынан – республика өзінің егемендігіне ие болып, мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады. Бұған дейін республикада Қазақ республикалық кедені, “Хоргос” кедені, Гурьев кедені (1989 жылы құрылды) бар еді. Олар тікелей КСР Одағына ғана бағынатын.

Енді Қазақстан Республикасының кеден қызметі алдында қойылған басты міндеттерінің бірі – кеден саясатының экономикалық, ұйымдық, құқықтық механизмдерін жасап, нақты іс үстінде қолданылуын қамтамасыз ету болды.

1992 жылғы 26 қарашада Кеден Комитетінің мәртебесін (статусын) өзгерту туралы шешім қабылданды. Ол енді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы болып қайта құрылды. Ал 1995 жылғы 1 сәуірде бұл Бас басқарма республика Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитеті болып өзгертіледі. 1997 жылғы қаңтарда Республикалық Мемлекеттік кеден комитеті болып құрылып, ал 1998 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарамағына берілді, 1999 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Кіріс министрлігінің Кеден комитеті болып қайта құрылды.

Ведомстволық бағыныстылықтың жиі-жиі өзгертілуі, 1995 жылға дейін осы заманғы заңдық базаның, сапалы әзірленген кадрлар құрамының болмауы кеден қызметінің проблемаларын шиеленістіріп, тым күрделі етіп жіберді, оның дамуын тежеді. Сондықтан да 1995 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар “Қазақстан Республикасындағы ке-



ден ісі туралы” Жарлығы жарияланды. Ол, шын мәніне келгенде, республикадағы кеден ісін дамытудағы жаңа кезеңнің бастамасы болды.

1997 жылғы 6 маусымда Қазақстан Үкіметінің №932 Қаулысымен Қазақстан кеден органдарының айырым белгілері мен жалауының сипаттамасы және қолданылу тәртібі бекітілді. Қазақстан Республикасы кеден органдарының эмблемасы 8 қырлы алтын жұлдыз болып табылады. Оның ортасындағы аспан түстес көгілдір фонда шаңырақ бейнеленген. Жұлдыздың ішкі жағында шаңырақтың үстіне ақ әріптермен “Кеден” деп, ал астына – “Customs” деп жазылған.

Сегіз қырлы жұлдыз біздің планетамызды бейнелейді. Бұл белгі сонау көне заманнан жеткен болатын және көшпенділерде дүниені, яғни дүниенің төрт құбылысындағы сегіз бұрышты бейнелеу үшін қолданылып келді. Эмблеманың орталық негізгі элементі – шаңырақ – киіз үйдің дөңгелектеніп барып бітетін ең биік төбесі. Шаңырақ қазақтар үшін отбасының, туып-өскен үйдің, жер бетіндегі бейбіт өмір мен тыныштықтың қасиетті белгісі. Бұл эмблемада да біздің туған Отанымызды - Қазақстан Республикасын бейнелейді. Ал, кеден органдары өз Отанымыздың мүдделерін қорғауды көздейді. Эмблема – кеден қызметкерлерінің арнаулы формалық киіміне тағылатын айырым белгісі.

Қазақстан Республикасы кеден органдарының айырым жалауы жоғары жағы көгілдір түсті, ал төменгі жағы жасыл түсті төртбұрышты маға болып табылады. Бұл түстердің арақатынасы 50:50 пропорциясын құрайды. Жалаудың ені мен ұзындығының арақатынасы - 1:1,5. Көгілдір түс - Қазақстан Республикасы Туының түсі. Геральдика тілінде көгілдір түс адалдықты, тазалықты және шын берілгендікті білдіреді. Жасыл түс – мемлекеттік шекаралардың халықаралық белгісі. Ортадағы ақ шеңбердің ішінде эмблема бар. Ақ түс – тәуелсіздік белгісі.

1993 жылы кеден қызметкерінің арнаулы формалық киім киіп жүруінің ережесі бекітілді. Ол ереже әлі күнге дейін күшінде. Рас, Кеден органдарын арнаулы формалы киім кию құқығынан айырғысы келіп, әрекет жасаушылар да болды.

Қазір Қазақстан Республикасының аумағында республикалық кеден комитеті, 16 кеден басқармасы, 11 дербес кеден (оның ішінде Орталық энергетикалық кеден мен Ақпараттық-статистикалық кедендер бар), 149 кеден бекеті бар. Бұлардың барлығы топтаса келіп, кеден органдарының біртұтас жүйесін құрайды.

Қазақстан кеден органдарының қазіргі жүйесі 1991 жылы бірден қалыптаса қойған жоқ. Бұрыннан жұмыс істеп келген аймақтық кеден мекемелері кейін бірте-бірте қайта құрылды және аумақтық әкімшілік бөліністеріне сәйкестендіріліп келді. Мұны Шығыс Қазақстан Кеден басқармасының тарихынан да айқын көруге болады. Мысалы, Өскемен кеден бекеті КСРО Кеден комитетінің 1991 жылғы 12 қыркүйектегі № 92 бұйрығымен штат кестесінде жиырма адамы бар Өскемен кедені болып қайта құрылды.

Өскемен кеденінің құрамына Бақты кеден бекеті кірді. Кеден қызметінің қамтитын аймағы Шығыс Қазақстан және Семей облыстары болып белгіленді. Өскемен кедені құрылған кезде оның штатында 5-ақ адам болды.

1992 жылғы шілде айында Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің № 147 бұйрығымен Семей кеден бекеті құрылып, ол Павлодар кеденінің қарамағына берілді. Сондай-ақ, Бақты кедені Павлодар кеденіне бағындырылды.

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1992 жылғы 28 қыркүйектегі № 35 бұйрығымен Өскемен кеденінде Мақапшағай кеден бекеті құрылды. Бұл бекеттің штатында 7 адам болды. Оның қызмет ету зонасы (аймағы) Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданы болып белгіленді.

Ал, Республикалық Кеден комитетінің 1992 жылғы 22 желтоқсанындағы № 62 бұйрығымен Семей кеден бекеті Семей кедені болып, қайта құрылды. Оның штатында 50 адам болды. Кеденнің қызмет ету (аймағы) Семей облысының аумағы болып белгіленді. Бірақ, оған Мақаншы ауданы енгізілген жоқ. Ал, Майқапшағай кеден бекеті Майқапшағай кедені болып қайта құрылды. Оның штат кестесінде 50 адам болды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1993 жылғы 13 қаңтардағы № 5 бұйрығымен Өскемен кедені Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасына қарасты Шығыс аймақтық кеден басқармасы болып, қайта құрылды. Оған “Бақты”, “Майқапшағай”, “Павлодар” және “Семей” кедендері бағынысқа берілді.

Ресей Федерациясының кеден қызметімен ынтымақтастыққа баса көңіл бөлініп келеді. 1993 жылғы наурыз айында Мәскеуде Ресей Федерациясы Мемлекеттік кеден комитетінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас кеден басқармасы

делегацияларының жұмыс бабындағы кездесуі болып өтті. Онда, Ресей Федерациясының шекарасын автомобиль жолдары кесіп өтетін жерлерде өткізу бекеттерін құру мәселесі сөз болды. Атап айтқанда, осы кездесудің хаттамасына сәйкес “Красный аул (КР) Веселоярск” (РФ), “Семей (КР) – Рубцовск” (РФ), “Байтанат (КР) – Топольное” (РФ), “Қоянбай (КР) – Малиновое озеро” (РФ), “Лениногор (КР) – Қарағай” (РФ), “Усть-Чундагатуй (КР) – Бертерек” (РФ) жеткізу бекеттері салынды.

1993 жылғы маусым айында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің № Л-433 бұйрығымен “Аягөз”, “Жезкент”, “Ауыл”, “Байтанат”, “Қоянбай”, “Шүлбі”, “Жалғыз төбе”, “Қурчатов” кеден бекеттері құрылды. Кеден бөлімшелерінің құрылымы да жетілдіріле түсті. 1993 жылғы қараша айында ақпараттық-есептеуді қамтамасыз ету бөлімі ашылды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 7 қаңтардағы № Л-13 бұйрығымен Шығыс аймақтық кедені таратылып, оның орнына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша кеден басқармасы құрылды. “Бақты” және “Майқапшағай” кедендері ендігі жерде тікелей орталық аппаратқа - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасына бағынатын болды.

Ал, 1995 жылғы қаңтар айының соңында Майқапшағай кедені Шығыс Қазақстан облысы бойынша кеден басқармасына қайтадан берілді.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің 1995 жылғы 5 маусымдағы № 24 бұйрығы бойынша Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кеден басқармасына “Бақты” және “Майқапшағай” кедендеріне жедел басшылық жасау міндеттері қоса тапсырылды. Бірақ бұл кедендердің заңдық тұлға ретіндегі мәртебелері сақталып қала берді.

1995 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысымен Өскемен қаласының әуежайына халықаралық әуежай мәртебесі берілді.

1997 жылғы мамыр айында Семей облысы бойынша кеден басқармасы таратылып, оның базасы негізінде штатында 160 адам бар “Семей” кедені құрылды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 жылғы 2 маусымдағы № 147-П бұйрығымен Шығыс Қазақстан об-

лысы бойынша Кеден басқармасының кеден зертханасы құрылып, оның штатына 10 қызметкер берілді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кеден комитетінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № П-110 бұйрығымен “Шемонайқы” кеден бекеті “Уба” кеден бекеті болып аталды, ал “Майқапшағай” кедені “Майқапшағай” кедені болып қазақша аталды.

Семей кедені құрылымындағы бекеттердің қазақша атауы былай белгіленді: “Новониколаевка – Бостал”, “Красный аул – Ауыл”, “Аягуз – Аягөз”, “Жалғиз тобе – Жалғыз төбе”.

1998 жылғы қыркүйек айында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кеден комитетінің № 171-П бұйрығымен Семей, Бақты, Майқапшағай кедендері Шығыс Қазақстан облысы бойынша кеден басқармасының жедел басқаруына берілді.

1998 жылғы 30 қазанда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігі Кеден комитетінің бұйрығымен Энергетикалық кеден бекеті құрылды.

1998 жылғы 30 қазанда Шығыс Қазақстан облысының Шемонайқы қаласында “Ресей Федерациясының Алтай кедені мен Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кеден басқармасы арасында кеден шекарасы арқылы алкогольді және темекі бұйымдарын алып өту туралы Келісімдерге” қол қойылды. Екі ел кеден қызметтерінің тығыз ынтымақтастықты бұлайша жалғастыра түсуінің маңызы күшті.

1998 жылғы желтоқсан айында “Уба” кеден бекетінде автомобиль өткелінің жаңа ғимараты салтанатты түрде ашылып, пайдалануға берілді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 7 мамырдағы №133-П бұйрығымен “Семей” кедені жабылып, оның құрамында болып келген кеден бекеттері Шығыс Қазақстан облысы бойынша кеден басқармасының қарауына өтті. Ал таратылған “Семей” кеденінің орнына “Семей” кеден бекеті құрылды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 30 маусымдағы № 265-П бұйрығымен Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кеден басқармасы Бас кеден басқармасы болып қайта құрылды.

Шығыс Қазақстан облысының аумағы арқылы экспорт – импорт операциялары жасалатын негізгі мемлекеттер Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, сондай-ақ Өзбекстан, Қырғызстан

және Тәуелсіз мемлекеттер Достастығының Еуропалық бөлігіндегі елдер болып табылады. Бұл аймақтағы ең белсенді сауда – саттық әріптестеріміз ежелгі дәстүр бойынша Ресей мен Қытай болып қала берді. Экспортқа негізінен түсті металдар, көмір, цемент, кірпіш және басқа да құрылыс материалдары шығарылады. Ал, бізге келіп түсетін импорттық тауарлар, халық тұтынатын тауарлар, азық түлік өнімдері, автокөліктер және олардың қосалқы бөлшектері, алуан түрлі техника мен жабдықтар басым.

Республикадағы кеден қызметінің 10 жылдығы қарсаңында Қазақстанның өзге облыстарындағы бұл қызметтің қалай қалыптасқаны туралы да айтпай кетуге болмайды.

Кеден ісіне басшылық жасауды жетілдіре түсу жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру мақсатымен және ішкі рыноктың алдында тұрған нақты міндеттерге сәйкес, КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Мемлекеттік кеден бақылауы Бас басқармасының 1989 жылғы 20 қарашадағы бұйрығымен Шымкент кеден бекеті құрылып, ол Қазақ республикалық кеденіне бағындырылған болатын. Кеден бекетінің сол кездегі штатында үш–ақ адам бар еді. Кеден бекетінің міндетіне мыналар кірді: кедендік рәсімдеу жұмыстары және алыс шетелдерде (Грекия, Германия Федеративтік Республикасы, Израиль) тұрақты тұру үшін кетіп бара жатқан азаматтардың өздерінен бөлек жіберілетін заттары мен жүктеріне бақылау жасау.

КСРО Кеден Комитетінің 1991 жылғы 12 қыркүйектегі бұйрығымен Қазақстан республикалық кеденінің Шымкент кеденінің қызмет аймағы үш облыстың – Шымкент, Қызылорда және Жамбыл облыстарының аумағын қамтыды. Сөйтіп, Шымкент кеденіне Жамбыл қаласындағы Жамбыл кеден бекеті бағындырылды, ал Қызылорда қаласындағы кеден бекетінің жұмысына бақылау жасауды Шымкент кеденінің өкілетті қызметкері жүзеге асыратын болды. Шымкент Кеденіндегі штат 28 қызметкерді қамтыды.

Шымкент кедені республика Қаржы министрлігінің 1993 жылғы 30 қаңтардағы № 5 бұйрығымен Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі Бас кеден басқармасының Оңтүстік аймақтық кедені болып қайта құрылды. Оңтүстік аймақтық кеденге Қызылорда, Жамбыл, Ленинск кедендері бағындырылды. Оның штатындағы қызметкерлердің саны 270 адамға жетті. 1993 жылдың шілде айында аймақтық кеденнің құрылымында тағы да өзгерістер болды. Жаңадан мына кеден бекеттері құрылды: “Жібек жолы”, “Аэропорт

– Шымкент”, “Шымкент теміржол станциясы”, “Арыс теміржол станциясы”.

“Жібек жолы” кеден бекетінің қызмет аймағы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сарыағаш, Келес, Мақтаарал, Жетісай, Киров және Шардара аудандарының аумағы болып белгіленді. Мұның өзі – «Жібек жолы» кеден бекеті Қазақстан Республикасы кеден шекарасының Өзбекстан Республикасымен шектесетін 700 шақырымға жуық қашықтыққа созылатын жаңа периметрін қамтыды деген сөз.

1994-1995 жылдары Абай, Ильич, Жетісай, Шардара сияқты дербес кеден бекеттері қосымша ашылды. Бұл кеден бекеттері бақылаушы – нұсқаушылармен, кинолог – нұсқаушылармен қамтамасыз етіліп, толықтырылды. Кеден бекеттеріндегі жұмыс тәртібі үш ауысымды болып белгіленді.

Кеден бекеттері контрабандаға және кеден ережелерін бұзушылыққа қарсы күресумен қатар 1994 жылдан бастап фискальдық міндеттер де (мемлекет қазынасына қол сұғушылыққа қарсы күрес) атқара бастады.

Кеден бекеттері құрыла бастаған алғашқы кезде тауарлар мен автокөліктерді кедендік рәсімдеу жұмыстары жөнді жабдықталмаған шағын вагондарда жүргізілді, материалдық – техникалық база, кедендік бақылау жасауға қажетті техникалық құралдар атымен жоқ болатын, тіпті нормативті құжаттардың өздері де кеден қызметін дамытудың басыңқы бағыттарын толық анықтап бере алмайтын. Кедендік шекараларда кеден қызметкерлерімен қатар жол полициясының, Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасының, Көлік инспекциясының қызметкерлері де болып, өз міндеттерін атқарумен айналысты, Мал-дәрігерлік және фитосанитарлық бақылау да жүзеге асырылды. Кедендік бақылау аймақтары анық белгіленген жоқ болатын.

Шекаралардың ашық болуына байланысты 1993-1994 жылдары “импорттық” және “транзиттік” деген сылтаумен өтіп жататын тауарлардың тәуліктік жүк тасқыны мөлшерін шамамен 300-ден 500-ге дейінгі автокөлік құралдарына қарап байқауға болатын.

Кеден шекарасы арқылы негізінен алғанда халық жиі тұтынатын тауарлар, ауылшаруашылық өнімдері, сусындары азық-түлік өнімдері, құрылыс материалдары және басқа да заттар тасылған. Қазақстан Республикасы үкіметінің 1995 жылғы 26 сәуірдегі № 557 қаулысына сәйкес “Жібек жолы” қабылдау – өткізу бекеті

халықаралық қатынас жолындағы автокөлік өткелі болып белгіленді. Ол арқылы Түркиядан, Ираннан, Біріккен Араб Әмірияттарынан, Тәжікстаннан, Пәкістаннан, Ресейден, Украинадан, Әзірбайжаннан, Армениядан, Белоруссиядан, Қырғызстаннан, Польшадан, Германиядан, Англиядан және Болгариядан түрлі тауарлар тиеліп, ағылып келіп жататын автокөлік құралдары өтеді.

Қазақстан Республикасы кеден комитетінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы бұйрығына сәйкес кедендік күзет және тәртіп бөлімі қызметкерлерінің қатарынан кеден шекарасын қорғау жөніндегі кедендік нарядтар құрылды. Олардың міндеті сырттан айналып өтетін және бақылау орнатылмаған құпия жолдар арқылы кеден шекарасынан заңсыз өтетін тауарлар мен автокөлік құралдарының жолын кесу болып табылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша 1998-1999 жылдары “Қабыланбек”, “Кескен”, “Төңкеріс”, “Дарқан”, “Бейбітшілік”, “Ынтымақ” сияқты тұрақты және ауспалы тұрпаттағы бақылау - өткізу бекеттерін салу және оларды техникалық жаңа құрал – жабдықтармен қамтамасыз ету қолға алынды. 1999 жылы “Жібек жолы” және “Май” кеден кешендерінің кең көлемді құрылыстары басталды. Оларда кедендік инфрақұрылымның барлық қажетті деген объектілер мен жабдықтардың (жүкті уақытша сақтау қоймалары, тәртіп бұзғаны үшін ұсталған автокөліктерді қоятын тұрақтар, тексеріп – көру жұмыстары жүргізілетін алаңдар, қызмет бабында пайдалануға үйретілген иттерге арналған вальера (торлы қора), тауарлардың салмағын дәл анықтайтын таразылар т.б.) болуы ескерілді. Қазір “Жібек жолы” кеден бекеті халықаралық стандарттарға толық сай келеді.

Кеден ісі тұтас алғанда кеден саясатының мақсаттарына қол жеткізу және кеден кеңістігі саласындағы нақты міндеттерді жүзеге асыру бағытында қажет болатын аспап немесе қолданбалы құрал деп санауға болады. Мұның өзі Еуразия Экономикалық Қауымдастығының (ЕЭК) құрылуына байланысты күн тәртібінде тұрған зәру мәселе болып отыр. Өйткені, тап қазір біртұтас кеден аумағы мен кеңестігін, біртұтас кеден ісін құру, кеден органдарына бірыңғай бірлесе басшылық жасау сияқты басқа да кезек күттірмес проблемалар бар. Бұл ретте, әрине, саяси сипаты бар мәселелер өз алдына кеден ісінен тыс бөлек қарастырылуы тиіс.

Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) да маңызды роль атқарады. ТМД тарихындағы жаңа кезең аяқталып келеді, оның ең басты нәтижесі жаңа тәуелсіз мемлекеттердің саяси және экономикалық егемендігінің халықаралық құқықтық тұрғыдан танылып, рәсімделуі болды.

Кеден саясаты өз алдына дербес категория ретінде қарастырылуы тиіс. Қазақстанның Кеден заңы оны кеден ісінен бөлек қарастырады. Дегенмен, Еуразиялық Экономикалық Қауымдастық құрамындағы мемлекеттердің мұндай заңдары кеден ісін, өкінішке орай, әлі де неғұрлым кең мағынада түсіндіріп келеді. Біздің Республикамыздың кеден саясаты Қазақстан рыногының, Қазақстанның тауар өндірушілері мен тұтынушыларының мақсаты мен мүддесін қорғауды одан әрі жалғастыра беруі, экономиканың дамуын ынталандыруға, бәсекенің өсуіне және монополизмге қарсы әрекетке қолдау көрсетіп, ықпал етуі, экспорт көлемін арттыруға және импорттық тауарларды алмастыра алатын өндірісті көтермелеп, демеп отыруы, шетелдік инвестициялар тартуды қолдауы, сауда-саттық саясатының кезек күттірмейтін басқа да міндеттерін шешіп отыруы тиіс. Мұның бәрі де Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 1995 жылғы 20 маусымда қабылдаған Заң күші бар “Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы” Жарлығында (Қазір Қазақстан Республикасының Заңы - 2-бап) баяндалып, заң жүзінде бекітілген.

Кеден саясатын жүзеге асыру, шын мәніне келгенде, мемлекеттің монополиялық қызмет түріне жатады. Мұның өзі бұл саладағы құқықтық проблемалар мен заңдық сипаты бар шешімдерді талдауға ғылыми тұрғыдан келуді талап ететіні онысыз да белгілі.

Кеден ісі мен мемлекеттік кеден саясаты сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырумен және оның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тығыз байланысты.

Кеден саясатының мақсаттары мемлекеттің қауіпсіздікті тұтас алғандағы негізгі концептуальды көзқарасына сәйкестендіріледі. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстанда 1998 жылдың 26 маусымында қабылданған “Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы” Заңның осы жағдайға байланысты жасалуы да, қабылдануы да тегін емес.

Қазақстан Қауіпсіздік кеңесі Секретариатының атап көрсеткеніндей, Ұлттық қауіпсіздік Тұжырымдамасының қандай болуы қажет



екендігіне сай мемлекеттік саясатты және оның тұрақтылығына баға беру кепілдігін қарастырып, жасау барысында қоғам өзінің алға қарай жылжу перспективаларын елдің қоғамдық – саяси және әлеуметтік – экономикалық өмірінің ізгі ниетті мұрат үлгілерін айқын көре білуі тиіс және олар аймақтық құрылымдармен және жалпы алғанда, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықпен органикалық біртұтас жарасымды үйлесім табуы керек.

Қазақстан 1992 жылғы маусымнан бастап Бүкілдүниежүзілік кеден ұйымының (БКҰ) мүшесі болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 мамырдағы Жарлығымен біздің мемлекетіміз Халықаралық жүк тасымалы жөніндегі Кеден конвенциясына қосылды. Бұл ретте 1975 жылғы 14 қарашада қабылданған Халықаралық жүк тасымалы туралы келісім-шарт кітапшасын пайдаланады.

Қазір Қазақстанның Бүкілдүниежүзілік Сауда Ұйымына (БСҰ) мүше болып кіруі жөнінде мәселе қарастырылып жатыр. Бұл халықаралық ұйымның мақсаты тауарлар мен көрсетілетін қызмет түрлерінің халықаралық деңгейдегі саудасында кездесетін тарифтік және тарифтік емес кедергілерді кеміту, сауда-саттық ережелерін бір – бірімен үйлесімді ету болып табылады.

Қазақстан кеңестік кезеңнен кейінгі кеңестікте ықпалдасу саласында басшылыққа алып келе жатқан негізгі құжаттар мыналар:

- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Жарғысы (ТМД-ның 12 мемлекеті, 1993 жыл);

- Экономикалық одақ құру жөніндегі келісім-шарт (ТМД-ның 12 мемлекеті, 1993 жыл);

- Кеден одағын құру жөніндегі келісім (1995 жылғы 6 қаңтар – Ресей мен Беларусь; 1995 жылғы 20 қаңтар – Қазақстан; 1996 жылғы 29 наурыз – Қырғызстан; 1998 жылдың бас кезі – Тәжікстан).

- Кеден одағы және бірыңғай экономикалық кеңестік туралы келісім-шарт (1999 жылғы 26 ақпан – Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан).

- Еуразиялық Экономикалық Қауымдастықты құру туралы келісім-шарт (2000 жылғы 10 қазан – Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан).

Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың сыртқы сауда және кеден саясаты саласындағы негізгі міндеттері: еркін сауда тәртібін жетілдіре түсу, бірыңғай кеден тарифын және тарифтік емес реттеу

өлшемдерінің бірыңғай жүйесін қалыптастыру; жеңілдіктер берудің келісілген жүйесін енгізу; мүше мемлекеттердің Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымымен, сондай-ақ басқа да халықаралық экономикалық құрылымдармен өзара қарым-қатынас жасау үшін ұстанатын келісілген позиция белгілеу; валюталық реттеудің және валюталық бақылаудың жетілдірілген тәртібін енгізу; төлем жасау – есеп айырысудың тиімді механизімін жасау; сыртқы шекаралардағы экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Қауымдастықтың экономикалық саясат, әлеуметтік-гуманитарлық, құқықтық ынтымақтастық жасау салаларында да көздеген мақсаты мен алға қойған міндеттер Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Еуразиялық Экономикалық Қауымдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің 2001 жылғы қыркүйекте Алматыда болып өткен мәжілісінде сөйлеген сөзінде жасаған ұсыныстары арқылы одан әрі егжей-тегжейлі нақтыланып, айқындала түсті.

Атап айтқанда, ол сыртқы сауда қауымдастығы мүшелерінің жүргізетін статистикалық есебінің бірыңғай әдістемесін іске қосу, кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылаудың ережелері мен іске асырылу тәсілдерін бір ізге түсіру, кеден қызметіне басшылық жасаудың бірыңғай жүйесін жасау және өз мемлекеттеріміз арасындағы шекараларда кедендік бақылау жүргізуді тоқтату қажеттігі туралы ұсыныстар жасады, экономикалық қауіпсіздікті күшейту сияқты басқа да мәселелерді көтерді.

Міне, осындай өзара ықпалдасу жағдайында Қазақстан өз тарихының тамаша жаңа беттерін жазатын болды.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар:**

- 1. Қазақстанның Кеден саласының қалыптасу тарихы*
- 2. Мемлекеттік басқару ісінің жаңа саласының пайда болуының объективті себептері.*

## ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

### 10 - тақырып

#### КЕДЕН ІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ОРНЫ

*Кеден ісі – кеден құқығының негізгі институты. Кеден құқығының негізгі институттары және кеден ісінің құрылымы*

Құқық саласының институты біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығымен сипатталады.

Осыған байланысты кеден құқығында негізгі институттар мынадай түрге бөлінеді: мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі ретінде кеден саясаты және кеден аясындағы кедендік саясат пен міндеттерге жету мақсатының құралы ретінде кеден ісі.

Ресейдің Кедендік кодексінің Қазақстандық кеден құқығынан айырмашылығы кеден саясатын кеден ісінің құрамында қоса қарастырады.

Ондай ережені Б. Н. Габричидзе қате деп санап, былай деп жазады: “РФКК-ң 2-бабының 2 бөлігі кеден саясатының мақсатына Ресейдің ұлттық экономикасын дамытуды арттыру, оның құрылымдық қайта құруын жүргізуге көмектесу, тауар алмасуды реттеу де жатады деген мағына береді. Басқа да маңыздылығы аз емес мақсаттар да қарастырылады. Бұдан кеден саясаты кеден ісінің шегінен тыс екендігі көрінеді”.

Кеден ісін кеден құқығының жүзеге асуының нысаны ретінде қарастырудың құқықтық және ғылыми негізі бар.

“Құқықтың құрылуы, - деп жазады С. С. Алексеев, - өзінің шығу негізі бойынша объективті келісілген, қажетті сипатқа ие”.

Құқық құрудың бастапқы сатысы – объективті экономикалық, әлеуметтік-саяси, адамгершілік немесе басқа қоғамдық қатынастарды заң негізінде реттеу қажеттілігі туғанда пайда болады. Осы қажеттіліктер келесі кезекте саяси қатынастар жүйесінде – саяси,

адамгершілік және құқықтық санада, үстемдік ететін қоғамдық пікірден өте отырып, өзгерістерге ұшырайды, мүдделер тоғысады немесе тар шеңберде қалып, бұрмаланған, өзгерген сипатқа ие болады.

Кеден ісінің алғашқы даму сатысында кеден құқығы осы кездегі мазмұны кеден заңдарымен анықталған және кедендік жүйе шекарасы анықталмаған кедендік реттеумен айқындалды.

Кедендік реттеуге кеден шекарасы арқылы тауарлар мен басқа мүліктерді өткізу, кеден төлемдері, кедендік процедуралар жатады. Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік ҚазССР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне және Қылмыстық Кодексіне сәйкес анықталды.

1993 жылғы 1 наурыздан бастап Қазақстанда кеден шекарасы арқылы сыртқы экономикалық қызмет шегінде өткізілетін тауарлар мен басқа да мүліктерді міндетті мәлімдеу енгізілді.

Үкімет кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен басқа да мүліктерді өткізу мен мәлімдеу тәртібі туралы ереже, саудаға жатпайтын айналыс туралы уақытша ереже, бас декларант және декларант туралы ережені бекітті. Мәлімдеу туралы 1991 жылғы 26 наурызда КСРО Кеден Кодексінде көрсетілген.

1992 жылғы 25 қаңтардағы Президенттің “Экономиканы тұрақтандыру және нарықтық қайта құруды жүргізу кезеңінде Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру туралы” Жарлығы бойынша Қазақстан Республикасы аумағында бұрынғы Кеңес Одағында қабылданған экспорт пен импорт тауарларына (жұмыс, қызметіне) салық, кедендік тариф және бартерлік мәлімдеме сияқты нормативтік актілердің күші жойылды, ал Кеден Комитетіне ҚР кеден шекарасы арқылы өткізілетіндіктен, мәлімдеуге жататын басқа да мүліктер мен экспорттық–импорттық жүкті мәлімдеуді қамтамасыз ететін шараларды дайындау тапсырылды.

Мәлімдеу кедендік процедура ретінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларымен өз бетінше немесе кедендік рәсімдеуге рұқсат алған ұйымдар арқылы келісім негізінде жүзеге асады.

Бас кедендік басқарма мен Қаржы министрлігі бас декларант ретінде танылған ұйым болғандықтан, кеден шекарасы арқылы өткізілетін барлық заттар мен тауарларды мәлімдеуді жүзеге асыра алады. Бас декларант пен иелік етуші субъектінің арасындағы өзара қатынас тәртібін ереже анықтайды, өз еркімен мәлімдеуді

декларанттық куәлігі бар декларанттық ұйым жүзеге асырады. Ал, ондай ұйымның пайда болуын осындай ұйымды мамандандыруға арналған қызмет көрсетудің кеден аясында процедуралық қызметтің кең тарауымен түсіндіруге болады.

Бас декларант кеденге жүктің кеден мәлімдеуіне кеден шекарасынан өткізілетін әрбір тауар мен басқа заттың әрбір партиясын таныстыруға, оларды кедендік рәсімдеуге беруге, тауар мен басқа заттарды өткізудің мақсаты туралы кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеуге қажет нақты мәліметті беруге міндетті.

Декларант болып кез-келген ұйым және Қазақстан Республикасының аумағында тіркеуден өткен заңды тұлға бола алады. Декларант кеденге жүктің кедендік декларациясын кедендік рәсімдеуге беріп, кеденнің талабы бойынша уәкілетті тұлғаны ауыстырып, кедендік процедураны жүргізгені үшін қажет жағдайда кеден алымдарын төлеп отырады.

1991 жылғы 27 желтоқсандағы Министрлер Кабинетінің “Қазақстан Республикасынан азық-түлікті жеткізуді лицензиялау және квоталау тәртібі туралы” № 804 қаулысы бойынша 1992 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының шегінен тыс азық-түлік, тауарлар, шикізат және жұмыс өткізу Мемлекеттік басқару органдарының осыған берген лицензиясы мен квотасы негізінде жүзеге асырылады. Кеден комитеті лицензиясыз рәсімдеп әкетуге болмайтын шикізатқа, тауарлар мен азық-түліктерге бақылау жасау нысанын анықтауға тиіс болды.

Кедендік және басқа мемлекеттік бақылау нысаны ретінде тексеру жүргізу туралы 1992 жылғы 3 қаңтардағы Министрлер Кабинетінің “Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс өнім беретін және өнім бермейтін тауарларды, малды әкетуді тәртіпке келтіру туралы” № 5 қаулысы бойынша 1992 жылғы 10 қаңтарға дейін көлік жолдарында, теміржол бекеттерінде, аэропортта, теңіз және өзен порттарына өткізетін бақылау бөлімі жүйесін құру тапсырылды. Шынында, осы актіні қабылдау негізінде Қазақстаннан бақылаусыз азық-түлікті әкетуді тоқтату арқылы тұтынушылар нарығын тұрақтандырды.

ТМД елдерімен шекарадағы кеденді бақылау Қазақстан шекарасы арқылы өтетін жолаушылар мен жүктер, көлік құралдарының барлық түрлеріне кедендік бақылауды толық негізде қамтамасыз ету үшін тұрақты кеден мекемесі дислокациясы орнын ұйымдастыруды қажет етті. Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 қаңтарындағы

№ 1119 Қаулысы негізінде 1993 жылы кеден мекемелерінің қызметкерлерінің штаттық саны 5 мыңға көбейді, ал 1994-1995 жылдары әр жыл сайын 2 мыңға өсті. Осы қаулы бойынша кеден мекемелеріне кедендік бақылау зонасында көлік құралдарын мәжбүрлеп тоқтатуға, жүкті тексеруге, бухгалтерлік, қаржылық, банктік және басқа да құжаттарды талап етуге құқықтар берілді.

Кеден құқығының алғашқы кезеңінде кедендік реттеу Қазақстан шекарасында бақылау қызметін атқаратын ішкі істер органымен бірлесе отырып жүзеге асырылды. Осы кезден-ақ сыртқы экономикалық қызметті толық либерализациялау қажеттілігі арта түсті. Бұл туралы “Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру жөніндегі жарлығын жүзеге асыру туралы” Министрлер Кабинетінің № 717 қаулысында, 1994 жылғы 26 сәуірдегі “Қазақстан Республикасы аумағындағы тауарлар импорты (жұмыс, қызмет) және экспортын лицензиялау және квоталау туралы” № 435 қаулысында, 1995 жылғы 19 қаңтардағы “Қазақстан Республикасы аумағында тауарлар (жұмыс, қызмет) импорты мен экспортын реттеу тәртібі туралы” № 66 қаулысында, Премьер-Министрдің осылай аталатын резолюцияларында жеке кәсіпорындар мен фирмаларға қатысты, жеке тәртіптік көптеген сұрақтар шешілді.

Сол кездегі кедендік реттеу кеден құқығы пәнінің негізін құрды, үнемі өзгеріп отырған үкімет шешімдерінің басым болуы және нормативтік құқықтық базаның тұрақсыздығы оның атқарылуының босаңсуымен сипатталды.

Жеңілдіктер категориясына қатысты мемлекеттік заң мәселелері бұзылды, жеңілдіктер жеке түрде берілмейтін болды, тек белгілі ұйымдар мен тұлғаларға ғана берілді, сондай-ақ кеден төлемдері мен салықтарын төлеудегі кейінге қалдыру, бөліп төлеу әдістері де бұзылды.

1995 жылғы 20 шілдедегі “Қазақстан Республикасы кеден ісі туралы” Заң күші бар № 2368 Жарлығы қабылданған соң (1999 ж. 16 шілдеден бастап) “Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы” Заңы әрі қарай халықаралық кеден жүйесіндегі талапқа сай кеден ісі түсінігін енгізді. Мұнда кеден ісі мемлекетке өз негізін өзгертпей, оның монополиясын сақтай отырып кедендік реттеу механизмін қалыптастыру перспективасы мазмұнын айқындады.

Сыртқы экономикалық қызметті әрі қарай либерализациялау Қазақстан экономикасына шетел инвесторларының қатысуы, Қазақстанның интеграциялық мүддесі және тағы басқалар кедендік саясат құралы мен кеден мақсаттарын сақтай отырып, кеден ісінің элементтерін унификациялауды, жетілдіруді қажет етті.

Кеден құқығының осы және басқа институттарын қарастыра отырып, автор оның мазмұнында мынадай маңызды бөлімдерін және кеден ісінің мәселелерін қарастырмаған; кедендік статистика, сыртқы экономикалық қызметтегі тауарлар номенклатурасы, кедендік экспертиза, өйткені олар тәжірибеде объективті сипатқа қатысты тәуелсіздікке ие болуға тиіс және дәл сол кездегі кеден жүйесінде мақсатты қызмет атқаруға тиісті.

Статистикалық ақпарат басқарма шешімінің ғылыми негізділігі мен кез-келген салада дұрыс шешім шығаруға көмектеседі.

Кедендік статистика – кеден орындары қызметінің қажетті атрибуты, қажет жағдайда оның мәліметтері негізінде сыртқы экономикалық байланыстардың толық суретін көруге болады және қабылданған шешімді түзетуге болады. Кеден статистикасының “Кеден ісі туралы” заңда анықталған міндеттері ТМД мемлекет қатысушыларының сыртқы сауда кедендік статистикасының біртұтас методологиясының мақсаттары мен міндеттеріне, осы мемлекеттердің Басшылары кеңесінің шешімімен Қазақстан сияқты және тағы басқа мемлекеттердің техникалық мүмкіншілік перспективасына ортақ болуға тиіс.

Мемлекеттік жоғарғы билік органдарының кеден саясаты мен сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу саласында дұрыс шешім қабылдауы үшін, оның макроэкономикалық жағдайларын зерттеудің, сыртқы сауда динамикасына, құрылымына, деңгейіне негізделген нақты талдаудың маңызы зор.

Кеден статистикасын құруға кіретін мәліметтерге тауарларды декларантпен рәсімдеуде толтырылған кеден декларациясындағы жүк жөнінде белгіленген ақпарат жатады.

Сыртқы саудадағы кеден статистикасы ережелерін жүйелеу мақсатында Қазақстан Үкіметімен (1995 жылғы 6 шілдедегі Премьер-Министрдің № 238 қаулысы бойынша) барлық министрліктер мен ведомстволарға, облыс басшыларына өз қызметі барысында әлем елдерінің топтарын қоса алғанда, ТМД мемлекет

қатысушыларының сыртқы саудадағы кедендік статистикасының бірыңғай әдістемелерін басшылыққа ала отырып, қолдануға тапсырма берілді.

Кеден органдары арнайы статистика жүргізеді, мұнда статистикалық мақсатта ұсынылатын ақпарат құпия болып табылады, яғни ол ақпаратты тек кедендік мақсатта ғана қолдануға болады.

Бұл жерде біз мемлекеттік, коммерциялық, банктік және басқа да заңмен қорғалатын құпия ақпарат туралы айтып отырмыз. Ондай құпия ақпаратты кеден органдарының лауазымды тұлғасы жеке мақсаты үшін пайдалануына, басқа мемлекеттік органға, үшінші тұлғаға беруге, таратуға рұқсат етілмейді.

Құпия ақпарат деп кедендік жүк тасу декларациясы мазмұндағы сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларына байланысты нақты мәліметтерді айтамыз (“Кеден ісі туралы” Заң, 16, 233 – 236 баптары).

Күн тәртібіне Экономикалық Одақтың жалпы статистикалық негізін құру міндеті қойылды. Жалпы статистикалық негіз 1995 жылғы 10 ақпандағы (Алматы) келісіміне сәйкес қол қойған мемлекетаралық байланыстар, экономикалық жағдай, жүргізілетін экономикалық реформалар, макроэкономика тенденциясы, экономикадағы құрылымдық алға жылжу, экологиялық және әлеуметтік жүйедегі әдістер туралы ақпараттармен қамтамасыз етуге арналған.

Кеден статистикасында тауарларды топтастыру және кодпен жазу үшін топтастырғыш ретінде сыртқы экономикалық қызметтегі тауар номенклатурасы қолданылады (СЭҚТН).

ТМД 1995 жылғы 3 қарашада (Мәскеу) Ресей Федерациясының кеден қызметі ТМД СЭҚТН жүргізетін “ТМД сыртқы экономикалық қызметтегі бірыңғай Тауарлар Номенклатурасы туралы” келісім қабылданды.

Код ұғымы кеден органдары процедурасының маңызды бөлігі болып табылады. Код декларанттың мүддесіне әсер етеді, өйткені ол арқылы экономикалық саясат ережелерін қолдану, кеден төлемдері мен салықтарын алудың негізділігі мен дұрыстылығы анықталады.

Кеден Одағының құрылуымен және ТМД статистикалық комитетінің ұсынысын ескере отырып, Қазақстан Үкіметі Қаулысымен Кеден Одағы елдерімен сыртқы саудаға есеп берудің статистикалық нысанын енгізеді.



Кеден Одағы елдері аумағынан шығатын, осы аумақ шегінде өткізілетін тауарларға байланысты бекітілген нысанда барлық сыртқы сауда операциясына қатысушылар ақпарат беруі тиіс.

Қазіргі кезде техникалық құралсыз кеден статистикасын ұсыну мүмкін емес. Әзірше кеден органдарының жетістіктері жергілікті тапсырмаларды шешумен шектелуде. Кеден қызметінің жаңа деңгейдегі сапалы қызметіне жету техниканы алып жүру, әсіресе, кадрларды, бағдарламаны қамтамасыз ететін сәйкес жүйелер, компьютерлер өте қажет.

Кеден органдары ведомствосына қарасты қызметтер кеден саясаты мақсаттары мен кеден ісін қамтамасыз етеді. Олардың ішіндегі маңыздыларына ірі кедендердегі және кеден басқармасындағы орталық кеден лабораториясы мен сараптама қызметі жатады. Сараптық зерттеулердің объективті және тәуелсіз жүруі үшін Орталық кеден лабораториясына тәуелді кеден және кеден басқармасы құрылымында сараптама қызметін жүргізетін сараптық қызмет жасайтын бөлімшелер жүйесін құру қажет.

Орталық кеден лабораториясының мәліметтері бойынша кеден мақсатында сараптама жүргізу процесінде тауардың физикалық, химиялық құрылымы, тауардың түрі мен сапасы, маркасы, сорты, тауардың өндіру технологиясы, шикізат және басқа тауарды өндеуде шығатын өнім нормалары, күшті әсер ететін, улы, уландыратын заттар, тауардың эксплуатациялық және экологиялық қауіпсіздігі анықталады. Тауардың қазақстандық және шетелдік археологиялық және тарихи, көркем байлығына жататын тауарлар екендігі, тауардың шыққан елі, СЭҚТН сәйкес тауар коды, кедендік құны және т.б. анықталады.

Кеден лабораториясы келесі кеден сараптамасы түрлерін жүзеге асырады: физика-химиялық, технологиялық, идентификациялық, сертификациялық, топтастыру, экологиялық жаратылыстану т.б.

Осы органдардың экспорттық-зерттеу қызметі кеден ісі аясында экспорттық жетілдіруді қамтамасыз етуге тиіс, сапасыз және жасанды тауарды әкелуді тоқтатуға, қазақстандық тұтынушылар мен өндірушілердің мүддесін қорғауға, кеден алдындағы контрабанда және кеден ережелерін бұзумен басқа да қылмыстармен күресуге бағытталуға тиіс.

Алдын-ала шешу, мәлімдеу, кедендік бақылау және рәсімдеу кезіндегі сыртқы экономикалық қызметтің қатысушылары, декла-

рант немесе кедендік лауазым тұлғасы тауардың кедендік атауын, оның сапасын, қажеттілігін анықтай алмаса, дұрыс шешім қабылдау мақсатымен ақпарат алу үшін экспорттық зерттеу қызметіне сүйенеді.

Экспорттық қызмет халықаралық тәжірибеге көп мән беруі тиіс. Шет елдердің кедендік лабораториясының жұмыс тәжірибесі сыртқы экономикалық әрекетке қатысушылардың көпшілігінің, соның ішінде 30–35 пайызы қасақана немесе тауарды топтастыруды білмегендіктен, қателер жіберіп, кеден төлемін төлеуден толық жалтаратындығын көрсетеді.

Экспорттық қызметі бар барлық органдарға тікелей, жанама және шартты экономикалық жұмыс тиімділігінің көрсеткішін енгізу қажет. Мысалы: 1997 жыл кеден комитетіндегі орталық кеден лабораториясының тікелей экономикалық тиімділігі 60 млн. теңгені құраған, оның 2,8 млн. теңгесі оны қамтамасыз етуге жұмсалған. Бірақ жағымсыз нәтижелері де бар.

Ресейліктердің шартты түрдегі экономикалық тиімділікті есептеу тәжірибесінде мемлекет мүддесіне бағытталған бөгет шаралары анықталған. Осы тәжірибені қазақстандық эксперттік және кедендік қызметте қолдануға болады. Бұл көрсеткіш экономикалық тиімділік кеден шекарасы арқылы айналымға шығаруға тыйым салынған, алып тасталынған заттар, наркотиктер санынан, айналымға енгізуге әкелінген заттар санының заттай түрдегі өлшемімен, сондай-ақ заттай түрде өлшенген жасанды және сапасыз әкелуге тыйым салынған тауарлар санынан тұрады.

Кеден саясаты мен кеден ісі кеден құқығының негізгі институтына жататын кеден құқығының өзегі болып табылады. Кеден ісі мен кеден құқығының пәнін құрайтын бөлімдермен қатар қазіргі кезде кедендік басқару (әкімшілік) және халықаралық-құқықтық ынтымақтастық тек Кеден Одағы деңгейінде қалып қоймай, стратегияның мазмұнына заң тұрғысынан толықтыру енгізуді қажет етеді.

Қазақстан интеграциялық процестерге қосылуға ұмтылуда және әрі қарай Еуропалық экономикалық қауымдастық моделіне жақындауға жол ұстап отыр. “Біртұтас Еуропаға қарай беттеу, – дейді ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев, – мына үлгі түрінде мастрихтік шарт негізінде нақтыландырылды: кедендік одақтан, жалпы нарықтан – еркін қозғалатын тауар, капиталдар мен тұлғалардың еркін бірлескен ішкі нарығына, сондай-ақ экономикалық, валюталық одаққа,

ал соңында саяси одаққа өту. Прагматикалық, еркіндік теңдікке негізделген мүдде интеграциялау, – бұл тек осы жағдайда әлемдік экономика мен саясаттың басты факторы бола алатын Еуразиялық одақтың бірден-бір болашағы”.

Қазіргі әлемде халықаралық экономикалық қатынасты дамыту Қазақстанға кедендік өрістің, кедендік мекемелердің ролін нығайту жолымен экономиканы қорғау және кеден ісі бойынша мемлекеттермен халықаралық ынтымақтастықты жетілдірудің объективтік қажеттілігін туғызуда.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар**

*1. Кеден құқығының негізгі институттары мен кеден ісі құрылысының арақатынасы қандай?*

*2. Неліктен кеден ісі кеден құқығының негізгі институты деп қарастырамыз?*

**КЕДЕН ШЕКАРАСЫНАН ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК  
ҚҰРАЛДАРЫН ӨТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ҚАФИДАЛАРЫ.  
КЕДЕНДІК РЕЖИМДЕР**

*Кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу.  
Кедендік режимдердің ерекшелігі*

Кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу, әкелу мен әкету құқығын бекіту келесі негізгі қағидаларға негізделеді: әкелу мен әкетуге тыйым салу; әкелу мен әкетуді шектеу; өткізу тәртібі; кедендік режимді таңдау мен өзгерту; кедендік рәсімдеу мен бақылаудың міндеттілігі; кедендік шекарадан өтетін орын мен уақытты анықтау; кеден шекарасынан өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына билік ету; шартты түрде шығарылған тауарлармен, көлік құралдарымен пайдалану және басқару. Осы институттың мазмұнын толықтыра түсу үшін кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуді жүзеге асырудың құқықтық механизмі және кеден режимдерінің жиынтық мәселелерін қарастыру өте маңызды болып келеді.

Кеден режимдерін қолдану тәжірибесі оларды құқықтық реттеудің ерекшелігін айқындауды немесе басқа кедендік режимді анықтауды талап етуі мүмкін. Міне, сондықтан да Қазақстан Республикасындағы кеден ісіне жалпы және тікелей басшылықты жүзеге асырып отырған Үкіметке және кеден органдарына жоғарыда айтылған мәселелерді шешу құқығын беру керек. Ресейдің Кеден Кодексінің 24-бабы заңды актілердің қабылданғанына дейін бұл мәселелерді шешу құқығын атқарушы органдарға жүктеген.

Қазақстан Республикасының Кеден ісі жөніндегі (“Кеден ісі туралы” Жарлығы, 1999 ж., 16 шілде) Заң күші бар Президент Жарлығы тұлғаларға тауарлар мен көлік құралдарын әкелуге, әкетуге теңдей негізде құқық береді және онда құқықты жүзеге асыру кезінде ешкімнің ол құқықтан айрылмауына және әкелу мен әкету құқығының шектелмеуіне кепілдік береді. Бір жағынан мемлекет тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкетуге тыйым салуды,

мемлекеттің қауіпсіздік, моральдық – имандылық мүдделері және адам өмірі мен денсаулығын сақтау, айналадағы табиғи ортаны, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, Қазақстан Республикасы мен шетел халықтарының көркем, тарихи, археологиялық игіліктерін, меншік құқығын қорғау, интеллектуалды меншікті, тұтынушылардың және мемлекеттің басқа да өмірлік маңызы бар мүдделерін қорғау тұрғысынан негіздейді. Ресейдің Кеден Кодексі Ресей Федерациясының халықаралық шарттары мен заңдары негізінде анықталған басқа мүдделерді (20 бап) шектеуді дұрыс деп санады.

Тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкетуді шектеу қағидасы Үкіметтің, Президенттің заң актілерінде және халықаралық шарттарға негізделген. “Қазақстан Республикасы Кеден ісі туралы” Заңының 21- бабы бойынша шектеулер қолданылатын тауарлар мен көлік құралдарын сыртқа шығаруды кеден органдары тек Республика заңдарымен белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда ғана жүргізе алады.

Тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкетуді шектеуді айқындайтын бап Ресейдің Кеден Кодексінде анық көрсетілген. Онда, біріншіден, шектеулер экономикалық саясат тұрғысынан, халықаралық міндеттемені орындаудан, экономикалық егемендік негізін қорғау мәселесінен, ішкі тұтынушылар нарығын қорғаудан, ресейлік тұлғалардың мүддесін бұзатын дискриминацияға немесе басқа да шетел мемлекеттерінің акциясына қарсы жауап шарасы ретінде және басқа да Ресейдің халықаралық шарттары мен маңызды заңды актілеріне сәйкес бекітілуі мүмкін, ал екіншіден, осы көрсетілген шектеулерді бекіткен жағдайда ол күшіне енгенде шектеулер қолданылатын тауарлар мен көлік құралдарын шығаруды Ресейлік кеден органдары тек заңды актілер мен Ресейдің халықаралық шарттарында бекітілген ережелерді сақтаған жағдайда ғана жүргізе алады.

Кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу тәртібі оларға мәлімделген кеден режиміне, сондай-ақ кеден рәсімдеуі мен кеден бақылау процедурасына сәйкес кеден заңымен анықталады.

Тұлғаның кез-келген уақытта тауарлар мен көлік құралдарының сипатына, санына, шыққан еліне қарамастан кез-келген кеден режимін таңдауға немесе өзгертуге құқығы бар.

Тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасынан өткізу орны мен уақытының практикалық маңызы зор, мұнда өткізу орны кеден органымен белгіленеді, ал уақыты олардың жұмыс уақытымен анықталады. Ал басқа жерлерде және кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс уақытта көлік құралдары мен тауарларды кеден шекарасынан өткізу тек кеден органдарының келісімі арқылы жүзеге асады. (Қазақстан Республикасының “Кеден ісі туралы” Заңының 25-бабы). Қазақстан заңы “мемлекеттік шекара” мен “кеден шекарасы” ұғымын ажырата түсті. Бұл мәселелер заңда бұрын басқаша қарастырылды, “кеден шекарасы” ұғымы мемлекеттік шекара ретінде қабылданды.

Бұрын мемлекеттік шекарадан өту орны мен уақыты төмендегідей реттелетін болған. Мысалы: ол 5 сәуір 1925 жыл (С. У. 1925 г. № 21, 160 бап). Халық комиссариаты кеңесінің қаулысынан анықталады:

§ 1. Жерасты және тас жолдарымен жүретін тауар таситын көліктер кеден шекарасынан тек күндіз күн шыққаннан күн батқанға дейін өткізіледі.

§ 2. Егер кеден шекараның өзінде орналаспаса, онда көліктерді алдыңғы кеден мекемесі арқылы өткізу кеденге күндізгі уақытта жетуді көздейтін уақыт есебіне сүйену керек болды.

§ 3. КСРО-ның Кедендік кодексі тауарлардың және басқа заттардың кедендік шекара арқылы өтуі кеден мекемелері орналасқан жерлерде жүзеге асырылатынын, сондай-ақ осы мекемелердің басқа да өтетін жерлерді анықтайтынын атап кеткен, бірақ өткізу уақыты жөнінде сөз қозғалмаған.

Кедендік мағынада “тауарлар” деген ұғымның кез-келген қозғалатын мүлік, сондай-ақ валюталық құндылықтар, электр жылуы және басқа да энергия түрлері, тауарлар мен жолаушыларды тасымалдау үшін қолданылатын көліктен басқа көлік құралдары деп түсінеміз. “Тауар және көлік құралдары” деген түсінікті қолдану осы айтылған тұжырыммен түсіндіріледі. Сонымен, қандай да болмасын кеден режимінің ауысқанына қарамастан Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы әкелінген тауарлар мен көлік құралы шындығында өтуі тиіс.

Кеден құқығының маңызды құқықтық институттарының бірі – кеден төлемдері. Соңғы заңды бекіткенге дейін 1991 жылғы 25 желтоқсандағы “Қазақстан Республикасындағы салық

жүйесі туралы” және 1991 жылғы 17 желтоқсандағы “Қазақстан Республикасындағы бюджеттік жүйе туралы” заңдарына сәйкес олар “кеден тарифі мен төлемі” деп аталды, бұл атау 1991 жылы 24 желтоқсанда қабылданған “Кедендік тариф және төлем” туралы заңында толығырақ айқындалды, мәні ашылды.

Бұл заңдар Салық заңдарында қарастырылған тәртіпке сай Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан тауарлар мен көлік құралдарының өтуі барысында акциздер мен қосымша күн салығын алу кеден органдарына жүктелетіндіктен, Кеден құқығының аталған институтының құқықтық негізіне енеді.

Қазақстанда кеден тарифі іс жүзінде кеден төлемдерінің мөлшерін бекітетін қаулыларда қабылданған. ҚР “Кедендік тариф және төлем туралы” Заңына сай Президент қаулысымен бекітілуі тиіс. 1992 жылғы 28 қарашада “Қазақстан Республикасының уақытша импорттық кеден тарифі туралы”, 1994 жылғы 11 қаңтарда “Қазақстан Республикасының импортталатын тауарларға кеден тарифі туралы” Президенттің Жарлығы қабылданды.

Қазіргі Қазақстан қажеттілігіне жауап беретіндей кеден тарифі моделін ұсынуға болады.

Кеден тарифі кеден төлемі алынатын тауарлар жүйесінен, төлемдер (олардың түрі бойынша) алынатын тауарлар атауларынан, нақты кеден төлемі мөлшерінен, пайдалануға және алып келуге, шығаруға немесе транзиттеуге тыйым салынған тауарлардан тұратындықтан оны бір актімен бекіту қиындық туғызады.

Халықаралық тәжірибеде кеден тарифінің екі түрі қарастырылады: қарапайым және күрделі. Қарапайым кеден тарифі тауардың шыққан еліне қарамастан әрбір тауарға тиісті бір мөлшерде кеден бажын бекітеді, мұнда кеден жеңілдіктері мен преференциялары қолданылмайды. Күрделі кеден тарифі тауардың шыққан еліне байланысты кеден бажының екі немесе одан да көп мөлшерін қарастырады.

Қазақстанның Кедендік тарифі 1983 жылғы 14 маусымда Брюссельде қабылданған концепциясында қолданған. Үйлестірілген тауарларды кодтау мен сипаттау жүйесіне негізделуі керек және кеден бажының жүйелендірілген кеден төлемдерінің жинағы болуы керек. Көрсетілген Конвенцияға Қазақстанның Кеден Одағы немесе ТМД елдері арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

1998 жылғы 22 қаңтарда Үкімет басшылары кеңесінің шешімімен, “Кеден Одағы” туралы келісім – ТМД мемлекеттері “Жалпы кедендік тариф” туралы келісім қабылдады. Оны жүзеге асыру бұл мәселелер бойынша дауларды туғызбауды көздеп, біртұтас кедендік тарифті қабылдауға мүмкіншілік береді. Жалпы кедендік тариф дегеніміз дамушы елдерден Кедендік Одақ мүшелерінің қатарындағы мемлекеттердің Кедендік аумақтарына әкелінген ТМД елдерінің сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауарлар номенклатурасына сай жүйеленген, тауарларға қолданылатын және әкелінетін тауарларға қойылатын кедендік өлшемдердің, бірыңғай мөлшерінің келісілген тізімі.

2000 жылғы 1 қаңтардан бастап ТМД мемлекеттері тағайындаған елдер қағида бойынша өзара саудада қосымша салық салудың бірыңғай жүйесін қолданатын болады.

Заң бойынша кеден режимі Қазақстан кеден шекарасы арқылы кедендік мақсат үшін өткізілетін тауар мен көлік құралдарының мәртебесін айқындайтын ережелер жиынтығын білдіреді және бұл “Кеден ісі туралы” Заңда мазмұндалған. Бұл айқындама ТМД қатысушы – мемлекеттердің Кедендік заңдарының негізінде және Ресейдің Кеден Кодексінде аталып кеткен тұжырымға ұқсас. Соңғысынан айырмашылығы “Кеден ісі туралы” Жарлықта 14 кеден режимі анықталған еді (“Кеден ісі туралы” заңда бұл түзетілген), сол кезде-ақ 15 режим бекітілген: тауарларды еркін айналысқа шығару; тауарлардың кері импорты; тауарлардың транзиті; кеден қоймасы; бажсыз сауда жасайтын дүкен; кеден аумағында тауарларды ұқсату; кеден бақылауымен тауарларды ұқсату; тауарларды уақытша әкелу және әкету; еркін кеден аймағы; еркін қойма; тауарларды кеден аумағынан тысқары жерде ұқсату; тауарлар экспорты, тауарлардың кері экспорты; тауарларды жою, мемлекет пайдасы үшін тауарлардан бас тарту.

“Еркін қойма” режимі алғаш заңда кеден режимінің бір түрі “еркін кеден аймағы” режимінен бірге бекітілген еді, бірақ іс жүзінде екі түрлі режим туралы әңгіме болып отыр.

Кеңес Одағы Кеден Кодексі жабық мемлекетке жауап беретін үш кеден режимін қарастырды: КСРО аумағында және осы аумақтан тыс еркін айналыс үшін; КСРО кеден аумағына уақытша әкелу немесе осы аумақтан уақытша әкету мақсатында; КСРО аумағы арқылы



транзит үшін. М. А. Сәрсембаев тауарлар мен көлік құралдарының өткізілуінің төмендегідей қағидаларын атап кетеді: мемлекеттердің кедендік шекаралары арқылы өтуін қамтамасыз ету қағидасы; ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға шығын келтіретін тауарларды кедендік шекара арқылы өткізуге тыйым салу қағидасы; тауарларды әкелу мен әкетуге шектеудің мүмкінділігінен туындайтын қағида (Сәрсембаев М. А. 44 бет).

Тауарларды еркін айналысқа шығару режимі әкелінген тауардың кеден аумағында қалуы немесе тұтынылуы үшін белгіленеді. Мұнда оларды әкету үшін ешқандай міндеттеме берілмейді. Осы көрсетілген режим бойынша тауар өткізу үшін кеден төлемдері мен салықтарын төлеу, экономикалық саясат шараларын және басқа шектеулерді сақтау, кеден рәсімдерін аяқтау қажет.

Тауарларды еркін айналысқа шығару мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- кеден төлемдері мен салығын төлеу;
- тарифтік емес реттеу шарасы мен валюталық бақылау аймағындағы талаптарды сақтау;
- заңда қарастырылған басқа да талаптарды орындау;
- кеден рәсімдеуін аяқтау барысында.

Тауарлардың кері импорты кедендік режим ретінде экспорттық кедендік режиміне сәйкес кеден бажы мен салығы алынбай, сондай-ақ, тауарларға экономикалық саясат шаралары қолданылмай әкетілген тауарды кері әкелу мүмкіндігі үшін арналған.

Заң бойынша кері импортталатын тауар әкетілген кезден бастап үш жыл ішінде кеден аумағына табиғи тозу мен кемуіне байланысты болған өзгерістерден басқа уақытта тауар әкетілген кездегі күйінде қайтарылуы тиіс. Ресей заңдылығы және Кеден заңдарының негіздері 10 жылдық мерзімді белгілеген.

Кеден органдары кері импортты тұлғаға бұрын төлеген кеден төлемін қайтарып береді. Өз кезегінде тауарларды өткізуші тұлға экспортқа шығару кезінде төлемдер ретінде немесе өзге жеңілдіктер нәтижесінде алған сомаларын қайтарады. Осы сомалардан басқа олардан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми пайыздық мөлшер бойынша пайыздар өндіріліп алынады.

Кедендік режимнің кері импортының тауарларының қатарына төмендегі тауарлар түрлерін енгізуге болады:

- экспорттың кедендік режиміне сәйкес бұрын Қазақстан Республикалық аумағынан тыс әкетілген тауарларды;
- әкетілген кезінен бастап үш жыл ішінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген тауарларды;
- дұрыс тасымалдау және сақтау жағдайларындағы табиғи тозуы мен шығынның болуы табиғи күштің немесе апаттың салдарынан тауарлардың бұзылуы, сапасының төмендеуі, сондай – ақ бұл тауарларға сақтап қалу мақсатында оның құнын өзгермейтіндей кіші – кіші жөндеу жұмыстарының жүргізілуі сияқты өзгерістердің болмаған жағдайында, әкетілген кезіндегідей сол қалпында сақталған тауарларды.

Табиғи тозу не тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі тозуды анықтау сол тауарға қатысты стандартпен анықталады. Табиғи немесе апаттық күштер салдарынан өзгеріске ұшырау жағдайы, фактісі Қазақстан Республикасының шет елдегі консулдық мекемесін құжаттай куәландырылып, бекітілуге тиіс.

Әкелу уақыты кедендік декларацияны қабылдау күнінен бастап есептеледі.

Шет мемлекеттің аумағынан кедендік бақылау негізінде өткізілетін, кеден төлемі, салығы алынбайтын, экономикалық саясат шаралары қолданылмайтын “тауарлар транзиті” деп аталатын кедендік режим жүзеге асады. Бұл жағдайда Ресей заңы мемлекеттің екі кедендік органдарының (тағайындайтын және жіберетін кеден органдары жөнінде сөз болуда) “кедендік бақылауына” тиісті анықтамаларды, түсініктемелерді береді.

Қазақстан заңы бойынша тауарлар транзиті ережесіне кіретін тауарларға ерекше талаптар қойылады. Тауарлар транзиті кеден органдарының сұхбаты негізінде жүзеге асырылады.

Тауарлар транзиті режиміне Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған тауарларды кіргізуге жол берілмейді.

Тауарлар транзитінде жауапкершілік тасымалдаушыға жүктеледі. Тауарлар жоғалған болса, кеден органдарының рұқсатынсыз берілген болса және заңда қарастырылған басқа да жағдайда кеден бажы мен салықтарын төлеуге тиісті.

Мына жағдайларда тауарлар транзитіне рұқсат беріледі:

- көлік құралдарына қатысты жабдықтау талаптарын сақтаса;

– кедендік баж және салықтың төленуін қамтамасыз ететін өкілетті банктің кепілдігін алғанда немесе ҚР кеден органдарының депозитіне қажетті ақыны төлеген жағдайда;

– кеденді алып жүру барысында.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес 1995 жылғы 12 мамырда Қазақстан МДП-ның Кітапшасын қолданып, халықаралық жүк тасымалдау 1975 жылғы 4 қарашадағы Кеден конвенциясына (конвенция МДП) қосылды.

1997 жылғы 29 тамызда Қазақстан Үкіметінің “МДП кітапшасын қолданып, халықаралық жүк тасымалдау жүйесін дамыту шаралары туралы” № 1301 Қаулы бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық автомобильдік тасымалдау одағына МДП кітапшасын беру құқығын және жүктерді тасымалдауға сәйкес кепілдік ұсынды.

Кеден қоймасының режимі әкелінген тауарларды кеден бажын, салығын алмай және экономикалық саясат шараларын қолданбай, кеден бақылауы негізінде сақтауға, сондай-ақ кеден бажын, салығын, экономикалық саясат шараларын қолданбай, экспортқа шығарылатын тауарларды нақты экспортқа шығарғанға дейін кеден бақылауы негізінде сақтау үшін арналған.

Кеден қоймасы режиміне әкелу мен әкетуге тыйым салынбаған тауарлардың кез-келгенін жатқызуға болады. Кеден қоймасы режиміне сәйкес тауарды сақтауға арналған кез-келген арнайы белгіленген және соған лайықтап жасалған үй-жай немесе орынды анықтау операциясы жүргізіледі. 1995 жылғы 16 қазанда кеден комитетінің бұйрығымен кеден қоймасы туралы ереже бекітілді. Кеден қоймасы арқылы өтетін тауарларға байланысты декларантқа жүктеледі. Кеден қоймасына сақтауға тауарларды қойған тұлғаға декларантпен ортақ (солидарлы) жауапкершілік жүктеледі.

Кедендік режимін өзгертпей тауарларды бір кедендік қоймадан екінші қоймаға тасу барысында, сақтау мерзімі тауарды кеден қоймасына алғашқы орналастырылған күнінен бастап есепке алынады.

Осы көрсетілген мерзімнен кешіктірілмей тауарлар Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс әкетілуі немесе басқа кеден режиміне мәлімделуі тиіс.

Бажсыз сауда жасайтын дүкен режимі Қазақстан Республикасының кеден аумағында (әуежайларда, кеме жайларында, халықаралық

катынас үшін ашық шекара өткелдерінде) орналасқан тауарларды кеден бажы, салығы алынбай және экономикалық саясат шаралары қолданылмай бөлшек сауда ретінде кеден бақылауынан саудуды жүзеге асыруға арналған.

Аталған режимде қызмет ететін дүкен иелері белгілі бір төлем ақыны төлеуді көздейтін лицензияны алған қазақстандық азаматтармен шектеледі. Дүкен иелеріне заң белгілі бір талаптар қояды, берілген лицензиялар қайтарылып, өз қызметін тоқтатуы мүмкін.

Отандық және шетелдік тұлғалардың өндірістік мүмкіндіктері кеден заңы рұқсат ететін тауарларды қайта өңдеу операцияларымен айтарлықтай толықтырылады. Оған мыналар жатады:

- сәйкестендіру өңдеудің басты шарты болған жағдайында;

- өңдеу өнімдерін әкелінген тауарларға сәйкестендіруге мүмкіндік беретін шетел тауарларының өз белгілерін өңделген өнімдерінде сақтап қалатындай, бірақ өзіндік ерекшелігін жоғалтпайтындай тауарларды қайта өңдеуді қарастырады;

- әкелінген тауарлардың басты белгілерін сақтай отырып, құрастыру, жинақтау, лайықтауды қоса алғандағы тауарды қайта жауау, өңдеу;

- тауарды қалпына келтіру, жөндеу;

- өнімдерді өңдеу өндірісін жеңілдетуге көзделген, өңдеу процесіне толық немесе жартылай қолданылатын кейбір тауарларды пайдалану.

Шетел тауарларын Қазақстан кеден аумағында ұқсату үшін кеден аумағында тауарларды ұқсату немесе өңдеу режимі қарастырылған.

Мұнда егер ұқсатылатын өнім немесе өңдеу Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге экспортқа шығарылатын болса, онда экономикалық саясат шарасы қолданылмайды және әкелінген кеден бажы мен салығы қайтарылып беріледі. Осы режим бойынша қазақстандық тұлғаға бекітілген шарт негізінде кеден органының рұқсаты қажет (Ресей Федерациясында ол құжат – лицензия).

Кеден аумағында тауарларды ұқсату үшін қойылатын талаптар:

- орталық кеден органының талаптарына сай бекітілген өңдеу шарттарын айқындайтын міндеттемелерін отандық тұлғаның көрсетуі;

- декларанттың таңдауы бойынша шет мемлекеттен әкелінген тауарлардың кеден бажын төлеуі немесе оларды өкілетті банктік

кепілдемесі түрінде төлеуді қамтамасыз етуі есептеген соманы ҚР кеден органына депозит ретінде енгізу;

- “Кеден ісі туралы” Заңда қарастырылған басқа да талаптарды орындау.

Шет ел тауарын ұқсату, өңдеу операциясын жүзеге асыру ба-рысында пайдалынылуы мүмкін. Отандық тауарларды пайдалану-да шет елге жіберуде құзыретті мемлекеттік органның шешімі не-гізінде тарифтік емес реттеуге немесе кеден баждары шараларын қолдануға жол беріледі (қазіргі кезде – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі).

“Кеден ісі туралы” Заң Кеден комитетінен басқа да мемлекеттік органдардың ұқсатуға кететін азық-түліктер саны мен ұқсату мер-зімі мәселесі бойынша ведомстволық актілеріне сілтеме жасайды.

Ұқсату азық-түлігін экспорттаған жағдайда кеден органы алынған кеден бажы мен салығын экспорттаудан 2 жыл кешіктірмей қайтарып береді. Шет ел тауарлары мен азық-түлікті ұқсатуға қатысты шет ел-ден шығарылатын тауарға кеден бажы мен экономикалық саясат ша-ралары қолданылмайды.

Қолдану шарттарына сай аталған режимді қайталайтын кеден бақылауы негізінде тауарларды өңдеу сияқты кедендік режимді жүзеге асыру қарастырылуда. Бұл режимде тауарларды өңдеу опе-рациялары, кедендік мақсатта өнімдердің өңделуі, мөлшері, мерзімі, рұқсаттың болуы жоғарыда аталған режимдегідей қайталаанады. Бірақ та бұл жағдайда кеден бақылауының орны болады және бұл режим экономикалық саясат шараларын қолданудан жалтару және шыққан елін анықтау ережесін айналып өту үшін қолданылмайды.

Бұл режимді қолдануға жол берілмейді, егер:

- ҚР Үкіметінің анықтауы бойынша ұқсату режиміне жатқызуға тыйым салынған тауарлар тізбесіне жататын болса;

- Қазақстан Республикасына ұқсату үшін тауар тікелей ұқсату операциясын жүзеге асырмайтын тұлғамен әкелінсе;

- Ұқсату мерзімі алты айдан асып кетсе;

- Ұқсату операциясы ұқсатуды жүзеге асыруға тиісті кәсіпорынның әдеттегі технологиялық процесіне сәйкес келмесе;

- Тауарды ұқсатуды жүзеге асырушы тұлғамен;

- Егер кеден заңының талаптарын орындауды қамтамасыз ету мүмкін болмаса;

- Бұрын әкелінген тауарға ұқсату режимін жүргізудің бекітілген тәртібі бұзылмағандықтан ол аяқталмаған болса;
- Бекітілген тәртіп алдын-ала бірнеше рет бұзылса;
- ҚР заңының талаптарында айтылғандай кедендік тәртіп контр-рабанда белгісі бойынша бұзылса.

Соңғы екі кеден режиміне жақын келетін – Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерде тауарларды ұқсату режимін атауға болады. Бұл режимнің айырмашылығы экономикалық саясаттың шаралары, кеден төлемі мен салығынан толық және ішінара босатылуымен қатар, ұқсату және ұқсатылған тауарларды кедендік аумақтарда еркін айналымға шығару мақсатымен Қазақстан тауарларын мемлекеттік кедендік аумақтан тыс жерлерде пайдалану мен шығаруда жатыр.

Осы көрсетілген ұқсату операциясы бойынша рұқсаттың болуы, шығу саны мен уақыттың анықтау Кеден комитетінің нормативтік регламентін және басқа да органдардың нормативтік регламентациясын талап етеді. Өңделетін тауарларға еркін айналым үшін ұқсатылатын тауарларды шығару барысында сомасы қайтарылатын әкетуге тиісті қойылатын кеден төлемі тағайындалады.

Заң төлемдерден босататын жағдайда да қарастырады. Қажетті өңдеуден өткен тауарлардың еркін айналымға шығаруға болатындығын мәлімдеген жағдайда әкелінетін тауарға қойылатын кеден төлемі жүзеге асуы мүмкін, немесе тауар иесі бұл төлемнен ішінара босатылуы мүмкін.

Заңда әкетілген тауар кеден төлемінен толық босатылған жағдайда, оны қалпына келтіру тегін жүргізілетіні және төлемнен тек жартылай босатылса ақыға жөнделетіні туралы айтылып кеткен (бұл жағдайда кеден төлемінің сомасы ұқсатылатын тауар құны мен оны жөндеуге кеткен шығын екеуінің жиынтығынан тұрады).

Тауарларды уақытша әкету немесе әкелу режимі кеден аумағында немесе одан тыс жерлерде тауарларды кеден бажынан, салығынан толық немесе ішінара босата отырып және экономикалық саясат шараларын қолданбай оларды пайдалану үшін арналған.

Осы режим бойынша тауарлар табиғи тозуы не тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайларында өзгеріске ұшырамаса қайтарылуы тиіс. Қазақстан Республикасының Үкіметі аталған кедендік режимге жіберілмейтін және кедендік төлемдер мен салықтан

босатылатын тауарлар мен көлік құралдарының санатын белгілейді. Заң бойынша кедендік төлемді және қайта әкелу, шығару міндеттемесін алдын-ала тағайындау қажет. Көрсетілген міндеттемелер мен мақсатқа сай уақытша әкелу және уақытша шығару мерзімдері екі жылдан аспауға тиіс.

Тауарды уақытша енгізу, әкелу және уақытша шығару, – әкелу (әкету) міндеттемесі болған жағдайда; тауарларды идентификациялауды қамтамасыз еткен жағдайда; кеден төлемдерін, салығын төлеген жағдайда уақытша енгізген немесе шығарылған тауарларды кәсіпкерлік мақсатта қолданбаған жағдайда жүзеге асуы мүмкін (Бұл талап кедендік төлем, салықтан толық босатылған, уақытша енгізілген немесе уақытша шығарылған тауарларға байланысты қолданылмайды).

Үкіметтің шешімі бойынша жүзеге асатын кеден төлемінен ішінара немесе толық босату жағдайы біршама қиындық туғызады. 1994 жылғы 22 шілдеде қабылданған № 827 Үкімет қаулысында ережесі бекітілген мемлекет шекарасынан тыс шикізатты өңдеу деп аталатын операцияларды өткізген уақытта көптеген заң бұзушылықтар кездесетін.

Келесі кедендік режимдерге еркін кеден аймағы және еркін қойма режимдері жатады. Кеден заңдылығы бойынша еркін кеден аумақтарын құру Үкіметтің құзырында.

1996 жылдың 26 қаңтарында ҚР Президентінің “Ерекше экономикалық аумақтар туралы” заң күші бар Жарлығына сәйкес аталған аймақтар құрылған жағдайда бірден еркін кеден аймақтарына айналады.

Арнаулы экономикалық аймақтарда (АЭА) кедендік реттеудің ерекшелігі төмендегі мәселелерде көрініс алады:

- АЭА аумағы – еркін кеден аймағының режимі жүзеге асатын Қазақстан аумағының бір бөлігі болып есептеледі;

- АЭА аумағында орналасқан тауарларға тиісті кедендік рәсімдеу кеден салығының, төлемі төленбей, экономикалық саясат шаралары қолданылмай жүзеге асырылады;

- Кеден аумағының талабына сай қажетті өңдеуден өткен, аталған аумақта толық өндірілген тауарлар, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс экспортталса кеден төлемдері мен экономикалық саясат шараларының қолдануынан босатылады;

- АЭА аумағынан ҚР басқа аймақтарына немесе оның аумағынан тыс аумақта шығарған кезде кеден төлемдері мен экономикалық саясат шаралары тауардың шыққан еліне байланысты қолданылады;

- АЭА аумағынан ҚР басқа бөлігіне тауарларды енгізу барысында СТ-1 үлгісі бойынша тауардың шығуы жөніндегі сертификат көрсетілсе, Кедендік Одаққа енетін елдердің тауарларынан, АЭА аумағында өндірілген, өңделген тауарлардан да кеден төлемі алынбайды;

- Қазақстан Республикасы тыс экспорттауға жататын АЭА-тан Қазақстан Республикасының қалған кеден аумағына әкелінген тауарлар кері қайтарылса, немесе бекітілген мерзімі ішінде шын мәнінде экспортталса, кеден төлемі алынады, сондай-ақ кері қаржыландыру арнайы пайыздық ставкісінен пайыздар алынады;

- АЭА-тан тауарды әкету және әкелу АЭА шекарасындағы әкімшілік-аумақта орналасқан арнайы кеден күзеті арқылы жүзеге асуға тиіс;

- Кеден заңы мен АЭА туралы ережеде бекітілген тәртіпті бұзу сәйкес жауапкершілік шараларын қолдануға әкеледі.

Еркін қоймалардың орналасуы мен жабдықталуына талап, есеп және тауарлар, көлік құралдарын әкелу және шығару, еркін қойма мекемелеріне қойылатын талаптар лицензиясы бар отандық тұлғалармен ғана бақылауға алынады немесе реттеледі.

Еркін қойма жөніндегі ережелер Кеден комитетінің 1996 жылғы 19 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген. Тауарлармен өндірістік және кәсіпкерлік операцияларды жүзеге асыруға болады, тек ұсақ саудаға рұқсат етілмейді.

Еркін кеден аймақтарында кедендік реттеуді қолданбай, Қазақстанның біртұтас кедендік аумағын сақтаған дұрыс. Оның себебі Кеден аумағының өзгеруі кедендік шекараның өзгеруіне алып келетіндігінде жатыр. Кеден органдарының қызметі де бұл орайда жете анықталмаған. Кеден басқаруының басты мәселелері қажет болмағандықтан кеден органдары шартты түрде ғана орналасады. Сондай-ақ кеден органдарының бақылау қызметін сақтау бұл аймақтарда олардың ерекше қызмет етуін талап етеді.

Еркін қоймаға орналастыруға ұқсатуға арналған (спирттен басқа) тауарларға және жабдықтарға жол беріледі.

Еркін кеден аймағы мен еркін қоймада келесі операцияларды жүзеге асыруға жол беріледі. Олар:



- осы тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуге;
- тауарларды сатуға және жөнелтуге дайындау, сорттау, орау, қайта орау, тиеу т.б. операциялар;
- ұқсатуға қатысты операциялар.

Еркін кеден аймағы мен еркін кеден қоймасы аймағынан Қазақстан Республикасы шегінен тыс тауарларды әкетуде кеден төлемдері мен тарифтен тыс реттеу шаралары қолданылмайтын тауарлар:

- шетелдік;
- еркін кеден аймағы мен еркін қоймада өндірілген;
- еркін кеден аймағы мен еркін қоймада ұқсатылған.

Еркін кеден аймағы мен еркін қоймадан шыққан тауарлардың шыққан елі арнайы сертификатпен анықталады.

Тауардың экспорты режимі де кеден режимдерінің қатарына енеді. Бұл режимде тауарлар Қазақстан территориясынан тыс аумақта пайдалану мақсатымен еліміздің кеден территориясынан тыс сыртқа шығарылады.

Ресей кеден заңы осы режимде тауардың кері әкелінуі туралы міндеттеменің жоқтығын атап кетеді.

Әкету бажын төлеу, кедендік басқа да төлемдерді төлеу, экономикалық саясат шарасын сақтау және басқа да талаптарды орындауы осы режимнің шартты негізі болып табылады. Әкету бажының ставкасын Үкімет бекітеді, автордың көзқарасы бойынша мұнда отандық тауар өндірушілердің мүддесін қорғау, экспортты жетілдіруді мақсат ету маңызды, өйткені Кеден Одағы мен Қазақстан мүддесін ұштастыру қажет.

Кеден заңдарын унификациялау Кеден Одағы қатысушыларының қабылданған шешімдерін, атап айтқанда кедендік тарифті орындауына байланысты.

Тауарларды кері экспорттау – кедендік режим ретінде Қазақстан аумағынан кеден заңына сай әкелген уақытта алынған кеден төлемі мен салығын қайтару немесе кеден төлемі мен салығынсыз, экономикалық саясат шараларын қолданбай шетел тауарларын кері экспорттау.

Кері экспорт дегеніміз – өңделмеген, бұрын шетелден алып келінген, аукционда, тауар биржаларында сатылған тауарларды ҚР Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 10 қарашада тауарларды кері экспорттау және 1994 жылы 15 сәуірде кері экспортқа рұқсат беру жөніндегі Келісімді бекітті.

1995 жылғы 20 шілдеде № 1003 Үкімет Қаулысымен тауарлардың кері экспорты тәртібі бекітілді.

Кеден заңы бойынша тауарлар кері экспорттың мынадай шарттары анықталған:

- егер тауарлар тікелей және кері экспортқа ғана арналған тауар ретінде мәлімделген болса, кеден аумағына әкелінген кезде әкелу төлемі мен салықтары алынбайды, экономикалық саясат шаралары қолданылмайды;

- іс жүзінде кері экспорт белгіленген мерзім ішінде жүзеге асырылмай қалған жағдайда кеден бажы, салықтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың пайыздық ставкасы бойынша олардан пайыздар алынады;

- әкелу барысындағы төлемі кеден төлемі мен салығы тауарды Қазақстан Республикасынан тыс әкеткені нақты негізде дәлелденгеннен соң қайтарылады.

Келісімге қатысушылардың мемлекеттік шеңберін ТМД елдері қамтиды. Олар тарифтік немесе тарифтік емес реттеуді қолданады және өзінің кеден аумағынан алып кеткен жағдайда сыртқы экономикалық жеңілдіктер береді. Бекітілген тәртіп бойынша кері экспорт дегеніміз – екі жақты біреуінің кеден территориясынан тауарларды алып кетуді, сондай-ақ аталған кеден аумағынан әкетілген тауарларды келісімге келген елдер қатарына жатпайтын басқа елге шығару мақсатын көздейді.

Кері экспорттың жалпы шарттары әкелінетін тауарлардың тек қана кері экспортқа тиісті болуымен тығыз байланысты. Бұл жағдайда бекітілген төлемдер экономикалық саясат шаралары жүзеге аспайды. Тауарларды кері экспорттау Кеден комитетінің рұқсаты бойынша халықаралық келісімдер мен анықталған жағдайларда жүзеге асуы мүмкін.

Тауарларды жою кеден режимі кеден төлемдері мен салығы алынбай және тарифтік емес реттеу шаралары қолданылмай, кеден бақылауымен тауарларды пайдалануға жарамсыз етуге немесе жоюға алып келетін шараларды құрайды. Көркем өнер, тарихи және археологиялық, Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттері халықтарының мұрасы болып табылатын, жойылып кетуге жақын тұрған өсімдіктер мен жануарлар түрі, кепіл ретінде кеден органы қабылдаған зат, кеден ережесін бұзғаны үшін және қылмыстық іс

бойынша алынған тауар немесе көлік құралы, тәркілеу жөніндегі сот шешіміне қатысты тауар мен көлік құралы т.б. тауарлар жоюға жатпайды.

Тауарларды жою тиісті құзыретті органның қабылдаған шешімі негізінде жүзеге асады (Мемлекеттік кіріс министрлігі).

Мемлекет пайдасы үшін тауарлардан бас тарту кеден режимі бойынша кеден бажы мен салықтары алынбайды, экономикалық саясат шаралары қолданылмайды. Тұлға мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тартады. Бұл үшін кеден комитетінің рұқсаты қажет. Осы режимді таңдаған тұлғаның, кедендік рәсімдеуді жасаған соң, көрсеткен режимді басқа режимге өзгертуге құқығы жоқ.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар**

*1. Қандай жағдайда тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкетуге тыйым немесе шектеу салынады?*

*2. Белгіленген кеден режимін басқа кеден режиміне қалай ауыстыруға болады?*

## КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІ

*Кедендік рәсімдеудің жалпы мәселелері. Кеден бақылауы.  
Мемлекеттік бақылаудың валюталық және тағы басқа түрлері*

Кеден заңының маңызды бөлімдерін құрайтын кеден құқығының келесі институтына кеден рәсімдеуі мен кеден бақылауын жатқызуға болады.

Кедендік рәсімдеуі нақты анықталмаған кеден режимі бойынша тауарлар мен көлік құралын тасымалдау мақсатындағы әрекеттерді жүзеге асыру мен осы рәсімдеуді кеден заңына сәйкес аяқтауды білдіреді.

Қазақстанның кеден шекарасы арқылы өткізілетін барлық тауарлар мен көлік құралдары кеден бақылауына жатады. Ол белгіленген ережелер бойынша жүргізіледі.

Құжаттар мен мәліметтерді тексеру, тауарлар мен көлік құралдарын тексеру, жеке тексеріс, тауарлар мен көлік құралдарының есебі, ауызша сұрау алу, есеп пен есеп беру жүйесін тексеру, қоймалар ғимаратын және кеден бақылауына жататын тауарлар мен көлік құралдары орналасқан басқа да орындарды (адам өмірі мен денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктерге қауіпсіз және тауарлар мен көлік құралдарына зиян келтірмейтін техникалық құралдарды қолдану арқылы) тексеру – кеден бақылауының түрлері болып табылады.

Кеден рәсімдеу кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының заңдылығын анықтайды және бекітуге жол береді, тәртіптерін және оның сақталуын анықтайды, басқа да шаралар сыртқы сауда мәмілесінің заңға сәйкестігін нақтылайды және кеден бақылауын өткізуді қамтамасыз етеді.

Кеден бақылауының мақсаты экспорттық ақша түсімдерінің өз уақытында түсуін және толықтығын қамтамасыз ететін, сондай-ақ импорт мақсатында валюта қаражатын заңды және негізделген түрде пайдалануды қамтамасыз ету болып табылатын кеден органдарына жүктелген валюталық бақылаумен қатар жүргізіледі. Кеден заңы ке-

ден рәсімдерін құрайтын келесі тауарлардан тұрады: жалпы ережелер, алдын-ала жүргізілетін операциялар; уақытша сақтау; кедендік тасымалдау; мәлімдеу.

Кеден рәсімдеуі кеден органына кеден рәсімдеуіне бөлініп берілген орынға тауарлар мен көлік құралдарының жеткізілгендігі жөнінде хабарлар етілгеннен кейін және кедендік жүк декларациясын және басқа құжаттарды ұсынғаннан соң басталады. Кеден рәсімдеуі тиісті кеден органының қалауы бойынша сол жерде және оның қызмет орнының аймақтарында немесе мүдделі тұлғаның өтініші бойынша басқа да орындарда жүргізіледі. Мұндай жағдайда жалпы тәртіпті Кеден комитеті бекітеді.

Кеден рәсімдеуін жүргізуде (кеден органының талап етуі бойынша міндетті) тауарлар мен көлік құралдары иесінің өкілетті өкілі қатысуға құқылы.

Кеден рәсімдеуін жүргізу барысында заңдарда көзделген тиісті органдар жүзеге асыратын малдәрігерлік, фитосанитарлық, экологиялық және мемлекеттік бақылаудың т.б. түрлері ескеріледі.

Рәсімделген немесе рәсімделуі аяқталмаған тауарлар мен көлік құралдарын пайдалану мен оларға иелік етуге тыйым салынады. Нақты жағдаяттардың туу оқиғаларына байланысты шектеулер мен тыйым салуды пайдалану шарттарын кеден органы бекітеді.

Арнайы экономикалық аймақта (АЭА) кеден реттеулерін, соның ішінде кеден рәсімдеуін жүргізу өзекті проблема болып отыр. 1996 жылдың 16 қаңтарында Президенттің “Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақ туралы” Заң күші бар жарлығы (бұдан кейін – “Арнайы экономикалық аймақ туралы” жарлық) қабылданды.

Арнайы экономикалық аймақты еркін кеден аймағы деп жариялау, осы аймақтан экспортталған және осы аймаққа импортталған тауарларға арнайы режим енгізу кез-келген уақытта жалған құжаттарды рәсімдеу мен айналысатын контрабанданың етек алуына әкеледі.

Әр түрлі елдерде түрлі атауларға және жеңілдік режимдерге ие еркін экономикалық аймақтар бар, бірақ ондай аймақтарда мемлекеттің экономиканы көтеруге талпынуын және ішкі резервтердің жеткіліксіздігі кезінде инвесторларға экономикалық босаңсудағы шетел капиталының құйылуына арналған бағыттарды көрсету арқылы біріктіреді.

Экономикалық аймақтың сипатты белгілері халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, уақытша салық төлеуден босатумен; экспортқа өндіру үшін пайдаланатын тауарлар импортын кеден ба- жынан босатумен; валюталық бақылаудың босаңдауымен; бірыңғай әкімшілік орталық құрумен; толықтай шетелдік меншікке жататын фирмалар құруға рұқсат етілуімен байланысты.

“Арнайы экономикалық аймақ туралы” жарлық арнайы экономикалық аймақты еркін кеден аймағы режимі әрекет ететін Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс орналасқан аумақ ретінде бекітіледі.

Еркін кеден аймағы режимі аумақ шегінде шаруашылық қызмет жүргізетін барлық жеке және заңды тұлғаларға отандық және импорттық өндіріс тауарларын бажсыз және салық салынбаған әкелім құқығына мүмкіндік береді. АЭА аумағында өндірілген неме- се жеткілікті ұқсатылған тауарлар әкетілу негізінде алып шығу кеден баждарынан босатылады.

“Арнайы экономикалық аймақ туралы” жарлық шыққан соң, Қазақстан Республикасы кеден комитетіндегі Ресей МКК Өкілдігі туындаған проблема бойынша мазасызданғандығын айтты.

Заң табиғат апттарын, аварияларды, апаттарды жою кезіндегі қажетті тауарларды шұғыл түрде жеткізуде, сондай-ақ жануарлар- дың, тез бүлінетін тауарлардың, радиоактивті материалдардың, бұқаралық ақпарат мақсатындағы хабарлар мен материалдардың шұғыл жеткізілімі кезіндегі оңайлатылған кеден рәсімдеуі тәртібін қарастырады.

Кедендік рәсімдеуге қажетті тауарлар мен көлік құралдарымен байланысты тиеу және басқа да операцияларға тасымалдау, таразыға тарту немесе санын басқаша түрде өлшеу, тиеу, түсіру, қайта тиеу, орамдардың бүлінген жерлерін жөндеу, орамды ашу, орау немесе қайта орау, ғимараттарды, ыдыстар мен басқа орындарды ашу жата- ды және олар кеден органдарының талап етуі немесе оның рұқсаты негізінде жүргізіледі.

Осы көрсетілген операциялар бойынша шығындар мен жұмсалған каражаттар тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлға, тасымал- даушы, қойма иесі және өкілеттігі бар басқа да тұлға өзі көтереді.

Кеден рәсімдерін жүргізу, көбінесе, тауарлар мен көлік құрал- дарын зерттеуді (сараптаманы) талат етеді. Кеден органа- ры тауарлардың сынамалары мен үлгілерін осы мақсатта алуға

құқылы. Бұл үшін кеден лабораториялары мен олардың сарапшы қызметкерлері қатыстырылады. Сынама мен үлгілерді кеден органының рұқсатымен мемлекеттік өкілеттігі бар басқа органдар да алуы мүмкін. Заң бойынша сынамалар мен үлгілер зерттеу мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей аз мөлшерде алынатындығы анықталған.

Сараптама қызметінің әрекетінің заңдылығы, олардың қызмет тәртібі ведомстволық актілермен анықталады, оған 1995 ж. Кеден комитеті бекіткен кеден сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы, зерттеу немесе сараптама үшін тауарлар сынамалары мен үлгілерін алу, оларды сақтау мен қайтару тәртібі туралы нұсқаулары жатады.

Әкелінген немесе әкетілген тауарларға салынатын кеден баждары мен басқа да алымдарының дұрыс есептелуі мен кеден бақылауының жеткіліктігі шыққан шешімге байланысты болады. Сынама мен үлгі алу кеден рәсімдеуі үшін тауар мен оның жолдама құжаттары ұсынылған жағдайда, сондай-ақ контрабанда және кеден ережесі бұзылғандығы туралы істі жүргізу мен қарау кезінде де алынады.

Негізгі кеден рәсімдеуі мен тауарлар мен көлік құралдарын белгілі бір кеден режиміне орналастыруға алдын-ала кеден рәсімдеу жатады, әкелінуге (әкетілуге) тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдарын әкелуге (әкетуге) жол бермеуге, кедендік құралдарды сәйкестендіруге бағытталған алдын-ала жүргізілетін операциялар болып табылады.

Мүдделі тұлғаның тілегі бойынша кеден органдары нақты тауардың немесе нақты шаруашылық операциясына байланысты алдын-ала шешім қабылдайды. Мұндай шешім қабылданғаны үшін Үкімет бекіткен мөлшерде төлем алынады.

Егер алдын-ала шешім шығаруға негіз болған фактілер мен жағдайлар өзгеріссіз қалатын болса, алдын-ала шығарылған шешім басқа да кеден органдары үшін міндетті болып табылады, онда заңдық күшін үш жыл (тауардың шыққан еліне қатысты) және бір жыл (басқа мәселелерге қатысты) ішінде жалғастырады.

Кеден аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу кезінде (немесе оның қалған бөлігіне еркін қойма немесе еркін кеден аумағынан әкелуде), сондай-ақ кеден аумағынан тыс әкету кезінде коммерциялық мақсатты пайдаланбай, әрі қарай кеден органы бекіткен жерге белгіленген бағыт бойынша жеткізу кезінде тасымалдаушы кеден органдарына хабарлама беруге міндетті.

Кеден рәсімдеуі барлық мәліметтерді, бақылау үшін немесе ұсынылған тауарды тексеру үшін талап етілген барлық құжаттардың қолда барлығын тексеруден соң аяқталады.

Сыртқы экономикалық қызметтің бұдан кейінгі заңдастырылуы Қазақстанда Үкіметтің біраз қаулылары бойынша мемлекет бақылауындағы (мысалы, 1996 жылғы 12 қаңтардағы № 298 қаулы) экспорт пен импорттық стратегиялық маңызды өтімдер тізбесі сақталғанымен, Қазақстанда тауарлар мен көлік құралдарының экспортқа арналған кедендік босаңсуға әкеліп соғуы мүмкін.

Қазақстанда кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары мәлімдеуге жатады. Мәлімдеу жөнінде алғаш рет 1993 жылғы 13 ақпандағы Министрлер Кабинетінің “Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізу тәртібі мен мәлімдеу туралы” Қаулысында айтылған, осыған сәйкес 1993 жылдың 1 наурызынан бастап кеден органына кедендік жүк декларациясын ұсыну жолымен мәлімдеу енгізілді. Мәлімдеу тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы тасымалдаушы тұлғаның кеден органына тауар туралы, мәміленің сипаты мен мазмұны жөніндегі барлық мәлімдемені құрайтын арыз арқылы жүргізіледі.

1995 жылы Кеден комитеті “Кедендік жүк декларациясын толтыру тәртібі туралы” нұсқауды бекітті.

Кеден декларациясы кеден органы рәсімдеген сәттен бастап заңдық құжат болып табылады. Кеден органының кеден декларациясын қабылдаудан бас тартуға құқығы жоқ деген норма жеткілікті маңызды заңдық кепілдік болып табылады (“Қазақстан Республикасында кеден ісі туралы” заң күші бар Президент Жарлығының 199-бабы, 1999 жылы 16 шілдеден – Заң). Сонымен бірге, жеткіліксіз мәліметті белгілі мерзім ішінде ұсыну міндетін жүктей отырып, уақытша немесе толық емес декларация беруге рұқсат етілген.

Декларация берілуі үшін кеден органына ұсынылатын декларацияны толтыруға негіз болатын және оны растайтын құжаттар:

- кеден рәсімдеуіне жататын тауарлар мен көлік құралдарына меншік (билік ету немесе пайдалану) құқығы;
- декларанттың кеден декларациясын өз атынан беру өкілеттігі;
- тауарларды өткізу фактісі;
- кеден құны мен тауарлардың шығуы;
- кеден төлемдері мен салықтарын төлеу және тарифтік жеңілдіктер мен тарифтік преференция бойынша салық төлеу мүмкіндігінің негізі;



- стандарттаудың міндетті талаптарға сәйкестігі;
- Қазақстан Республикасының заңында және халықаралық келісім-шарттарда қарастырылған өкілетті мемлекет органдарының тиісті рұқсаттары мен басқа да құжаттар.

Бұдан басқа, кеден органы кеден декларациясының мазмұнындағы және кеден мақсаты үшін ұсынылған құжаттардағы тексеру мақсатында қосымша мәліметтерді сұрауға, сондай-ақ жеткіліксіз құжаттар мен мәліметтердің ұсыну мерзімін сұрауға құқылы.

Декларант болып табылатын тұлғаға, мәлімдеушіге және тауарлар мен көлік құралдарын өз атынан ұсынушы және әкелуші тұлғалар тек отандық тұлғалар болуы тиіс екендігі заңда бекітілген (“Қазақстан Республикасында кеден ісі туралы” Заңның 196-бабы, бұдан кейін – “Кеден ісі туралы заң”).

Ресейдің кеден заңы да декларант ретінде ресейлік тұлғаларды анықтайды (Ресей Кеден Кодексінің 172-бабы).

“Кеден ісі туралы” Заңның 108-бабына сәйкес жеке тұлғалардың тауарларды өткізу жағдайында ерекшелік көзделген. Ал Кеден Одағы шеңберінде декларант ұғымын кенейту мүмкін, тіптен ТМД қатысушы мемлекеттердің Кеден заңдарының негізі осыған байланысты шектеу қоймады.

Қазақстан Кеден заңы бойынша (тіркелген) жеке кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғалар кері импорт, кеден қоймалары, бажсыз сауда жасайтын дүкендер, кеден аумағында өңдеу, кеден бақылауымен өңдеу, еркін кеден аймағы, еркін қойма, кеден аумағынан тыс өңдеу, кері экспорт, жою режимдерін рәсімдеуде тауарларды көрсетілген нормадан асыра Қазақстан Республикасының аумағына әкеле алмайды және осы аумақтан әкете алмайды.

Тиісті кеден рәсімдеуіне кеден брокері мен тасымалдаушы қатысуы мүмкін, бұл туралы ережені Үкімет бекітуі тиіс.

Заңда қарастырылған жағдайдан басқа Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін барлық тауарлар мен көлік құралдары кеден бақылауына жатады. Кеден бақылауы құжаттар мен мәліметтерді тексеру, тауарлар мен көлік құралдарын тексеру, жеке тексеру және т.б. белгіленген ережелер бойынша жүргізіледі.

Кеден бақылау анықталған кеден бақылау аймағында, кедендік рәсімдеу немесе кеден органдары орналасқан жерлерде және кеден органы бекіткен басқа орналасу үшін рұқсат беруді қарастырады,

ол үшін кеден бақылауына жататын тауарлар мен көлік құралдары орналастыруға тиіс аумаққа және ғимаратқа кез-келген тұлғаның келуі үшін алдын-ала кеден органына хабарлама, қажетті құжаттар талап етіледі немесе бақылау жүктелген кеден органының қызметі жүзеге асырылады.

“Кеден ісі туралы” заң кедендік рәсімдеу мен кеден бақылауының жалпы ережелерінен тыс “шетелдік тұлғалардың жекелеген категорияларына берілетін кеден жеңілдіктері” деп аталатын ерекшеліктерді қарастырады (223-228-баптар).

Кеден бақылауына қажетті құжаттар мен мәліметтерді мүдделі тұлға ұсынады. Бұдан басқа, кеден органдары банктер мен ұйымдардан осы тұлғалардың есеп-шоттарының операциялары туралы және жай-күйі туралы мәлімет алуға, кеден мақсаты үшін тәжірибеде шешімін таппаған көптеген мәселелерге кезіктіретін қаржылық және сыртқы экономикалық қызметін тексеруге құқылы. Кеден бақылауына жәрдем көрсету үшін мамандар мен сарапшылар тартылуы мүмкін. Жеке тексеру жүргізуден тысқары кеден органдары көлік құралдарын мәжбүрлі түрде тоқтатуға, кеден органының рұқсатынсыз кеден аумағынан шығып кеткен теңіз, өзен және әуе кемелерін мәжбүрлі түрде кері қайтаруға, кез-келген уақытта тауарлар мен көлік құралдарының тізімін жүргізуге, валюталық бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

“Кеден ісі туралы” заң бойынша алғаш рет интеллектуалдық меншік объектілерін қамтитын тауарлар тізімін алуды жүргізуі тиіс.

Тауарлар интеллектуалдық меншік объектілеріне деген құқықты бұзатын белгілерді байқаған жағдайда кеден органдары оларды шығаруды тоқтатады.

Өндірістік үлгілер, патенттер, интегралдық микросхема типологиясы немесе ашылмаған ақпараттары бар тауарларды шығару құқықтық иеленушінің мүддесін қорғау үшін қажеттілікті қамтамасыз етуді декларанттың ұсынуы (бір айдан кем емес мерзімде) арқылы жүзеге асырылады.

Кеден заңы қазақстандық кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына кеден бақылауын жасауға қатысты қосымша ережелерді қарастырады.

Кеден бақылауының құрамдас бөлігі ретінде валюта бақылауы ұлттық банктің бірқатар ведомстволық актілері қабылданғаннан кейін оған кеден органдарының қатысуына қосымша мүмкіндіктер туғызады.

1997 жылы 23 мамырда Кеден комитетінің келісімі бойынша Ұлттық Банктің қаулысымен экспорттық-импорттық валюта бақылауын ұйымдастыру жөніндегі ереже қабылданды.

Ресейде кеден органдары 1994 жылдан бастап-ақ мәмілелер құжатын бақылайды, ал Қазақстанда көрсетілген ереже кеден рәсімдеуін аяқтағанға дейін экспорт және импорт мәмілелерінің құжаттарын рәсімдеу тәртібін және кеден рәсімдеуінен кейін осыған ұқсас тәртіпті реттейді.

Экспорттық – импорттық валюта бақылауын енгізу кеден органдарына өткізілетін экспорттық-импорттық валюта операцияларының әрекет етуші құқыққа сәйкестігін тексеру, төлемдердің негізділігін, экспорттық-импорттық операциялар бойынша есептің толықтығы мен объективтілігін тексеру бойынша қосымша қызметтер жүктейді.

Кеден органдары экспорт бойынша әрбір экспорттық келісім-шарт бойынша тауарлар экспортынан түскен валюта түсімдерін бақылау құжаттарының жиынтығынан тұратын іс-құжаттар жинағы (досье) мен импорт бойынша әрбір импорттық келісім-шарт бойынша өнімдер импортында шетел валютасын пайдалануды бақылау құжаттарының жиынтығынан тұратын іс-құжаттар жинағы (досье) қалыптастырады.

Экспорт бойынша құжат және импорт бойынша құжат экспортымен және сәйкесінше импортымен банкте немесе келісім импортына байланысты кеден органдарында толтырылады.

Бүгінгі таңда валюталық бақылауда қойылатын талаптардың арта түскендігін кеден қызметінің экономика және қаржы саласында біліктендірілген мамандарды таңдап алуға жаңа әдіс-амалдар қажет.

Мемлекет валюталық бақылаудан басқа малдәрігерлік, фитосанитарлық, экологиялық және бақылаудың т.б. түрлерін қарастырады.

1999 жылғы 11 ақпандағы “Өсімдіктер карантині туралы” Қазақстан Республикасының заңымен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын өсімдіктер карантині бойынша мемлекеттік шараларды жүзеге асырудың қағидалары мен құқықтық негізі анықталған. Мұндағы фитосанитарлық қорғау дегеніміз – республиканың өсімдік ресурстарын және өсімдік текті өнімдерді басқа мемлекеттерден тасып әкелуден, сондай-

ақ республиканың карантиндік объектілерінің күшпен кіруінен қорғауға, олардың таралуы жағдайында – олардың таралу ошақтарын жергіліктендіру мен жоюға бағытталған мемлекет шараларының жүйесін қарастыратын құқықтық режим.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар**

- 1. Кеден қызметінің бақылау функциясы нені білдіреді?*
- 2. Кедендік және мемлекеттік бақылауды іске асырудағы кеден және басқа мемлекеттік органдарының өзара әрекеті қандай негізде жүзеге асырылады?*

## ҚАЗЫНАГЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕГІ КЕДЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ФУНКЦИЯСЫ

*Кеден төлемдері. Есептеу мен төлем алу тәртібі.  
Кеден жүйесіндегі салықтар. Салық заңдарының  
жалпы мәселелері*

Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасының Кеден ісі туралы” Заңы кеден төлемдеріне арналған 40 баптан тұрады, олар кедендік төлемдерді есептеу мен төлеу тәртібін, негізгі ережелерін, тауардың шыққан елін анықтау мәселелерін, тарифтік жеңілдік пен тарифтік преференцияларды (артықшылықты) реттейтін 40-тан асатын бапты құрайтын бөлімнен тұрады.

Заң мынадай кеден төлемдерін (баж, алым, төлем) қарастырады: кеден бажы, мезгілдік баж, арнайы баж, демпингке қарсы баж, өтемдік баж; кеден органдарының лицензия бергені үшін алынатын алым; кедендік рәсімдеу бойынша маманның біліктілік аттестатын бергені үшін алынатын алым; кедендік рәсімдеу үшін алынатын кеден алымы; тауарларды сақтау үшін алынатын кеден алымы; тауарларды кедендік алып жүру (шығарып салу) үшін алынатын кеден алымы, ақпараттандырғаны мен кеңес бергені үшін ақы, алдын-ала шешім қабылдағаны үшін төлемақы, кеден аукциондарына қатысқаны үшін төлемақы.

Кейінгі енген өзгерістер мынадай болды. Тек кеден бажының өзінен басқа, сондай-ақ ақпараттандырғаны мен кеңес бергені үшін және кеден аукциондарына қатысқаны үшін төленетін төлемақыдан басқа барлық баждар алынып тасталды. Ол кезде заңда көрсетілген шарттар негізінде кеден органдары демпингке қарсы қорғау және өтемдік баждар салуға құқылы болды.

Мұнда кеден бажының мөлшерлемесі мына түрлерге бөлінеді:

- 1) адволатлық (тауардың кеден бағасына пайыз түрінде есептеледі);
- 2) спецификалық (салынатын тауардың әрбіреуіне белгіленген көлемде салынатын);
- 3) комбинацияланған (құрастырылмалы) (кеден салығының екі түрін де қамтитын).

Адволатлық бажда салынатын тауар бағасына пайыз түрінде салынады. Ол Қазақстанға және Кеден Одағы елдеріне тән, бірақ бюджетке түсуі көптеген факторларға, соның ішінде рынок жағдайына тәуелді.

Спецификалық кеден бажының өлшем бірлігі тауардың салмағы, көлемі және басқа да сипаттарына тәуелді болғанымен, тауар бағасына тікелей байланысты емес.

Салық салу бірлігінің бағадан тыс спецификалық өлшем бірлігі түрінде қолданылуы импорт тауарларының фактуралық бағасын төмендетіп, кеден төлемін төлеуден жалтаруды шектейді. Қазақстанда кеден төлемдерінің барлық спектрі қолданылған жоқ, ол мемлекеттік әкімшіліктің басқарушылық мүмкіндігін қоса алғанда, заңнамалар актілеріне тән емес.

Мысалы, Үкімет мезгілдік баждары тек бидай өнімдеріне қатысты ғана бекітті. Мезгілдік баждар тауарларды әкелу мен әкетуді жедел реттеу үшін төрт айдан аспайтын мерзімге бекітіледі және осы кезде олар үшін басқа кеден баждары мен мөлшерлемесі қолданылмайды.

Арнайы баждар қорғау мен жауап шарасы, сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларына немесе басқа мемлекеттерге ескерту шарасы түрінде енгізіледі.

Демпингке қарсы баждар теңестіру қызметін жүзеге асырады және төмен бағалы тауарларды әкелуде қолданылады, бірақ ол Қазақстанда байқалған жоқ.

Өтемдік баждар өндіру кезінде жәрдем қаражаттар қолданылған тауарды әкелу-әкетуде, сондай-ақ Қазақстанның мүддесін қорғау шарасы ретінде қолданылуы мүмкін.

Кеден бажының мөлшерлемесі 1995 жылғы 7 қарашада № 1479 Үкіметтің қаулысында бекітілген. Онда кеден алымдарының бес түрі, басқа алымдардың жеті түрі, төлемнің үш түрі қарастырылған.

Әкелінетін және әкетілетін тауарлардың кеден бажының мөлшерлемесін Үкімет бекітеді және ол ресми жарияланғаннан соң 30 күннен кейін күшіне енеді.

Кеден төлемдері мен салықтарын есептеудің негізі спецификалық мөлшерлерімен байланысты бірқатар алып қоюшылықтан тұратын тауарлар көлік құралдарының кеден құны болып табылады.

Қосымша құн салығы (ҚҚС) кеден қатынасындағы акциздердің объектісі сәйкесінше салық салынатын импортталған тауарлар болып табылады (“Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндет-

ті төлемдер туралы” заң күші бар Президент Жарлығының 54 және 84 баптары). Экспорт тауарларға нөлдік мөлшерлемеде салық салынады (аталған жарлықтың 62-бабы).

Импортқа салынатын салықтың мөлшеріне тауардың кедендік құны, сондай-ақ алымдар сомалары, баждар, салықтар кіреді; ал акциздеуге жататын импортталған тауарларға салық салудың объектісі тауардың кедендік құны немесе табиғи сипаттығы физикалық көлемі болып табылады.

Кеден және салық заңдары жеке тұлғаларды шындығында, Үкімет бекіткен нормалары бойынша, сондай-ақ басқа да жеңілдік беру жағдайларына сәйкес кеден төлемдері мен салықтарын төлеуден босатады.

Тауарлар мен көлік құралдарының кеден құнына, негізінде, тауар бағасы мен нақты шығындар кіреді. Нақты шығындарды тауарды әуежайға, кемежайға жеткізу жөніндегі немесе кеден аумағынан басқа жерге шығару, апару шығындары, тасымалдау құны, тиеуге, түсіруге, қайта тиеуге және басқа көлікке ауыстыруға, сақтандыру сомасы, комиссиялық және брокерлік марапаттау, ыдыс пен орапқаптау құнына кеткен шығындар құрайды.

Кеден құны бекітілген тәсілмен анықталады: әкелінген тауарлармен жасалатын мәміле баға бойынша (негізгі әдіс); ұқсас тауарлармен жасалатын; мәміле баға бойынша; біртекті тауарлармен жасалатын мәміле баға бойынша; құнын шегеру; құнын қосу; резервтік әдіс; негізгі әдістерді қолдану мүмкін болмаған жағдайда келесі әдіс қолданылады.

Кеден құнын мәлімдеуші декларант, мәліметтің шындығын қажеттілік туған жағдайда дәлелдеуі керек, және қосымша ақпараттарды көрсету арқылы барлық қосымша шығындарды жүргізуі тиіс.

Кеден органдары мәлімделген декларациядағы кеден құнының дұрыстығы туралы шешімдер қабылдауға, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген тәсілдерді қолдана отырып, осы құнды өздігінен анықтауға құқылы. Мұнда кедендік әкімшіліктендіруге кіретін кеден органдары әрекетінің процедуралық әрекетінің “айкындығы” қамтамасыз етілуге тиісті.

Кеден төлемдері мен салықтарының сомасы шегерілетін кеден құнына байланысты, сондықтан жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар лауазымды тұлға әрекетіне келіспеушілік туса, өздеріне беріл-

ген шағымдану құқығын пайдалануға тиіс (“Кеден ісі туралы” Заң 424 және 425 баптар). Бірақ та кеден органдары кеден құнын анықтайтын соңғы инстанция болғандықтан, бұл жағдай тәжірибеде кездесе бермейді. Бұл мәселе көбіне жеке және заңды тұлғалардың кеден төлемдерін есептеу ережесі мен лауазымды тұлғалардың әрекетіне шағымдану механизмін білмеуінен орын алады.

Кеден құнын есептеу әдістемесін таңдау және оны нақты есептеу мүдделі тұлға – декларант үшін ашық болуға тиіс, бұл кеденді әкімшіліктендіру мәселесіне қатысты.

Мемлекеттік айналымды реттеуде қолданылатын, қазақстандық нарыққа сапасыз тауарлардың келіп түсуіне қосымша кедергі жасай алатын “нарықтағы бедел” деген ұғым Қазақстан кеден заңына алғаш рет енгізілді.

Осы ұғымды қолдану кеден бақылауында оны кеңінен пайдалануды қажет етеді, бірақ қазір ол тек кеден құнын анықтау әдісінің бірі ретінде қолданылуда.

Елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде кедендік-тарифтік реттеу жүйесін (баж, кеден құны, экспорт және импорт баждары және т.б.) және басқа да экономикалық құралдарды қолдану маңызды роль атқарады. Ол үшін:

- Қазақстанның импорттық тәуелділігінің шегін нақты анықтау;
- импорт бажын дифференциялап бекіту, отандық өндірісте дамыту тиімді болмайтын тауарлардың әкелуін кеңейту және елде өндірілуі мүмкін және тиімді тауарлардың әкелінуін шектеу;
- кеден құнын есептеу әдістемесінде ең тиімдісін қолдану;
- арзан ресурстардың шет елдерге өтіп кетуін болдырмау мақсатында ішкі бағаны әлемдік бағамен теңестіре отырып экспорт бажын қолдану қажет.

Тауар тасымалдаушы кеден төлемін төлеуші тұлға болып, салық төлеуші – салық заңы бойынша анықталған тұлғалар болып табылады.

Кеден төлемдерін төлеу уақытын өткізіп алуына байланысты берешек кеден органдары арқылы даусыз тәртіпте, салық төлеушінің есебінен төленеді. Бұл жерде кері қаржыландырудың ресми түрдегі мөлшерлемесі бойынша берешек сомасының сол күнгі төлем бағасына сәйкес бір жарым есе мөлшерінде төлемақы өнімін төлеу қарастырылған.



Кеден төлемдерін төлеуден жалтарған жағдайда банктік операциялардың жеке түрлерін іске асыратын банктер мен ұйымдар үшін міндетті түрде салық төлеушінің есеп-шоты бойынша жасалатын шығын операцияларын осы төлемдерді нақты төлеу мезетіне дейін кідірту туралы шешім қабылданды.

Салық төлеушінің есеп-шотында берешек кеден төлемдерін және төлемақы өсімін қамтамасыз ететін қаражат болмаған жағдайда салық төлеушінің мүлкіне өкім етуі шектелгені туралы шешім шығарылады.

Кеден органдары салық заңдарында қарастырылған шарттар мен тәртіптер негізінде импортталған тауарлардан қосымша құн (ҚҚС) және акциздер салығын алады.

Кеден органдары салатын салықтардың есептеу тәртібі салық заңдары орнатқан есептеу тәртібімен анықталған. Ал басқа салықтар мен алымдар және міндетті төлемдер қатарында Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 31 наурыздағы заңы бойынша анықталған: жеке және заңды тұлғалардың табысына салынатын салық; бағалы қағаздар шығаруды тіркеу үшін алынатын алым; жер қойнауын пайдаланушыларға арналған арнайы төлемдер мен салықтар; әлеуметтік салық; Қазақстан Республикасы аумағынан автокөлік құралдарының жүргені үшін алынатын алымдар; жер салығы; заңды және жеке тұлғалар мүлкіне салық; көлік құралдарына салынатын салық; кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды тіркеуден өткізгенде алынатын алым; қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығына лицензия берерде алынатын алым; Қазақстан Республикасының радиожилік ресурсын пайдаланғаны үшін алынатын алым; заңды және жеке тұлғалардың фирма атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, тауар белгілерінде Алматы қаласының белгі – рәміздерін пайдаланғаны үшін алынатын алым; жеке тұлғалардың шетел валютасын қолма-қол сатып алғаны үшін алынатын алым.

Осы топтан – 17 түрлі салықтар, алымдар мен міндетті төлемдерден – кеден заңында қарастырылған тәртіпте кеден аукционын ұйымдастырған жағдайда кеден органдарының алатын аукциондық сатудан алынатын алымдарды бөліп көрсетуге болады.

Төленген кеден төлемдері мен салықтарын қайтарып беру жағдайы кеден және салық заңдарында қарастырылған.

Мысалы: егер төленген кеден төлемінің сомасы есептелген сомадан асып кетсе, кеден органы салық төлеушінің келісімімен асып кеткен соманы (қалдықты) алдағы төлемдердің міндеттемелері есебіне жатқызады немесе төлеушінің жазбаша түрдегі арызы бойынша осы арыз берілген күннен соң жиырма күн мерзім ішінде оған осы артық соманы қайтарып береді.

Егер төленген салық сомасы есептелген сомадан асып кетсе, асқан сома мөлшері салық төлеушінің төлеуге тиіс басқа төлемдері есебіне аударылуы мүмкін.

Кеден төлемдерін және салықтарын қайтарып беру кезінде пайыздар төленбейді, мұнда талап қою мерзімінің өтуі бес жылға бекітіледі.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар**

- 1. Кедендік құнды есептеудің ерекшелігі неде?*
- 2. Жеке кеден төлемдерінің қандай мөлшерлемелері бар және кеден органдары салықтарының қандай ерекшеліктері бар?*

**КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ  
ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ КЕДЕН САЛАСЫНДАҒЫ  
ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Кеден ісіндегі құқық бұзушылық және оларды  
болдырмаудың бірқатар мәселелері. Кеден аясындағы  
мемлекеттік басқару мәселелері*

Кеден құқық бұзушылығынан қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықты бөліп аламыз.

Көрсетіліп өтілгендей, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды және көлік құралдарын өткізуде, Қазақстан азаматтарының бар-жоғына тәуелсіз, сыртқы экономикалық қызметтің барлық қатысушылары (жеке және заңды тұлғалар) басшылыққа алуы тиіс кеден заңдары бекіткен ережелерді құрайды. Бұл ережелерге сәйкесінше кедендік режимдерді анықтау, кеден бақылауынан өту, кедендік рәсімдеуді жүргізу, кеден төлемдері (баж, алым, төлем) мен салықтарын іске асыру, кеден жеңілдіктерін пайдалану және басқа да ережелер кіреді. Қазақстанның әкімшілік заңдарына арнайы сілтемесіз “Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы” (бұдан кейін – “Кеден ісі туралы” жарлық) Заң күші бар Президент Жарлығына сәйкес бұл ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылған.

Бұл жерде ескерте кетуге тиіс жайт, “Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы” Заңында реттелмеген жеке іс жүргізу әрекеттері әкімшілік заңда жалпы бекітілген нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Кеден ережелерін бұзу туралы істер бойынша негізгі өндірісті кеден органдарының уәкілетті лауазымды тұлғалары мен сот арқылы жүзеге асырылады (Заңның 300-бабы).

XII бөлім кеден ережелерін бұзушылықтарға және осы бұзушылықтар үшін жауапкершілікке арналған, ол сондай-ақ кеден ережелерін бұзу туралы істер бойынша іс-әрекеттерді өндіру және оларды қарау 13-тараудың 124-бабында қамтылған.

Қазақстан Республикасының заңдар мен халықаралық шарттар бекіткен, орындалуы бақылау кеден органдарына жүктелген

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуде кеден режимдерін, кеден бақылауын қолдануды және кедендік рәсімдеуді қоса өткізудің, кеден төлемдері мен салықтарын салудың және төлеудің, кеден жеңілдіктерін берудің және пайдаланудың тәртібіне қол сұғушы тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі кеден ережелерін бұзу болып табылады, ол үшін “Кеден ісі туралы” заңда жауапкершілік қарастырылады.

“Тұлға” ұғымына заң шығарушы жеке және заңды тұлғаларды (отандық және шетелдік заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, жеке тұлғалар), сондай-ақ лауазымды тұлғаларды жатқызады.

Егер лауазымды тұлғалардың қызметтік міндетіне, онда орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелген кеден ережелерін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар жауапкершілікке тартылады. Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің жауапкершілікке тартылуы (тікелей бұзушылықтары үшін) лауазымды тұлғалар мен басқа жұмысшыларды жауапкершіліктен босатпайды. Лауазымды тұлға құқыққа қарсы қасақана немесе абайсызда жасаған әрекеті не әрекетсіздігі үшін жеке тұлғалармен теңдей жауапкершілікке тартылады.

Тек бой бермейтін, тежеусіз күш қана жеке тұлға немесе жеке кәсіпкерді жауапкершіліктен босатуы мүмкін.

Кеден ережелерін бұзғаны үшін ықпал ету шараларын қолдану жауапкершілікке тартылған тұлғаны кеден төлемдері мен салықтарын төлеу міндетінен толықтай босатпайды. Егер құқық бұзушылық өз сипаты, белгісі бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылмағанымен, анықтама жүргізу кеден органдарының құзыретіне жүктелсе, заңды тұлға мен жеке кәсіпкерлер кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатылмайды. Автордың пікірінше, “жеке тұлға” ұғымынан “жеке кәсіпкерді” бөліп алу соншалықты негізделмеген.

Жауапкершіліктің маңызды бөлігі - әскери қызметшілер мен тәртіп жарғыларының күшін қолданатын өзге де тұлғалардың кеден ережелерін бұзғаны үшін қолданылатын әкімшілік жауапкершілік болып табылады.

Бұл тұлғалар қатарына Қарулы күштердің, шекара және ішкі әскерлердің, басқа да әскери құрамалардың әскери қызметшілері мен жиынға шақырылған әскери міндеттегілердің, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен ұлттық қауіпсіздік

органдарының қатардағы және басшы құрамының тұлғалары жатады.

Қазақстанның әскери бөлімдер мен басқа да әскери бөлімшелері және мемлекеттік құрылымдар (Қазақстан Республикасы оның құрамына кіреді), ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары заңды тұлға ретінде әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Шетелдік заңды және жеке тұлғалар жалпы негізде жауапкершілікке тартылады.

Заңда кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершіліктің маңызы аз болса, кеден органы жауапкершіліктен босатып, тек ауызша ескерту жасау мен шектелу мүмкіндігі қарастырылған, бұл жаза түрлерінің тізбесіне енбейді. “Кеден ісі туралы” заңның 253-бабына сәйкес мерзім (1 жыл) бекітіліп, бұл мерзім біткен соң, тұлға бұзықтығы үшін жазаға тартылмаған деп саналады.

Кеден ережелерін бұзу әкімшілік құқық бұзушылыққа жатады, бірақ автор оларды жеке топтарға бөлген және кеден құқық бұзушылықтары деп аталған. Кеден заңын қабылдағанға дейін кеден ережелерін бұзу белгіленген басқару тәртібіне қол сұғушылық деп танылып, әкімшілік құқық бұзушылық тобына жататын (Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі, 15-тарау).

“Кеден ісі туралы” заңда белгіленген кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартатын 40 ереже қарастырылған. Айыппұл мөлшері бұрынғымен салыстырғанда көбейген. Сонымен қатар, кеден органдарының қызметіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық, барлық істер бойынша іс-жүргізу және оларды қарау 30 бапты қамтиды.

“Кеден ісі туралы” заң кеден ережелерін бұзғаны үшін қолданылатын жазаның алты түрін шығаруды қарастырады, бұл Ресейдің Кеден Кодексінде (242-бап) қарастырылған жазалар түріне толық сәйкес келеді.

Жауапкершілік шарасы ретінде ескерту ауыр салдары жоқ кеден ережелерін бұзушылық үшін негізгі жаза түрінде қабылдануы мүмкін және жазбаша түрде іс бойынша үкім шығарылуы қажет.

Айыппұл – ең төменгі жалақының (есептік көрсеткіш) мөлшеріне аралас сомамен белгіленетін жаза түрі.

Есептелетін сома тауарлар мен көлік құралдарының құнына сай салынады (құқық бұзушылық ашылған күнгі еркін және нарық

бағасына сәйкес). Кейінгі заңда “төменгі жалақы” ұғымы “жылдық немесе айлық есептік көрсеткіш” деп ауыстырылған, уақыт бойы енгізілмегендіктен тәжірибеде есептеуде белгілі қиындықтар туғызды.

Лицензияны немесе біліктілік аттестатын қайтарып алу мен әрекетін кідірту жазаның негізгі түрі ретінде субъектілердің шағын тобына:

- кеден қоймаларының, бажсыз сауда жасайтын дүкендердің, еркін қоймалар мен уақытша сақтау қоймаларының иелеріне;
- кеден тасымалдаушыларына және кеден брокерлеріне, сондай-ақ кеден рәсімдеу жөніндегі мамандарға қолданылады.

Кеден ережелерін бұзудың тікелей объектілері болып табылатын, арнайы дайындалған, құны жасырылған тауарлар мен көлік құралдарының кеден құқық бұзушылығының тікелей объектілері болып табылатын, кеден шекарасы арқылы кесіп өтуге арналған заттарды Қазақстан заңдарында бекітілген тәртіпте тіркелуі – тауарлар мен көлік құралдарының мәжбүрлі өтеусіз түрде мемлекет бюджетіне берілуі және жазаның негізгі түрі немесе қосымша түрдегі қолданылуы.

Кеден ережелерін бұзудың тікелей объектілері болып табылатын тауарлар мен көлік құралдарының, кеден құқық бұзушылығының тікелей объектілері болып табылатын, жасырын түрде кеден шекарасы арқылы кесіп өтуде қолданылатын, арнайы дайындалып, құпия заттар жасырылған тауарлар мен көлік құралдарының құнын сот тәртібімен өндіріп алу – тауарлар мен көлік құралдарының, өндіріп алуды бұзудың тікелей объектісі болып табылатын, жасырын түрде кеден шекарасы арқылы кесіп өтуде қолданылатын, арнайы дайындалған, құпия заттар жасырылған тауарлар мен көлік құралдарын тәркілеу “Кеден ісі туралы” заңның тоғыз бабында санкцияларында қарастырылған (270, 277, 282, 284, 287, 291-баптар).

“Кеден ісі туралы” заңда кеден ережелерін бұзғаны үшін жазаға тарту мерзімі (258-бап) анықталған, мұның ішінде:

- ескерту, айыппұл, лицензияны немесе біліктілік аттестатын қайтарып алу және олардың күшін кідірту жазаларына жеке тұлғалар мен лауазымды тұлғаларға кеден ережелерін бұзушылық ашылған күннен бастап екі айдан кешіктірмей, ал заңды тұлғаларға алты айдан кешіктірмей салынуы мүмкін;

- тәркілеу және өндіріп алу кеден құқық бұзушылығы жасалған немесе ашылған уақытқа және олардың негізгі немесе қосымша өндіріп алу түріне тәуелсіз салынады.

Кеден органының лауазымды тұлғалары нақты бұзушылықты тікелей байқаған күн немесе кеден ережелерінің бұзылғандығының белгісі көрсетілген жеткілікті мәліметтер бар материалда анықталған ай-күні, кеден құқық бұзушылығының анықталған күні деп саналады.

Мерзім қылмыстық істі қозғаудан бас тарту немесе тоқтату туралы шешім қабылданған соң, бірақ кеден ережелерін бұзу белгісі болған жағдайда өтуі мүмкін.

Егер тұлға мерзімнің өтуіне дейін жаңадан кеден ережелерін бұзса, алдыңғы кеден ережесін бұзғандығы үшін салынған жазаның мерзімі өтуі үзіледі.

Кеден ережелерін бұзғандық үшін ықпал жасау шараларын қолданудағы заңдылықты қамтамасыз ету – өте маңызды мәселе. Қазақстан заңында көрсетілген талаптарды сақтау:

- жоғары тұрған кеден органдары мен олардың лауазымды тұлғалары тарапынан жүйелі түрде бақылап отырады;

- прокурордың қадағалауын;

- кеден органдарының кедендік құқық бұзушылық істері туралы, сондай-ақ кеден органдарының немесе олардың лауазымды тұлғалардың әрекеті не әрекетсіздігі, кез-келген шешімдері туралы қаулысына шағымдану құқығын қамтамасыз етуі тиіс.

Кеден ережелері жөніндегі істерді жүргізу әрекетінде және оларды қарауда, сондай-ақ өндіріп алу жазасын қолдану туралы кеден органдарының қаулысын орындауда “Кеден ісі туралы” Заң (259-бап) заң тараптарын қатаң әрі міндетті түрде сақтауды белгілейді.

“Кеден ісі туралы” Заңның іс жүргізушілік жүйесінің бөлігінде реттелмеген қағынастар әкімшілік заңда айқындалған және ол өзі кеден ережелерін бұзу туралы іс жөніндегі өндірісті және оларды қарауды қарастырады.

Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша өндіріс пен оны қараудың жеткілікті нақты тапсырмалары тәжірибеде мамандандырылған және уәкілетті лауазымды тұлғаларды құрылымдық бөлуді талап етеді. Ондай тапсырмаларды орындау, құқық бұзушылықты ашу және оның жолын кесу; істің мән-жайын дер кезінде, толық және

объективті түсіндіру; оны заңға дәл сәйкестендіріп шешу; қаулының орындалуын қамтамасыз ету; кедендік құқық бұзушылықтың жасалу себебі мен шарттарын анықтау, оларды жоюдың шараларын қабылдау; құқық бұзушылықтың алдын-алу ондай істерді жүргізуге біліктендірілген құзыретті мамандарды талап етеді.

Кедендік құқық бұзушылығы жағдайында процессуалдық және басқа әрекеттерді кеден ережелерін бұзу жөніндегі істі жүргізуде тәжірибеде көмек бере алатын екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа – кеден ережелерін бұзу жөніндегі істерді қарастыратын, белгіленген тәртіпке сай жағымсыз әрекетті анықтауға, дәлелдеуге, бекітуге бағытталған кеден органдарының лауазымды тұлғаларының процессуалды іс-әрекетін жатқызамыз. Нақты айтсақ:

- кеден ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылған тұлғадан сұрақ алу;

- куәлардан сұрақ алу;

- кедендік тексеру;

- тану үшін ұсыну;

- сараптама;

- тауарлар мен көлік құралдарын алып қою процестері жатады.

Екінші топқа – кеден органдарының лауазымды тұлғалары жүзеге асыратын процессуалдық және басқа да әрекеттер кеден құқық бұзушылығы туралы істерді өндіруді қамтамасыз етуге жіберілген істер мен мүмкін болған заттай өндіріп алу санкцияларды, сондай-ақ олар тағайындаған тұлғалардың бекітілген іс бойынша мән-жайды ашуын жатқызуға болады. Олар:

- құжаттарды талап ету;

- ақпарат алу;

- қамауға алу;

- бақылау, тексеру, түгендеуді жүргізу;

- тұлғаны кеден органына жеткізу;

- әкімшілік ұстау.

Кеден ережелерін бұзу туралы іс бойынша дәлелдемелердің, соның ішінде жазбаша дәлелдемелердің, жіктелуін ұсынуға болады.

Қуәландыратын құжаттар тобын іс үшін маңызы бар белгілі бір себептерді ресми түрде анықтайтын, дәлелдейтін құжаттар құрауы мүмкін (нотариалды куәландыратын құжаттар, бұрын құқық бұзушылық жасағандығы туралы анықтамалар, іс бойынша қаулының көшірмесі, тұлғаны анықтайтын құжаттар, тұлғаның қандай да



бір құқықтарын немесе сiңiрген еңбегiн растайтын құжаттар және т.б.).

Екiншi топтағы құжаттарға мемлекеттiк орындар, басқа да ұйымдар, жеке немесе лауазымды тұлғалар берген баяндау, мәлiмдеудi бiлдiру сипатындағы құжаттарды (iс үшiн маңыздылығы бар себептер жөнiндегi мәлiметтер хабарлайтын қызметтiк құжаттар, мiнездемелер, жиынның хаттамалары, хаттар, арыздар) жатқызуға болады.

“Кеден iсi туралы” Заң кеден ережелерiн бұзғаны үшiн жаза қолданудың оңайлатылған формасын анықтаған, егер ондай бұзушылыққа ескерту мен айыптау салынса, онда заңда қарастырылған 40 құқық бұзушылықтың 19-ына ғана қолданылады.

370-шi баптың мағынасынан тұлғаның кеден ережелерiнiң бұзылу фактiсiн, өз айыбын мойындауы, жаза қолданудың оңайлатылған формасын қолдану мен келiсуi, ал айыппұл түрiнде жазаға тартылған жағдайда құқық бұзушылық байқалған жерде айыппұлды дереу төлеуге өзiнiң әзiрлiгiн және нақты мүмкiндiгi бар екендiгiн бiлдiрген жағдайда бейбiт келiсiм келiп шығады. Бұл кезде бюджетке түсетiн салынған айыппұлдың көлемi олардың бекiтiлген мөлшерiне байланысты емес, лауазымды тұлғалардың кеден құқық бұзушылығын байқауы мен кеден ережелерiнiң болғандығы туралы iстi жүргізудi арттырудағы жұмысына байланысты.

“Кеден iсi туралы” Заң кеден ережелерiн бұзу туралы iстердi бөлу мен қосудың процессуалдық мүмкiндiктерiн қарастырады. Бiр iс жүргізуде құқық бұзғандығы үшiн жауапкершiлiкке бiр ғана сол адам тартылуға тиiстi iстер мен кеден ережелерiн бұзуда жауапкершiлiкке қатысушы тұлғалар бiрге тартылуға тиiстi iстер бiрiктiрiлiп қарастырылуы мүмкiн.

Қажеттiлiк туса, iстi шешудiң жан-жақтылығына, толықтылығы мен объективтiлiгiне әсер етпейтiн болған жағдайда кеден ережелерiн бұзу туралы iстердi бөлiп қарауға жол берiледi.

Iстердi бiрiктiру мен бөлу кеден ережелерiн бұзу туралы iстер өндiрiсiне немесе оларды қарауда iс жүргізуге тиiс ҚР Кеден Одағының лауазымды тұлғаларының қаулысы негiзiнде жүзеге асырылады.

Айта кететiн нәрсе, “Қазақстан Республикасының Кеден iсi туралы” Заңның XII “Кеден ережелерiн бұзу және осы бұзушылық үшiн жауапкершiлiк” және XV “Қазақстан Республикасы кеден органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының шешiмдерiне, әрекеттерiне

не әрекетсіздіктеріне шағым жасау және оларды қарау” бөлімдері Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы жаңа Кодексі іске кіріскенге дейін қолданылады.

“Кеден ісі туралы” Заңның сәйкес бөлімі кеден ісі саласындағы қылмыстар, анықтама және жедел іздестіру, кеден органдарының “бақылау жасалатын жеткізілімдер” деп аталатын халықаралық әдісін пайдалану мәселелерін регламенттейді.

Кеден органдарының құқық қорғау қызметінің нақтылы атқарылуы олардың осы алдағы қызметін жаңадан қабылданған қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу жөніндегі заң актілерімен сәйкес бекіту арқылы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде (1-бап) көрсетілгендей, қылмыстық жауапкершілікті қарастырады, тек қана осы Қылмыстық Кодекс пен басқа заңдардан тұратын қылмыстық заң, олардың осы Кодекске енгізілгенінен кейін ғана қолданылуға жатады.

Бұл ереженің “Кеден ісі туралы” Заңға тікелей қатысы бар, өйткені онда кеден ісі саласындағы қылмыстарға арналған бөлім бар.

1998 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының қылмыстық заңында кедендік қылмыстың тек екі ғана түрі бар болды: контрабанда (64-бап) және салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару (81-бап), сол кезде 1994 жылғы Ресейдің қылмыстық заңында осы қылмыстардың бес түрі қарастырылған. Кеден ісіне зиян келтіретін қылмыстарға: контрабанда (78-бап); Ресей Федерациясының және шет ел халықтарының көркемөнер, тарихи және археологиялық құндылықтарының Ресей Федерациясының аумағына қайтармау (78-2 бап), кеден төлемдерін төлеуден жалтару; валюталық құндылықтармен заңсыз мәміле жасау (162-7 б.); Ресей Федерациясының кеден заңдарын бұзу (161-1 б.).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің (бұдан кейін – ҚК) 209-бабына сәйкес экономикалық контрабанда дегеніміз – кеден шекарасы арқылы кеден бақылауынан тысқары немесе жасырын түрде көп мөлшерде тауарлар мен басқа заттарды, не кеден сәйкестендіру құралдары мен құжаттарды алдап қолданумен, не кеден шекарасы арқылы алып өтілуіне арнайы ережелер бекітілген, кеден шекарасынан өткізуге тыйым салынған немесе декларациялануы күмәнді тауарларды, заттар мен құндылықтарды алып өту.

Айналымнан алынып тасталған немесе айналымға түсуі шектелген (ҚК-тің 250-бабы) заттардың контрабандасы дегеніміз – кеден сәйкестендіру құралдарын немесе құжаттарды алдап қолданумен декларациядан өтпеген немесе декларациялануы күмәнді есірткі құралдарын; жүйке уландырғыш; күшті әсер ететін, улы уландырғыш, радиоактивті немесе жарылғыш заттарды; қару-жарақ, әскери техника, жарылғыш қондырғылар, оқатар қару, оқ-дәрілерді; ядролық, химиялық, биологиялық, жаппай жою қаруларын жасауда пайдалануы мүмкін материалдар мен құрал-жабдықтардың басқа түрлерін мемлекеттік кеден шекарасы арқылы кеден бақылауынан тысқары немесе жасырын түрде жасалған өткізу болып табылады.

Контрабанда (1995 жылғы өзгерістер мен ҚК редакциясында) мына жаңа редакцияға ие болды: “Контрабанда дегеніміз – кеден бақылауынан тысқары немесе жасырын түрде не кедендік және басқа да құжаттарды алдап қолданумен тауарлар мен басқа да құжаттарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік немесе кеден шекарасы арқылы алып өту”.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдардан көрінетіндей, контрабанда ұғымы экономика саласын қорғау жағына қарай біршама өзгерген, бұл туралы экономикалық контрабандаға қатысты ҚК-тің “Экономикалық қызмет саласындағы қылмыс” бөлімі мен контрабанда туралы топтарға қатысты “Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыс” бөлімінде айтылған.

Кеден органдарының міндеттері осы категориялы істі тергеуге қатысты құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттестікке тәуелді болады.

ҚК “Кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтару” 214-бабы өзіне тиісті мағынаны аша алмаған. Автор жалтару мағыналардан тұруы мүмкін деп есептейді:

- кеден төлемдерін, кеден баждарын, салықтарын, алымдарын төлемеуге әкелетін жалған мәліметтерді ұсынуы;
- кеден төлемдері төленгендігін дәлелдейтін не кеден төлемдерін төлеуді қамтамасыздандыру болып табылатын жалған қаржылық құжаттарды ұсынуы;
- кеден органдарының есеп-шотына банктен аударылатын ақшалай қордың төлем құжаттарын төлеушінің қайтарып алуы;
- кеден төлемдерін төлеудің мерзімін бұзу.

“Кеден ісі туралы” Жарлыққа қарамастан, тәжірибеде кеден саласындағы контрабанда мен басқа да қылмыстар туралы істерге анықтама жүргізу қиындау болды. Кеден органдарын анықтама органдарына және жедел іздестіру қызметін жүргізу құқығы берілген органдарға қосуға қатысты өзгерістер - әрекет етуші Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен “Жедел іздестіру қызметі туралы” Заңға өзгерістер тек 1995 жылдың желтоқсанында ғана енгізілді.

Айта кететін нәрсе, өзіндік қауіпсіздікті қамтамасыз ету уақиғасы, не халықаралық ұйымдардың, шетел мемлекеттерінің кеден және басқа да құзыретті органдарының сұранымы халықаралық шарттармен сәйкес қарастырылса да, оны жүргізуге “Кеден ісі туралы” Заңға сәйкес тек кеден органдарының құзыретіне жататын құқыққа қарсы әрекеттер (қылмыстар) анықтама өндірісінде ғана шек қойылады.

ТМД аясында экономика саласындағы қылмыстармен күресу үшін құқық қорғау мен басқару органдарының стратегиясын жасап шығаруда және әрекеттестігін нығайту мақсатында ТМД қатысушы мемлекеттерінің аумағында ұйымдасқан қылмыс пен қылмыстың қауіпті басқа да түрлерімен күресу бойынша бірлескен шаралар Бағдарламасы, сондай-ақ экономика саласындағы қылмыстармен күресте ынтымақтастық туралы Келісім қабылданды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексін Қазақстан және шетел халықтарының көркемөнер, тарихи және археологиялық игіліктерін құрайтын заттардың республика аумағына қайтарғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастыратын баптар толықтырылуы қажет, сондай-ақ осыған сәйкес өзгерістерді Қылмыстық іс жүргізу кодексіне де енгізу қажет.

Жоғарыда көрсетілген ұсыныстар кеден саласы халықаралық қызметтің тәжірибесіне сәйкестендіру қажеттілігінен туындайды, сондықтан ол елдің сыртқы және ішкі саясатының және жалпы қоғам қажеттілігінің әрекет етуші экономикалық тетігі болуға тиіс.

Кеден органдары азаматтардың құқықтары мен мүдделерін сақтау және елдің экономикалық қауіпсіздігін нығайту мемлекет органдарының өзара әрекеттестігін жақсартуға жағымды өзгерістер әкелетіндіктен басқа құқық қорғау органдарымен деңгейлес тұрады.

1998 жыл мемлекет органдары жүйесінде сыбайлас жемқорлықпен күрес проблемасына қайта оралумен сипатталады және оның шешілуі өте-мөте қажет.

1992 жылғы 17 наурызда “Қылмыстық пен сыбайлас жемқорлықтардың ұйымдасқан түрлерімен күресті нығайту шаралары туралы” Президент Жарлығы қабылданғаны белгілі, онда қылмыстық топтардың халықаралық байланысының таралып, олардың сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар лауазымды тұлғаларымен біте қайнасқандығы белгіленген. Сондықтан, қазіргі уақыттағы жағдайларда 1998 жылғы 2 шілдеде “Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы” Қазақстан Республикасының Заңы қабылдануы әбден заңды болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен, Қазақстан кеден саласындағы лауазымдық қылмыстармен және басқа да құқық бұзушылықтармен күрес жүргізуді Кеден саясатының мақсаттарының бірі ретінде қарастыру қажет. Кеден саласының қызметін мемлекеттік объективті негізі бар және заңды сипатқа ие болуы тиіс.

“Кеден ісі туралы” заңының 38 “Бақылау жасалатын жеткізілімдер” тарауы жасырынды негізде кеден бақылауымен әкелінетін және Қазақстан Республикасынан шығарылатын есірткі және жүйке уландырғыш құралдар мен басқа да заттарды бекітілген халықаралық әдіспен жүзеге асыруды қарастырады, сондай-ақ осы заңсыз айналымға қатысушы тұлғаларды анықтауды, әрбір жеке жағдайда, шетел мемлекеттерінің кеден және құзыретті органдарының келісімімен немесе халықаралық шарттар негізінде реттейді.

Бақылау жасалатын жеткізілім әдісінің негізгі ережелері “Есірткі және жүйке уландырғыш құралдардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы” БҰҰ 1998 жылғы Вена Конвенциясында баяндалған.

Қазіргі уақытта әлем қауымдастығы есірткі және жүйке уландырғыш заттардың халықаралық заңсыз айналымын құрайтын есірткі және жүйке уландырғыш заттардың таратылуы бойынша транзиттік мемлекет қатарына Қазақстанның қосылуына алаңдаушылық білдіруде.

1998 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан 1961 жылы 30 наурыздағы Нью-Йоркте қабылданған есірткі құралдары жөніндегі Бірегей Конвенцияға, 1961 жылғы есірткі құралдары туралы Бірегей Конвенцияға енгізілген түзетулер туралы 1972 жылғы Хаттамаға сәйкес енгізілген түзетулерге қосылды.

1998 жылғы 14 мамырда Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының пленумы “Есірткі құралдарының, жүйке уландырғыш, күшті әсер ететін және уландырғыш заттардың заңсыз айналымына байланысты істер бойынша заң қолдану туралы” қаулы қабылданды.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымының (ЭЫҰ) елдері Азия аймағын қамтиды, сондай-ақ контрабанда мен коммерциялық алаяқтықпен күресте Қазақстанмен халықаралық ынтымақтастықта болуға қызығушылық білдіруде.

Кеден саласындағы қылмыспен күресудің халықаралық құқықтық аспектілері мен ішкі проблемалары осы проблемалардың қойылуының салмақтылығын түсінуді және оның шешілуінің нақты жолдарын таба білуді, соның ішінде ішкі істерде және басқа да мемлекеттік құқық қорғау органдарымен өзара әрекетінде тәртіп орнатуды қажет етеді.

Осы тақырыпты қарастырғанда кеден органдарының құқық қорғау қызметіне әсер ететін басқа да себептерді ескермеуге болмайды.

1996 жылғы 1 сәуірдегі Үкімет мәжілісінде “Қазақстан Республикасының кеден органдарының жұмыс жағдайы және олардың қызметінің тиімділігін арттыру шаралары туралы” мәселені қараған соң, кеден қызметінің жұмысы қанағаттандырарлықсыз деп танылды. Экономикалық қауіпсіздікті қорғау, кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдаудағы негізгі міндет ретіндегі анықталған, рұқсат етілген тәртіпті сақтау толық деңгейде материалдық зиян әкелетіндігі баса айтылады. Кеден бақылауы ұйымдастырылуының деңгейінің төмендегі, тікелей қызығушылығы шекарадан тарихи құндылықтар мен шикізаттардың заңсыз әкетілуіне жол берді. Республиканың экономикалық мүддесін қорғау, кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің бекітілген тәртібін сақтауға, кеден ережелерін бұзу мен контрабандаға қарсы күрес жүргізуді қамтамасыз етуге тиісті кеден органдары тарапынан заңды бұзушылық, немқұрайлылық, қиянат жасаушылық жойылмайды. Жүктерді және багаждарды тексеруді ұйымдастыруда тексеру тәртібінің қалыс қалуы мемлекет мүддесіне айтарлықтай зиян келтіреді.

БҰҰ-ның ЮНДКП мәліметі бойынша, есірткі заттарын өндіру үшін Қазақстанда шикізаттың көп базасы бар. Мамандардың пайымдауы бойынша, Шу алқабында өсетін сораның өзінен 5 мың тоннаға дейін марихуана дайындауға болады екен. Қазақстанның есірткі заттары бойынша транзиттік мемлекет болу фактісі ерекше үрей туғызады.

1996 жылғы 14 қыркүйекте Қазақстан ТМД мемлекеттерімен кеден ісіндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы Келісімді бекітті.

Есірткі құралдары мен жүйке уландырғыш заттардың заңсыз айналыммен күрес мәселесі ондай айналымды кесіп тастауға, бірлесе әрекет етуді талап ететін проблема болып табылады.

Есірткі құралдары мен жүйке уландырғыш заттардың заңсыз айналымын ескерту, тергеу және кесіп тастау әрекеттерінің белсенділігін арттыру мақсатында кеден органдары бір-біріне сұраусыз мүмкін болған қысқа мерзім ішінде мына мәліметтерді хабарлауы тиіс:

- есірткі құралдары мен жүйке уландырғыш заттардың заңсыз айналымымен айналысатын немесе айналысуы мүмкін деп күдік туғызатын тұлғалар туралы;

- есірткі құралдары мен жүйке уландырғыш заттардың заңсыз айналымы үшін қолданылатындығы анықталған немесе осы мақсатта қолданылады деп күдік туғызатын көлік құралдары, контейнерлер мен пошта жіберімдері туралы;

- ондай заңсыз айналым үшін пайдаланылатын әдістер мен оларды бақылаудың жаңа әдістері туралы;

- заңсыз айналымға қатысы бар тұлғаларды ұстау мақсатында бақыланатын жеткізімдер әдісін қолдану туралы.

1999 жылғы қарашадағы Қазақстанның Қауіпсіздік кеңесінде 1999-2005 жылдар аралығына арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы қабылданды. Онда Қазақстан географиялық жағдайының ерекшелігіне байланысты әлемдік есірткі тасу жолының түйілісіне айналып отыр, республикамыздың аумағы арқылы шетелдік азаматтардың есірткі заттарын алып өтуі өсуде, ал есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыс 1991 жылмен салыстырғанда 3,5 есе өскендігі аталып өтілді.

Қазақстанда есірткі және есірткі бизнесімен күрес бағдарламасы қабылданды, сондай-ақ мемлекет аумағында есірткінің таралуына қарсы әрекет ету проблемасымен айналысатын арнайы уәкілетті орган құрылған, оған басқа мемлекеттердің кеден қызметімен қоса басқа да органдары тартылады.

### **Тақырыпқа арналған сұрақтар**

- 1. Кеден органдарының құқық қорғау қызметі нені білдіреді?*
- 2. Кеден органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметінде заңдылық қағидасы қалай қамтамасыз етіледі?*

## КЕДЕНДІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Кедендік инфрақұрылым түсінігі мен мәні.*

*Кедендік инфрақұрылымның қалыптасу проблемалары*

Инфрақұрылымның қазіргі типологиясы салааралық белгісі бойынша оны 4 негізгі топқа бөледі. Олар: өндірістік, әлеуметтік, институциялық және экологиялық. Инфрақұрылым дегеніміз – адамдардың өмір-тіршілігін, іс-әрекетін өндірістің тұрақты қызмет етуіне қажетті жалпы жағдайларды қамтамасыз ететін, өндірістік және өндірістік емес салалардың, жүйелердің және қызмет түрлерінің кешені болып табылады.

Материалдық қаражат және уақыт шығынын азайту мақсатында қазіргі байланыс жүйесінің және ақпарат беру, оны өңдеу, іс қағаздар айналымының технологияларын енгізу негізінде кедендік жүйелердің техникалық жағынан жабдықтау және жетілдіру көзделіп отыр. Кедендік органдар өзіне тән инфрақұрылымды қажет етеді. Сонымен қатар, Кедендік кодекс инфрақұрылымның шеңберін/ ауқымын тарылтады. Оны, тек кеден органдарының қызмет етуін қамтамасыз ететін ғимараттар мен құрылымдар ретінде, сондай-ақ лауазымды адамдардың әлеуметтік қажеттерін өтеу үшін құрылған материалдық-техникалық базасының элементтері ретінде анықтайды.

Прогресс шешіп беретін ұйымдастырушылық және басқарушылық мәселелердің ішінде ең бастысына күрделі, кең салалы кедендік инфрақұрылымды ұйымдастыру және дамытуды жатқызуға болады. Осының ішінде негізгісі нарықтық экономиканы дамыту болып табылады. Нарықтық экономика жетілмеген нарық инфрақұрылымы мен оның қалыптасқан сыртқы экономикалық және басқа секторлары болмай, дұрыс қызмет жасай алмайды.

Кедендік инфрақұрылымның рөлі мен маңыздылығының өсуіне ықпал ететін басқа да объективті жағдайларды және қажеттіліктері атап кетуге болады:

- Біріншіден, сыртқы сауда қызметін реттеу үрдісі барысында кедендік органдардың әр алуандығының өсу жағдайында оның іс-әрекетінің күрделене түсуі.



- Екіншіден, тауарларды кедендік рәсімдеу және бақылау кезіндегі жұмыс көлемінің анағұрлым көбеюі оларды жүзеге асыру, осы процедураларды жеңілдету, бірегейлендіруді қамтамасыз ететін жаңа технологиялар мен техникалық құралдарды ендіру барысына тікелей тәуелділігінің күшеюі, сондай-ақ тауарларды қажетті орнына жеткізу және кедендік шекарадан өткізу барысында кездесетін шығындардың мөлшерін қысқарту және оны болдырмау;

- Үшіншіден, елдің экономикалық қауіпсіздігін, кедендік ережелерді бұзумен, контрабандамен күресті қамтамасыз етуде тәртіп сақтау, әскери мемлекеттік ұйымдар ретінде қалыптасқан кедендік органдардың жаңа міндеттері мен құқықтары.

- Төртіншіден, кедендік мекемелердің кадрлар құрамының сапасын жақсарту және нығайту қажеттілігі, олардың біліктілігін, білгірлігін көтеру, моральдық адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу.

- Бесіншіден, әлеуметтік саланың артта қалуынан арылу, кеден қызметкерлерінің тіршілігін, оларды әлеуметтік жағынан қамсыздандыруды қамтамасыз ету

- Алтыншыдан, кеден органдарының инфрақұрылымдық жағынан қамтамасыз етуді халықаралық деңгейге жеткізуді талап ететін кеден ісіндегі халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюі және тереңдеу процесі.

- Жоғарыда аталған қажеттіліктер мен жағдайлар мен олардан туындаған тенденциялар тұрғысынан кедендік инфрақұрылымның жоғары рөлі мен маңызын, оны ұйымдастыру және қызмет етуінің проблемаларын шешудің жолдары мен құралдарын айқындау, терең түсіну қажет.

Кедендік инфрақұрылымның дамуы мен құрылуы кедендік істі жүзеге асырудағы бұл жүйенің іс-әрекеттілігін қамтамасыз ететін басты буыны, кедендік органдардың бірыңғай жүйесінің ажырамас бөлігі. «Кедендік инфрақұрылым» түсінігіне не кіреді? Кедендік инфрақұрылымға анықтама берілгенде басты көңіл бөлінетін тұсына инфрақұрылымды кедендік органдардың міндеттерін жүзеге асыруда кедендік істі қосалқы, бағынышты рөл атқаратын кедендік мекемелердің белгілі бір жемісі деп түсінуді жатқызамыз.

Мұндай мекемелерде кедендік лабораториялар, ғылыми-зерттеу мекемелерін, жоғарғы оқу орындарын, есептеу орталықтарын, полиграфиялық, құрылысты-эксплуатациялық және оларға ұқсас мекемелер мен ұйымдар жатады.

Мұндай анықтамалар мен сипаттамалар кедендік инфрақұрылымның функционалдық міндетін, оның алатын орнын, дұрыс айқындауға кедергі жасайды, тым жеңілдетеді.

Қазақстан Республикасының Кедендік кодексінің 7-бабында (26 бөлімінде) кедендік инфрақұрылымға төмендегідей анықтама беріледі. Кедендік инфрақұрылым дегеніміз ол кеден органдарының қызмет етуіне жасайтын құрылыстар мен ғимараттар және кеден органдарының лауазымды адамдарына қызмет көрсетуге бағытталған құрылым. Кедендік Кодекстің «Кедендік органдар жүйесі» деп аталатын 17-бабында (9 бөлім) кедендік инфрақұрылымның бар екендігіне ғана тоқталған.

Кедендік инфрақұрылымның өзіндік ерекшелігіне қарамастан, оны дұрыс айқындау үшін ғылымда орын алған «инфрақұрылым» түсінігіне көңіл бөлу керек. Инфрақұрылымның функционалдық міндетін және ұйымдық құрамының әркелкілігін ескере отырып, оны 4 үлкен салалық топқа бөлу қарастырылған.

1. өндірістік инфрақұрылым - өндірістің өзінің тікелей үрдістерін сыртқы жағдайларын қамтамасыз ететін салалардың кешені (жүк көлігі, көтерме сауда, қойма шаруашылығы, байланыс, ақпараттық-консультациялық қызмет көрсету, іскерлік қызметтердің сферасы т.б.).

2. әлеуметтік инфрақұрылым – жұмыс күшінің ұдайы өндірісімен байланысқан салалардың кешені (денсаулық сақтау, білім беру, бөлшек сауда, пассажирлік көлік, тұрғын-коммуналды шаруашылығы, қоғамдық тамақ сферасы, бос уақытты ұйымдастыру және т.б.).

3. институционалды инфрақұрылым – экономиканы реттейтін, ұлттық шаруашылықтың дамуының анағұрлым оңтайлы макроэкономикалық пропорцияларын іске қосатын, ғылыми, басқару, құқық сақтау мен қорғаушылық сипатындағы қызметтерді көрсететін салалар мен қызмет сфералардың кешені (жалпы мемлекеттік басқару органдары, оның ішінде экономикалық реттеудің мемлекеттік аппараты, қаржы несиелік сферасы, құқық сақтау қызметі және т.б.).

4. экологиялық инфрақұрылым – қоғамдық өндірістің дамуының экологиялық жағдайларын, сондай-ақ адамның экономикалық қызметінен келетін келеңсіздіктерден қоршаған ортаны сақтауды қамтамасыз ететін қызмет сфералар мен инженерлік құрылыстардың кешені.

Жоғарыда келтірілген типологиядан инфрақұрылым дегеніміз – бұл адамдардың тіршілік етуіне, қызмет жасауына, өндірістің қалыпты қызмет етуіне қажетті жағдайларды жасайтын қызмет ету түрлері, жүйелері, сонымен қатар өндірістік және өндірістік емес салалар кешені екендігі концептуалды негізделген, тәжірибемен шындалған.

Өндіріс пен қызмет түрінің экономикалық, әлеуметтік тиімділік деңгейінің өсуі, қызметкердің интеллектуалды, творчестволық, іскерлік қабілеттерін жүзеге асыруы бұл жағдайлардың болуымен, қалыптасуымен және олардың даму қарқыны мен сапалылығымен тікелей байланысты.

Сондықтан да инфрақұрылымға екінкезектегі, қосалқы, бағынышты рөл танытатындардың көзқарасы негізсіз болып келеді.

Өзінің ұйымдық құрамы және функционалды міндеті жағынан инфрақұрылым өзіне тән ерекше рөл атқарады. Іс жүзінде оның баламасы – үнемсіз технологиясы төмен өндіріс, еңбек нәтижесінде жасалған өнімнің, материалды ресурстардың сансыз шығындары, адам факторының есепке алынбауы сияқты көріністермен сипатталады. Демек, инфрақұрылымның рөлі мен маңыздылығының төмендетілуі экономикалық ойлаудың тұрпайылығы және төменгі басқару мәдениетінің салдары болып табылады.

Инфрақұрылымның жалпы типологиясына сүйене отырып, кедендік инфрақұрылымның жалпы және ерекше белгілері мен қасиеттерін сипаттауға болады.

Біріншіден, ол ұлттық экономика инфрақұрылым жүйесінен окшауланған емес, қайта ол оның құрамында қалыптасып қызмет етеді. Яғни, кедендік инфрақұрылым байланыс жолдары желісінен, магистральдар мен коммуникациялардың әр түрлі түрлерінен, ақпараттар беру мен сақтау жүйелерінен, іскерлік қызметтерді көрсететін ұйымдардан, қойма шаруашылығының басқа да элементтерден (кедендік шекараға іргелес, сондай-ақ ел ішіндегі аумағында орналасқан) тысқары қалыпты түрде қызмет атқара алмайды.

Екіншіден, кедендік жүйе толығымен дерлік институционалды инфрақұрылым салаларының құрамдас бөлігі, элементі болып табылады. Яғни, ол реттеуші, құқылы, басқарушы сипатындағы институттарымен байланысқан қызмет сферасы болып келеді. Бұл мағынада өзінің базистік сала болып танылған сыртқы экономика қызметін қамтамасыз етіп, сыртқы экономикалық байланыстардың

инфрақұрылымдық қамтамасыз етудің функциялар рөлін атқарып, ұлттық экономиканың басқа да міндеттерін шешеді.

Үшіншіден, кедендік инфрақұрылым ішкі мекемелік міндетіне ие болып, бүкіл кедендік жүйенің қызмет етудің қажетті алғышарттары мен жағдайларын қалыптастырады. Бұл, әсіресе кедендік істі жүзеге асыруда туындалған қажеттіліктер мен әр түрлі процедураларды орындаудағы кедендік органдардың әрекеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған алғышарттар мен жағдайлар болып табылады.

Бұл тұрғыда кедендік жүйесінің қызметінің инфрақұрылымдық қамтамасыз етудің барлық элементтерін 3 негізгі бір топқа бөліп қарастыруға болады.

Алғашқы топқа, жүк пен көлік құралдарын тасымалдау, сақтау мен қоймалық өңдеу үшін қажетті жағдайларын, сондай-ақ пассажирлерге қызмет көрсететін элементтері жатқызылады. Бұны кедендік органдардың материалдық-техникалық базасы деп атайды. (Әкімшілік ғимараттар, өткізу мен өту тіректері), қойма шаруашылығы, оның ішінде терминалдар, көлік құралдар, әлеуметтік объектілер, вокзал мен аэропорттардағы кедендік бақылау зоналары және т.б. ).

Екінші топқа, кедендік процедураларының орындалуын, бұл үрдіс туралы ақпарат пен алынған нәтижелерін берілуін қамтамасыз ететін жүйелер, құралдар мен қызмет түрлері жатады, (кедендік бақылаудың техникалық құралдары, кедендік сараптама, байланыс құралдары, кедендік органдардың бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі, электронды есептеу техникасы мен компьютерлік аппаратурасының басқа да құралдары, кедендік рәсімдерді орындау мен валюталық түсімнің репатриациясына байланысты бақылау жүйесінің басқа да құралдары).

Үшінші топты кедендік органдар мен мекемелердің кадрларының тіршілік етудің ұдайы өндірісінің материалдық, тұрмыстық, мәдени және басқа да әлеуметтік инфрақұрылымын құрайды. Дәл, бұл сфера кедендік қызметкердің кәсіби дайындығын, өмір сүру деңгейі мен жан-жақты дамуын көтеру мақсатында өндірістік емес сипатындағы әр түрлі қызметтердегі қажеттіліктерді қанағаттандыру керек. Бұл міндеттерді әлеуметтік объектілер орындайды (оқу орындары мен орталықтары, тұрғын үй – тұрмыстық қажетін өтеу және қоғамдық тамақтандыру, денсаулық сақтау және т.б. қызметтері).

Бірақ, оның қызмет етуіне инфрақұрылымның қызмет түрлерінің әр түрлі объектілерінің жай ғана топтасқан құрамы емес, керісінше инфрақұрылымдық кешенді құрайтын олардың жиынтығы жағдай жасайды. Мұндай кешеннің жұмыс істеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету өндірістік, әлеуметтік, институционалды, экологиялық инфрақұрылымның кешенді дамуына, интеграциясына, координациясына сүйенеді. Бұл мәселелерді шешу кедендік жүйені ұйымдастыру мен басқарудың деңгейі мен сапасына тікелей байланысты.

Сонымен, кедендік инфрақұрылым – ол кедендік бақылаудың қызмет түрлерінің институционалды, әлеуметтік құрылымдарының, техникалық құралдарының, кедендік органдардың материалдық базасы, ақпарат жүйелерінің, экспертиза мен байланыстың жиынтығы болып табылады. (Сыртқы экономикалық қызметті кедендік реттеу жағдайларын, кедендік жүйенің жалпы қызмет етуін кедендік істің жүзеге асуын қамтамасыз ететін). Мұндай балама кедендік инфрақұрылымның сипаттамасындағы жалпылық пен ерекшелігін пайымдау мен талдауға сүйенеді, сондай-ақ оның қызмет етуінің басты бағыттарымен ұйымдық құрамы жөнінде шынайы көрініс береді.

Кедендік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде кедендік инфрақұрылымды ұйымдастыру және дамыту көптеген қиындықтарға тап болды. Іс жүзінде оны негізі жоқ жерде қалыптастырды. Соңғы жылдары объективті жағдайларға байланысты еліміздің кедендік инфрақұрылымының өрістеуіне еш шаралар жүргізілмеді.

Дүние жүзі елдерінде жасалып және жүзеге асып жатқан кеден қызметтерін реформалау және жаңарту бағдарламаларының өздерінің әр алуандылығына қарамастан проектiлер жасауға қажеттi жаңа құралдарды енгізуге, кеден қызметтерінің алдына қойылған мақсаттарына жету үшін оның үйлесімді, бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істеуіне жағдай жасайтын құрылымдары бар. Аталған міндеттер қатарына заңмен қарастырылған 100 % баж кеден салығы мен төлемдерін, тауарлардың классификациясын дұрыс айқындауды контрабандамен тиімді күрес жолын жасау, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету. Бұл аталған бағдарламалардың басты мазмұны кеденге өз ресурстарын тиімді пайдалануға, саудаға қызмет көрсетудегі сапаны көтеруге, жаңа тех-

нологияларды ендіруге, заңды сауданың кедергісіз дамуына жағдай жасайтын ұйымдық құрылымды құру.

Кедендік жүйені реформалаудың басты бағыттарын кедендік органдар мен мекемелерді қайта құру немесе жаңадан қалыптастыру, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының территориясында орналастыруын оптимизациялау жатады. Бұл бағытта реформа жүргізу мақсаты тауар мен көбеюі жағдайында сыртқы экономикалық қызметіне қатысушылардың тиімді үзіліссіз, жеңіл кедендік рәсімдеуді қамтамасыз ету.

Кедендік құрылым мен инфрақұрылымды реформалау саласындағы міндеттерге кеден объектілерін дамытудың басты келешекке қажет бас жоспарын жасауды қарастырады. Сонымен қатар төмендегі міндеттер де маңызды:

1. физикалық тұлғалар мен кедендік рәсімдерді жүргізетін кеден органдарының штаттық құрамын рационалды пайдалану, тауар мен жолаушылар ағымының көлемі көп учаскілерде арнайы құрылымдарды құру.

2. кедендік рәсімдеуді жүзеге асыратын кеден органдарының бөлімшелерін қайта құру, сыртқы сауда жүктерін өндейтін органдарға барынша жақындату қажеттілігіне байланысты.

3. кедендік рәсімдеу орталықтарын құру, бұл орталықтарда кеден органдарымен қатар «кеден маңайындағы инфрақұрылым» өкілдерінде біріктіру.

4. кеден органдарының қазіргі инфрақұрылымын кедендік рәсімдеуді жасаудағы қолданылатын жаңа технологиялар талаптарына сай қайта құру.

5. Кедендік Одақтың болашақта кеңеюіне байланысты кедендік инфрақұрылымның объектілерін оптималды орналастыру схемасын жасау.

Сондай-ақ, бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде кедендік органдар жүйесінің материалдық-техникалық базасы одан әрі дамып жетілдірсе, сыртқы экономикалық қызмет көрсетудің технологиясы жақсарып, кедендік қызметкерлердің кәсіби дайындық деңгейі көтеріліп, кедендік қызметінің нормативтік-құқықтық және методологиялық қамтамасыздандыруы біршама жақсарады.

Кедендік жүйенің қызмет ету жағдайларының бұндай сапалы өзгерістері оның қызметіндегі өсіп тұрған қажеттіліктерді түгелімен

қанағаттандыруға мүмкіндігін беріп, сыртқы экономикалық қызмет субъектілерін одан да жоғары сападағы қызмет көрсетуге атсалысады.

Реформалау бағдарламасына кеткен шығындар кедендік төлемдер бюджетіне құйылулардың өсу түріндегі жоғары экономикалық нәтижелерін, сондай-ақ қазақстандық өндіруші мен тұтынушылар мүдделерінің қорғалуы, шетелдік инвестициялар көлемдерінің артуын, сауда саясатының міндеттерін шешуін қамтамасыз етеді. Сапасы төмен және экологиялық жағынан зиянды тауарлар импортын қысқарту, сондай-ақ өңделмеген шикізат пен энергия көздерін шетке шығаруды шектету нәтижесінде белгілі бір экологиялық тиімділікке жетуге болады.

Кедендік органдар жұмысының бұндай көрсеткіштерінің өсуі түбінде тұтас кедендік жүйесінің қызмет ету тиімділігін артып, елдің мемлекеттік мүдделерінен шығатын сыртқы саясатын жүргізу нәтижесінде Қазақстанның сыртқы экономикалық, азық-түлік, ғылыми-техникалық және қаржы қауіпсіздігін нығайтады.

### **Тақырып бойынша сұрақтар**

- 1. Кедендік инфрақұрылымның мәнін көрсетіңіз?*
- 2. Кеден сферасында инфрақұрылым қандай міндеттерді орындау керек?*

## КЕДЕНДІК ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

*Кедендік қызметті реформалаудың бағдарламасы.  
Кедендік процедураларды автоматтандыру. «Электронды кеден».*

Жаһандану үрдісінің көрініс алуы, әсіресе сауда саласындағы пайда болуы кедендік қызметті жетілдіру, сыртқы саудаға қатысты заң шығаруды өзгерту, шекара арқылы жүк тасымалына бақылауды күшейту, арнайы алым-салықты енгізу мәселелерін шешу үшін кедендік органдардың күрделі трансформациясын қажет етеді.

Мемлекеттің кедендік қызметінде осындай өзгерістер керек, себебі кеден саласының әлемдік сауда сұраныстарына сай болмауының салдарлары жағымсыз болуы мүмкін. Бұл және техникалық жабдықтау жағдайын қосқанда кедендік процедуралардың жүзеге асырудағы кемшіліктер және халықаралық сауда ережелеріне сай емес, кедендік заң шығару жағдайы кеден қызметінде жаңа технологияларды енгізу және жұмыстың жаңа әдістерімен қамтамасыз ету үшін қажетті қайта құруларды жүзеге асыру үрдісін қиындатады. Ал, кедендік органдар қазіргі заңдық ережелерді жұмыстың жаңа жүйелері мен процедураларын кешіктіруінде немесе осы қызметтен тұтасымен бас тартуында ақталуға негіз етуі мүмкін.

Халықаралық сауда саласындағы түбірлі өзгерістер мен либераландыру өз кезегінде кедендік қызмет жұмысының нәтижелерінің пайдалылығының бағалау шкаласын қалыптастырушы факторлар құрылымын әжептеуір өзгертті. Әлемнің кедендік қызмет жұмысын бағалау критерийлері бар, ол бойынша бірінші ондыққа он балдық жүйеде 8,91 балмен Дания, бірінші орыннан 7,78 бал көрсеткішіндегі 10 орындағы Нидерланды кіреді. Халықаралық менеджмент және зерттеу институты мәліметтері бойынша кеден қызметін талдау жүргізуде негізінен мынадай мәселелерге көңіл бөлінеді: кеден тауар тасымалының әсерлілігіне кедергі келтіреді және импорт, экспорт, тасымалдағы кедендік бақылау икемділігі. Қазақстан кеден қызметіндегі жоғарыда аталған аспектілерге, сон-



дай-ақ бүкіләлемдік кедендік ұйым және басқа да халықаралық институттар қызығушылық танытуда. Бұған кедендік кодексті дайындауда олардың өкілдері тарапынан ерекше назар аударылды.

Халықаралық валюталық қордың көзқарасы бойынша кедендік қызмет реформасы және модернизациясы, әсіресе «үкіметі өз елі мен азаматтарының әл-ауқатын көтеруге ынталы дамушы елдер үшін төтенше маңызды. Олар экономиканы дамыту және халық үшін, әсіресе балалары мен өздерінің денсаулығы, білімі мен жұмысын жақсартудан үміт күтетін әл-ауқаты төмен кедей тұрғындар үшін, болашақты кепілдендіруде табыс керектігін түсінеді. Дамушы елдердің көпшілігі қаражат жетіспеушілігінен зардап шегеді және дамыған елдер үкіметтері сияқты, жеке тұлға табысына тікелей салықты мемлекеттік кірістің негізгі үлесінің көзі ретінде қарай алмайды. Дамушы елдерге көбінесе кедендік табысқа иек артуға тура келеді, ал бұл жерде барлығы да алдындағы екі міндетті шешуге тиіс тиімді және асырушы кедендік әкімшіліктің болуына байланысты: барлық саналған кедендік табысты аз ғана бөгеттермен жинап алу және қоғамды есірткі, қару-жарақ сияқты тыйым салынған тауарлардың заңсыз импортынан қорғау».

Бұдан басқа, кедендік әкімшілікте тиімді жұмыс істеуге қатысты сыртқы қысым көрсетіледі. Халықаралық валюталық қор жүзеге асырушы және тиімді кедендік қызметті экономикалық тұрақтылықты нығайту және оған қосылған үлес ретінде қарастырады. Бүкіләлемдік банк тиімді кедендік қызметтен экономикалық даму және кедейшілікті жоюда көмек бар деп санайды. Бұл халықаралық ұйымдар, яғни Бүкіләлемдік кедендік ұйым және түрлі халықаралық көмек ұйымдары кедендік қызметті реформалау мен модернизациялауға қатысты көмек пен консультацияларды ұсынады. Халықаралық деңгейде жұмыс істейтін халықаралық ұйымдар әдетте дамушы елдерге келісілген көмек көрсетуде, сондай-ақ өз қызметінде үйлестіру мен өзара байланыс қажеттілігін мойындайды.

Кедендік органдар қызметін талдау аз ғана уақыт ішінде Қазақстан Республикасында кедендік қызмет қалыптасқанын көрсетеді. Кедендік саланың заңдық базасы құрылды және жетілдірілді, мемлекеттік бюджеттің табыс көзін толықтыру, сыртқы экономикалық қызметті реттеу, контрабанда және кеден саласындағы құқық бұзушылықпен күрес механизмдері қалыптасты, салаланған кедендік инфрақұрылым құрылып, кедендік органдардың практикалық

қызметіне компьютерлендіру және ақпараттық камтамасыз ету элементтері енгізілді. Бірақ, орталық органды Қаржы министрлігінің кедендік бақылау комитетіне қайта ұйымдастыру болды. (Оқулыққа қосымшада Комитет және құрылым туралы Ережені қараңыз).

Қазіргі кедендік қызмет мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатын жүргізуде маңызды орын алып және Қазақстан Республикасының кедендік шекара арқылы тауарлар мен көлік құралдарын орналастыруда бақылау және фискальды функцияларын атқаруы керек.

Қазіргі кедендік жүйенің негізгі кемшіліктері ретінде басқару жүйесінің қалыптасуының аяқталмауын, жүйе ішіндегі ақпаратпен камтамасыз етудің жетімсіздігін, заңдық базаның толық еместігін, әлеуметтік қорғауға қатысты мәселелер кешенінің шешілмегендігін, білікті кәсіби мамандардың жетіспеуін, техникалық-материалдық базаның аздығын айтуға болады.

Бұның барлығы шешімін тапқан міндеттермен және сыртқы экономикалық қызметтің сан алуандылығымен қайшылыққа түсіп, сыртқы экономикалық қызметтің кедендік қызмет көрсетудің сапасы мен жеделділігінде көрінеді, мемлекеттік бюджеттің табыс бөліміне проблема туындатып, кедендік ережелердің бұзылуы мен кедендік іс саласында қылмыстың өсуіне алып келеді.

Негізгі мақсат мемлекеттің экономикалық саясатын іс жүзіне асыру тиімділігін арттыру болып табылатын Қазақстан Республикасы кедендік қызметін реформалаумен және ҚР кедендік қызметін жетілдіру тұжырымдамасын жүзеге асыру негізіндегі Қазақстан қауіпсіздік стратегиясын, сыртқы экономикалық қызметтің жүзеге асырушы бақылау функцияларының кедендік әдістерін жүзеге асыруды, мемлекеттік құқық қорғаушы функцияны іске асырудағы ведомствоаралық координацияларды камтуды анықтау маңызды. 1995 жылы маусымдағы, «Кедендік іс туралы» заңының күшіне ие Президент жарлығында Әлеуметтік даму қоры туралы айтылды, ондағы кірістің 30 кедендік рәсімдеу ақысынан түсетін, бірақ осы жылдың соңында жарлық сәйкес өзгерістерге қарай бұл ережені өзгертті. Сондықтан, ҚР кеден қызметін реформалауды камтамасыз етудің қаржылық механизм мәселесіне мемлекеттік бюджеттен кеден қызметін дамытуға қарастырылған қаражат бөлінуі, республиканың кедендік қызметінде реформалар жүргізуге мүдделі әлемдік қаржы институттары тарапынан инвестициялар тарту арқылы жүреді.

Кедендік қызметті реформалаудың негізгі принциптері, оның кешенділігі мен жүйелілігі, экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық және әлеуметтік аспектілерінің бірлігі мен өзара байланысы болуы мүмкін. Сондай-ақ, ҚР кеден қызметін реформалаудың басым бағыттары мен негізгі міндеттерін анықтау маңызды.

Кедендік қызметтің автоматтандырылуына Үкіметтің 1995 жылдың 4 наурызындағы республиканың кедендік органдарын 5 жылға арналған даму бағдарламасы бойынша автоматтандыруды жүргізу туралы 294 қаулысы ықпал етті, онда ҚР кедендік қызметінің біртұтас автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру қарастырылды. ҚРКҚБААЖ құру шеңберінде өткен уақытта ақпараттық пакеттермен ауысу жүйесі жасалды. Республикалық жүйе ҚР кеден қызметі мәліметтерімен ауысып, бұл орталық кеден органын облыстық басқармалармен және кедендермен біріктірді.

Кедендік органдарды реформалаудағы негізгі мақсат – кедендік рәсімдеу мен бақылау үрдістерін компьютерлендіру мен автоматтандыру, жаңа ақпараттық технологияларды құру және жетілдіру, кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау процедураларының тиімділігін арттыру, ҚР-ның кедендік шекара арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдары туралы мәліметтердің біртұтас ғаламдық банкін құру.

Осы саладағы бірінші кезектегі міндеттер.

1. Қазіргі ақпараттық технологиялардың тауарлар мен көлік құралдарының кедендік шекараны кесіп өткеннен толықтай кедендік рәсімдеуге дейін кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау үрдісінде қолданылуы;

2. Кедендік органдардың дамытылуы мен кеңейтілуі;

3. ҚР КҚ БААЖ-дың толық көлемдегі күшейтілуі, оны кедендік одаққа мүше мемлекеттердің кедендік қызметінің ақпарат кеңістігіне интеграциялау;

4. Жұмыстың негізінде мемлекеттік органдарға, бірінші кезекте сауда саясатын жасайтын ведомстволарға сараптамалық және ақпараттық материалдарды беретін кедендік статистиканың сенімділігін қамтамасыз ету;

5. Кедендік қызметтің автоматтандырылуының жаңа жүйелері мен технологиясын дайындау;

6. Іс жүргізудің электронды жүйесіне және қағазсыз технологияға өту.

Реформалау мен жаңарту Бағдарламасы мақсатына халықаралық сарапшылардың ойынша кіруі мүмкін:

- заң шығару және нормативті талаптарды бақылауды жақсарту;
- кірістерді ұлғайту;
- контрабанданы табуы, әсіресе қоғамға зиян тигізетін есірткі және отты қару сияқты түрлерін табуды жақсарту;
- сауданы әрекеттерін жақсарту, кәсіпкерлер үшін шығынды азайту және құжаттарды рәсімдеу және тауарларды кедендік тазартуды жылдамдату есебінен нарықтарға жетуін жақсарту;
- сауда статистиканың дәлдігін жоғарылату мен жеделдету;
- кедендік әкімшіліктің тиімділігі мен жүзеге асырушылығын жоғарылату;
- үкіметтің кедендік әкімшілікке сенімін арттыру;
- елде және шетелдегі кедендік әкімшіліктендіру мен қызметтің тиімділігі мен сапасын арттыруға мүдделі үкімет, қаржы министрлігі, құқық қорғау органдары, сауда және іскер орталармен ынтымақтастықты жақсарту;
- үкімет пен халықаралық міндеткерліктердің қаржылық және әлеуметтік мақсаттарын бақылауды жақсарту;
- қызметкерлері, жетекшілері, серіктестері, клиенттері мен үкіметке, халыққа өзіне деген сенімді ұялата білген кеден әкімшілігінің болуы.

Дамушы елдерде заң көп жағдайда көлемді және күрделі болып келеді. Реттеуші құжаттардан тұратын кодекстері кеденшілер және кәсіпкерлер түсінуге қиындық тудырады. Сондықтан да, жай ғана өзгерістерді енгізуді оңайлату үшін кодекстегі реттеуші ережелерді нормативті құжаттардың ішіне енгізу қажет. Посткеңестік кеңістіктегі кездесетін ұлттық заңнамаларда шекарадағы заң бұзушылықтарға тиісті ережелер кездеседі. Ал ел ішінде кездесетін заң бұзушылықтар мен тиімді күресуге бағытталған заңдар жоқтың қасы. Мәселен, Великобританияда баж салығы төленбеген жағдайда, тауарды біле тұра иелену заң бұзушылыққа жатады.

Көптеген дамыған елдерде саудаға жағдай жасау кеден қызметінде маңызды орынға ие. Елдің байлығын жасау, сол елдің бизнеске жағдай жасауына байланысты екендігі белгілі. Соңғы жылдары кіші және орта бизнеске көп көңіл бөлінгенімен әкімшілік барьерлер әлі де сақталуда.

Сараптамалық шолу көрсеткендей, дамушы елдерде бюрократтық кедендік режим сақталып келеді. Оның ережелерін түсіну қиындыққа соғады. Сондықтан да, кеден қызметі қиындық тудыратын жағымсыз барьерге айналады. Еуропа елдерінде, соның ішінде Великобританияда, импортқа шығатын тауарларды импортер кедендік тазартуды елге жеткенше жасап, декларациядан өткізеді. Бұл тенденция Қазақстанда да байқалады, ал сол үшін кедендік қызметті жанартумен қатар, кедендік әкімшіліктендіруді қажетті деңгейге көтеру керек.

Қазақстан Республикасының кеден қызметін басқару процесінде туындайтын мәселелерді шешу ҚР кеден қызметінің «Бірыңғай автоматты ақпаратты жүйесін құру» (ҚР КҚ БААЖ) проектісінің ішінде ақпаратты сараптамалық жүйесін құру арқылы жүзеге асады.

Бұндай жүйені құрудың басты мақсаты басқару процесін автоматтандыру негізінде кеден органдарының қызметінің тиімділігін арттыру. Қолданбалы бағдарламамен қамтамасыз етуді әрі қарай жетілдіру міндеті қойылады.

Ақпаратты-сараптамалық жүйенің басты міндеттеріне кеден органдарының қызметін шұғыл диагностика және жүйелі талдау, кеден органдарының қызметінің нәтижелерін болжау, басқару шешімдерінің варианттарын жасау жатады.

Жоғарыда аталған міндеттерді шешу үшін ақпаратты-сараптама жүйесі кеден органдарының қызметін жүйелі талдау сараптамасының сандық әдісімен, болжам жасаудың жаңа методикасымен, оптимизация және шешім қабылдаудың, кеден қызметтерінің тиімділік көрсеткіштер жүйесімен, кеден органдарының қызметіне диагностика және сараптама жасау үшін ақпараттық базасымен қамтамасыз етілуі керек.

Кедендер мен сыртқы экономикалық қызметті қатысушылардың төлемдерін ұлғайтатын, кедендік бақылау мен рәсімдеу барысында туындайтын шығындарға көп көңіл бөлінуде, кедендік бақылау барысындағы шығындарды төмендетудің тиімді жолдарының бірі сауда қауымдастығына қызмет етудегі сапалықты көтеру. Сондықтан да, кеден заңының рәсімдерінің жүзеге асуына жауап беретін мемлекеттік құрылымдар және лауазымды адамдар бұл шығындардың салық төлеушілердің мойнына салынатынын ұмытпауы керек. Жаһандану жағдайында сауданың либерализациялану саясатын жүргізу қажеттілігі кеден қызметтерінің сауда алаяқтығына, есірт-

кі, қару-жарақ алып келуге, шығаруға шектелген тыйым салынған тауарлардың контрабандасына қарсы күресу мәселесін ушықтырып отыр.

Кеден мен іскерлер ортасының арасындағы қарым-қатынастарында іс жүзінде ынтымақтастық принциптері орын алуда. Бұл ынтымақтастық туралы ақпарат беру қоғамға заңды саудаға қатер туғызатын заң бұзушылықтарды азайтумен көрініс алуда. Осыған орай кеден қызметін реформалау барысында олардың құқық қорғау функцияларын кеңейту, қатаңдату және оларды жүзеге асыруға қажетті ресурстарды көбейту қарастырылып отыр. Сондай-ақ, Кеден саясатын жасау барысында заңсыз сауда мен контрабанданы болдыртпау бағдарламасы да көзделген.

Жоғарыда аталғандай, импорттық төлемдердің төмендеуі жаңа және жанама салықтардың енгізілуімен қатар жүруде. Кеден органдарының қызметінде бюджетке түсім алып келу рөлі төмендемей, қайта өсіп отыр. Бюджетке түсім, қаржы алып келу оның басты функциясы болып табылады, болашақта да ол өз маңыздылығын жоймайды. Сондай-ақ, бұл мәселе барлық елдердің кеден саясатының басты бағыты болып отыр. Бірақ, кеден саясатын жүзеге асырудың негізгі факторы кеден төлемдерінің толық жинақталуында жатыр. Мемлекет бюджеті сауда түсімінен құралатын төмен және орта табысы бар елдер өз стратегиясын, осы табыс көзінің потенциалын жоғарғы деңгейде пайдалануға бағыттау керек. Экономикасы дамыған (АҚШ, Канада, Еуропа Одағы ) елдер үшін бұл стратегияның мақсаты сауда заңнамасын жоғарғы деңгейде жүзеге асыру.

Бұл салада жетекші рөл атқаратын елдердің сыртқы сауда саясатын қайта қарастыруы сыртқы сауда қатынастарының өзгеруіне алып келді. Айта кететін жәйт, нағыз осы елдер жүргізіп отырған кедендік саясатының мазмұны мен мәніне қажетті өзгерістерді енгізуге көңіл аударды. Мемлекет мүддесін қорғау, сауда саясатын жүзеге асыру мен салық жинау саласындағы мақсаттарға жетудің тиімді және рационалды жолын іздеп табу - реформаның қозғаушы күші болып табылады. Осы орайда реформаларды жүзеге асыру шаралары БСҰ декларациясынан туындайтын халықаралық міндеткерліктердің орындалуына, тауарлар айналымы мен адамдардың және түсімнің жиналуына қатысты қабылданған халықаралық тәжірибенің айқындалуына себепкер болуы керек.

Кеден ұйымдарының өзінің ішінде және басқа мемлекеттік халықаралық ұйымдармен, сауда қауымдастығымен қарым-қатынастарын үйлесімділікке жеткізудің басты құралы ретінде кеден қызметкерлері үшін коммуникация жүйесін қалыптастырудағы мәселелерді шешу жолдарын анықтау кеденді жаңарту бағдарламасының басты методологиялық элементі болып табылады.

Көптеген елдердің кеден қызметтерін реформалау және жаңарту процесінде сыртқы сауда саласында кеден қызметтерінің, басқа салалардың қызметін үйлестіру, халықаралық сауда процедураларын ыңғайландыру мәселелерімен айналысатын ерекше информатика, коммуникация қызметтері құрылған болатын. Коммуникация жүйесінің дамуы тәжірибе алмасу және басты салаларда іс-әрекетті келісілген шет елдердің халықаралық, мемлекеттік органдарымен байланысты орнатуды қарастырады. Реформаның тағы бір басты мәселелеріне рәсімдеуді, унификациялауды, сауда заңдылықтарын сақтауды және қауіп қатерді анықтау әдістерін айқындауда бір мәмілеге келуді, аудиторлық тексеруді, ұйымдастыруды, импорттердің қаржы есебін, заттарды анықтайтын құжаттардың дұрыс болуын бақылауды, коммерциялық статистиканың шынайы жүргізілуін жатқызуға болады.

Экономикалық реформалар, шаруашылық және сыртқы экономикалық қызметті құрылымдық жағынан қайта құруды қамтамасыз ету жағдайында, сондай-ақ нарықтық қатынастардың дамуы, кедендік, халықаралық ұйымдарға интеграциялану барысында қазіргі кезең талабына сай кедендік қызметті құру мәселесі ең маңыздылар қатарында.

Бұл орайда төмендегі міндеттердің тиімділігі мен практикалық маңыздылығына басты назар аудару керек. Олар мыналар:

- сыртқы экономикалық қызметті мемлекет тарапынан реттеу шараларын жасау және жүзеге асыруда тікелей атсалысу, ел мүддесі үшін кеден саясатын қалыптастыру, функционалды экономиканың дамуына ықпал ету, ұлттық және сыртқы экономикалық, ғылыми-техникалық, азық-түлік, экологиялық және қаржы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

- сыртқы экономикалық қызметтен түсетін пайданың толық дерлік ел бюджетіне түсуін қамтамасыз ету.

- Кедендік заң бұзушылықтар мен контрабанда түрлерінен, есіртке заттары, халық үшін зиянды, қауіпті тауарларды заңсыз тасымалдаумен тиімді күресу.

- әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне Қазақстанның сыртқы сауда саясатын жүзеге асыра отырып, белсенді жүргізу жолымен ену.

Аталған міндеттер кеден органдарының алдында 1995 жылдан бері қойылып келеді. Бірақ қалыптасу процесі ұзаққа созылып кетті. Бұл мәселені талдау кеден қызметінің кең ауқымда жаңарту керек екендігіне сілтейді, сыртқы экономикалық қызметтің өсіп келе жатқан қомақтылығына, алуандылығына сай деңгейін көтеру, сыртқы және ішкі саясаттың міндеттеріне кедендік қызметті бейімдеу, халықаралық кедендік тәжірибеде қабылданған ережелер, нормалар, стандарттар мен рәсімдеулерге жақындату.

Алдымен, кеден қызметін реформалаудың принциптерін айқындап алу керек. Оларға кеден қызметінің ұйымдық-техникалық, әлеуметтік аспектілері, өзара байланысы, бірлігі, кешенділігі, жүйелілігі жатады.

Кеден қызметін реформалаудың басты міндеттері мен бағыттарына мыналарды жатқызуға болады:

- Заң базасын әрі қарай жетілдіру;
- сыртқы сауда қызметін мемлекет тарапынан бақылау жүйесімен оны жүзеге асыруды бақылау мен бірлігі;
- сыртқы сауда қызметіне мемлекеттік бақылау жүргізуде экономикалық шаралардың басты көңіл бөлінуінде ;
- Сыртқы сауда қызметіне мемлекеттің және оның органдарының орынсыз араласуын болдырмау;
- Кедендік қызметті тиімді басқару үшін методологиялық негіздер мен ғылыми-қолданбалы әдістерді жасау.
- Басқарушы функцияларды қайталанас мақсатында орталық басқарушы органдарды қайта құру.
- Кедендік құрылымды және инфрақұрылымды дамыту, пассажир ағымының тауарлар көлеміне номенклатурасы мен бейімдеу.
- Кедендік бақылау, рәсімдеу технологиясын жетілдіру, кеден процедураларын унификациялау, стандарттау, кеден органдарын қазіргі таңдағы ақпарат технологияларымен, телекоммуникация мен байланыстың тиімді құралдарымен қамтамасыз ету.
- Кеден статистикасының шынайы мәліметтерін қалыптастыру.



-Басқарушылық шешімдердің тез дайындалуы үшін қажетті ақпарат базасымен, технологияларымен, сапалы әдістермен жабдықталған ақпараттық-сараптамалық жүйені құру;

-Кадрлар саясатын жетілдіру, құрылымын, штат санын оптимизациялау;

-Баға және валюталық бақылаудың тиімді механизмін жасау; сыртқы сауда қызметін реттеуде бірыңғай көзқарас қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрліктері мен кеден органдарының өз-ара қатынасын жетілдіру.

-Кеден жүйесінің материалдық-техникалық базасын дамыту.

Сыртқы экономикалық қызметтің заңнамалық базасын жетілдірудің басты бағыттарына төмендегі мәселелерді жатқызуға болады.

- Кеден ісінің заңнамалық базасын ҚР Кеден Одағы ТМД елдері шеңберінде жасалған халықаралық келісімдерге, әлемдік кеден ұйымының, әлемдік сауда ұйымының, басқа да халықаралық ұйымдардың ұсыныстарына сай сәйкестендіру;

-таяу және шет елдердің кеден қызметтерімен кедендік- құқықтық ынтымақтастығын, шұғыл ақпаратпен, экспорттық-импорттық операция мәселелері бойынша мәлімет қорымен алмасуды қамтамасыз ету;

-транзитті тасымалдаудың дамуына жағдай жасау;

- кеден заңын іс жүзінде қолдануын сараптамадан өткізе отырып, Қазақстан Республикасының заң шығарушы органдарына кеден заңын өзгертулер мен толықтыруларды ұсыну және жасау;

-сыртқы экономикалық қызметтің құқықтық қорғауын қамтамасыз ету;

-кеден іс жөнінде нормативті, құқықтық актілерін кодификациялау және жүйелеу.

Кедендік әкімшіліктендіруде кедендік рәсімдеуді және кедендік бақылаудың механизмін жетілдіру бойынша шаралар қолдану керек. Кеден процедураларын реформалаудың міндеттері төмендегідей:

-кедендік рәсімдеу мен тауарларды жіберу жөніндегі шешім қабылдау барысында төменгі құрылымдардың жауапкершілік деңгейін арттыру;

-кеден брокерлерінің жауапкершілігін, оларды кедендік рәсімдеу процесіне қатыстыру жолымен арттыру керек;

- халықаралық тәжірибеде қабылданған процедуралар мен құжаттарына сай, кеден процедуралары мен құжаттарын унификациялау;

- үнемі және алдын-ала жасалатын мәлімдеу процедурасын жетілдіру арқылы тауарлардың кедендік рәсімдеуін оңайлату;

- посткедендік бақылау жүргізу арқылы қатерлерді талдау негізінде кез-келгенін таңдау арқасында кедендік бақылауды жүргізу;

-Қазақстан Республикасының кеден органдарының кеден заңнамасының нормаларын бірыңғай қолдануына бақылауды көтеру және дамыту;

- физикалық тұлғалардың жеке заттары мен жүктерін, тауарларды кедендік рәсімдеудің оңайлатылған схемасын жасау және ендіру;

- физикалық тұлғалардың багаждары мен қол затын кедендік рәсімдеуді тездету жүйесін «қызыл, жасыл-көк» коридорлар принципі арқылы дамыту;

- кеден режимдері шеңберінде кеден бақылауын жүргізу барысында тауарларды сәйкестендірудің әдістерін жетілдіру;

- интеллектуалды меншік объектілерін ноу-хау, экспортқа шығатын технологияларға бақылау мен рәсімдеу процедураларын рационалдандыру;

- кедендік режимдерді пайдалану мен тауарларды жеткізу барысына жүргізілетін бақылаудың тиімділігін арттыру шараларын жасау.

Кедендік-банкiлік, валюталық бақылау жүйесін жетілдіру және сыртқы экономикалық қызметті кедендік-тарифті реттеу механизмін әрі қарай жетілдіру бойынша жүргізілетін жұмыстың басты бағыттары төмендегідей:

- кедендік төлемдердің бірте-бірте төмендету негізінде кедендік-тарифтік саясатты жетілдіруге бағытталған сараптамалық ұсыныстарды жасау;

- кеден төлемдерін және салығын есептеудің автоматтық жүйесін құру негізінде кедендік-тарифтік реттеу барысында мәліметтердің жинақталуының бірыңғай жүйесіне өту;

- кеден органдары мен банктерін біріктіретін ақпараттық желісін құру;

- есептеудің тек автоматтық жүйесінің негізінде жасалған мәліметтерге сүйенген таңдау арқылы жүргізілген бақылау мен тексерудің технологиялары;

- тауарлардың кедендік құнын тиімді бақылау механизмін жетілдіру;

- тауарлардың кедендік құнын бақылау мен анықтауды әлемдік сауда ұйымы мен тарифтер мен тауарлар жөнінде басты келісімнің талаптарына сай жүзеге асыру;

- тауарлардың жасап шығарған елінің анықталуына, сыртқы сауда қызметтерінің тауар номенклатурасына сай тауарлардың дұрыс классификациялануына жүргізілетін бақылау механизмін жетілдіру;

- сыртқы сауда қызметіндегі тауар номенклатурасына сай тауарларды сәйкестендіру (идентификациялау) процедураларын жетілдіру;

- тауарлардың шығуы жөніндегі сертификаттардың шынайылығын бақылау жүргізу мәселесі бойынша бенефициарлы мемлекеттің дәрежелі органдарымен Қазақстан Республикасының кеден органдарының өзара әрекеттесу тәртібін практикада жүзеге асыру және жасау;

- сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың кедендік, салық заңдарына сай қызмет жүргізуін бақылау барысындағы ҚР-ның кедендік және салық қызметтерінің өзара әрекеттестігін практикада жүзеге асыру механизмін жасау;

Қазақстан Республикасымен бірге еркін сауда аймағын немесе кедендік одақты құрған немесе екі жақты келісімге отырған мемлекеттерден шыққан тауарларды өткізудің тарифтық преференциясының механизмін дайындауға қатысу;

- кедендік төлемдер мен салықтар төлейтін тауарлар бойынша экспорттық-импорттық келісім-шарттарға мониторингін;

- валюталық-банктік кедендік бақылау жүргізудің нормативтік құқықтың базасын қалыптастыруды анықтау.

Кедендік органдардың экономикалық мүдделерді қорғауды күшейту бойынша жұмыстарының негізгі бағыттары:

- ҚР кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын орналастырып өткізуде шешімдік тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету;

- экономикалық контрабанда және кедендік құқық бұзушылықтармен күрес формалары мен әдістерін жетілдіру;

- құқық бұзушылықты зерттеу әдістері және ҚР құқық қорғау органдарымен өзара қатынас механизмін жасау;

- есірткі, қару-жарақ, оқ дәрі, валюта, энерго тасушылардың заңсыз тасымалына бақылау, интеллектуалды меншік құқығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша шараларды күшейту;

- кедендік іс саласындағы қылмыскер мен құқық бұзушылықты біртұтас жедел есепке алу және қылмыстық статистикаға қосу.

Кеден қызметіндегі сыртқы сауда статистикасын жүргізу мәселесі маңызды орын алады. Кедендік статистикада кодекс түріндегі ақпараттық-құқықтық негіз, кедендік жүк тасымалы декларациясындағы басқа да нормативті-құқықтық актілер мен ақпарат; баспасөзде жарияланған ақпараттық материалдар сияқты танымдық компоненттер кіреді. Сондай-ақ, сыртқы сауда статистикасының методологиясы түріндегі экономикалық методологиялық негіз байқалады, оның ішінде оны өңдеу әдістері, көрсеткіштер есебі және экономикалық талдау, сондай-ақ кедендік қызмет шеңберінде әрекет етуші жинақ регламенті, біріншілік құжаттарды өңдеу және сыртқа шығатын статистикалық формаларды дайындау түріндегі ұйымдастырушылық-технологиялық негіз ерекше көрінеді.

Кедендік статистика функцияларының ішінен кедендік-статистикалық бақылау қызметін ерекше атауға болады. Бұл бақылау мен талдау толықтай дерлік кедендік жүйедегі басқару нысандары бойынша қабылданған нәтижелерді тексеруге негізделеді.

Елдің сыртқы сауда айналымы дегеніміз – сандық және құндық көрсеткіштегі экспорт пен импортты, сондай-ақ экспорт пен импорттың географиялық бағытын көрсетсе, ал жолаушы айналымы кедендік шекараны кесіп өтетін физикалық тұлғалардың есепке алынуы мен жолаушылар сапасын көрсетеді.

Кедендік статистика құрамында, сондай-ақ арнайы кедендік статистика бар, оған төмендегі бақылаудың арнаулы нысандары мен мәлімдеме статистика талдауы кіреді, ол сыртқы сауда кедендік статистикамен есепке алынады.

1. Федералды бюджеттің кіріс бөлігінің қалыптасуындағы кедендік үлес пен кедендік төлеммен сипатталатын кедендік төлемдер статистикасы; бұнда есеп кедендік төлем түрлері бойынша жүргізіледі, кедендік рәсімдеу үшін жинау, кедендік шығын алымы, қосымша құн салығы, акциз, арнайы салық.

2. Экспорт тауарларының сандық және құндық көрсеткішіне есеп жүргізетін валюталық бақылау статистика.

3. Сыртқы сауда айналымындағы контрабанда мен кедендік ережелерді бұзу жағдайларының санын, сондай-ақ тауарлар бойынша

физикалық тұлғалар, кәмпескеленген заттар құны, аталған айыппұл соммасын көрсететін кәмпескеленген тауарлар статистикасы.

4. Ресей Федерациясынан шығарылған және РФ-ға шығарылған сәлемдемелер есебі мен басқа да пошталық жөнелтімдер есебін бейнелейтін халықаралық пошта жөнелтімдерінің статистикасы.

5. Көлік құралдарының есебін көрсететін халықаралық пошта жөнелтімдер статистикасы.

Қазақстан Республикасының кедендік қызметінің біртұтас автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің мақсаты – жан-жақты ақпараттық қолдау жүйесін құру;

- мемлекеттік шекара арқылы өтетін барлық жүк тасымалының тиімді бақылау үшін;

- кедендік рәсімдеудің қазіргі ережелерін, кедендік алымдар мен төлемдерді аудару мен толықтығының дұрыстығын бақылау үшін;

- сыртқы сауданың шынайы статистикасы мен арнайы кедендік статистикасын жүргізу;

- кедендік органдардың бар деңгейлерінде кедендік комитеттен жеке кедендік посттарға дейін, сондай-ақ кедендік әкімшілік саласындағы елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалға қатысты қабылданған шешімдерін қабылдау;

- кедендік әкімшілікті әлемдік қауымдастық институттарының талаптарына сай стандарттарға келтіру.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін елдің бүкіл территориясындағы орталық, кедендік орғандағы кедендік рәсімдеудің қазіргі аумағындағы кедендік рәсімдеу үрдістерін қолдайтын, халықаралық стандарттарға сай кедендік рәсімдеудің қазіргі компьютерлік ақпараттық технологияларына негізделген жоғары ұйымдасқан территориялық-бөліктік орталықтанған ақпараттық жүйесін құру үшін керек.

Дамыған елдердегі автоматтандырылған жұмысшы орындарын құру тұжырымдамасына негізделген, кедендік қызметті автоматтандырудағы кең көлемді жұмыстар 1960-70 жылдардағы нарықта жеке компьютерлердің пайда болуымен бір мезетте басталды. Еуропа мен АҚШ-та осындай жүйелерді жинақтаған бай тәжірибесі төмендегідей негізгі қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Техникалық құрамдар буынының ауысуына қарамастан, осындай жүйелердің тұрақты нормативті базасына негізделген ақпараттық

және алгоритмдік базасы іс жүзінде қалыпты болып қалады. Бұған дамыған еуропалық елдер және АҚШ түрлі дайындаушы формалардың әр қилы бағдарламалық өнімдерін пайдаланады.

Кеден комитетінің орталық және аймақтық бөліктерінің автоматтандыруды нысан ретінде жасаған талдауы БААЖ-ды ендірудегі түрлі аймақтық мекемелердің түрлі сапалық деңгейі және жүйені енгізудің біртұтастылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан, 1997 жылы ҚР Мемлекеттік Кеден комитетінің бұйрығымен бекітілген кедендік нысандардың алғашқы тізімінде 47 мекеме болса, ең бірінші кезекте барлық кедендік басқармалар мен кедендерді айтуға болады. Одан ары қарайғы басымдық Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік шығыс шекарасы болды.

1999 жылға қарай кедендік органдар құрылымы Қазақстанның әкімшілік-территориялық бөлінісінің өзгеруіне қарай, біршама өзгерістерге ұшырады, осылайша кедендік органдардың дамуында жаңа міндеттер мен басымдықтар, әсіресе Ресеймен шекарадағы кедендік инфрақұрылымды дамыту қажеттілігі туындады.

Кейінірек автоматтандыру нысандарында бірінші кезекке шекарадағы босатудың екіжақты нүктелері туралы үкіметаралық келісімдерге енген кедендік посттар мен ірі энергетикалық және өндірістік кәсіпорындарға жақын орналасқан кеден орындары қосылды.

Кедендік орындарға тиісті энергия қуаты бар негізгі ғимараттар мен орындардың іс жүзінде болуы назарға алынды. Жүк қозғалысы мен көлік құралдарының стратегиялық маңызды бағыттары, аймақтың және шекара маңы территорияларының экономикалық даму перспективалары есепке алынды.

Кешенді автоматтандыру жұмыстары 88 кедендік мекемелерде жүргізілді: Кеден комитеті, 6 басты кеден басқармалары, 10 кеден басқармасы, 7 тікелей бағыну кедендері, 64 кедендік пост, оның 45-і шекара маңында. Осы кедендік мекемелерге жергілікті есептеу жүйелері, серверлік жабдықтар қойылып, БААЖ-дың қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуі құрылды.

Жекелеген кедендік мекемелердің біртұтас республикалық ақпараттық жүйеге шоғырлануын жердегі спутниктік стансалар мен радиомодемдер қамтамасыз етеді. Тәжірибелі эксплуатациясына барлығы 94 жергілікті есептеу жүйесі, 79 сервер, жеке компьютерлер базасында 1400-ден аса автоматтандырылған жұмысшы орындары, 79 спутниктік станциялары, 27 радиомодемдер бар.

Бұдан басқа, тағы да кедендік рәсімдеу жүргізілетін 48 кедендік нысанда жергілікті компьютерлер орнатылған, соған сәйкес мәліметтер беру осы басқармаларда дискеттер көмегімен жүреді.

БААЖ нәтижесінде бүкіл жүк тасқынының 95 % дейінгі мөлшерін жедел бақылауға мүмкіндік берсе, кедендік декларациялардың электронды көшірмелері шекараны кесіп өтетін бар тауарларға жасалады. 1997 жылдың 1-шілдесінен бері қалыптасып жатқан кедендік жүк декларацияларының электронды көшірмелерінің мәліметтер базасында қазіргі таңда миллионнан астам жазба бар.

БААЖ көмегімен Кедендік комитет сыртқы сауданың арнайы кедендік статистикасын жасады, ҚР мемлекеттік басқару органдарының талап-тілектері бойынша статистикалық есеп беру және видео-конференциялар режиміндегі кедендік мекемелер байланысы, сондай-ақ дауыстық байланыс (СР телефондар негізіндегі ведомствалық телефон байланысы) бар. Кедендік бақылау агенттігі дербес түрде жүйелер эксплуатациясын, ведомстволық жүйе әкімшіліктенуін және мәліметтер базасын қамтамасыз етеді, техникалық платформаға жолбасшылық қызметі қалыптасты.

Кедендік рәсімдеудің барлық үрдістерінің БААЖ-бен ақпараттық қолдау тиімділігі мынадай жүйе электронды көшірмелерін қалыптастыруға, өңдеуге бір орыннан екінші орынға жедел көшіруге мүмкіндік береді, ал бұл ұзақ уақытқа арналған барлық кедендік тауар түрлеріне қатысты кедендік декларациялар мен құжаттардың электронды көшірмесі. Бұл ертеректе жүзеге асырылған сыртқы сауда операцияларының кез-келгеніне еркін түрде талдау жасауға, кедендік рәсімдеудің физикалық қатысушыларының, (кеденшілерін, кедендік брокерлер, деклоранттар) жүктің сандық, сапалық, құндық параметрлерінің реквизиттерін дәл белгілеуге мүмкіндік береді. Тіпті, аймақтық кедендік бөлімшелерде мұрағат құжаттарының жоғалып кеткен жағдайда берілген ақпарат Кеден комитетінің электронды мәліметтер базасында сақталады. (ҚР Президентінің 1997 жылғы 9 желтоқсандағы № 3787 «ҚР Біртұтас ақпараттық кеңістігін қалыптастыру туралы» жарғысына сай құрылған ҚР-ның Біртұтас ақпараттық кеңістігі шеңберінде БААЖ кедендік органдардың жұмысының қазіргі экономикалық құқықтық кеңістігінің жағдайының ақпараттық көрінісінің қалыптастыруы және қолдауы керек.

БААЖ-ды негізгі пайдаланушылар салық органдарының ақпараттық жүйесі, Ұлттық банк Қаржы Министрлігінің Қазыналығы, Ішкі істер министрлігінің ақпараттық жүйесі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ақпараттық жүйесі, көрші мемлекеттердің кеден қызметкерінің ақпараттық жүйесі, Дүниежүзілік кеден ұйымының, Дүниежүзілік сауда ұйымы, Дүниежүзілік банк ақпараттық жүйелері және т.б.

Қазіргі таңда осы жүйені дамыту мәселесі қарастырылуда. Екінші кезектегі БААЖ-ды (екінші кезектегі объектілерді автоматтандыру кешені) іске асыру мәселесі кедендік органдарды ғимараттар мен және құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесімен қатар шешілуі керек.

БААЖ-ң болашақта дамуының өзге де приоритетті мақсаттары ретінде келесілерді көрсетуге болады:

- жүк тасымалын реттейтін бақылаудан өткізетін техникалық құралдарды жасау және қолданысқа енгізу, бірінші кезекте жүкті орнына жеткізу кезінде тексеру;

- кедендік құжаттарды рәсімдеудің нормативті-құқықтық негіздерін, ақпараттық технологияларды енгізе отырып, технологиялық нұсқауларды, оның ішінде электронды қолтаңбалар мен электронды құжаттарды қолданудағы ішкі ведомстволық нормативті актілерді шығаруды болашақта жетілдіру;

- концепциялар, өзге министрліктер мен ведомстволармен, мемлекеттік билік органдарымен, банк жүйесімен, өзге де мемлекеттердің кедендік қызметімен, халықаралық ұйымдармен ақпараттық интервейстерге тиесілі техникалық талаптар мен ұйымдастырушылық-құқықтық негізді жасау және аталған интервейстерді іске асыруды техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету;

- БААЖ шеңберінде ақпаратты қауіпсіздігін қамтамасыз етуді техникалық және ұйымдастырушылық іс-шараларды ұйымдастыру мен іске асыру;

- Мемлекеттік билік органдары жасаған Мемлекеттік ақпараттық жүйесінің бөлшегі болып табылатын геоақпараттық жүйесінің негізінде ҚР-ң кедендік қызмет кадастрын құру.

Сонымен қатар, іс-жүзіндегі жүйелерге техникалық қолдау көрсету керек. Алайда, ең маңызды болып жаңа кедендік органдар құру, істегі кедендік органдар мен мекемелерді қайта құру, соны-



мен қатар кедендік инфрақұрылымы жөніндегі басқа да мәселелерді шешу болып қала бермек.

Бірінші кезекте кедендік рәсімдеулерді жүргізетін кедендік органдарды қайта құру керек, оларды тиімді орналастыру керек, әсіресе сырттан келетін сауда жүктерін тексеріп өткізетін жерлерге жақынырақ орналастыру керек, кедендік рәсімдеу орталықтарын ашу керек, сонымен қатар төмендегілермен қамтамасыз ету керек:

- қазіргі заман кедендік рәсімдеу талаптарына сай кедендік органдар инфрақұрылымдарын ретке келтіруді;

- кедендік одақ, Еуразиялық Экономикалық Қауымдастық және Еуразиялық Экономикалық Кеңістік кеңеюін ескере отырып, кедендік инфрақұрылымдардың объектілерін тиімді орналастыру жобасын жасауды;

- интеллектуалды меншікті, радиоактивті материалдар мен қауіпті қалдықтарды тасымалдауды қадағалау жүйесін ретке келтіруді;

- кедендік органдардың материалдық-техникалық негізін жетілдіруді және кедендік бақылау құралдарын жасау мен қолдану жоспарын жасауды;

- кедендік органдардағы жұмыс күшін тиімді қайта бөлу және кедендік органдар мен бекеттердің жұмыс күшін ұлғайтуды;

Жоғарыда көрсетілген шараларды іс жүзіне асырса, Қазақстандағы кедендік қызметті функциясының тиімділігі артады, халықаралық стандарттармен жұмыс жасау қабілеті және әкімшілік қызметі жақсарады.

Электронды үкімет бағдарламасы шеңберінде «электронды» кеден мәселесі қазіргі таңда актуальды болып отыр. Кедендік қызмет комитеті (КҚК) электронды кеден құру жолында мына бағыттарда жұмыс жасап отыр:

- электронды мәлімдеу жүйесін қалыптастыруда;
- жүктерді керек орнына жеткізуді қадағалау жүйесін қалыптастыру;

- сыртқы сауданың кедендік статистикасы жүйесін қалыптастыру;

Электронды мәлімдеулер жүйесі – Web-декларант.

Электронды мәлімдеулер жүйесі – электронды кеден жүйесінің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады.

Жүйені қалыптастырудың мақсаттары:

- жаңа информациялық технологияларды қолдана отырып, кедендік процедураларды жеңілдету мен тездету;

- кедендік төлемдерді аудару процедурасын жылдамдату мен шынайылығын арттыру.

- Кедендік Қызмет Комитетінің басшылары мен ҚР үкіметтік органдарына жіберілетін ақпараттық жылдамдылығы мен шынайылығын сақтауды күшейту.

Электронды мәлімдеулер жүйесі жұмысының схемасы

1. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушы кедендік құжаттарды рәсімдеп, интернет каналдары арқылы электронды көшірмесін Web-сервер КҚК-ға жібереді. Web-сервер Кедендік Қызмет Комитеті тауардың кедендік рәсімдеуіне жауап беретін аймақтық кедендік органға жеткізеді.

2. Кедендік Қызмет Комитеті Сыртқы экономикалық қызмет сервері қабылдаған электронды көшірмені мекен-жайға жеткізу Web-серверіне қайта жібереді.

3. Мекен-жайға жеткізу Web-сервері өз кезегінде Кеден Қызмет комитетінің аймақтық бөлімшедегі офицер жеке компьютеріндегі орналасқан тұтынушыға тауардың кедендік рәсімдеуіне, жауапты кедендік бөлімшеге кедендік құжаттың электрондық көшірмесін тасымалдау дайындығы барысы туралы мәлімет жібереді.

4. Мекен-жайға жеткізу тұтынушысы мәліметті алған соң, мекен-жайға жеткізу Web-серверімен байланысып, кедендік құжаттың электрондық көшірмесін қабылдауға жауап беретін офицер компьютеріне электронды көшірмені жібереді және электронды көшірмені жіберу барысы жөнінде хабарлайды. Егер, байланыс сәтсіз болса, жіберу үрдісі басынан жүргізіледі.

5. Мекен-жайға жеткізу Web-сервері тұтынушыдан көшірмені алғаны туралы хабарды ала салысымен, Кедендік Қызмет Комитеті Web-серверінен алынған мәліметтер жөнінде есеп жазып, орналастырады. Жоғарыда көрсетілген кедендік құжаттың электрондық көшірмесін жеткізу үрдісі операторлардың көмегінсіз автоматтандырылған тәртіпте жасалады. Ұзақтығы Кедендік Қызмет Комитеті командаларының жұмысына байланысты 2 минуттан 10 минутқа созылуы мүмкін.

Электронды мәлімдеулер жүйесі – электронды кеден жүйесінің бірден бір компоненті болып табылады. Бұл жүйе Кедендік Қызмет Комитеті веб-сайтында орналасқан және кез-келген адам қолдана ала-

ды. Қазіргі таңда кешен жетілдірілгеннен кейін өндірістік қолданысқа енгізіледі. Коммерциялық бағдарламалық жетістіктерді қолданумен салыстырғандағы аталған кешеннің басты 2 артықшылығын атап кеткен жөн. Біріншіден, Сыртқы экономикалық қызмет қатысушысының мекен-жайына қарамастан, интернет желісі арқылы қажетті кедендік құжаттардың нұсқасын кез-келген уақытта кедендік органдарға жібере алады, сонымен қатар кедендік органдарға жеткізбестен бұрын өз бетінше форматтық-логикалық бақылау жүргізеді. Екіншіден, Сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларына тиімділігі, яғни бұл жүйені кіші және орта бизнес өкілдері де қолдана алады және оны қолдануда ешқандай төлем алынбайды. Қолданушылар тек интернет провайдерлерінің қызметтерін төлеуге міндетті.

Электронды мәлімдеулер жүйесін енгізу электронды көшірмелерді толтыру дұрыстығын форматтық-логикалық бақылау жүргізетін брокерлік фирмаларға да қосымша жеңілдіктер көрсетеді.

### **Тақырып бойынша сұрақтар**

- 1. Кедендік қызметті «жетілдіру» ұғымы нені білдіреді?*
- 2. Кедендік қызметті автоматтандырудың мақсаты мен міндеті неде?*
- 3. Мемлекеттік орган жүйесіндегі «электронды» кеденнің орны мен ролін анықтаңыз!*

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан өзінің -2030 стратегиясын әлем қауымдастығында өз орнын алу мақсатында мемлекеттің күшті және әлсіз жақтарын және проблемаларын жасырмастан ашық жария етті.

Оларды шешу үшін ұзақ мерзімді басымдықтар анықталған, оның ішінде гүлденіп даму, қауіпсіздік және Қазақстан Республикасы Президентінің жолдамасында айтылғандай, барша қоғамның жағдайын жақсарту да бар, ал демократиялық бастамалар мемлекет мақсатына сай позитивті түрде дамуда.

Әлем қауымдастығы шеңберінде Қазақстанның интеграцияға ұмтылу тенденциясы мен дайындығы әр түрлі аймақтағы мемлекеттер мен ТМД, Еуропа Қауымдастығы, Орталық Азия, Азия аймақтарынан бастау алуда. Интеграциялық процестегі маңызды кедергілерге әр түрлі кеден аймақтарындағы, кеден тарифтеріндегі, кедендік және кедендік емес заңдарда білінетін кедендік барьерлер жатады.

1998 жылы Президентіміз Н. Ә. Назарбаев Кедендік одақтың төрағасы бола отырып, ТМД қатысушы мемлекеттерде негізі Кеден Одағын құру болып табылатын Еуропа қауымдастығы моделін ұсынды. Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, Кеден одағы базасында Қазақстанға интеграциялық дамудың Еуропа моделі көбірек сәйкес келеді.

Қазақстан кеден саласындағы проблемаларына назар аударудың объективті себебі жаңадан тәуелсіздігін алған мемлекеттің өзіне тән мемлекеттік атрибуттарын, егемендік (бұның ішінде экономикалық), дербестік қалыптастыруды қамтамасыз ететін әр мемлекеттің өзіне тән салалары мен құрылымдарын талап етуімен түсіндіріледі.

Баршылық білетіндей, КСРО кезіндегі республикалар одағында мемлекеттің элементтері болды, бірақ олар декларативтік сипатқа ие еді және бұрынғы КСРО-ның федеративтілігі туралы үлкен шарттылықпен айтуымыз мүмкін. КСРО-дағы кеден ісіне Қазақстан КСР-і оның аумағында орналасқан кеден мекемелерін құру және оның басшыларын тағайындау мәселесіне ғана араласуға мүмкіндігі болды.

Кеден саласы кейде тек қана дербес мемлекеттің өзіне ғана тән, сондықтан кеден саясаты мен кеден ісі тек тәуелсіз мемлекеттерге ғана тән. Жалпы халықаралық экономикалық қатынастардың әсерінен халықаралық құқықтық белгілеріне және нормаларына көптеп ие болып жатқан ұлттық құқықтық интеграциясы пайда болды. Бұл, әсіресе, Қазақстанның алғашқы даму кезінде (1991 – 1994 жылдар) нормативтік құқықтық актілері қабылданғаннан соң көріне бастады.

Кеден саласындағы алғашқы заңды актінің (1991 жылғы 24 желтоқсандағы “Кеден тарифтері мен баждары туралы” Заң) баптары, негізінен, халықаралық құқық нормаларына сүйенеді. Осы кездегі ұлттық заңдар кеден саясаты проблемасына қатыссыз, жергілікті кеден істерін шешетін Үкімет қаулылары мен Кеден комитетінің ведомстволық актілерінде көрсетілген.

Кеден саласындағы дамуды, кеден саясаты мен кеден ісі тұрғысынан алғанда, екі кезеңге бөлуге болады: біріншісі – Қазақстан тәуелсіздігін алған кезден бастап, яғни 1991 жылдың желтоқсанынан 1995 жылдың шілдесіне дейін, екіншісі – 1995 жылдың шілдесінен (1995 жылғы 20 шілдеде “Қазақстан Республикасының Кеден ісі туралы” заң күші бар Президент Жарлығын қабылданғаннан) бүгінгі күнге дейін (1999 жылғы 16 шілдедегі “Қазақстан республикасындағы кеден ісі туралы” Заң).

Дербестігі жайлы соңғы кезде ғана айтыла бастаған кеден құқығы да дәл осындай кезеңнен өтті.

Кеден құқығының дамуының бірінші кезеңіне қазынагерлік бағыттылықтан гөрі, міндеттемелердің қойылымы тән болды, екінші кезеңде кеден ісіндегі мемлекеттік органдар әрекеттерінің толық “бағдарламасы” беріледі, мұнда олардан ынтымақтастығы мен халықаралық құқықтың бағыттылығы атап көрсетіледі.

Әр түрлі құқықтық материалдарды қамтитын кодификацияланған заң актісінің қабылдануы кеден құқығы мазмұнына құқықтық реттеудің кең көлеміндегі пәні (құқықтық механизмін де қоса) мен кеден саласындағы пайда болатын қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің бірқатар спецификалық әдісін (тәсілдерін) енгізеді.

Сонымен қатар, кедендік құқық саласындағы халықаралық құқықтың аспектілері мен нормаларына баса мән берілуімен, ұлттық заңдарды халықаралық стандартқа “тартатындығымен” сипатталады.

Мысалы, әкімшілік, қылмыстық іс жүргізу және бірқатар басқа да құқық салалары, негізінен, мемлекеттегі ішкі құқықтық тәртіптің қатынастарын реттейді.

Халықаралық кеден құқығында мемлекеттердің ұлттық (ішкі) заңдары халықаралық құқықтың қайнар көздерінің бірі ретінде қарастырылады, мұнда құқықтың басқа да халықаралық қайнар көздері көрініс тапқан.

Кеден құқығы Қазақстан құқығындағы дербес кешенді сала ретінде кеден саясаты мен кеден ісіне әсер етуші құрал болып табылады. Олардың ықпал ету механизмінің жеткіліксіздігі, тиісті кедендік әкімшіліктердің болмауы, кеден саласын мемлекеттің ішкі және нақты халықаралық құқық ынтымақтастығы әсерінде қалып қоюы олардың әлсіз жақтары болып табылады.

Ал, соңғы кездегі кеден заңындағы өзгерістер алдағы уақыттарда мемлекеттің кеден ісін мемлекеттік басқару құралы ретінде жетілдіре түсуге ұмтылғандығын көрсетіп отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР


- Алексеев С.С.* Теория права. М., 1995
- Алибеков С.Т.* Таможенное право. Алматы, 1997
- Алибеков С.Т.* Таможенное дело в Республике Казахстан. Алматы, 1997
- Алибеков С.Т.* Казахстанское таможенное право (Общая и Особенная части). Алматы. - 1999; Алматы. – 2003
- Әлібеков С.Т.* Қазақстанның кеден құқығы. Жалпы және ерекше бөлім. Алматы. - 2002
- Атаманчук Г.В.* Теория государственного управления. М., 1997
- Баймаханов М.Т., Вайсберг Л.М., Котов А.К.* Становление суверенитета Республики Казахстан (государственно-правовые проблемы). Алматы, 1994
- Баймаханов М.Т.* и др. //Взаимодействие правового сознания с моралью и нравственностью в обществе переходного периода. Алматы, 1995
- Баишев Ж.Н.* Казахстан: этапы государственности. Алматы, 1997
- Бахрах Д.Н., Кивалов С.В.* Таможенное право России. Екатеринбург, 1995
- Бейшембиев Э.Д., Айдаралиев А.А.* Законодательство Кыргызстана и международное право. Бишкек, 1998
- Бизнес и право: законодательные акты Республики Казахстан. Алма-Аты, 1992
- Борисов К.Г.* Международное таможенное право. М., 1997
- Ведомости Верховного Совета Республики Казахстан (1992 – 1995 гг.)
- Габричидзе Б.Н.* Таможенное право. М., 1995
- Гребенищикова Л.В., Кубасова И.А., Сарсембаев М.А.* Таможенное законодательство Казахстана и международные таможенные конвенции. Алматы, 1996
- Договоры об учреждении Европейских сообществ. М., 1994. – Treaties establishing the European Communities (ECSC, EEC, EAEC). Brussels; Luxembourg, 1987
- Законодательство Республики Казахстан о внешнеэкономической

- деятельности / Сост. Р. Баймурзаева, Л. Аносова. Алматы, 1996
- Зиманов С.З.* Конституция и Парламент Республики Казахстан. Алматы, 1996
- Карикболов Б.* Нормативные акты. Интерпол. Алматы, 1998
- Ким В.А., Ким Г.В.* Конституционный строй Республики Казахстан. Алматы, 1998
- Козырин А.Н.* Налоговое право зарубежных стран: вопросы теории и практики. М., 1993
- Котов А.К., Котов Д.А.* Действующее право как система и толкование его норм. Алматы, 1999
- Лившиц Р.З.* Теория права. М., 1994
- Мадьярова Д.М., Текенов У.А., Акбаева Б.М.* Международные транспортные перевозки и управление таможенным делом: Учебное пособие. Алматы, 2000
- Моисеев Е.Г.* Правовой статус Содружества Независимых Государств. М., 1995
- Международные договоры, ратифицированные Республикой Казахстан, в сфере таможенного законодательства: Сб. междунар. актов/Сост. Э. Б. Мухамеджанов, И.В. Межибовская. Алматы, 1998
- Назарбаев Н.А.* Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента РК народу Казахстана. Алматы, 1997
- Нұрахметов Б.* Қазақстан Республикасының кеден ісі: сұрақтар мен жауаптар. Алматы, 2000
- Поленов Г.Ф.* Уголовное право. Алматы, 1997
- Протасов В.Н.* Что и как регулирует право. М., 1995
- Рогов И.И.* Экономика и преступность. Алма-Аты, 1991
- Сабикенов С.* Право и социальные интересы. Алма-Аты, 1986
- Сапарғалиев Г.С.* Конституционное право Республики Казахстан. Алматы, 1998
- Сарсеков Б.* Контрабанда наркотиков в Республике Казахстан: проблемы и пути их преодоления. Алматы, 1998
- Сарсембаев М.А.* Правовое регулирование внешне-экономической деятельности. Алматы, 1995
- Сарсембаев М. А.* Международно-правовые отношения государств Центральной Азии. Алматы, 1995
- Сарсембаев М. А.* Таможенное право. Алматы, 1999




- Систематическое собрание законов РСФСР: в 2 т. М., 1929
- Содружество: Информационный вестник Совета глав государств и Совета глав правительств (1994 – 1996 гг.)
- Статистические данные: Статистический ежегодник Казахстана. Алматы (1993 – 1996 гг.)
- Сенякин И.Н.* Теория государства и права: Курс лекций. М., 1997
- Собрание актов президента Республики Казахстан и правительства Республики Казахстан (САПП: 1995 – 1999 гг.)
- Таранов А.А.* и др. Административное право Республики Казахстан. Часть общая. Алматы, 1996; Часть особенная. Алматы, 1997
- Таможенное законодательство: Сб. нормативных актов. М., 1994
- Тілемісов Н.Х.* Қазакстандағы кеден тарихы (сауда жолдарынан кеден жүйесіне дейін). Алматы, 2001
- Тленчиева Г.Д.* и др. // Проблемы борьбы с экономической преступностью в Казахстане. Алматы, 1996
- Тихомиров Ю.А.* Публичное право. М., 1995
- Угаров Б.М.* Международная борьба с контрабандой. М., 1981
- Храбсков В. Г.* Таможня и закон. М., 1979
- Худяков А.И.* Налоговое право. Алматы, 1996


# 1 ҚОСЫМША



*1-сызбанұсқа.* Кеден құқығына жалпы сипаттама.  
Дамудың алғашқы сатысы (1991 ж. желтоқсан – 1995 ж. ішінде)




*2-сызбанұсқа.* Кеден құқығына жалпы сипаттама.  
Дамудың екінші сатысы (1995 ж. шілдеден бүгінге дейін)



3- сызбанұсқа. Кеден құқығының пәні мен әдісі




4- сызбанұсқа. Кеден құқығының жүйесі




5- сызбанұсқа. Кеден құқығының институттары



6- сызбанұсқа. Кеден құқығының қағидалары



7- сызбанұсқа. Кеден құқығының заң бастаулары



8- сызбанұсқа. Кеден құқығының халықаралық және Қазақстандық басқа құқық салаларымен арақатынасы



9- сызбанұсқа. Кеден саясаты мен кеден ісінің кеден саласымен арақатынасы

### ЖЕКЕ ТҮСІНІКТЕР МЕН ТЕРМИНДЕР

**АКЦИЗ** – тауарларды кеден шекарасы арқылы өткізгенде кеден органдары салатын тауардың тарифі немесе бағасына кіретін қосымша салық түрі.

**ВАЛЮТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ** – бекітілген тәртіпте кеден шекарасы арқылы заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың сақтауына бағытталған және кеден органдары арқылы жүзеге асатын кедендік бақылаудың құрамдас бөлігі болып табылатын тиісті қызмет.

**ІШКІ (ЖАЛПЫ) НАРЫҚ** – бірыңғай кеден аумағындағы экономикалық қатынастардың жиынтығы.

**ІШКІ КЕДЕНДІК ШЕКАРА** – бір уақытта басқа мемлекеттің де кеден аумағының шегі болып табылатын. Кеден Одағына кіретін әрбір мемлекеттердің кеден аумағының шегі.

**СЫРТҚЫ КЕДЕН ШЕКАРАСЫ** – Кеден Одағына кірмейтін мемлекеттер аумағы мен Кеден Одағына қатысушы мемлекеттер аумағын бөліп тұратын Кеден Одағына қатысушы, мемлекеттердің бірыңғай кеден аумағының шегі.

**МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА** – мемлекеттің құрлықтағы жері, аумақтық сулары, ішкі сулар және әуе кеңістігінің шегін анықтайтын сызық және осы сызықпен өтетін жазықтық.

**КЕДЕН ОРГАНДАРДЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАСЫ** – бекітілген тәртіптегі міндеттерді атқарушы және арнайы құқықтар берілген кеден органдары жүйесіндегі қызметкер. Лауазымды тұлға ретінде тек Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті, өз ісі мен адамгершілік қасиеті, білім деңгейі мен денсаулық жағдайы кеден органдарының жүктелген қызметін орындай алатындай қабілетті тұлға бола алады.

**ДЕКЛАРАНТ** - тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлға ие тауарлар мен көлік құралдарын өз атынан декларациялайтын, білдіретін және ұсынатын кеден брокері.

**БІРЫҢҒАЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК** – нарық қағидалары мен жүйелендірілген құқықтық нормаларды қолдануға негізделген, бірыңғай инфрақұрылымы бар, келісілген салықтық, ақша-несие, валюта-қаржылық, сауда және кеден саясаты жүргізілетін, тауарлар, қызметтер, капиталдың және жұмыс күштерінің ер-

кін қозғалысын қамтамасыз ететін, экономиканы реттейтін біртектес механизм қызмет ететін мемлекеттердің кеден аумағынан тұратын кеңістігі.

**БІРЫҢҒАЙ КЕДЕНДІК АУМАҚ** – ішкі кеден шекарасында кеден бақылауы алынып тастаған және кеден қызметін бірыңғай басқару қамтамасыз етілген, тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары қолданылатын, унификацияланған кеден ережелері, әрекет ететін, жалпы кеден тарифі бекітілген мемлекеттердің кеден аумағынан тұратын (құралған) аумақ.

**ЖАЛПЫ КЕДЕН ТАРИФИ** – Кеден Одақтарына қатысушы мемлекеттер аумағына елден әкелінетін тауарларға Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы экономикалық қызметтегі тауарлардың бәрыңғай номенклатурасына сәйкес қолданылатын, әкелінген тауарға салынатын кеден баждарының келісілген бірыңғай тізімі.

**ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ЖІБЕРУ** – кеден органдарының тұлғаларға белгілі бір кедендік режимнің шарттарына сәйкес тауарлар мен көлік құралдарын пайдалануға және (немесе) оларға билік етуге рұқсат беру жөніндегі іс-әрекеті.

**ЖҮК ОПЕРАЦИЯЛАР** – кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау, тиеу, түсіру, қайта тиеу, орамның зақымданған жерлерін жөндеу, орау, қайта орау және тасымалдау үшін қабылдау, мұндай тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу, аталған тауарлар болуы мүмкін үй-жайлар мен басқа да орындарды ашу.

**ЫРЫҚ БЕРМЕС КҮШТІҢ ӘСЕРІ** – нақты бір жағдай көзіндегі Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген белгілі бір әрекеттерді жасауға кедергі келтіретін төтенше және ырық бермейтін оқиға.

**ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ** – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін және (немесе) кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдары туралы мәліметтерді мәлімдеу.

**ШЕТЕЛДІК ТҮЛҒА** – **(ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТҮЛҒА)** тармақшасында аталмаған түлға.

**ШЕТЕЛДІК ТАУАР** – **(ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАУАР)** тармақшасында аталмаған тауар.

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТҮЛҒА** – Қазақстан Республикасының азаматы, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын жері бар, азаматтығы жоқ адам, Қазақстан Республикасының заңдарына

сәйкес Қазақстан Республикасында тіркелген жеке кәсіпкер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлға.

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАУАР** – толығымен Қазақстан Республикасында өндірілген, жеткілікті қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес Қазақстан Республикасында қайта өңделген, Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналыс үшін шығарылған, Кеден Кодексіне сәйкес мемлекеттің меншігіне айналдырылған тауар.

**КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАР** – шот-фактуралар, арнайы тізбелер, тиеу және орау парақтары, сондай-ақ тауарлардың құнын растайтын және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес пайдаланылатын басқа да құжаттар.

**КОНТРАБАНДА** – Қылмыстық Кодекстің 250-бабында қарастырылған кеден аясындағы қылмыстық іс, ал ҚК 209- бабында экономикалық контрабанда үшін жауапкершілік қарастырылған.

**БАҚЫЛАУДАҒЫ ЖЕТКІЗІЛІМ** – Қазақстан кеден шекарасы арқылы транзиттік тасымалдауда қылмыстық мақсатта қолданатын контрабандашылар наркотиктерін ауыздықтау үшін басқа елдердің құқық қорғау органдарымен келісе отырып кеден органы жүргізетін операциялар.

**ҚЫСҚАША ДЕКЛАРАЦИЯ** - тауарлар мен көлік құралдарын кеден режиміне жатқызбас бұрын кеден органына берілетін, өткізілетін тауарлар жөніндегі мәліметтер мазмұндалған құжат.

**ЖЕКЕ ТЕКСЕРУ** – тәртіп бойынша заң ережеде қарастырылған катал негізде қолданылатын кеден бақылауының шекті нысаны.

**ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫ** – кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына кеден органдары салатын салық.

**ЖЕДЕЛ ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІ** – тиісінше нормативтік құқықтық актілерге сәйкес берілген өкілеттік бойынша іздестіру шараларын жүргізуге берілген, жариялы немесе жасырын негізде жүзеге асырылатын кеден органдары атқаратын шекті қызметтің бір түрі.

**ЭКСПОРТ БОЙЫНША МӘМІЛЕ ПАСПОРТЫ** – банктегі немесе кеден орғандағы келісімнің шартына байланысты экспортшы толтыратын, сыртқы экономикалық мәміле туралы мәлімет мазмұндалған бекітілген нысандағы валюталық бақылау құжаты.



**ИМПОРТ БОЙЫНША МӘМІЛЕ ПАСПОРТЫ** - банктегі немесе кеден органымен жасалған келісімнің шартына байланысты импортшы толтыратын, сыртқы экономикалық мәміле туралы мәліметі (ақпарат) бар бекітілген нысандағы валюталық бақылау құжаты.

**КЕДЕН ШЕКАРАСЫ АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУ** – кеден аумағына халықаралық пошта жөнелтімдері, құбыр көлігі мен электр тарату желілерін, тауарлар мен көлік құралдарын кез–келген тәсілмен әкелу немесе осы аумақтан әкету жөніндегі іс-әрекеттерді жасау.

**АЛДЫН – АЛА ЖАСАЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР** - тауарлар мен көлік құралдарын белгілі кеден режиміне орналастыруға және кедендік рәсімдеуге негізделген барлық әрекеттер. Мұнда тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдарын әкеткізілу мен әкетуге жол бермеуге бағытталған және кедендік мақсаттар үшін тауарларды идентификациялауға бағытталған алдын–ала рәсімдеуге де жол беріледі.

**ПРЕФЕРЕНЦИЯЛАР** – жеке елдің бірнеше немесе барлық тауарлары үшін, басқа қалған елдердің тауарына (қолданылмайтын) таралмайтын кеден бажын салуда берілетін жеңілдіктер.

**УАҚЫТША САҚТАУ ҚОЙМАСЫ** – кеден органына ұсынылған, белгілі кеден рәсіміне жатқызылмаған тауарлар мен көлік құралдарын уақытша сақтауға арнайы бөлініп берілген құрылыс немесе басқа да орын.

**КЕДЕН РӘСІМДЕУІ БОЙЫНША МАМАН** – кеден делдалы атынан кеден рәсімдеуін жүргізуге құқығы бар және біліктілік аттестаты бар жеке тұлға.

**КЕДЕН ДЕЛДАЛЫ (БРОКЕР)** – орталық кеден органынан кеден делдалы қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, өз құрамында кедендік рәсімдеуші маманы бар заңды тұлға.

**КЕДЕНДІК ТЕКСЕРУ** – кеден шекарасы арқылы өтетін жүктер мен көлік құралдарын кеден органдарының нақтылы тексеруі.

**КЕДЕН ТӨЛЕМДЕРІ** – салықтардан басқа кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде кеден органдары алатын кеден төлемдерінің барлық түрлері.

**КЕДЕН ТАСЫМАЛДАУШЫСЫ** – осындай қызметті жүзеге асыруға Кеден Комитетінен лицензия алған, бекітілген тәртіпке сәйкес құрылған заңды тұлға; тауарларды іс жүзінде өткізуші ие көлік құралын пайдаланғаны үшін жауапты болып табылатын тұлға.

**КЕДЕНДІК РЕЖИМ** – Қазақстан Республикасының кедендік аумағында не одан тыс жерлерде өткізу, пайдалану мақсаттарына қарай тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы өткізу кезіндегі олардың кеден ісі саласындағы мәртебесін анықтайтын ережелер жиынтығы.

**КЕДЕН САЛАСЫ** – кеден ісін ұйымдастыру құралымен кеден саясатын жүзеге асыру мақсатындағы мемлекеттер қызметіндегі мәліметтер монополиясы.

**КЕДЕН АУМАҒЫ** – мемлекеттің құрлықтағы жері, аумақтық сулары, ішкі сулары және олардың үстіндегі әуе кеңістігі. Оған, тек қана теңіздің ерекше экономикалық аумағында орналасқан жасанды аралдар, қондырғылар, ғимараттар және басқа объектілер кіреді. Мемлекет аумағында орналасқан еркін кеден аймағы мен еркін қойма кеден аумағынан тыс қарастырылады.

**КЕДЕН ШЕКАРАСЫ** – кеден аумағының шектерін, сондай-ақ кеден аймақтары мен еркін қоймалардың периметрінен тұратын шартты сызық.

**КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛІКТЕНДІРУ** – кеден ісін мемлекеттік жүзеге асыру үшін арнайы өкілеттігі берілген органдардың процедуралық, басқа да қызметтердің жиынтығы.

**КЕДЕНДІК МӘЛІМДЕУ** – кеден бақылауын жүзеге асыруға қажетті кеден органына берілетін мәліметтер туралы ауызша немесе жазбаша арыз.

**КЕДЕН ІСІ** – кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу тәртібі мен шарттарын, кеден төлемдері мен салық салуды, кедендік рәсімдеу, кеден бақылауын, кеден саясатын іске асырудың құралдары, сондай-ақ кеден органдары қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздерін қамтиды.

**КЕДЕН САЯСАТЫ** – кеден шекарасы арқылы өткізілетін объектілерге қолданылатын және бір мақсатқа бағытталған, бірыңғай кеден төлемдері жүйесін құру жолымен жүзеге асатын, сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеуге бағытталған, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі.

**КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫ** – сәйкес қоғамдық қатынасты реттейтін институттар мен нормалар жиынтығынан тұратын әмбебап, дербес қазақстандық құқық саласы.

**КЕДЕН ҚЫЗМЕТІ** – кеден органдарында мемлекеттік қызметті ұйымдастыруды қоса алғанда, кеден саясатын жүзеге асыру

мақсатында және кеден ісін жүзеге асыруда тікелей қатысатын кедендік органдар мен басқа да органдар және ұйымдардың жиынтығы.

**КЕДЕН ЖЕҢІЛДІКТЕРІ** - тауарлар мен көлік құралдары транзитінде немесе әкелу мен әкетуде заңды және жеке тұлғаларға берілетін артықшылықтар.

**КЕДЕНДІК ТАРИФ** – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қолданылатын кедендік баж ставкаларының Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына (СЭСТН) сәйкес жүйеленген тізбесі.

**КЕДЕНДІК БАЖ** – Қазақстан Республикасының кеден органдары тауарды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелген кезде немесе тауарды аталған аумақтан әкеткен кезде алатын және осындай әкелу немесе әкетудің ажырамас шарты болып табылатын кедендік төлемнің түрі.

**КЕДЕН ТӨЛЕМІ** – заңмен бекітілген және кеден органдарымен қолданылатын кедендік баж, кедендік алым және басқа да төлемдер.

**КЕДЕН АУКЦИОНЫ** – кеден органдарының сот шешімі бойынша мемлекет меншігінде берілген тауарларды, көлік құралдарын және басқа да заттарды жариялы түрде сағады.

**КЕДЕН БАҚЫЛАУЫ** – кеден заңдылықтары мен халықаралық шарттардың сақтауын қамтамасыз ету мақсатында кеден органдарымен қолданылатын шаралар жиынтығы. Бұл мақсаттарды орындау үшін аумақтық арнайы учаскесі ретінде кедендік бақылау зонасы құрылады. Ол кеден шекарасы бойындағы кедендік рәсімдеу орнында, кеден органдары орналасқан және кедендік органдармен анықталған басқа да жерлерде құрылады.

**КЕДЕНДІК АЛЫП ЖҰРУ** – тауарлар, көлік құралдары және оған қатысты құжаттарды кеден органдарының лауазымды адамдарының ілесе алып жүруі.

**КЕДЕНДІК ҚҰН** – тауарларды кеден шекарасынан өткізу кезінде нақты төленген немесе төленуге тиісті құны және ол мына мақсатқа – тауарға кеден төлемдерін және салық салу, сыртқы экономикалық және кеден статистикасын, сыртқы сауда саясатын мемлекеттік реттеудің өзге де шараларын қолдану.

**КЕДЕН** – импортталатын және экспортталатын тауарларды және жүк, пошта жіберілімдерінің мемлекетке әкелінуін және оның аумағынан әкетілуін қадағалайтын мемлекеттік кедендік орган.

**ТАУАР** – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін мүлік, оның ішінде ақпарат таратушылар, валюталық құндылықтар, энергияның электр, жылу және өзге де түрлері, сондай-ақ көлік құралдары. Бірақ оған (**КӨЛІК ҚҰРАЛЫ**) тармақшасындағы аталған тауар кірмейді.

**КӨЛІК ҚҰРАЛЫ** – халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыру үшін қолданылатын және осы көлік құралдарымен бірге тасымалданатын болса, олар үшін техникалық паспортпен немесе техникалық формулярмен көзделген қосалқы бөлшектерді, керек-жарақтары мен жабдықтары, олардың конструкциясында көзделген май құю ыдыстарындағы жанар-жағармай материалдары мен салқындату сұйықтарын қоса алғанда, теңіз, ішкі су, әуе кемесі, механикалық көлік құралы.

**ТРАНЗИТТІК ҚҰЖАТ** – кеден транзиті процедурасы бойынша жүктерді тасымалдау кезінде заң талаптарына сәйкес кеден немесе тауар өткізуші декларантпен көлік ұйымы құрастыратын құжат.

**КЕДЕН ІСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛЕТТІ ОРГАН** – Қазақстан Республикасында кеден ісіне басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

**ОРТАЛЫҚ КЕДЕН ОРГАНЫ** – елдегі кеден ісіне басшылық жасаушы орган.

**ТОПТАСЫП ТАСЫМАЛДАУ** – бір көлік құралымен бір мезгілде бірнеше жөнелтушінің немесе алушының жүктері өткізілетін кездегі тасымал.

**ТҮЛҒА** – жеке және (немесе) заңды тұлға.

**ТАУАРЛАРДЫ ӨТКІЗУШІ ТҮЛҒА** – өз атынан не басқа тұлғаның тапсырмасы бойынша сыртқы экономикалық мәміле жасаушы тұлға; егер тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу қазақстандық тұлғаның сыртқы экономикалық мәмілелер жасауынсыз жүзеге асырылатын болса, Қазақстан Республикасының аумағында кедендік бақылаудағы тауарларды пайдалану мен оларға иелік ету құқығы бар тұлға.

**ТАРИФТІК ЕМЕС РЕТТЕУ ШАРАЛАРЫ** – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салулар мен шектеулер, квоталау, лицензиялау, тауарлардың қауіпсіздігі бойынша стандарттар мен талаптарға (оның ішінде техникалық, фармакологиялық, санитарлық,

ветеринариялық, фитосанитарлық, радиациялық, экологиялық стандарттар) сәйкестігін растау және Қазақстан Республикасының заң актілерімен және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулыларымен белгіленетін өзге де талаптар.

**ТАРИФТІК РЕТТЕУ ШАРАЛАРЫ** – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде кедендік тарифті пайдалана отырып, сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметті мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шаралар.

**САЛЫҚТАР** – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты алынуы Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген қосылған құн салығы мен акциз.

**КЕДЕНДІК ТӨЛЕМДЕРДІҢ ЖӘНЕ САЛЫҚТАРДЫҢ ТӨЛЕНУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ** – кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаудың Кеден Кодексіндегі белгіленген әдістері.

**ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН КЕДЕНДІК ШЕКАРАСЫ АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУ** – тауарлар мен көлік құралдарын халықаралық пошта жөнелтімдерімен жіберуді, құбыр тасымалы мен электр беру желілерін пайдалануды қоса алғанда, кез-келген әдіспен Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкету жөніндегі іс-әрекеттер жасау.

**ТАУАРЛАРДЫ АЛУШЫ** – кедендік бақылаудағы тауарларды жеткізуге тасымалдаушы міндетті болатын тауардың ілеспе құжаттарында аталған тұлға.

**ӨТКІЗУ ПУНКТИ** – адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік (кедендік) шекарасы арқылы өткізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары белгілеген автомобиль, темір жол вокзалының, станциясының, әуежайдың, аэродромның, теңіз, өзен портының не өзге де жабдықталған орынның шегіндегі аумақ (аумақтың бір бөлігі).

**МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КЕДЕН МЕКЕМЕЛЕРІ** – кеден ісі саласындағы міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын мемлекеттік мекемелер.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА ҚҰРАЛДАРЫ** – электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның түпнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдар жиынтығы.

**КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛІК ЖҮРГІЗУ** – Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асыратын ұйымдық-құқықтық және өзге де іс-әрекеттер мен шаралар жиынтығы.

**КЕДЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯ** – тауарлар мен көлік құралдары туралы декларант мәлімдеген мәліметтерді жазбаша және (немесе) электрондық түрде растайтын құжат.

**КЕДЕНДІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ** – кеден органдарының жұмыс істеуіне жағдай жасайтын, сондай-ақ кеден органдарының лауазымды адамдарына элеуметтік қызмет көрсетуге арналған үйлер мен ғимараттар.

**КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ** – Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңдарын сақтау бойынша Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асыратын, орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген шаралардың жиынтығы.

**КЕДЕНДІК РӘСІМДЕУ** – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты адамдар және Қазақстан Республикасының кеден органдары жасайтын іс-әрекеттер мен рәсімдердің жиынтығы.

**КЕДЕНДІК ОПЕРАЦИЯЛАР** – кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты Қазақстан Республикасының кеден органдары да, тұлғалар да Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жасайтын жекелеген іс-әрекеттер.

**ЖӨНЕЛТУШІ КЕДЕН ОРГАНЫ** – тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен тасымалдау басталатын Қазақстан Республикасының кеден органы.

**МЕЖЕЛІ КЕДЕН ОРГАНЫ** – тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаумен тасымалдау аяқталатын Қазақстан Республикасының кеден органы.

**КЕДЕНДІК РӘСІМДЕР** – Қазақстан Республикасының кеден органдары мен кеден ісі саласындағы тұлғалардың кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты жасайтын іс-әрекеттерінің жиынтығы.

**КЕДЕНДІК АЛЫМДАР** – Қазақстан Республикасының кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеу, кедендік алып жүру үшін, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының кеден органдары бекітетін қоймаларда сақтау үшін алатын кедендік төлем түрлері.

**КЕДЕН ТЕРМИНАЛЫ** – Қазақстан Республикасы кеден органдарының қызмет аймағындағы Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлармен және көлік құралдарымен кедендік рәсімдеу және (немесе) кедендік операциялар жасауға арнап, арнайы жайластырылған техникамен жарақтандырылған және жабдықталған орын.

**КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУДАҒЫ ТАУАРЛАР** – Кеден кодексіне сәйкес кедендік бақылау жүзеге асырылатын тауарлар.

**КӨЛІК ҚҰЖАТТАРЫ** – халықаралық автомобиль жүк құжаттамасы, темір жол көліктік жүк құжаттамасы, багаж тізімдемесі, багаж түбіртегі, әуе жүк құжаттамасы, коносамент, сондай-ақ құбыр тасымалымен және электр беру желілері арқылы тауарларды өткізу кезінде пайдаланылатын құжаттар мен Қазақстан Республикасының көлік туралы заң актілерінде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген тасымалдар кезінде тауарлар мен көлік құралдарына ілесе жүретін өзге де құжаттар.

**ТАУАРЛАРҒА ІЛЕСПЕ ҚҰЖАТТАР** – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына арналған коммерциялық және көлік құжаттары.

**ШАРТТЫ ТҮРДЕ ШЫҒАРУ** – тауарлар мен көлік құралдарын шектеп және оларды пайдалану мен оларға билік ету жөніндегі шарттарға орай шығару.

**СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУШЫ** – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырушы тұлға.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ** – өзіндегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА** – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиыны.

**“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫ”  
курсының  
ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

***1-тақырып.*** Кеден саласы – Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың жаңа саласы. Мемлекеттік тәуелсіздік алу Қазақстан Республикасында кеден саясаты мен кеден ісін қалыптастырудың алғышарты ретінде.

Егеменді мемлекетте кедендік саланы мемлекеттік басқарудың жалпы мәселелері. Қазақстан Республикасының кейбір мемлекеттік және өзге де салалары арасындағы өз ара қатынас. “Қазақстан 2030” – стратегиясы. Барлық қазақстандықтардың өсіп, өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Кеден саласының құрылымы.

Егеменді Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының жалпы сипаттамасы. Кеден саясаты ішкі және сыртқы саясаттың құрамдас бөлігі ретінде.

Кеден ісінің жалпы мәселелері. Кеден ісінің тарихы.

***2-тақырып.*** Қазақстандағы кеден саласының саяси – құқықтық және әлеуметтік аспектілері. Кеден органдары мен орталық мемлекеттік органдардың кеден саясатын жүзеге асыруы. Кеден ісін ұйымдастырудың жалпы мәселелері.

Қазақстанның кеден саласының саяси–құқықтық және әлеуметтік аспектілері. Кеден саясатының мақсаттары. Мемлекеттік органдар және кеден саясаты.

Қазақстанның кеден саласында кеден саясаты мен кеден ісінің арақатынасы. Қазақстанда кеден ісін ұйымдастыру.

***3-тақырып.*** Кеден құқығының қалыптасуы мен дамуы. Қазақстан құқығындағы дербес құқық сала ретіндегі кеден құқығының жалпы сипаты.

Кеден құқығының пайда болуы. Кеден құқығы мен нормативті қорының тарихы және даму мәселелері. Кеден құқығының институттары.

Құқықтық реттеудің пәні мен әдістері. Кеден құқығының жүйесі, принциптері және негіздері. Кеден құқығының Жалпы және Ерекше бөлімдері.



Кеден құқығының нормалары. Кедендік–құқықтық қатынастар. Қазақстандық кеден құқығының даму жолдары.

**4-тақырып.** Кеден құқығы курсы өз алдына сала мен оқу пәні ретінде. Кеден құқығының кешенділігі: кеден саласында жүзеге асыру нысаны мен көрініс алу түрлері.

Кешенді құқықтық түзілімдер әрекет етуші құқықтық ерекшелігі ретінде. Кеден құқығының кешенділігіне сипаттама.

Кеден құқығы оқу пәні ретінде.

Кеден заңын үйлестіру, жақындастыру және бірыңғайлау мәселелері.

**5-тақырып.** Қазақстан Республикасында ұлттық кеден құқығы мен халықаралық кеден құқығының арақатынасы.

Халықаралық кеден құқығы түсінігі, мазмұны, жүйесі және қайнар көздері.

Еуропалық кеден құқығы. ТМД, Кеден Одағы, Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕврАзЭС) елдеріндегі кеден құқығы.

Халықаралық кеден құқығындағы Кеден Одақтары (1995), Кеден Одағы жөніндегі келісімдер (1999), Кеден Одағы және біртұтас экономикалық кеңістік туралы шарт (2000 ж. 10 қазан), Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру жөніндегі шарт.

Кеден рәсімдерін жеңілдету мен үйлестіру жөніндегі халықаралық конвенция.

1973 жылғы Киот конвенциясы кеден ісіне қатысты және басқа да халықаралық құжаттар ТМД-ға қатысушы елдердің кеден заңдарының негіздері. Модельді заң ретінде (2003 жылғы) Қазақстанның Кеден кодексі.

**6-тақырып.** Қазақстан Республикасының кеден органдары. Қазақстан Республикасының кеден органдарының мемлекеттік органдармен, сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылар мен өзара қатынастары. Қызмет атқару тәртібі.

Кеден органдары кеден құқығының субъектілері ретінде. Кеден органдары оған қарасты құрылымдар мен ұйымдар жүйесі. Мемлекеттік органдар жүйесіндегі кедендік қызмет атқарудың орны, міндеттері, қызметі.

Басқа елдердегі кеден органдарының өкілеттігі. Кеден ісі жөніндегі мәселелер бойынша жауапты органның нормативті құқықты актілері.

Кеден органдарының лауазымды адамдарының құқықты статусы. Кеден органдарында қызмет атқару. Арнаулы атақтар және еңбек сіңірген жылдары.

Кеден органдары мен лауазымды адамдарының жауаптылығы.

**7-тақырып. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу мәселелері. Тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге байланысты кедендік операциялар мен рәсімдер, субъектілер.**

Қазақстанның мемлекеттік және Кедендік шекарасы. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік шекара арқылы өткізудің жалпы мәселелері.

Тауарлар мен көлік құралдарының әкелімінің және әкетуінің құқы, тыйым салулар және шек қоюлар.

Тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің тәртібі мен шарттары.

Шекарадағы мемлекеттік бақылау түрлері. Алдын-ала кедендік рәсімдеу. Кедендік операциялар және рәсімдеу.

Кедендік тасымалдаушы. Ішкі кедендік транзит. Уақытша сақтау.

**8-тақырып. Арнайы кедендік рәсімдер. Тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің ерекшеліктері.**

Арнайы кедендік рәсімдер түсінігі. Көлік құралдарына қолданытын кедендік режимдер.

Жеке тұлғалар мен тауарларды өткізу тәртібі. Халықаралық пошта жөнелтімдерін рәсімдеу және кедендік бақылау.

Шетел мемлекеттері дипломатиялық өкілдігінің, консулдық мекемелері, шетел мемлекеттерінің делегация мүшелерінің тауарларды өткізу рәсімінің тәртібі.

**9-тақырып. Тауарлардың кедендік режимдері. Кедендік режимдерге жататын жалпы және арнайы ережелер.**

Кедендік режим түсінігі. Кедендік режимдердің қолдану мақсаты және басты мәселелері. Тауарларды еркін айналыс үшін шығару, тауарлардың кері импорты;

- кеден қоймасы;
- бажсыз сауда дүкені;
- тауарларды кедендік аумақта қайта өңдеу;
- тауарларды еркін айналыс үшін қайта өңдеу;
- тауарларды кедендік аумақтан тыс жерлерде қайта өңдеу;
- тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу;
- тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкету;

- тауарлардың экспорты,
- тауарлардың кері экспорты;
- тауарлар транзиті;
- тауарларды жою;
- мемлекет пайдасына тауардан бас тарту;
- еркін кеден аймағы;
- еркін қойма;
- арнайы кедендік режим.

**10-тақырып. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы. Тауарлардың шығарылған елі. Алдын-ала шешім.**

Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын жүргізу. (СӘҚ ТН) Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесі жөніндегі (1985 ж.). Халықаралық конвенция (1995 ж.) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы жөніндегі Келісімі. Тауарларды жіктеудің мәні мен жалпы мәселелері.

Тауардың шығарылған елін анықтау, негізгі ережелері мен ерекшеліктері. Алдын-ала шешім қабылдау процедуралары (алдын-ала шешім қабылдау, оның қолданылу мерзімі мен оған тиісті басқа ережелер).

**11-тақырып. Кедендік рәсімдеу. Тауарларды декларациялау. Интеллектуалдық меншік объектілері бар тауарларды кедендік рәсімдеудің ерекшеліктері.**

Кедендік рәсімдеуге қатысты негізгі және қосымша ережелер. Декларациялануға жататын тауарлар. Тауарларды декларациялауға қатысты негізгі және қосымша ережелер. Декларациялаудың формалары. Кедендік декларациялардың негізгі мазмұны. Кедендік рәсімдеуге қажетті құжаттар.

Кеден брокерінің қызметі, міндеттері мен жауапкершілігі. Кедендік рәсімдеу жөніндегі маман. Кеден органдарының интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықты қорғау мәселелері және осындай объектілерді кедендік рәсімдеудің ерекшеліктері.

**12-тақырып. Кедендік статистика. Ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологиялар.**

Кедендік статистиканы жүргізудің жалпы мәселелері. Сыртқы сауданың кедендік статистикасы.

Арнаулы кедендік статистика. Статистикалық мақсаттар үшін пайдаланылатын құжаттар мен мәліметтер.

Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды қолдану. Кедендік органдарда ақпараттық ресурстарды пайдалану. Ақпаратты және ақпараттандыруға қатысатын субъектілердің құқықтарын қорғау.

**13-тақырып. Кеден органдарының бақылау функциясы. Кедендік әкімшілік жүргізудің негізгі мәселелері. Валюталық және экспорттық бақылау мәселелері.**

Бақылау функциясы – кеден органдарының басты міндеті. Кедендік бақылау, оның формалары мен жүргізу тәртібі. Кедендік бақылау аймақтары.

Тауарлар мен көлік құралдарына жүргізілетін кедендік бақылауға қатысты қосымша ережелер. Кедендік жеңілдіктер және артықшылықтар (преференциялар).

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды тексеру тәртібі.

Тәуекелді бағалау және басқару. Валюталық және экспорттық бақылауға тиісті заңдар. Кеден органдары валюталық және экспорттық бақылау органдары ретінде.

**14-тақырып. Қазыналық қызметтегі кеден органдарының функциялары. Кедендік төлемдер. Кеден саласындағы салықтар. Тауарлардың кедендік құны.**

Қазыналық қызметтегі кеден органдарының құзыреті. Кедендік төлемдер түсінігі, құрылымы.

Кедендік төлемдерді есептеудің тәртібі төлеу алымдарының мерзімдері мен тәртібі.

Тауарлардың кедендік құнын айқындаудың ерекшеліктері. Тауардың кедендік құнын айқындау әдістері. Тауарлардың кедендік құнын түзету.

Кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету.

Кедендік тариф. Тарифтік жеңілдіктер мен тарифтік преференциялар.

**15-тақырып. Кеден органдарының құқық қорғау қызметі. Кеден саласындағы құқық бұзушылық. Кеден органдары анықтау органы ретінде.**

Кеден органдарының құқық қорғау функциясы түсінігі. Кеден саласындағы құқық бұзушылық және оның түрлері.

Кеден органдары анықтау органы ретінде және олардың құзыры. Кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық және олардың құрамы. Жаза түрлері, әкімшілік құқық бұзушылық ісі бойынша жүргізілетін қызмет. Кедендік қылмыстар. Қылмыстық істерді тексерудің ерекшеліктері.

Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексі, Қылмыстық Кодексінің, Қылмыстық-процессуалды кодекс және Кеден Кодексінің ережелері.

**16-тақырып. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет меншігіне айналдыру. Кеден органын және кеден органы лауазымды адамының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану. Жауаптылық мәселелері.**

Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет меншігіне айналдырудың жалпы және арнайы мәселелері. Мемлекет меншігіне айналдырылған тауарларға билік ету тәртібі.

Шағымды қарау және шағым бойынша шешім қабылдау. Кеден органы және кеден органы лауазымды адамының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданудың оңайтылған тәртібі. Кеден органдары және олардың лауазымды адамдарының жауаптылық мәселелері.

### **Семинар сабақтарына ұсынылатын тақырыптардың тізімі**

1. Кеден саласы – Қазақстандағы мемлекетті басқарудың жаңа саласы. Мемлекеттік тәуелсіздік алу Қазақстан Республикасында кеден саясатын қалыптастырудың және кеден ісін ұйымдастырудың алғышарты ретінде.

2. Қазақстандағы Кеден саласының саяси – құқықтық және әлеуметтік аспектілері. Кеден органдары мен орталық мемлекеттік органдардың кеден саясатын жүзеге асыруы. Кеден ісін ұйымдастырудың жалпы мәселелері.

3. Кеден құқығының қалыптасуы мен дамуы. Қазақстан құқығындағы дербес құқық сала ретіндегі кеден құқығының жалпы сипаты.

4. Кеден құқығы курсы жеке сала мен оқу пәні ретінде. Кеден құқығының кешенділігі: кеден саласында жүзеге асыру нысаны мен көрініс алу түрлері.

5. Қазақстан Республикасында ұлттық кеден құқығы мен халықаралық кеден құқығының арақатынасы.

6. Қазақстан Республикасының кеден органдары. Қазақстан Республикасының кеден органдарының мемлекеттік органдармен, сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылар мен өзара қатынастары.

7. Тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу мәселелері. Тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге байланысты кедендік операциялар мен рәсімдер, субъектілер.

8. Арнайы кедендік рәсімдер. Тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің ерекшеліктері.

9. Тауарлардың кедендік режимдері. Жалпы және арнайы ережелер.

10. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы. Тауарлардың шығарылған елі. Алдын-ала шешім.

11. Кедендік рәсімдеу. Тауарларды декларациялау. Интеллектуалдық меншік объектілері бар тауарларды кедендік рәсімдеудің ерекшеліктері.

12. Кедендік статистика. Ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологиялар.

13. Кеден органдарының бақылау функциялары. Кедендік әкімшілік жүргізудің басты мәселелері. Валюталық және экспорттық бақылау мәселелері.

14. Қазыналық қызметтегі кеден органдарының қызметі. Кедендік төлемдер. Кеден саласындағы салықтар. Тауарлардың кедендік құны.

15. Кеден органдарының құқық қорғау қызметі. Кеден саласындағы құқық бұзушылық. Кеден органдары анықтау органы ретінде.

16. Тауарлар мен көлік құралдарын мемлекет меншігіне айналдыру. Кеден органының және кеден органы лауазымды адамының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану. Жауаптылық мәселелері.

### **Курстық жұмыстарға ұсынылатын тақырыптар:**

1. Қазақстандық кеден құқығына жалпы сипаттама. Кеден құқығының жалпы және ерекше бөлімдері.

2. Кеден құқығы пәні және әдістері.
3. Кеден саласы, жалпы ережелер.
4. Кеден саясаты ішкі және сыртқы саясаттың құрамдас бөлігі ретінде.
5. Кеден ісі, түсінігі және құрылымы.
6. Кеден құқығы институттары.
7. Қазақстан Республикасының Кеден Кодексінің құрылымы.
8. Кедендік территория және кедендік шекара.
9. Халықаралық кеден құқығының негіздері. Еуропалық кеден құқығы.
10. Кедендік одақтар және халықаралық ұйымдар.
11. Кедендік мәселелер бойынша қабылданған халықаралық конвенциялар (келісімдер).
12. Қазақстан Республикасының кеден органдары.
13. Кеден органдарының функциялары.
14. Кеден органдарының лауазымды адамдарының құқықтық мәртебесі.
15. Мемлекеттік қызмет және оның кеден органдарындағы түрлері.
16. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік шекара арқылы өткізу туралы жалпы ережелер.
17. Кедендік режимдер (Жалпы сипаттама).
18. Кедендік төлемдер және салықтар.
19. Кедендік рәсімдеу түсінігі.
20. Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау.
21. Кеден брокері.
22. Кеден тасымалдаушы.
23. Кедендік бақылау. Түсінігі мен формалары.
24. Тәуекелді бағалау мен басқару.
25. Интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықты қорғау.
26. Кедендік статистика.
27. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын жүргізу. (СЭЖ ТН).
28. Кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық.
29. Әкімшілік бұзушылықтар ісі бойынша жүргізілетін жұмыс.
30. Кеден саласындағы қылмыстар.
31. Экономикалық контрабанда түсінігі.
32. Контрабанда түсінігі.
33. Кедендік төлемдер мен алымдарды төлеуден бас тарту.

## ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Алексеев С. С.* Теория права. М., 1995.
2. *Алибеков С. Т.* Казахстанское таможенное право (Общая и Особенная части). Алматы, 2003.
3. *Баймаханов М.Т.* и др. //Взаимодействие правового сознания с моралью и нравственностью в обществе переходного периода. Алматы, 1995.
4. *Бахрах Д.Н., Кивалов С.В.* Таможенное право России. Екатеринбург, 1995.
5. *Блинов Н.М.* и др. От культа таможни к таможенной культуре. М. 2002.
6. *Борисов К.Г.* Международное таможенное право. М., 1997.
7. Габричидзе Б. Н. Таможенное право. М., 1995.
8. *Гребенщикова Л.В., Кубасова И.А., Сарсембаев М.А.* Таможенное законодательство Казахстана и международные таможенные конвенции. Алматы, 1996.
9. Договоры об учреждении Европейских сообществ. М., 1994. – Treaties establishing the European Communities (ECSC, EEC, EAEC). Brussels; Luxembourg, 1987.
10. *Зиманов С.З.* Конституция и Парламент Республики Казахстан. Алматы, 1996.
11. *Моисеев Е.Г.* Правовой статус Содружества Независимых Государств. М., 1995.
12. Международные договоры, ратифицированные Республикой Казахстан, в сфере таможенного законодательства: Сборник международных актов / Сост. Э. Б. Мухамеджанов, И.В. Межибовская. Алматы, 1998.
13. *Назарбаев Н.А.* Казахстан – 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента РК народу Казахстана. Алматы, 1997.
14. *Поленов Г.Ф.* Уголовное право. Алматы, 1997.
15. *Сабикенов С.* Право и социальные интересы. Алма-Аты, 1986.
16. *Сапарғалиев Г. С.* Конституционное право Республики Казахстан. Алматы, 1998.
17. *Сарсембаев М.А.* Таможенное право Республики Казахстан. Алматы, 2001.



18. *Таранов А.А.* и др. Административное право Республики Казахстан. (Часть общая). Алматы, 1996; (Часть особенная). Алматы, 1997.

19. *Худяков А.И.* Налоговое право. Алматы, 1998.

20. *Шалтыков А.И.* История таможенного дела. Алматы, 1999.

## **ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АВТОРЛАРЫ**

1. С.Т. Әлібеков – заң ғылымдарының докторы. Қазақ халықаралық қатынастар және шет тілдері университетінің профессоры;

2. М.А. Сәрсембаев – заң ғылымдарының докторы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің профессоры.

**«Қазақстан Республикасының Кеден құқығы»  
курсы бойынша  
ТЕСТІЛЕРДІҢ ҮЛГІСІ**

**1. ҚР-ғы кеден ісі дегеніміз:**

- а) мемлекеттің сыртқы саяси қызметі;
- б) мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметі;
- в) кәсіпкерлік қызметтің нысаны;
- г) мемлекеттік органдардың билік ету қызметі.

**2. ҚР кеден саясаты дегеніміз:**

- а) мемлекеттің ішкі саясаты;
- б) мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты;
- в) сауда саясатының бөлігі;
- г) сыртқы және ішкі саясатының құрамдас бөлігі.

**3. Кеден ісіне жалпы басшылықты жасайды:**

- а) ҚР Президенті;
- б) ҚР Үкіметі;
- в) ҚР Парламенті;
- г) ҚР Кеден комитеті.

**4. ҚР-ң кеден аумағы:**

- а) алып қоюсыз барлық аумағы;
- б) құрлықтағы аумақ, аумақтық сулар, ішкі сулар, әуе кеңістігі;
- в) еркін кеден аймағы аумағы.

**5. Кеден шекарасы дегеніміз:**

- а) ҚР-ң мемлекеттік шекарасы;
- б) кеден аумағының шегі және еркін кеден аймағы мен еркін қоймалар периметрі;
- в) кеден одағының сыртқы шекарасы.

**6. Кеден органдары атқаратын функция:**

- а) құқық қорғау органдарының;
- б) қаржы және үкімет органдарының;
- в) шекара қызметі.

**7. Декларант бола алады:**

- а) кез-келген жеке тұлға;
- б) кез-келген жеке және заңды тұлға;
- в) тек қазақстандық тұлға;

**8. Кеден бағасы дегеніміз:**

- а) тауардың фактілік нақты құны;
- б) контракт, мәліме бойынша тауар бағасы;
- в) кеден шекарасынан өткізген нақтылы төлеуге немесе төлемеуге тиісті тауар құны.

**9. Әкелу мен әкетуге тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдарын сақтау мерзімі:**

- а) 10 күн;
- б) 7 күн;
- в) 3 тәулік;
- г) 1 ай.

**10. Тауарларды еркін айналымға жіберу дегеніміз нені береді?**

- а) Кеден органдарының рұқсаты;
- б) кеден режимі;
- в) қандай да бір тұлғаның тауарды билеуі.

**11. Кеден қоймасы нені білдіреді?**

- а) сақтау үшін құрылыс;
- б) сақтау үшін орын (аумақ);
- в) кеден режимі.

**12. Кеден қоймасында сақтау мерзімі:**

- а) 1 жыл;
- б) 2 жыл;
- в) 3 жыл;

**13. Кеден қоймасына орналастырылған тауарлар мен жүргізуге рұқсат етілген операциялар:**

- а) тауарды сату;
- б) тауардың сақталуын қамтамасыз ету;
- в) сатуға және тасымалдауға дайындау.

**14. Бажсыз сауда жасайтын дүкен дегеніміз не?**

- а) тауарларды өндіретін құрылыс;
- б) кеден режимі;
- в) кеден төлемі мен салығын төлеген соң тауарларды жекелей сататын орын;

**15. Тауарларды уақытша әкелу мен әкету мерзімі:**

- а) 2 жылға дейін;
- б) 3 жылға дейін;
- в) мерзім шектеусіз.

**16. Еркін қоймаларға тауар қою мерзімі:**

- а) мерзім шектеусіз;
- б) 3 жыл;
- в) 5 жылға дейін.

**17. Тауарларды жою дегеніміз:**

- а) кеден органдарының процессуалдық әрекеті;
- б) кеден режимі;
- в) жауапкершілік шарасы.

**18. Мемлекет пайдасы үшін тауардан бас тартуға байланысты шығынды мына органдар өтейді:**

- а) кеден органдары;
- б) тауар иесі;
- в) кеден қоймасы.

**19. Кеден төлемдері туралы:**

- а) кеден бажынан; б) төлемдер мен салықтардан;
- в) кеден бажы, кеден алымы, төлемінен.

**20. Кеден органдары салықтар алады:**

- а) жергілікті салықтар;
- б) ҚҚС, акциздер;
- в) жалпы мемлекеттік салықтар.

**21. Кеден тарифі неден тұрады:**

- а) Кеден режимінен;
- б) кеден төлемдерінің жиынтығынан;
- в) кеден бажы мәлімелерінің жинағы.

**22. Кеден төлемінің негізін құрады:**

- а) тауардың нақты құны;
- б) кедендік құны;
- в) Үкімет бекіткен кеден бажы.

**23. Кеден құнын анықтайтын тәсілдер саны нешеу?**

- а) он;
- б) алты;
- в) біреу.

**24. Кеден төлемдері мен салығын төлеу мерзімі:**

- а) кеден декларациясын берген соң;
- б) кеден декларациясын бергенге дейін және кейін;
- в) кеден шекарасына тоқтаған соң 10 күннен кейін.

**25. Кеден бажын төлеуге:**

- а) жол берілмейді;

- б) 3 айға дейін;
- в) 1 жылға дейін.

**26. Салық салу кеден органдарымен жүзеге асырылады:**

- а) кеден заңына сәйкес;
- б) Үкіметтің жеке шешімі бойынша;
- в) салық заңына сәйкес.

**27. Кеден бажының төлемеген үшін не өндіріледі:**

- а) айыппұл;
- б) пеня (өсім);
- в) мүлік.

**28. Тауарлардың шыққан елін анықтау не үшін жүзеге асырылады:**

- а) тарифтік және тарифсіз реттеу шарасын қолдану үшін;
- б) тауар туралы мәліметтің толықтығы үшін;
- в) тауарларды сертификаттау үшін.

**29. Алдын – ала жүргізілетін операциялар дегеніміз:**

- а) кеден режимі;
- б) кеден рәсімдеуіне қатысты әрекет;
- в) кеден органдарының процессуалдық әрекеті.

**30. Қысқаша декларация қолданылады:**

- а) тауарларды оңайлатылған тәсілмен тасымалдау;
- б) белгілі кеден режимімен тауар тасымалдағанға дейін;
- в) тауардың шыққан елі туралы мәлімет жоқ болған жағдайда.

**31. Тауарларды уақытша сақтау дегеніміз:**

- а) кеден режимі;
- б) кеден бақылауының түрі;
- в) кеден бақылауындағы сақтау.

**32. Уақытша сақтау қоймасын кімдер құрады:**

- а) тек кеден органдары;
- б) шет ел азаматтары;
- в) қазақстандық тұлғалар және кеден органдары.

**33. Уақытша сақтаудың жалпы мерзімдері:**

- а) айға дейін;
- б) жылға дейін;
- в) мерзім шексіз.

**34. Кеден брокері бола алады:**

- а) кез-келген тұлға;
- б) заңды тұлға;

в) қазақстандық тұлға;

**35. Кеден тасымалдаушы бола алады:**

а) шетелдік тұлға;

б) кез-келген тұлға;

в) заңды тұлға;

**36. Мәлімдеудің нысаны:**

а) тек жазбаша;

б) тек ауызша;

в) ауызша, жазбаша, электрондық және басқа да жеткізім жолы-

мен.

**37. Тауарларды мәлімдеудің орны:**

а) кеден шекарасынан өтетін жер;

б) кедендік рәсімдеу жүргізілетін жер;

в) кеден органының орналасқан жері.

**38. Кеден декларациясын беру мерзімі:**

а) күн;

б) күн;

в) айға дейін.

**39. Декларант бола алады:**

а) тауар тасымалдаушы кез-келген тұлға;

б) қазақстандық тұлға;

в) кез-келген заңды тұлға.

**40. Кедендік бақылау дегеніміз:**

а) кеден режимі;

б) кеден органдарының қызметі;

в) жауапкершілік шарасы.

**41. Жеке тексеру дегеніміз:**

а) жазалау шарасы;

б) кеден бақылауының нысаны;

в) жеке іздестірудің нысаны.

**42. Кеден органдарының валюталық бақылауы:**

а) кеден бақылауының бір бөлігі;

б) мемлекеттік бақылаудың нысаны;

в) банктермен бірлескен қызметтестік нысаны.

**43. Кеден органдары жүзеге асырады:**

а) алдын-ала тергеу органдарының функциясы;

б) анықтама органының функциясы;

в) әскери – шекаралық функция.

**44. «Бақылаудағы жеткізім» дегеніміз:**

- а) кеден режимі;
- б) кеден бақылауының нысаны;
- в) құзыретті басқа да органдармен бірге кеден органы жүзеге асыратын тәсіл.

**45. Кеден ережелерінің сандық құрамы:**

- а) 40;
- б) 45;
- в) 24.

**Ұсынылған тест бойынша өзін-өзі тексеруге арналған жауаптар**

Сұрақтар №	а	б	в	г
1,2,12				+
3,4,5,10,14,17,20,22,23,24,25,26,27,29,30,34,37,38,39,40,41,43		+		
6,15,16,18,28,33,42,45	+			
7,8,9,11,13,19,21,31,32,35,36,44			+	

**ОҚР Кеден кодексінің комментарийлері**  
**ЖАЛПЫ БӨЛІМ**

2003 жылдың 5 сәуірінде Қазақстан Республикасының Президенті қол қойған кеден кодексі 2003 жылы 1 мамырда іс жүзіне енді.

Кеден кодексінің конструкциясы Жалпы, Ерекше, Арнайы деп жекелей үш бөлімге бөлінген, құқықтық, процессуалды және материалды нормалардың жиынтығынан тұрады.

Қазақстанның Кеден Кодексінің Жалпы бөлімі 3 басты бөлім арқылы көрсетілген, 6-тарауға біріктірілген 32-баптан тұрады. Кодекс конструкциясы аталған бөлімдердің ешбірінің басымдылығынсыз дайындалған. Әдетте кодекс тәрізді нормативті құқықтық актілерінің жалпы процессуалды нормалары басқа бөлімдеріне қарағанда басымдылығын байқатады. Мәселен, Азаматтық Кодекстің Жалпы бөлімін мысал ретінде келтіруге болады.

Қарастырылып отырған, Кеден кодексінде бұл жағдай кездеспейді, сондықтан да оның тұтастығы күмән келтірмеуі тиіс.

Бірақ, айта кететін жәйт (Кеден Кодексі) оның Жалпы бөлімі құқықтық нормаларда әрі қарай дамып, жүзеге асатын категориялар (түсініктеме аппарат) мен басты тұжырымдарын анықтайды және бағыт береді.

Түсініктеме аппаратының басым бөлігі Кеден Кодексінің 7-бабынан басқа оның 14-тарауында, 18-ші бабында да берілген.

Кеден кодексінің ғылыми-практикалық комментарийін дайындау қажеттілігі Кедендік бақылау Агенттігінің жанында құрылған кеден саясаты бөліміне консультивті кеңестің 2003 жылғы 14 наурызда өткен мәжілісінде талқыланды. Бұл комментарий мәжілісте оңды шешімге ие болған «Қазақстанның кеден жүйесін жетілдіру» мәселесін күн тәртібіне қою барысында қарастырылды. Мәжілісте кеден жүйесі әзірше кемеліне жеткен біртұтас жүйе ретінде қарастырылмайтындығы аталды.

Ғылыми жағынан қамтамасыз етуде мемлекеттік қаржыландырудың болмауы Кеден заңнамасын қолдану және даярлау деңгейіне тікелей ықпал етеді.



Өкіметтің 2002 жылдың 6 қыркүйегінде қабылданған №981 «Кеден бақылау Агенттігінің мәселелері» атты қаулысында Агенттіктің басты міндеттері, функциялары, құқықтары, біздің жағдайымызда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған. Міндеттер мен функциялардың көптеген аспектілері де кеден заңдылығын қамтамасыз етумен тікелей байланысты.

Комментарийді дайындау жұмысын 2009 жылға арналған бюджет шеңберінде жүргізген дұрыс. Сондай-ақ, бұл концепцияның жобасында социологиялық және маркетинг зерттеулерін жүргізу қарастырылған. Бұл мәселе кеден қызметін қаржыландырудың басқа мәселелерімен бірге қойылып отыр.

Бұл бағдарламаны кеңірек алу ұсынылып отыр. Мәселен, «ҚР Кеден жүйесін жетілдіру» деп атай отырып, оның ішіне басқа оған бағынышты бағдарламаларды қарастыру ұсынылып отыр. Оларға «Кеден жүйесін модернизациялауды кеден саясаты интеграциялық үрдістер мәселелерін, заңды жетілдіруді жатқызуға болады».

Бұл аталған бағдарламаны жүргізу бюджетпен анықталған тәртіп негізінде жүзеге асырылуы қажет. Кеден Кодексінде оның құқықтық, экономикалық, ұйымдық негіздерінен басқа оның Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін, егемендігін қамтамасыз етуі де қарастырылғандығын атап кету қажет. Сондай-ақ, онда қазақстандық экономикасының байланыстарында әлемдік экономикалық жүйенің белсенділігінің артуы, сыртқы экономикалық қызметте либерализациялаудың орын алуы көрсетілген.

Кеден кодексіне жасалған Комментарий заңның жоғарғы деңгейін, кеден ісін реттеудегі қажеттіліктерді анықтауға, үйлесімділік мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

# 1. ЖАЛПЫ БӨЛІМ

## 1. БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

#### *1- бап. Қазақстан Республикасындағы кеден ісі*

Қазақстан Республикасындағы кеден ісі тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің, кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылаудың, кедендік режимдерді қолданудың, кедендік төлемдері және салықтарды алудың, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізудің тәртібі мен шарттарын, мемлекет пен сыртқы экономикалық және өзге де қызметті жүзеге асырушы тұлғалардың арасындағы билік қатынастарына негізделген кеден саясатын іске асырудың басқа да құралдарын қамтиды.

Қазақстандық заңдылықта Кедендік іс-категория ретінде Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін алғаннан кейін жайда болды.

«Кедендік іс» түсінігі орын алған алғашқы заң актілеріне ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының Кеден комитетін Құру жөніндегі» указы (1991 жыл, 12 желтоқсан), «Кеден тарифі және салым жөніндегі заңды (1991 жыл, 24 желтоқсан) жатқызуға болады.

Кеден ісінің анықталуы, құрылымы, жүзеге асу механизмі тек 1995 жылдың шілдесінде «ҚР Кеден ісі жөнінде» деп аталатын Президент указы түрінде нормативті құқықтық актісі қабылданғаннан соң жүзеге асты. Бұл баптың мазмұнына бірқатар өзгерістер енгізілді. Оның мазмұнын өзгертуде заңды аспектілеріне көңіл бөлінді.

кеден ісіне қатысты «құрайды» деген сөз «қосылады» деген сөзбен алмастырылуы оның қызметін анықтайды.

«кеден саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күреске ... » нақты акцент жасалған.

«кеден органдарының қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздері» жөніндегі тұжырымы алынып тасталған.

Баптың соңында «... сыртқы сауда қызметін жүзеге асыратын тұлғалар мен мемлекет арасындағы биліктік қатынастарға сүйенген ...» деген айналымның енуі. «Биліктік қатынастар» түсінігі алғашқы рет ҚР Салық Кодексінде аталған болатын. Сонымен, бұл жерде мемлекеттің арнайы қызметтің бақылау және құқықтық міндеттермен қатар фискалды мүддесі көрініс алған.

Кеден ісі кедендік құқық қатынастарын реттеудің өзіндік құралы болып табылады. Кеден Одағы жөніндегі Келісімде кеден ісі жөніндегі тұжырымдар қарастырылған. Кейінгі бірыңғай экономикалық Кеңістік (1999 ж.) және Еуразиялық экономикалық қауымдастық (2000 ж.) жөніндегі келісімдер бұл бағытты растады.

## **2- бап. Кеден ісі саласы**

**1. Кеден ісі саласы – Қазақстан Республикасының кеден саясатын іске асыру кезінде кеден ісін қолдану жөніндегі мемлекеттік реттеу саласы.**

**2. Осы Кодекспен реттелмеген кеден ісі саласына қатысты қатынастар Қазақстан Республикасының өзге заң актілерімен реттеледі.**

«Кеден ісі саласы» категориясын заңды түрде енгізудің маңыздылығын бағалау мүмкін емес. 1995 жылдан бастап бұл категория кеден және басқа заңдылықта кеңінен қолданған. Бірақ, бұл категорияға толық анықтама берілмеген. Бапта Қазақстанның кеден саласындағы істі жүргізуде мемлекеттік монополияның орын алғандығы аталады. Егеменді елдің алдында тұрған міндеттер 1995 жылғы Конституция мен «Қазақстан 2030» Стратегиясынан туындайды.

1998 жылы Қазақстанда қабылданған «Ұлттық қауіпсіздік» жөніндегі заңында кеден органдары елдің экономикалық қауіпсіздігі үшін жауап беретін қызметі ретінде анықталған. Алдыңғы кеден заңнамасында жете айқындалмаған Кеден кодексінде мемлекеттік басқарудың бір тармағы ретінде оның қолданыс табуын және мемлекеттік көзқарасын кеден ісі саласы толық айқындаған.

Бұл аталған баптың екінші бөлімінде кеден заңының нормалары қоғамдық қатынастардың барлық жағын қамтуы мүмкін емес болғандықтан басқа да заңдарға сүйенуге болатындығы аталған. Мәселен, бұл актілерге Азаматтық, қылмыс заңдары, Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі, Қылмысты-процессуалды кодекстер жатады және т.б. заңдар, өкімдер, қаулыларды да атап кетуге болады.

### **3- бап. Қазақстан Республикасының кеден саясаты**

**1. Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі болып табылатын бірыңғай кеден саясаты жүзеге асырылады.**

**2. Кеден саясаты өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының қарауына жатады.**

**3. Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуды ынталандыру және экономикалық мүдделерін қорғау, тиімді кедендік бақылауды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге де мақсаттар Қазақстан Республикасы кеден саясатының негізгі мақсаттары болып табылады.**

Кеден саясатын жүзеге асыруда және анықтауда басты мәселесі оны мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі деп жариялады. Сондай-ақ, кеден саясатын жүзеге асыруда басқа да мемлекеттік құрылымдардың атсалысуында жатыр. Кеден саясаты негізгі категория ретінде ең алғашқы рет «Кеден тарифтері мен салығы» жөніндегі (1991ж) заңда кездеседі. Әрі қарай 1995 жылдан бастап кеден заңдылығында ол мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының кең ұғымдағы құрамдас бөлімі ретінде танылады. Сондай-ақ, кеден саясатының мақсаты кеден органдарының мүмкіндіктері мен компетенциясынан асып отыр. Мәселен: (шетел инвестицияларын тарту, экономиканың құрылымдық жағынан өзгеруіне ықпал ету). Сондықтан да, қазіргі кезде орталық мемлекеттік органдардың кеден саясатын жүзеге асыруына белсенді және іскерлі түрде қатысуы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Бұл баптың мәтінінде оның негізгі мақсаттары анықталған. Кеден саясаты шын мәнісінде елдің экономикасын дамытуға оның экономикалық мүдделерін қорғауда ынталандыру бағытына ие болу керек. Себебі кедендік кедергілер сауда мен инвестицияларға тосқауыл қоюы мүмкін. Ол халықаралық стандарттар мен ережелерге сай болуы керек. Кеден саясатының мақсатына жету экономикалық әдістер арқылы әкімшіліктендіру, кедендік реттеу механизмі арқылы жүзеге асуы қажет. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, кеден саясатты сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеу сферасы ретінде анықтауға болады.

Бұл кеден саясаты ҚР-ның кеден шекарасынан өтетін тауарларға қолда қалатын кеден төлемдерінің біртұтас, бір мақсатқа бағынған жүйесін қалыптастыру арқылы жүзеге асады.

#### **4- бап. Қазақстан Республикасының кеден заңдары**

**1. Қазақстан Республикасының кеден заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Кодекстен, сондай-ақ қабылдануы осы Кодексте көзделген өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.**

**2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.**

Қазақстандық кеден заңдарының қалыптасуы мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздігін алу кезеңіне сай келеді. Қазақстанда (2002 ж.) қабылданған құқық саясатының концепциясында кеден заңдары ұлттық құқық шеңберінде үлкен маңызға ие болған. Нормативті құқықтық актілерінің иерархиясына сай Кеден заңдары Кеден кодексінен Кеден бақылауы Агенттігінің актілері мемлекет органдары мен өкімет қаулылары жатады.

Кеден саласына қатысты мәселелер бойынша Президентпен актілерді ұсынған қабылдаған жағдайда, оларда кеден заңын толықтырады.

Бұл баптың екінші бөлімі халықаралық келісімдердің басымдылығы жөніндегі конституциялық тұжырымнан туындайды. Бұл халықаралық келісімдерді егер де оларды қолдануда заң шығару қажет болмаса қолдануға болады.

#### **5 - бап. Қазақстан Республикасы кеден заңдарының уақыт жағынан қолданылуы**

**1. Кеден ісі саласында осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының кеден органы кеден декларациясы мен құжаттарын тіркеген күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының кеден заңдары қолданылады.**

**2. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы осы Кодексте белгіленген талаптарды бұза отырып, өткізу кезінде тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы іс жүзінде өткізілген күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының кеден заңдары қолданылады.**

**3. Егер тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы іс жүзінде өткізілген күнін анықтау мүмкін болмаса, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылық айқындалған күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының кеден заңдары қолданылады.**

Бұл бап мазмұны мен атына байланысты нормативті құқықты актіні тек уақыт ішінде ғана қолданылатынын реттейді. Сондай-ақ, кеден заңдарының кеңістікте және адамдар ішінде жүзеге асуы қарастырылған. Бұл жалпытеориялық тұжырым «Нормативті құқықты актілер жөніндегі» (1998 ж.) заңнан туындайды.

Нормативті құқықтық актілер егер де олардың енуі жөніндегі мерзімі көрсетілмеген жағдайда кодекстер, заңдар, Президент үкімдері, өкімет қаулылары ресми түрде жарияланғаннан кейін он күн аралығында өз күшіне енеді. Кеден кодексінің «Қорытынды және өтпелі ережелер» атты 73-тарауында Кодекстің күшке ену мерзімі көрсетілген.

Бұл кодекс 2003 жылдың 1 мамырынан күшіне енеді. Бұл жерде тек 19-баптың 12-ші пункті, 290-баптың 5-ші пункті, 433 баптың 2-ші пункті, 2004 жылдың 1-ші қаңтарынан енеді. Кодекстің 530-бабына сай «ҚР-ғы кеден ісі жөнінде» заңы 2003 жылдың 1 мамырынан бастап күшін жоғалтады. Кодекстің ережелеріне қайшы келмейтін бұрынғы заң бөлімдері өкіметтік және ведомстволық нормативті актілердің қабылданғанына дейін жүзеге асады.

Кодекс пен халықаралық келісімдерде көрсетілген кейбір жағдайларын басқа уақытта Кеден Кодексі Қазақстан территориясының барлығында жүзеге асады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мен заң тұлғаларына тарайды, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалары да тарайды.

531-бапта кеден ісі саласында қызмет етуге рұқсаты бар физикалық және заң тұлғалары өз қызметін оның күшіне енген уақытынан бастап 6 ай ішінде Кодекс ережелеріне сай келтіруі керек. (2003 ж. 1 қарашаға дейін)

Кеден заңын қолдану тиесілі кеден органымен кеден мақсаттарына кеден декларациясын, басқа да құжаттарын тіркеген күннен бастап жүзеге асады. Бұл тәртіпке бағынбайтын ережелер кеден органдарының бақылау және құқықтық қызметін атап кетуге болады. Олар, осы баптың 2-ші және 3-ші пункттерінде баяндалған.

Кеден Кодексінде былай делінген: «Егер де «тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы осы Кодексте белгіленген талаптарды бұза отырып, өткізу кезінде тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы іс жүзінде өткізілген күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының кеден заңдары қолданылады. Егер тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы іс жүзінде өткізілген күнін анықтау мүмкін болмаса, кеден ісі саласындағы құқық бұзушылық айқындалған күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының кеден заңдары қолданылады».

**6-бап. Қазақстан Республикасының кедендік аумағы мен кедендік шекарасы**

**1. Қазақстан Республикасының кедендік аумағын құрғақтағы аумақ, аумақтық сулар (теңіз) және ішкі сулар, олардың үстіндегі әуе кеңістігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтық қайраңында орналасқан жасанды аралар, қондырғылар, ғимараттар және кеден ісі саласында Қазақстан Республикасының юрисдикциясында ғана болатын өзге де объектілер құрайды.**

**2. Қазақстан Республикасының аумағында құрылған арнайы экономикалық аймақтың аумағы Қазақстан Республикасының кедендік аумағының бір бөлігі болып табылады.**

**3. Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шектері, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтардың периметрлері Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы болып табылады. Кедендік шекара – Қазақстан Республикасының кедендік аумағының шектерін белгілейтін сызық пен осы сызық бойынша өтетін вертикалды бет.**

**4. Кедендік шекара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына дәл келуі мүмкін.**

Әдетте, кеден территориясы деп мемлекеттің кеден заңы қолданыс табатын территориясын атайды. Бір айта кететін жәйт, ұлттық территорияның кейбір бөліктері кедендік территориядан алынып тасталуы мүмкін. (Мысалы еркін және арнайы экономикалық зоналарды, еркін порттарды және т.б. атауға болады). Қазақстанда Кеден Кодексін қабылданғанша осылай болатын.

Ерекше кеден зоналарының территориялары кеден заңнамасында кеден территориясынан тыс жатқан деп есептелінетін. Бұл жағдай ерекше экономикалық зоналар жөніндегі заңдарда реттелетін. Оған сай, бұндай зоналар территориялары еркін кеден зоналары деп аталатын. Ендігіде экономикалық зоналар территориялары Кодекске сай Қазақстанның кеден территориясының бір бөлігі болып есептелінеді.

Алғашқы рет ТМД елдерінде, қазақстандық кеден заңдылығын «кедендік шекара» категориясы заңды түрде ене бастады. Кедендік шекара ҚР кедендік территориясының шектерін белгілейтін сызықпен осы сызық бойынша өтетін вертикалды бет. Бұл категорияның заңды жағынан маңызы зор. Керісінше жеке тұлғалардың кеден ережелерін бұзушы үшін жауапқа тартуды немесе олардың Қазақстанның кедендік шекарасы арқылы тауарларды, транспорт құралдарын жай ғана тасымалдаудың заңдылығына күмән келтіруге болады. Кеден шекарасының қашықтығы, мемлекеттік шекарасының қашықтығынан айырмасы бар.

Бұл шаралардағы құқықтық режимдерде де ерекшелік бар. Себебі, олардың қорғаныс мәселесі әр түрлі мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз етіледі. (Кедендік және шекара қызметтері). Мемлекеттік шекара жөніндегі 1993 жылы қабылданған арнайы заң, әрине әлдеқайда кеңірек.

Кеден Кодексі кеден шекарасының өз инфрақұрылымы бар мемлекеттік шекарамен сәйкестендіруге болатындығын көрсеткен. Кедендік шекараның инфрақұрылымының өзіндік ерекшелігі болу керек. Оған мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында тауарлар мен транспорт құралдарын шекарадан заңсыз өткізуді болдыртпау мен оны қорғауды жатқызуға болады.

## **7-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

### **1. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар:**

**1) тауарлар мен көлік құралдарын жіберу** – кеден органдарының тұлғаларға белгілі бір кедендік режимнің шарттарына сәйкес тауарлар мен көлік құралдарын пайдалануға және (немесе) оларға билік етуге рұқсат беру жөніндегі іс-әрекеті.

**2) жүк операциялары** – кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау, тиеу, түсіру, қайта тиеу, орамның зақымданған жерлерін жөндеу, орау, қайта орау және тасымалдау



үшін қабылдау, мұндай тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеп алу, аталған тауарлар болуы мүмкін үй-жайлар мен басқа да орындарды ашу.

**3) ырық бермес күштің әсері** – нақты бір жағдай кезіндегі Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген белгілі бір әрекеттерді жасауға кедергі келтіретін төтенше және ырық бермейтін оқиға.

**4) декларант** – тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлға ие тауарлар мен көлік құралдарын өз атынан декларациялайтын, білдіретін және ұсынатын кеден брокері.

**5) декларациялау** – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін және (немесе) кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдары туралы мәліметтерді мәлімдеу.

**6) шетелдік тұлға** – осы баптың 8) тармақшасында аталмаған тұлға.

**7) шетелдік тауар** – осы баптың 9) тармақшасында аталмаған тауар;

**8) қазақстандық тұлға** – Қазақстан Республикасының азаматы, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын жері бар, азаматтығы жоқ адам, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасында тіркелген жеке кәсіпкер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлға.

**9) қазақстандық тауар** – толығымен Қазақстан Республикасында өндірілген, жеткілікті қайта өңдеу өлшемдеріне сәйкес Қазақстан Республикасында қайта өңделген, Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналыс үшін шығарылған, Кеден Кодексіне сәйкес мемлекеттің меншігіне айналдырылған тауар.

**10) коммерциялық құжаттар** – шот-фактуралар, арнайы тізбелер, тиеу және орау парақтары, сондай-ақ тауарлардың құнын растайтын және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес пайдаланылатын басқа да құжаттар.

**11) топтасып тасымалдау** – бір көлік құралымен бір мезгілде бірнеше жөнелтушінің немесе алушының жүктері өткізілетін кездегі тасымал.

**12) тұлға** – жеке және (немесе) заңды тұлға.

**13) тауарларды өткізуші тұлға** – өз атынан не басқа тұлғаның тапсырмасы бойынша сыртқы экономикалық мәміле жасаушы

тұлға; егер тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу қазақстандық тұлғаның сыртқы экономикалық мәмілелер жасауынсыз жүзеге асырылатын болса, Қазақстан Республикасының аумағында кедендік бақылаудағы тауарларды пайдалану мен оларға иелік ету құқығы бар тұлға.

**14) тарифтік емес реттеу шаралары** – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салулар мен шектеулер, квоталау, лицензиялау, тауарлардың қауіпсіздігі бойынша стандарттар мен талаптарға (оның ішінде техникалық, фармакологиялық, санитарлық, ветеринариялық, фитосанитарлық, радиациялық, экологиялық стандарттар) сәйкестігін растау және Қазақстан Республикасының заң актілерімен және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулыларымен белгіленетін өзге де талаптар.

**15) тарифтік реттеу шаралары** – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде кедендік тарифті пайдалана отырып, сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметті мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шаралар.

**16) салықтар** – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты алынуы Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген қосылған құн салығы мен акциз.

**17) кедендік төлемдердің және салықтардың төленуін қамтамасыз ету** – осы Кодексте көзделген кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаудың осы Кодексте белгіленген әдістері.

**18) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу** – тауарлар мен көлік құралдарын халықаралық пошта жөнелтімдерімен жіберуді, құбыр тасымалы мен электр беру желілерін пайдалануды қоса алғанда, кез-келген әдіспен Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу немесе Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкету жөніндегі іс-әрекеттер жасау.

**19) тасымалдаушы** – тауарларды іс жүзінде өткізуші ие көлік құралын пайдаланғаны үшін жауапты болып табылатын тұлға.

**20) тауарларды алушы** – кедендік бақылаудағы тауарларды жеткізуге тасымалдаушы міндетті болатын тауардың ілеспе құжаттарында аталған тұлға.

**21) өткізу пункті** – адамдарды, тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік (кедендік) шекарасы арқылы өткізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары белгілеген автомобиль, темір жол вокзалының, станциясының, әуежайдың, аэродромның, теңіз, өзен портының не өзге де жабдықталған орынның шегіндегі аумақ (аумақтың бір бөлігі).

**22) мамандандырылған кеден мекемелері** – кеден ісі саласындағы міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын мемлекеттік мекемелер.

**23) электрондық цифрлық қолтаңба құралдары** – электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның түпнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдар жиынтығы.

**24) кедендік әкімшілік жүргізу** – Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асыратын ұйымдық-құқықтық және өзге де іс-әрекеттер мен шаралар жиынтығы.

**25) кедендік декларация** – тауарлар мен көлік құралдары туралы декларант мәлімдеген мәліметтерді жазбаша және (немесе) электрондық түрде растайтын құжат.

**26) кедендік инфрақұрылым** – кеден органдарының жұмыс істеуіне жағдай жасайтын, сондай-ақ кеден органдарының лауазымды адамдарына әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған үйлер мен ғимараттар.

**27) кедендік бақылау** – Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңдарын сақтау бойынша Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асыратын, орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген шаралардың жиынтығы.

**28) кедендік рәсімдеу** – тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты адамдар және Қазақстан Республикасының кеден органдары жасайтын іс-әрекеттер мен рәсімдердің жиынтығы.

**29) кедендік операциялар** – кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты Қазақстан Республикасының кеден органдары да, тұлғалар да Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жасайтын жекелеген іс-әрекеттер.

**30) жөнелтуші кеден органы** – тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен тасымалдау басталатын Қазақстан Республикасының кеден органы.

**31) межелі кеден органы** – тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен тасымалдау аяқталатын Қазақстан Республикасының кеден органы.

**32) кедендік баж** – Қазақстан Республикасының кеден органдары тауарды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелген кезде немесе тауарды аталған аумақтан әкеткен кезде алатын және осындай әкелу немесе әкетудің ажырамас шарты болып табылатын кедендік төлемнің түрі.

**33) кедендік рәсімдер** – Қазақстан Республикасының кеден органдары мен кеден ісі саласындағы тұлғалардың кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты жасайтын іс-әрекеттерінің жиынтығы.

**34) кедендік режим** – Қазақстан Республикасының кедендік аумағында не одан тыс жерлерде өткізу, пайдалану мақсаттарына қарай тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағы арқылы өткізу кезіндегі олардың кеден ісі саласындағы мәртебесін айқындайтын осы Кодексте белгіленген нормалардың жиынтығы.

**35) кедендік алымдар** – Қазақстан Республикасының кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеу, кедендік алып жүру үшін, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының кеден органдары бекітетін қоймаларда сақтау үшін алатын кедендік төлем түрлері.

**36) кедендік алып жүру** – Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын алып жүруі.

**37) кедендік тариф** – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға қолданылатын кедендік баж ставкаларының Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес жүйеленген тізбесі.

**38) кеден терминалы** – Қазақстан Республикасы кеден органдарының қызмет аймағындағы Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлармен және көлік құралдарымен кедендік рәсімдеу және (немесе) кедендік операциялар жасауға арнап, арнайы жайластырылған техникамен жарақтандырылған және жабдықталған орын.

**39) тауар** – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін мүлік, оның ішінде ақпарат таратушылар, валюталық құндылықтар, энергияның электр, жылу және өзге де түрлері, сондай-ақ көлік құралдары, бұған осы баптың 43) тармақшасында аталған көлік құралдары кірмейді.

**40) кедендік бақылаудағы тауарлар** – осы Кодекске сәйкес кедендік бақылау жүзеге асырылатын тауарлар.

**41) көлік құжаттары** – халықаралық автомобиль жүк құжаттамасы, темір жол көліктік жүк құжаттамасы, багаж тізімдемесі, багаж түбіртегі, әуе жүк құжаттамасы, коносамент, сондай-ақ құбыр тасымалымен және электр беру желілері арқылы тауарларды өткізу кезінде пайдаланылатын құжаттар мен Қазақстан Республикасының көлік туралы заң актілерінде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген тасымалдар кезінде тауарлар мен көлік құралдарына ілесе жүретін өзге де құжаттар.

**42) тауарларға ілеспе құжаттар** – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына арналған коммерциялық және көлік құжаттары.

**43) көлік құралы** – халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыру үшін қолданылатын және осы көлік құралдарымен бірге тасымалданатын болса, олар үшін техникалық паспортпен немесе техникалық формулярмен көзделген қосалқы бөлшектерді, керек-жарақтары мен жабдықтары, олардың конструкциясында көзделген май құю ыдыстарындағы жанар-жағармай материалдары мен салқындату сұйықтарын қоса алғанда, теңіз, ішкі су, әуе кемесі, механикалық көлік құралы.

**44) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасында кеден ісіне басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

**45) шартты түрде шығару** – тауарлар мен көлік құралдарын шектеп және оларды пайдалану мен оларға билік ету жөніндегі шарттарға орай шығару.

**46) сыртқы экономикалық қызметке қатысушы** – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырушы тұлға.

**47) электрондық құжат** – өзіндегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат.

**48) электрондық цифрлық қолтаңба** – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиыны.

**2. Қазақстан Республикасы кеден заңдарының басқа да арнаулы ұғымдары осы Кодекстің тиісті баптарында айқындалатын мағынада пайдаланылады.**

**3. Осы Кодексте пайдаланылатын Қазақстан Республикасы заңдарының азаматтық және басқа да салаларының ұғымдары, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы заңдарының бұл салаларында олар қалай пайдаланылса, сондай-ақ мағынада қолданылады.**

Кеден Кодексінің басты негізгі ұғымдары осы бапта жинақталған. Кеден Кодексі 7-бапқа 48 негізгі ұғымды кіргізсе, ал басқа 40-тай ұғым Кодекстің басқа тараулары мен баптарында берілген. Осы қалған тараулар мен баптарында атап кетуге болады:

12-тарау «ішкі Кедендік транзит» (71-бап).

13-тарау «Уақытша сақтау» (87-бап).

14-тарау «Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тысқары жерлерге жету кезіндегі кедендік рәсімдер» (112-бап).

34-тарау «Жеке тұлғалардың тауарлар мен көлік құралдарын өткізуі» (263-бап).

35-тарау «Тауарларды халықаралық пошта жөнелтілімдерімен өткізу» (271-бап).

36 тарау «Шетелдік тұлғалардың жекеленген санаттарының тауарларды өткізуі» (278-бап).

39-тарау «Тауарлардың Кедендік құнын айқындау» (305 бап).

40-тарау «Кедендік төлемдерді төлеу мерзімдері мен тәртібі» (322 бап).

41-тарау «Кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер» (329 бап).

42-тарау «Кедендік бақылауды төлеу мерзімдерінің өзгеруі» (322 бап).

52-тарау «Кеден органдарының интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықты қорғау үшін негіздер» (410 бап).

57-тарау «Кедендік бақылау жүргізудің нысандары мен тәртібі» (445-448 баптар).

60-тарау «Тәуекелді бағалау мен басқару» (408 бап). Жоғарыда келтірілген тараулар мен баптардағы ұғымдардың осы аталған баптардағы басты ережелерге ғана қатысты емес, сонымен қатар кедендік реттеуге де қатысты екендігін атап кетуге болады.

69-тарау «Кеден органдарында қызмет атқару тәртібі» (505-506 баптар);

Қазақстандық заңнамалар үшін өзекті мәселелер қатарында категориялды аппараттың өз мазмұнына сай келуі. Себебі кодекстер мен заңдарда қолданылатын түсініктерге берілген анықтама оның мазмұнына сай келмеуі жиі кездеседі.

Бұл тақырыпты толық ашу үшін аталған тараулар мен баптарда көрсетілген басқа ұғымдарды келтіруге болады.

**Ішкі кедендік транзит рәсімі** – тараулар мен көлік құралдарын жөнелтуші кеден органына дейін кедендік бақылаумен өткізудің осы Кодексте және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда белгіленген тәртібі.

**Аралық кеден органы** - ішкі кедендік транзит рәсімі бойынша өткізілетін тауарларды ішінара түсіру жүргізілетін кеден органы.

**Ішкі кедендік транзит** – кедендік бақылаудағы тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік аумағы бойынша, сондай-ақ осы тарауда белгіленген шарттар сақталған жағдайда, шет мемлекеттің аумағы арқылы өткізілетін кездегі кедендік рәсім.

**Уақытша сақтау** - әкелінген тауарлар белгілі бір кедендік режимге сәйкес межелі кеден органына табыс етілген кезден бастап, олар шығарылғанға дейін не осы Кодексте белгіленген тәртіппен мемлекет меншігіне айналдырғанға дейін кедендік бақылауда сақталатын кедендік рәсім.

**Өндірістік немесе өзге де кәсіпкерлік қызметке арналмаған тауарлар** – жеке тұлға пайда табу мақсатында пайдаланылмайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу сипатына, кезеңділігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшеріне және өзге де өлшемдеріне сәйкес келмейтін тауарлар;

**Иесімен бірге жөнелтілетін багаж** – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтетін жеке тұлға тікелей өткізетін тауарлар;

**Иесімен бірге жөнелтілмейтін багаж** – тауар өткізуші жеке тұлғамен жасалған тасымалдау шарты бойынша (багаж түбіртегі, жөнелту құжаты, коносамент және басқа да құжаттар бойынша) тасымалдаушы Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізетін тауарлар;

**Көлік құралы** – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы осы көлік құралын өткізетін жеке тұлғаның меншігіндегі немесе уақытша иелігіндегі қосалқы бөлшектерімен және әдеттегі керек-жарақтарымен, жабдықтарымен бірге, дағдылы бактарында жанар-жағар майы мен отыны бар автотокөлік құралы, тіркеме, теңіз және ішкі су немесе әуе кемесі;

**Декларациялаудың конклюденттік нысаны** – жеке тұлғаның қол жүгінде және иесімен бірге жөнелтілетін багажында міндетті жазбаша декларациянуға жататын тауарлардың жоқ екендігін куәландыратын іс-әрекеттер жасауы.

**Халықаралық пошта жөнелтімдері** – жай немесе Қазақстан Республикасынан тысқары жерге жөнелту үшін қабылданатын не Қазақстан Республикасына келіп түсетін, не Қазақстан Республикасының аумағы арқылы бір шет мемлекеттен екінші шет мемлекетке транзитпен өтетін, тіркелетін пошта жөнелтімдері;

**Халықаралық пошта қызметтерін көрсететін ұйым** – Қазақстан Республикасының пошта байланысы туралы заңдарына және Дүниежүзілік пошта одағының актілеріне сәйкес пошта байланысы қызметтерін көрсетуші заңды тұлға;

**Халықаралық пошта алмасу орны** – кедендік рәсімдеу жүргізілетін халықаралық ілеспе құжаттарды рәсімдей отырып, келіп түсетін және жіберілетін халықаралық пошта жөнелтімдерін өңдеу міндетіне кіретін пошта байланысының бөлімшесі;

**Дипломатиялық өкілдік** – жеке құрамы Қазақстан Республикасында тіркелген шетел мемлекетінің өкілдігі;

**Консулдық мекеме** – жеке құрамы Қазақстан Республикасында тіркелген кез-келген бас консулдық, консулдық, вице-консулдық немесе консулдық агенттік;

**Дипломатиялық өкілдіктің қызметкерлері** – өкілдіктің басшысы және өкілдік жеке құрамының мүшелері;



**Дипломатиялық өкілдік жеке құрамының мүшелері** - өкілдіктің дипломатиялық, әкімшілік-техникалық және қызмет көрсетуші жеке құрамының мүшелері;

**Консулдық лауазымды адам** – консулдық мекеменің басшысын қоса алғанда, консулдық лауазымды адам ретінде консулдық функцияларды атқару тапсырылған адам;

**Консулдық мекеменің қызметкерлері** – консулдық лауазымды адамдар, консулдық қызметшілер (әкімшілік-техникалық міндеттерді атқаратын адамдар) және қызмет көрсетуші жеке құрамының қызметкерлері;

**Дипломатиялық өкілдіктерге теңестірілген өкілдіктер** – жеке құрамы Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық ұйымдардың өкілдіктері;

**Дипломатиялық пошта** – мемлекет пен оның шетелдегі дипломатиялық, консулдық өкілдіктері арасындағы байланыс түрі;

**Консулдық садиян** – консулдық мекемелердің байланыс түрлерінің бірі;

**Дипломатиялық курьер** – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы дипломатиялық поштаны өткізуге уәкілетті тұлға;

**Консулдық курьер** – Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы консулдық сағдиянды өткізуге уәкілетті тұлға;

#### **Тауардың кедендік құны**

Тауардың кедендік құны – тауардың Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізілетін, осы тарауға сәйкес айқындалатын, мынадай мақсаттарда:

#### **тауарға кедендік төлемдерді және салықтарды салу**

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін мемлекеттік реттеудің өзге шараларын қолдану мақсатында пайдаланылатын құны;

#### **Кедендік төлемдерді төлеушілер – мына тұлғалар:**

тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар тұлғалар немесе декларант;

лицензия немесе кедендік рәсімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын алатын тұлғалар кедендік төлемдерді төлеушілер болып табылады.

#### **Кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер:**

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы

өткізілетін тауарларға қатысты кедендік төлемдерден босату түріндегі жеңілдіктер, сондай-ақ тарифтік преференциялар кедендік жеңілдіктер деп түсініледі.

Кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібімен беріледі және осы Кодекстің 330 және 331-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес сипатта бола алмайды.

Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерімен кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер беруге тыйым салынады.

Кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту ұғымы және оның шарттары.

Осы Кодексте белгіленген кедендік баждарды төлеу мерзімін неғұрлым кейінгі мерзімге, бірақ кеден органы жүктің кедендік декларациясын тіркеген күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге ауыстыру кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту болып табылады. Кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту кейінге қалдыру немесе мәулеттік мерзім беру нысанында жүргізіледі.

Бұл ретте, кедендік баждарды төлеуді кейінге қалдыру – төлеу мерзімін ұзарту, ал кедендік баждарды төлеу мерзімін қосымша кезеңге ұзарту – мәулеттік мерзім болып табылады, осы кезең ішінде қажетті сома бөліп-бөліп төленуге тиіс.

**Кедендік қадағалау** – кеден органдары лауазымды адамдарының кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарының тасымалдануын, олармен жүк және өзге де операциялардың жасалуын көзбен шолып, оның ішінде техникалық құралдарды қолдана отырып бақылауы.

**Тауарлар мен көлік құралдарын тексеру.** Кеден органы лауазымды адамдардың тауарлар мен көлік құралдарын, оның ішінде халықаралық пошта жөнелтімдерін, жеке тұлғалардың багажын қарауы кедендік бақылаудағы тауарлардың сипаты, шығарылған жері, жай-күйі, мөлшері туралы, тауарларда, көлік құралдарында және олардың жүк тиелетін бөліктерінде кедендік проблемалардың, мөрлердің және басқа да қондырылған бірдейлендіру құралдарының бар екендігі туралы мәліметтерді растау үшін жүзеге асырылады.

**Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеріп қарау.**

Кедендік тексеріп қарау – кеден органдары лауазымды адамдарының, тауарлардың орамаларын немесе көлік құралының

жүк тиелетін бөліктерін не ыдыстарды, контейнерлерді және тауарлар бар немесе болуы мүмкін өзге де орындарды ашумен байланысты тауарлар мен көлік құралдарына қатысты іс-әрекеті.

**Жеке тексеріп қарау.**

Кедендік бақылаудың ерекше нысаны ретіндегі жеке тексеріп қарау Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтетін не кедендік бақылау аймағындағы немесе халықаралық әуежайдың транзит аймағындағы жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу объектілері болып табылатын тауарларды өзінде жасырып, бермей тұр деп ойлауға жеткілікті негіздер болған жағдайда, кеден органы басшысының немесе оны алмастырушы адамның жазбаша шешімі бойынша жүргізіледі.

**Контрафактылы тауарлар** – құқық иеленушіліктің Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес қорғалатын құқықтары бұзыла отырып, құрылған және (немесе) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілген, интеллектуалдық меншік объектілері бар тауарлар;

**Құқық иеленуші** – Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес интеллектуалдық меншік объектілерін иеленуге ерекше құқығы бар тұлға;

**Шығаруды тоқтату** – таңдап алынған кедендік режимге сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін, контрафактылы тауарлар болып табылады деп болжанып отырған тауарларды шығару туралы шешім қабылдану мерзімін кеден органдарының ұзартуы;

**Интеллектуалдық меншік объектілері бар тауарлар тізілімі** (бұдан әрі-тізілім) – Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес қорғалатын интеллектуалдық меншік объектілері бар тауарлардың тізбесі.

**Тәуекел** – Қазақстан Республикасының кеден заңдарын сақтамаудың мемлекет үшін залалға әкеп соғуы мүмкін ықтималдық дәрежесі.

**Тәуекелді бағалау** – тәуекелдің деңгейін бағалау және алдынала айқындалған стандарттармен салыстыру арқылы тәуекелді басқарудың басымдықтарын айқындау.

**Тәуекелді басқару** – тәуекелдің алдын-алу үшін бақылау әдістерін айқындауға мүмкіндік беретін алдын-алу шараларын қолдану техникасы.

### **Кеден оргарындағы қызмет.**

Кеден органдарындағы қызмет Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кеден органдарының міндеттерін, құқықтарын және міндеттемелерін, сондай-ақ құқық қорғау органдарының функцияларын іске асыру жөніндегі кәсіби қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы азаматтары мемлекеттік қызметінің арнаулы түрі болып табылады.

### **Кеден органдарына қызметке қабылдау.**

Өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, өзіне жүктелген міндеттерді орындауға денсаулық жағдайы, дене бітімінің дамуы және білім деңгейі жөнінен қабілетті, кеден органдарына қызметке қабылданған, Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматтары кеден органдарының лауазымды адамдары болып табылады.

## **2-тарау. ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕНДІК ШЕКАРАСЫ АРҚЫЛЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

**8-бап.** Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелу және Қазақстан Республикасынан әкету құқығы

**1.** Осы Кодексте және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, барлық тұлғалардың тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тең негіздерде құқығы бар.

**2.** Қазақстан Республикасының заң актілерімен және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулыларымен тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салулар мен шектеулер, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары белгіленуі мүмкін.

Занды түрде алынған мүлікті еркін кәсіпкерлік қызметті жүргізу құқын, занды кәсіпкерлік қызмет үшін мүлікті пайдалануын, мемлекеттен тыс аймақтарға (шетелге) шығу; кедергісіз қайта оралуы сенімді конституциялық нысандар Кеден заңдылығында қажетті түрде көрініс алды.

Конституциялық нормалардың дамуының бұндай ерекшелігінің мәні Қазақстан Кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғаларымен тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдауын, кеден органдарының өз міндеттерін орындауын заңға сай қатаң түрде жүргізуде жатыр.

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі жөніндегі» заңын тауарлар мен көлік құралдарын енгізу немесе шығару жөніндегі жеке баптар кездесетін.

Ал қазіргі уақытта Кеден Кодексінің бұл бабының екінші бөлігінде Өкімет қаулыларын немесе заңын қабылдау арқылы тауар мен көлік тасымалдауына шектеу қойып, тыйым салуға болатындығы айтылған. Тауарлар мен көлік құралдарын алып келу немесе шығаруға тыйым салу мемлекеттік қауіпсіздік адамгершілік-моралдық тұрғысынан адам өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған ортасын көркем, тарихи және археологиялық жәдігерлерді қорғау, меншікті қорғау

құқы, тұтынушылар мен мемлекеттің басқа да маңызды өмірлік мүдделерінен туындайтыны айғақ.

Кеден саясатының, мақсаттарын ішкі нарық қажеттіліктерін жүзеге асыру және экономикалық мүдделерді ескеру белгілі бір тауарлар түрін әкелу және әкетуге уақытша тыйым салуға негіз бола алады. (Мәселен, мұндай шектеулер азық-түлік тауарларға, мазут пен жанармайға қатысты қолданылған).

**9-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу тәртібі**

**1. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу кезінде тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің шарты кедендік шекарадан іс жүзінде өту және Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген іс-әрекеттерді жасау болып табылады.**

**2. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкету кезінде өткізудің шарты кедендік декларация беру немесе тауарлар мен көлік құралдарын әкетуге бағытталған өзге де іс-әрекеттер болып табылады. Өзге іс-әрекеттерге:**

**1) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кететін жеке адамның кедендік бақылау аумағына кіруі (енуі);**

**2) тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлғаның тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан әкету туралы хабарлама беруі;**

**3) автокөлік құралының Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан шығу мақсатымен, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктіне енуі;**

**4) Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс жерлерге жөнелту үшін тауарларды көлік саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы тұлғаларға не халықаралық пошта жөнелтімдерін халықаралық пошта қызметін көрсетуші ұйымдарға тапсыру жатады.**

**3. Валюталық құндылықтарды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу Қазақстан Республикасының валюталық заңдарына және осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.**

Тауарлар мен көлік құралдарын өткізу тәртібі жаңа кеден заңнамасында әрі қарай дамуын тауып отыр. Бұл баптың мазмұны

кедендік шекара арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу барысындағы қатынастарды кең түрде реттеуге мүмкіндік береді.

Тауарлар мен көлік құралдарын әкелу және әкету барысында өткізу шарттары әртүрлі. Бірақ мына жағдайды ескеру қажет, кедендік шекараны кесіп өту, әкелу және әкету барысында сөзсіз болуы мүмкін. Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік шекара арқылы өткізуді Кеден Кодексі Қазақстанның кеден территориясына түрлі әдіспен әкелу немесе кеден территориясынан әкетуді жүзеге асыру деп есептейді. Оған халықаралық пошта жөнелтілімдерді, электр өткізгіштерінің жүйесін, құбыр жолдар тасымалдауын кіргізуге болады.

Белгіленген тәртіптің басты шарты тауарлар мен көлік құралдарын әкетуде декларация беру болып табылады. Айта кететін жәйт, аталған кедендік режим және басқа кедендік мақсаттарды мәлімдеуде қажетті айқындалған құжаттар ұсынылуы керек. Физикалық тұлғалар мен жеңілдік және оңайлатылған түрдегі тауарлар мен көлік құралдарын өткізу тәртібі өкіметпен жиі қарастырылып, қабылданып отырады. Бұл бап негізгі шарты – кеден органдарын тауарларды және көлік құралдарын әкету жөнінде хабарлама беру.

Кеден бақылауы Агенттігімен тауарлар мен көлік құралдарын әкету, әкелу міндеткерліктерінің нысандары, кедендік кіріс ордерінің формасы және оны есепке алу, толтыру ережелері бекітілген.

Сондай-ақ, кеден органдары валюталық бақылау органдары болып табылады. Оның басты бағыттарына жүргізілген операциялардың заңға сай екендігін анықтауды, қажетті құжаттардың толық берілуін, заңдылығы, төлемдердің негізделуін, валюталық операциялар бойынша объективті, толық есеп берілуін жатқызуға болады. Кеден органдары сыртқы экономикалық қызметке қатынасушылардың валюталық заңды орындауына бақылау жүргізуді қамтамасыз етеді;

Ұлттық Банкке кедендік шекарасы арқылы тауарлары мен көлік құралдарының қозғалысы жөнінде ақпарат береді;

Ұлттық Банк пен екінші дәрежелі банктерге валюталық заңды бұзушылықтары жөнінде хабарлама береді.

### **10-бап. Кедендік рәсімдеу**

**Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген тәртіпте және шарттарда кедендік рәсімдеуге тиіс.**

Кедендік рәсімдеу бүкіл кеден заңнамасының басты блок болып табылады. Ол кедендік шекара арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге байланысты кедендік органдар мен жеке тұлғалардың (декларантпен) жасайтын іс-әрекеттерінің және процедураларының жиынтығы.

Заң шығарушы негізгі кедендік рәсімдеуді тауарлар мен көлік құралдарын декларацияландыру бойынша жасалатын іс-әрекеттерге және оларды белгілі бір кедендік режимге орналастыруға бағытталған рәсімдеу түрлері деп таниды.

Кедендік Кодекс кедендік рәсімдеуге қатысты негізгі және қосымша нысандарды реттейді. Алғашқыларына рәсімдеу жүргізу технологиясы, тәртібі, кедендік рәсімдеудің бастауы мен аяқталуы, кедендік рәсімдеу жөніндегі операциялар жасаудың орны мен уақыты; құжаттар мен мәліметтер; өкілетті тұлғалар мен олардың өкілдерінің кедендік рәсімдеу кезінде қатысуы; кедендік рәсімдеу жүргізілетін тіл, жүк және өзге де операциялар, кедендік рәсімделуі аяқталмаған тауарлар мен көлік құралдарын пайдалану және оларға билік ету, тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу. Қосымша ережелер кедендік рәсімдеудің басым тәртібін және оның оңайлатылған тәртібін қамтиды. Кодекстің «Кедендік рәсімдеу» атты 9-шы бөліміне тауарларды декларациялау және тауарды шығару, кеден брокері қызметі мәселелері енгізілген.

Интеллектуалды меншік объектілері бар тауарларға қатысты кеден кодексі кедендік рәсімдеудің ерекшеліктерін анықтайды. (10 бөлім. 53-тарау).

### ***11-бан.* Кедендік режимді таңдау және өзгерту**

**1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары тұлғаның таңдауы бойынша осы Кодексте көзделген тәртіпте және шарттарда белгілі бір кедендік режимге орналастырылады.**

**2. Тауарлар мен көлік құралдарының кедендік режимін тұлға осы Кодексте көзделген тәртіпте және шарттарда Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілген тауарлар мен көлік құралдарының арналуы мен пайдалану мақсатына қарай басқа кедендік режимге өзгертуі мүмкін.**

Кедендік режим тауарлар мен көлік құралдарының кеден іс саласындағы мәртебесін анықтауға бағытталған.



Кеден Кодексінде 17 кеден режимі айқындалған. (Алғашқы кодексте оның саны 15 болатын). Бұл жағдай кедендік шекара өткізу барысындағы мүмкіндіктерді кеңейтеді. Осы орайда өткізу мен тауарларды және көлік құралдарын пайдалану мақсаттары үлкен маңызға ие.

Жеке тұлғаның кедендік режимді таңдауы нақты сипатта болады. Ол Кодексте және басқа нормативті құқықты актілерінде көзделген тәртіпке және шарттарға тәуелді. Жеке түрде Кеден Кодексінде 6 бөлімі «Тауарлардың кедендік режимдері» (15-32 тауарлар) көзделген. Ол бөлімде тауарлар мен көлік құралдарын орналастыру шарттары мен пайдалану мақсатына сай белгіленген кедендік режимінің негізгі өлшемдері реттейді.

Кедендік бақылау Агенттігі кеден ісі мәселелерін шешуде өкілетті орган ретінде кеден режимдері бойынша кедендік рәсімдеудің ережелерін анықтайды. (Оған мысал ретінде Еркін кеден аймағы режимінде тауарларды кедендік рәсімдеудің ережелері 2003 жылы 7 мамырда 187 бұйрықпен қабылданған).

Егер де тауарлар мен көлік құралдарын арналуы мен пайдалану мақсатын өзгертулер енгізген жағдайда мәлімделінген кедендік режимді басқа режимге ауыстыруға болады. Бұл жерде айта кететін жәйт, тауардан мемлекет пайдасына бас тарту кедендік режимін кедендік рәсімдеуден өткізгеннен кейін бұл режимдер өзгеріске ұшырамайды.

**12-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде тарифтік емес реттеу шараларын сақтау**

1. Тарифтік емес реттеуге жататын тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, декларант Қазақстан Республикасының кеден органдарына тарифтік емес реттеу шараларының сақталғандығын растайтын құжаттарды табыс етуге міндетті.

2. Әкелуге және әкетуге тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдары, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осындай тауарлар мен көлік құралдарын тәркілеу көзделмесе, Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан

тыс жерлерге дереу әкетілуге не тиісінше аталған аумаққа қайтарылуға жатады.

Тауарлар мен көлік құралдарын әкетуді немесе қайтаруды тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші адам не тасымалдаушы жүзеге асырады.

**3. Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелуге немесе аталған аумақ шегінен тыс жерлерге әкетуге шектеу қойылған тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының заң актілерінде немесе халықаралық шарттарында белгіленген талаптар сақталған жағдайда Қазақстан Республикасының кеден органдары жібереді.**

Алғашқы кодификацияланған актіде (1995 жылғы 20 шілдеде Кеден ісі жөніндегі Президент указы) «экономикалық саясат шарасы» категориясы қарастырылған. Бұл категория 1999 жылы «тарифтік емес реттеу шаралары» деген түсінікке алмастырылған. Сонымен, кедендік әкімшіліктендірудің жалпы экономикалық аспектісі басқарушылық сипатқа ие болды.

Тарифтік емес реттеу шаралары кең түрде қолданыс тапты. Оған Қазақстан Республикасына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу, әкетуге шектеу салу, квоталау, лицензиялау, тауарлардың қауіпсіздік талаптарына (оның ішінде техникалық, фармакологиялық, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық, радиациялық, экологиялық стандарттар) сәйкестігін растау және Қазақстан Республикасының заң актілерімен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік қаулыларымен белгіленетін өзге де талаптарды қамтиды.

Кеден ісі саласындағы құжаттарды 3 топқа бөлуге болады: Кеден Кодексінің 381-383 баптары бойынша есепке алу мақсатында құжаттар беру; тауарларды декларациялау кезінде құжаттар беру, таңдалған кедендік режимдердің талаптарына сәйкес құжаттар беру. Декларантпен берілген аталған құжаттар тобы, кеден органдарына тарифті және тарифті емес реттеу шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Алдыңғы Кеден заңдылығында көрсетілгендей тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкетуге тыйым салыну мемлекеттік қауіпсіздік мүдделерінен, моралды-адамгершілік мүдделері, адам өмірі мен денсаулығын сақтау, айналадағы табиғи ортаны, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, көркем, тарихи, археологиялық игіліктерін,

меншік құқығын қорғау, интеллектуалды меншікті, тұтынушылардың және де мемлекеттің басқа да өмірлік маңызы бар мүдделерін қорғау тұрғысынан негіздейді. Егер де осындай тауарлар мен көлік құралдары әкетілетін болса және де құқық бұзушылық арқылы жетсе, онда алдын-ала көрсетілген процессуалдық-әрекеттер, тауарлар мен көлік құралдарын конфискациялау қарастырылады. Кеден Кодексі тыйым салынған тауарды және көлік құралдарын әкелу мен әкету барысында оны тез арада қайта алып кету қажет, сондай-ақ бұл заң бұзушылық үшін оны тасымалдаушы тұлғаға жүктеледі. Әкелінетін және әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарының кейбір түрлеріне мемлекет шек қоюға құқы бар.

Осыған сәйкес кеден органдары оларды әкету және әкелуге шыққан қосымша шығындарын өтемейді.

**13-бап. Тауарлар мен көлік құралдарын пайдалану және оларға билік ету**

**1. Тауарлар мен көлік құралдары жіберілгенге дейін оларды пайдалану мен оларға билік ету осы Кодексте көзделген тәртіпте және жағдайларда жүзеге асырылады.**

**2. Тауарлар мен көлік құралдары жіберілгеннен кейін оларды пайдалану және оларға билік ету мәлімделген кедендік режимнің шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.**

Тауарлар мен көлік құралдары шыққанға дейін және шыққаннан кейін оларды пайдалану тәртібін заң шығарушы өзі белгілейді.

Жалпы ереже олардың пайдалануын, қолдануын кедендік рәсімдеуді жасамай жібермейді. Кедендік Кодексте тауарлардың жекелеген санаттарын кедендік рәсімдеудің басым тәртібі қарастырылған. Мәселен Қазақстан Республикасының кедендік аумағына табиғи зілзаның, авариялардың, апаттардың зардаптарын жоюға қажетті тауарларды, сондай-ақ тез бұзылатын тауарларды, тірі жануарларды, радиоактивті материалдарды, жарылғыш заттарды экспресс-жүктерді, ізгілік және техникалық көмекті, бұқаралық ақпарат мақсаты үшін хабарламалар мен материалдарды, осы тектес басқа тауарларды әкелу және осы аумақтан әкету кезінде кедендік рәсімдеу басым тәртіпте жүргізіледі. Сондай-ақ, тауарлар мен көлік құралдарын бірдейлендіру үшін қажетті мәліметтердің ең аз көлемі берілген кезде, тауарлар мен көлік құралдарын кезде, тауарлар мен көлік құралдарын шығаруды көздейтін кедендік рәсімдеудің оңайлатылған тәртібін атап кетуге болады.

Тауарлар мен көлік құралдарын пайдалану және билік ету шарттары мен тәртібі таңдап алынған режимге сай (кодекстің 16-32 тарауларының) анықталады.

#### **14-бап. Шартты түрде жіберу**

**Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін, шектеулер сақтала отырып, өздеріне қатысты кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу жөнінде жеңілдіктер берілген не осы Кодексте анықталған өзге де шарттар мен талаптар белгіленген тауарлар мен көлік құралдары шартты түрде жіберілуге тиіс.**

**Шартты түрде жіберілген жағдайда тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауда болады.**

Кеден кодексі тауарларға қатысты төлемдерден босату түріндегі кедендік және тарифтік преференциялар түріндегі жеңілдіктерді қарастырады.

Бұл бапта заң шығарушы «кедендік төлемдер мен баждарды салудағы жеңілдіктер» дегенімізді оларды төлеу мерзімдерін өзгеруі деп түсінеді. Төлем мерзімінің өзгеруіне Кеден баждарын төлеу мерзімін тіркеген күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімге ауыстыруын жатқызамыз. Кедендік баждарды төлеу мерзімдерін өзгерту кейінге қалдыру немесе мәулеттік мерзім беру нысанында жүргізіледі. Кедендік төлемдерді және салықтарды төлеу бойынша берешегі бар не кедендік төлемдерді және салықтарды төлеуден жалтаратын, сондай-ақ өздеріне қатысты банкроттықты рәсімдеу жөнінде іс қозғалған тұлғаларға кедендік баждарды төлеу бойынша мерзімін ұзарту немесе мәулеттік төлеу мерзімі берілмейді.

Кеден ісі саласындағы жалпы тәртіп бойынша Қазақстанның кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылаудан өтуі тиіс.

#### **15-бап. Кедендік бақылау**

**Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары кедендік бақылауға жатады.**

**Кедендік бақылауды осы Кодексте белгіленген тәртіп пен нысандарда Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асырады.**

Кедендік бақылау кедендік шекара арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына ғана қатысты жүргізілмейді. Ол сон-

дай-ақ, кедендік декларация, тауарлар мен көлік құралдары жайлы құжаттар мен мәліметтерге; кедендік брокерлер, кедендік тасымалдаушы ретіндегі адамдар әрекетін; сондай-ақ жеке кедендік режим шеңберінде әрекет етуші және уақытша сақтау бойынша кедендік қызмет атқарушыларға; тауарларды пайдалану құқығы мен тауарларды реттестірудегі белгіленген шектеулерді бақылауға; кедендік төлемдер мен алымдарды аудару мен төлем қабылдауға да қатысты.

Кедендік бақылау жүргізу тәртібі бақылаудың нақты 11 нысандарында қарастырылады: кедендік декларацияны, құжаттар мен мәліметтерді тексеру; ауызша пікір сұрау; түсіндірмелер алу; кедендік қадағалау; тауарлар мен көлік құралдарын тексеру; тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеріп қарау; жеке тексеру; кеден кодексі мен салық заңдарына сәйкес қарастырылған жағдайда кей тауарларды арнайы маркамен белгілеу немесе идентификациялық белгілер соғу; тауарлар мен көлік құралдарының есебі мен олар бойынша есептілік жүйесін тексеру; тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу; үй-жайлар мен аумақтарды тексеру болып табылады.

## **2-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕН ОРГАНДАРЫ**

### **3-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ**

#### ***16-бап. Қазақстан Республикасының кеден органдары***

**Қазақстан Республикасының кеден органдары - өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасында кеден саясатын іске асыруға қатысатын және кеден ісін тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді атқаратын мемлекеттік органдар.**

Кедендік органдар тұтас мемлекеттік биліктің атқару саласындағы органдар жүйесіне кіреді. Бұл ереже 1995, 18.12 «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» конституциялық заңынан, Кеден кодексінен, 2002. 06.09 Кедендік бақылау агенттігі туралы ережеден келіп шығады.

Үкімет туралы заңның 23-бабы Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқару билігінің статусы мен өкілеттілік шеңберін анықтайды. Кедендік бақылау агенттігі туралы ережемен Қазақстан Республикасы экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы жүзеге асырушы осы органның статусы, кеден ісі саласындағы тікелей басшылығы, салааралық үйлестіру және басқа да арнаулы атқару, шешім шығару функциялары анықталған. Кедендік бақылау агенттігі құқық қорғау органы екендігі атап айтылады. Кедендік органдардың құқық қорғаушылықпен бірге бақылау және фискалды сипаттағы функцияларын ерекше атауға болады, олар кедендік саясатты кеден ісін мемлекеттік реттеу құралы ретінде пайдаланумен жүзеге асыруда құзыреттілік шегімен қатысуға мүмкіндік береді.

#### ***17-бап. Кеден органдарының жүйесі***

**1. Қазақстан Республикасы кеден органдарының бірыңғай жүйесін (бұдан әрі – кеден органдары):**

**1) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган;**

2) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) бойынша аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері);

3) кедендер;

4) кеден бекеттері;

5) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы бақылау–өткізу пункттері;

6) мамандандырылған кеден мекемелері құрайды.

2. Кеден ісі саласындағы міндеттерді шешу үшін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен кеден зертханаларын, кинология, оқу, есептеу орталықтарын және басқа да мамандандырылған кеден мекемелерін құрады.

3. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін ережелер негізінде іс-әрекет жасайды.

4. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері және кедендер заңды тұлғалар болып табылады және кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін ережелер негізінде іс-әрекет жасайды.

5. Кеден бекеттері мен бақылау–өткізу пункттері заңды тұлғалар болып табылмайды және кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін ережелер негізінде іс-әрекет жасайды.

6. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Кеден органдарының құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат саны лимитінің шегінде кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

8. Кеден органдары мен олардың қарауындағы теңіз және ішкі су кемелерінде кеден органдарының танылу жалауы мен танылу белгісі болады. Кеден органдарының қарауындағы автокөлік құралдары мен әуе кемелеріне кеден органдарының танылу белгісі қойылады. Кеден органдарының танылу жалауының және танылу белгісінің сипаттамасы мен қолданылу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

## **9. Кеден органдарының тиісті кедендік инфрақұрылымы болады.**

Кеден кодексі кедендік органдар жүйесін анықтай отырып, оған кіретін топтар мен олардың жеке-жеке атауларының санын үлкейтті.

Кедендік іс мәселелері бойынша кедендік бақылау агенттігі өкілетті орган болып табылады. Ең алғаш рет бұндай орган 1999 жылы кедендік заңдарда қарастырылды, бірақ ол кедендік органдар жүйесінің құрамына кірмей, орталық кедендік орган, Кеден комитеті бағынатын (Мемлекеттік кіріс министрлігі) кеден ісіне жалпы жетекшілік етті.

Келесі өзегі - өкіметті органның кеден ісі бойынша территориялық бөлімшелері, бұрынғы тек кедендік басқаруды қарастырған заңмен салыстырғанда кәдімгідей өзгеріс болып табылады. Кедендер мен кедендік бекеттер жүйеде статусы да, орнын да өзгертпеген.

Бұл жүйенің едәуір толығыуы жаңа құрылымдардың – бақылау-руқсаттық нүктелердің және арнаулы кедендік мекемелердің енгізілуі болды. (2003 жылдың 1 тамызында жүйеде бұрынғысынша 16 кеден басқармасы, 12 кеден және 161 кеден бекеттері болды).

Кедендік кодекске сай арнаулы кедендік мекемелер қатарына кедендік лабораториялар, кинологиялық, оқу және есептеу орталықтары кірді. Астана қаласында дисколяциялы орталық лаборатория, Алматыда аймақтық лаборатория, Шығыс Қазақстан облысы және Атырау облыстары бойынша кедендік экспертиза (сараптама) және зерттеу бөлімдері қызмет етеді. Кинологиялық орталық болса елдегі барлық құқық қорғау құрылымдарына қызмет атқарады. Оқу-әдістемелік орталық қызметкерлердің алғашқы дайындығын және қайтадан дайындығын қамтамасыз етеді. Ведомствоға тәуелді құрылымдардың (бұрынғы заңнан айрмашылығы) арнаулы кедендік мекеме статусына дейін жоғарылауы, сөзсіз жалпы кедендік жүйе міндеттерін жақсырақ шешуге мүмкіндік беруі тиіс.

Кедендік бақылау агенттігі, территориялық бөлімшелер және кедендер заңға сәйкес заңды тұлғалар болып саналады. Агенттік өзі туралы ережеге сәйкес Үкіметке кедендік басқармаларды, кедендерді және кейбір арнаулы кедендік мекемелерді құру, қайта құру және жою туралы ұсыныс айта алады.

Кедендік бекеттер мен бақылау-руқсаттық нүктелер заңды тұлғалар болып табылмайды, ережелерді Кедендік бақылау агенттігі бекітеді.



Кедендік бақылау агенттігі Үкімет анықтаған штат санын шектеу шеңберінде, кедендік органдардың құрылымы мен штаттық санын бекітеді.

Кедендік органдар арнаулы мемлекеттік қызмет ретінде өзіндік танымдық белгі (эмблема) мен танымдық туға ие, олардың сипаты мен қолданылу тәртібі 1997 жылы 6 маусымдағы № 932 Үкімет қарарымен бекітілген.

Танымдық белгі 8 қырлы алтын жұлдыз бейнесінде, оның ішінде көгілдір фонға белгіленген алтын шаңырақ бар, шаңырақтың үстіңгі жағына – «Кеден» ал астыңғы жағына «Customs» ақ шрифтімен жазылған. Эмблема кедендік органдар құзырындағы көлік құралдарының барлығында және формалық киімде айырым белгісі ретінде қолданылады.

Кедендік органдардың танымдық жалауы жоғарғы жағы көгілдір, ал төменгі бөлігі жасыл түсті мата. Көгілдір түс Қазақстанның ұлттық жалауынан алынса, жасыл түс жалпыға ортақ қабылданған кедендік шекараның халықаралық белгісі. Көгілдір және жасыл түстің арақатынасы 50:50 пропорциясын құрайды. Матаның ортасындағы ақ түсті шеңберде алтын 8 қырлы жұлдыз белгіленген, ол біздің ғаламшарымызды білдіреді, жұлдызда жұқа алтын шаңырақ бар. Жұлдыздың ішіне жоғарғы жағынан алтын түсті фонда «Кеден» деген, ал төменгі бөлігінде «Customs» деген ақ шрифтімен жазылған жазба бар. Жалаудың ені мен ұзындығының арақатынасы – 1:1,5.

### **18-бап. Кеден органдары қызметінің принциптері**

#### **Кеден органдарының қызметі:**

- 1) заңдылық;**
- 2) заң алдындағы қорғалу мен теңдік құқығын қамтамасыз ету, сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылардың құқықтарын құрметтеу мен сақтау;**
- 3) жариялық принциптерінде құрылады.**

Кедендік жүйенің қызметі Қазақстанның кеден саласының мемлекеттік және қоғамдық маңыздылығының дәлелдемесі ретінде кедендік органдар қызметі принциптерінің заңды нығаюына ие болды.

Заңдылық принципінің мәні – заңдардың кедендік органдар тарапынан, сондай-ақ кедендік құқық қатынастарына барлық қатысушылар тарапынан бақылау және орындалу талаптары.

Кедендік органдардағы қызмет мемлекеттік қызметтің ерекше түрі болып табылады. (1999 жылы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның 3-бабы) сондай-ақ аталмыш органдарға таралады. Берілген баптағы атап көрсетілген принциптер іс жүзінде көрініс тапқан.

Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және басқа қызметке қатысушылардың құқықтарын құрметтеу мен бақылау, заң алдындағы қорғау мен теңдік құқығымен қамтамасыз ету принципінің кедендік органдардың кеден ісінің сыртқы экономикалық және басқа қызметтегі заңды құқықтарын сақтау міндеткерліктері (кедендік кодекстің 24-бабы); шешім шығаруға шағымдарды төменгі кеден органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының әрекеттерін қарастыру; өздерінің өкілеттіктері шеңберінде сыртқы экономикалық және басқа қызметке қатысушыларға олардың құқықтарын жүзеге асыруда ықпал ету; тұрақты негізде өз уақытындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы; түскен өтініштер мен ұсыныстардан келіп шығатын жауаптар мен мүлде басқа әрекеттерді өз уақытында қарастыру және таныстыру; кедендік іс саласында тегін консультацияларды жүзеге асыру.

Жариялылық принципінің мәні кедендік органдар қызметінің ашықтығында және олардың қызметі туралы заңды түрде бекітілген принциптер мен нормалардың көрініс алуында. Кедендік органдардың міндеттері мен өкілеттіктері, кедендік құқықтық қатынастарға қатысушылармен өзара байланыс, кеден ісі саласындағы ақпараттандыру мен консультациялар жүргізу осы принциптің жүзеге асырылуын жеткілікті деңгейде кепілдік береді. Кедендік органдар қызметінің, әсіресе Кедендік бақылау агенттігінің және оның территориялық бөлімшелерінің қызметі осы органдар жанындағы құрамына сыртқы экономикалық қызмет және басқа қызметке қатысушылар қоғамдық ұйымдар, кедендік іс саласындағы ғалымдар мен лауазымды тұлғалар кіретін консультативті кеңестерді құру және белсенді қызмет атқару жолымен жүрді.

### **19-бап. Кеден органдарының міндеттері**

#### **Кеден органдарының міндеттері**

1) Қазақстан Республикасының кеден саясатын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңдарының сақталуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларының сақталуын қамтамасыз ету;

5) сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден ісі саласындағы құқық бұзушылыққа қарсы күресу;

7) кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асыру және жетілдіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге жәрдемдесетін жағдайлар жасау;

8) өз құзыреті шегінде валюталық бақылауды жүзеге асыру;

9) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы халықаралық шарттарын әзірлеуге қатысу; шет мемлекеттердің кеден және өзге де құзыретті органдарымен, халықаралық ұйымдармен кеден ісі мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру;

10) Бірыңғай бюджет саясатын іске асыруға, кеден органдарының материалдық-техникалық және әлеуметтік базасын дамытуға қатысу;

11) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қорғау, адамның өмірі мен денсаулығын қорғау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету;

12) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында радиациялық бақылау жүргізу;

13) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындау болып табылады.

Кедендік органдар міндеттері кедендік заңдарды жетілдіру ба-рысында бірнеше рет өзгерді, дегенмен де олар кедендік саясат-ты дайындау мен жүзеге асыру; кедендік іс инструментарияларын жетілдіру, функциялық міндеттерін қамтамасыз етуде жауапкершілік иеленуді жалғастыруда.

Кедендік саясатты дайындау мен жүзеге асыруға қатысу бәрінен бұрын кедендік іс мәселелері бойынша өкілетті орган Кедендік бақылау агенттігінің негізгі міндеті болды және болып қала береді. Сыртқы экономикалық және басқа қызметті мемлекеттік реттеу саласына әсер ете отырып, кедендік іс инструментарияны қолдану жолымен ықпал ете отырып, кеден саясаты мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі ретінде елдің Кедендік саясат тұжырымдамасы мен қабылданған басқару шешімдерінде адекватты көрініс алуы керек.

Қазақстанның егемендігін алып, тәуелсіздікке ие болуы мемлекеттіліктің нығаюын қажет етеді. Мемлекеттік реттеу мен басқарудың жаңа салалары ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Қазақстанда 1998 жылы 26 маусымда қабылданған «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңына сәйкес кедендік органдар мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін атқарады және жауапкершілік жүктейді. Осы заңның преамбулада ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының тәуелсіз егеменді мемлекет ретінде дамуының негізгі талабы екені көрсетіледі. Экономикалық қауіпсіздік – ұлттық экономикаға оның тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігіне қауіп төндіретін ішкі және сыртқы жағдайлардан, үрдістер мен факторлардан қорғау жағдайы. Кедендік органдар кедендік шекараны қорғауды қамтамасыз етуі тиіс, ал Кедендік кодексті қарастырған және мемлекеттік шекара да тауарлар мен көлік құралдарын физикалық және заңды тұлғалардың ауыстыруын бақылайды.

Кедендік органдардың кедендік заңды сақтауды қамтамасыз ету міндеті түсінікті. Басқа заңдарды қамтамасыз етуге көмек, кедендік органдар орындауы тиіс бақылауды әкімшілік, қылмыстық, қаржылық, валюталық, салықтық және азаматтық заң нормаларына сәйкес, ұлттық қауіпсіздік заңы, сыртқы экономикалық қызмет, экспорт және радиациялық бақылау; халықаралық құқық туралы нормаларды көрсетуге болады.

Тарифті және тарифсіз реттеу шаралары кедендік органдармен, барлық заңды түрде бекітілген кедендік іс құралдарымен, кедендік орган құзыреттіліктері мен функцияларымен қамтамасыз етіледі.

Сыртқы экономикалық және басқа қызметке қатысушылар мүддесі мен құқығын қорғау міндеті «мемлекет және аталған

тұлғалар арасындағы билік қатынастары» туралы еске түсіру қажет десек те жайдан-жай анықталмаған. (Кедендік кодексі 1 бап).

Кедендік іс саласындағы құқық бұзушылықпен күрес әкімшілік және қылмыстық, қылмыстық процессуалды заңға сәйкес жүзеге асады. Құқық бұзушылық әкімшілік тәртіп бұзушылық пен қылмыстан тұрады. ҚР-ның әкімшілік құқық бұзу туралы кодексіндегі 26 тарау «Кедендік іс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық» деген тарауда 400-438 баптар кірген. Бір уақытта кедендік органдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды, бұл «Шикізат азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын ҚР -нан тыс жерлерге шығару мен жөнелту ережелерін бұзу» туралы 140-бапта және «Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жөнелтуге арналған шикізат, азық-түлік, өнеркәсіп тауарларын қабылдау ережелерін бұзу туралы 141-бапта қарастырылған. Кеден саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтың бәрі кедендік органдар ведомствосында емес, тек 400-404, 405 (2 және 3-бөлімдері), 406-408, 411, 412, 420, 422, 425, 431, 435, 436 (1 бөлім), 438».

ҚР-ның қылмыстық заңдары Қылмыстық кодекстен тұрады және «Экономикалық контрабанда» туралы 209-бап, «Кедендік төлемдер мен алымдарды төлеуден 214-бап, Айналымы шектеулі нәрселерден және «заттардың айналымынан тартып алынған контрабанда» туралы 250-баптардан қарастырылған кедендік қылмыстар құрамын қарастырады.

Кедендік органдар кедендік рәсімдеу және кедендік бақылау қазіргі кедендік заң шығару шеңберінде жүзеге асырады, жетілдіру міндеті тауар айналымын кеден процедураларын қарапайымдандыру, рәсімдеу, құжат айналым мезгілдерін қысқарту жолымен жылдамдатуға бағытталған.

Кедендік органдардың валюталық бақылауды жүзеге асыру валюталық заң шығаруды құрайтын нормативті құқықтық актілердің орындалуы мен валюталық операцияларды қорғау мен бақылауда. Көбінесе, бұл Ұлттық банк бекіткен процедураны кеден ісі мәселесі бойынша өкілетті орган – Кедендік бақылау агенттігімен келісіп өткен, экспорттық, импорттық валюталық бақылау туралы Инструкцияға қатысты. Кедендік органдар Ұлттық банк пен екінші дәрежелі банктерді тауарлар мен көлік құралдарының кеден шекарасы арқылы қозғалысы туралы хабардар қылады.

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеткерліктерді орындауды қамтамасыз ету міндеті, соған сәйкес халықаралық келісім-шарт мазмұнынан келіп шығады. Кедендік бақылау агенттігі бейнесіндегі кедендік органдар кедендік іс саласындағы халықаралық келісім-шарттарды дайындауға қатысады. Олардың ішіндегі біршама маңыздыларын атап кететін болсақ: Кедендік одақ туралы келісім (1995 ж.); Кедендік одақты және Біртұтас экономикалық кеңістікті құру туралы келісім-шарт (1999 ж.); Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы келісім (2000 ж.) және т.б. Шет мемлекеттердің кедендік органдарымен және басқа да құзырлы органдарымен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық келіссөздер мен келісімдер шеңберінде өтеді. Қазақстан Республикасы 1992 жылдан бері Өлемдік кедендік ұйым мүшесі болып табылады.

Кедендік ұйымдардың біртұтас бюджет саясатын жүзеге асыруға қатысуы фискалды сипаттағы функцияны орындауда. Кедендік төлемдер мен салықтар мемлекеттік кірістің едәуір үлесін құрайды. Кедендік органдардың материалды-техникалық және әлеуметтік базасы Үкімет бекіткен кеден қызметінің даму бағдарламасы шеңберінде шешіледі.

Ұлттық қауіпсіздікті сақтау шаралары қызметі өз тағайындауларына сай келуі керек кедендік органдардың қауіпсіздігімен өкілеттіктеріне негізделеді. Адам өмірі мен денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау міндеттері кедендік органдардың бақылау функциясын орындауымен байланысты.

2004 жылдың бірінші қаңтарынан бастап, тек кедендік шекарада ғана емес, мемлекеттік шекарада радиациялық бақылау өткізу міндеті қойылды. Осы мерзім аяқталғанша шекарада орналасқан бақылау-рұқсаттық нүктелер мен кеден бекеттерінің техникалық жабдықталу мәселелерін шешу керек.

Кедендік органдардың басқа міндеттері Қазақстан Республикасының басқа міндеттері Қазақстан Республикасының заңдық актілерінен келіп туындайды.

### **20-бап. Кеден органдарының орналасатын жерлері**

**1. Кеден органдарының орналасатын жерлерін жолаушылар және тауарлар ағынының көлемін, жекелеген аймақтардың және (немесе) сыртқы экономикалық байланыстарының даму қарқынын негізге ала отырып, кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.**

**2. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден органдары тікелей кеден органдарына тиесілі үй-жайларда орналасады.**

**3. Кеден органдары осы Кодексте көзделген жағдайларда кедендік брокер, кедендік тасымалдаушы ретіндегі қызметті жүзеге асырушы тұлғаларға, уақытша сақтау қоймаларының иелеріне тиесілі кеден қоймасы және (немесе) үй-жайларында, сондай-ақ кеден терминалдарының, әуежайлардың, порттардың, темір жол және автомобиль станцияларының, вокзалдарының және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың аумағында және (немесе) үй-жайларында орналасуы мүмкін.**

**Мұндай жағдайларда қажетті аумақтар және (немесе) үй-жайлар кеден органдарына Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген тәртіппен шарт негізінде беріледі.**

**4. Кеден органдарына арналған жер учаскелері Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес жер пайдалануға беріледі.**

Кеден ісі мәселелері бойынша өкілетті органның территориялық бөлімшелері – кеден басқармалары облыс орталықтарында (Алматы, Астана) орналасқан. Кедендер негізінен қазақ-қытай кеден шекарасында. Кеден бекеттері мен бақылау-рұқсаттық нүктелердің тікелей шекара маңы деп аталатын кеден бекеттерінде, сондай-ақ аэропорттар мен темір жол бекеттерінде, орналасуы алғашқылардың ішкі статусымен анықталған. Жалпы алғанда, кедендік органдардың орналасу жағдайына жолаушы және жүк ағындарының көлемі, аймақтық сыртқы экономикалық потенциалдық дамуы, сыртқы экономикалық және басқа қызметке қатысушылардың өтініштері әсер етеді.

Кедендік органдар қызмет етіп тұрған ғимараттар олардың өздеріне тиесілі немесе олар басқа құрылымдардың территориясы немесе ғимараттарына келісім-шарттық негізде орналасуы мүмкін.

Кедендік органдарға пайдалануға берілген меншікте қалады. (Жер кодексі. 26-бап). Бұл кодексте кеден қажеттілігі үшін белгіленген жер бөлімшелері жеке меншікте болу мүмкін еместігі атап көрсетілген. Бұнда мемлекеттік жерді пайдаланушылар шаруашылық жүргізуді іске асырады, сондай-ақ жерді пайдаланушының басқа құқықтарын берілген бөлімшенің мақсаттық тағайындалуы мен жер иеленуші қызметінің уставты мақсатын есепке ала отырып жүзеге асырады. (Жер кодексі. 39-бап).

### **21-бап. Кедендік рәсімдерді жүргізетін орындары**

**Тауарлармен және көлік құралдарымен кедендік рәсімдер, осы Кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедендік бақылау аймақтарында жүзеге асырылады.**

Кедендік бақылау аумақтарын құру және тағайындау, оларға рұқсат беру тәртібін Кедендік бақылау агенттігі анықтайды. Кеден кодексі кедендік бақылау аумақтарының оларда кедендік бақылауда тұрақты түрде тауарлар болған кезде тұрақты болуы немесе тауарларды қарау, кедендік тексеруден өткізу операциялары уақытша жасалған кезде уақытша болуы мүмкін деп белгілейді.

### **22-бап. Кеден органдарының жұмыс уақыты**

**1. Кеден органдарының жұмыс уақытын осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген жағдайларды ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.**

**2. Порттардағы, әуежайлардағы, темір жол станцияларындағы және Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің өзге де пункттеріндегі кеден органдарының жұмыс уақыты осы жерлердегі басқа бақылаушы органдар мен қызметтердің жұмыс уақытымен келісілуге тиіс.**

**3. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі кеден органдарының жұмыс уақыты Қазақстан Республикасымен бірлескен кедендік шекарасы бар шет мемлекеттер кеден органдарының жұмыс уақытымен мүмкіндігінше сәйкес келуге тиіс.**

Кеден органдары мен лауазымды тұлғалардың жұмыс уақыты Қазақстан Республикасы еңбек заңына сай анықталады. Кеден кодексі мемлекеттің қызмет және басқа қызметтердің функциялары туралы заң ерекшеліктерін ескере отырып, бір уақытта порттар, аэропорттар, теміржол бекеттері мен Қазақстан кеден шекарасы арқылы өткізу нүктелерін бақылаушы басқа органдар мен қызметтердің жұмыс уақытымен сәйкестендіруді қарастырады. Өткізу нүктелеріндегі жұмыс істеу тәртібі бірлескен кеден шекарасында шекаралас мемлекеттің кеден органдарының жұмыс уақытымен сәйкес келуі керек.



#### 4-тарау. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ

*23-бап.* Кеден органдарының құқықтары

Кеден органдары:

1) өз өкілеттігі шегінде осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерді шығаруға;

2) мемлекеттік органдардан және шет мемлекеттер органдарынан, сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардан кеденісі саласына қатысты қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтерді сұрауға және алуға;

3) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарында белгіленген өз құзыреті шегінде лицензиялауды және лицензиаттардың лицензиялық талаптарды қамтамасыз ету жөніндегі қызметін бақылауды жүзеге асыруға;

4) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес соттарға талап қоюға;

5) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес құқық бұзушылықтар жасаған немесе қылмыс жасаған деп күдік келтірілген адамдарды ұстауға және Қазақстан Республикасының кеден немесе құқық қорғау органдарының қызметтік үй-жайларына жеткізуге;

6) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес фактілер мен оқиғаларға құжаттама жүргізуге, бейне және дыбыс жазбасын жасауға, оларды киноға және фотосуретке түсіруге;

7) кеден органдарының ресми өкілдерін Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шарттары негізінде шет мемлекеттерге жіберу;

8) ақпараттық жүйелерді, байланыс жүйелерін және деректерді беру жүйелерін, кедендік бақылаудың техникалық құралдарын, сондай-ақ ақпаратты қорғау құралдарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірлеуге, жасауға және пайдалануға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін қаруды, арнаулы техникалық және өзге де құралдарды қоса алғанда, тауарлар сатып алуға құқылы.

Кедендік органдардың негізгі міндеттері 1995 жылдан Кеден Кодексінде тек мазмұны жағынан ғана емес, құрылымдық жағынан

да әрі қарай жетілдіруде. Кеден органдарының міндеттері туралы бапты сақтау (19-бап) барысында «Кеден органдарының өкілеттіктері» деген тарау, кеден органдарына қатысты және «Кедендік органдар міндеткерлігі» деген 24-бап ерекше көрсетіледі.

Нормативті құқықтық актілерді шығаруға бекітілген құқық кеден ісі мәселелері бойынша өкілетті орган – Кедендік бақылау агенттігіне қатысты. Бұдан басқа, Үкіметтің 2002 жылы 6 қыркүйектегі №981 қарарында бекітілген Кедендік бақылау агенттігі туралы ережеде кеден ісі мәселелері бойынша бүкіл территорияға міндетті нормативті құқықтық актілердің жобасын дайындау мен басып шығару жеке көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардан және шет мемлекеттерден кедендік құқықтық қатынастарға қатысушылардың қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтерді алуға өтініш беру және алу құқығы экономикалық және басқа қызметті жүзеге асырушы кедендік органдар, халықаралық-құқықтық ынтымақтастық, мемлекет пен тұлғалар арасындағы билік қатынастарының тағайындауынан келіп шығады.

Кедендік органдар кеден қоймаларын, алымсыз сауда дүкендерін, еркін қойма, уақытша және кедендік брокер қызметін атқаруға лицензия береді және лицензиялық талаптардың қамтамасыз етілуін қадағалайды.

Мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар немесе азаматтар құқық қорғау туралы және заңмен қорғалған басқа тұлғалардың мүддесін қорғау немесе заңда қарастырылған белгісіз тұлғалар тобының мүддесін қорғау туралы сотқа жүгінуге құқығы бар. (Азаматтық процессуалды кодекстің 8-бабынан). Азаматтық және азаматтық-процессуалды заңға сәйкес соттар құқықтық қатынастардан келіп туындаған, ішінде бір жақтық екіншісіне биліктік бағынуына негізделген қатынастар да кіреді, даулы мәселелерді қарастырады.

Кедендік органдардың лауазымды тұлғаларын әкімшілік жазау Кеден заңдарын бұзған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес (620-622-баптар) және қылмыстық-процессуалдық кодекс ережелеріне сай жүргізіледі. Әкімшілік устав – физикалық тұлғаның жеке бас бостандығынан уақытша айрылуы, көбінесе белгілі бір уақыт аралығында арнайы ғимаратта оның заңға қарсы әрекеттерінің алдын-алу мақсатында күштеу мазмұнындағы әрекет ету және қозғалыс еркіндігінен айыру.

Кеден процедуралары және жеке процессуалды әрекеттер өзіне сәйкес құжат жүргізуді, яғни факторлар мен оқиғалардың бейне және дыбыс жазбалары, кино және фото бейнелер өндірісін ұсынады.

Кедендік органдардың шет мемлекеттерге ресми өкілдер жіберуі халықаралық келісім-шарттар және Сыртқы істер министрлігі хабарламасы негізінде жүргізіледі.

Кедендік органдардың автоматтандырылуы олардың міндеттері мен функцияларын жүзеге аыруы үшін үлкен мәнге ие. Мақсаты – кедендік шекара арқылы өтетін барлық жүк тасымалын тиімді бақылау, кедендік рәсімдеу ережелерді сақтауды қадағалау, кедендік төлемдер мен салықтарды аудару мен алудың дұрыстығы, сыртқы сауда статистикасы мен арнайы кедендік статистиканы жүргізу және т.б. болып табылады. 2001 жылы тәжірибелі эксплуатацияға бірінші кезекте Біртұтас автоматтандырылған ақпараттық жүйе енгізіледі.

Кедендік органдар республикалық бюджет есебінен қаржыландырады, сұраныстар бекітілген тәртіпте бюджеттік өтініштерді тапсырғаннан және Үкімет жанындағы бюджет комиссиясында қаралып, бекітілгеннен кейін шешіледі. Бұдан басқа, Үкімет нақты шаралар мен олардың өзіне сәйкес қаржыландырылуы белгіленген Кедендік қызметтің даму бағдарламасын бекітеді.

#### **24-бап. Кеден органдарының міндеттері**

##### **1. Кеден органдары:**

1) сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың кеден ісі саласындағы заңды құқықтарын сақтауға және мемлекеттің мүдделерін қорғауға;

2) төмен тұрған кеден органының және кеден органының лауазымды адамдарының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарауға;

3) өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы мен экономикасын дамытуға жәрдемдесуге, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге ықпал етуге;

4) тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілуіне, кедендік бақылау жасауды жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіппен кеден ісі саласындағы қылмыстар туралы істер бойынша анықтау жүргізуді жүзеге асыруға;

6) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарында көзделген тәртіппен кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға;

7) өз өкілеттігі шегінде сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың өз құқықтарын іске асыруына жәрдем көрсетуге;

8) кедендік төлемдердің және салықтардың толық өндіріп алынуын және республикалық бюджетке уақтылы аударылуын қамтамасыз етуге;

9) мемлекеттік бюджетке белгіленген мерзімдерде төленбеген кедендік төлемдердің және салықтардың сомаларын, сондай-ақ олар бойынша өсімақыны осы Кодексте белгіленген тәртіппен өндіріп алуға;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімдерде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар, шешімдер, рұқсаттар, біліктік аттестаттарын беру туралы шешім қабылдауға;

11) Қазақстан Республикасының сыртқы саудасының кедендік статистикасын және арнаулы кедендік статистикасын жүргізуді жүзеге асыруға;

12) Мемлекеттің меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз етуге;

13) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасын күзетуді және кедендік бақылау аймағы режимінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге;

14) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден органдары қызметінің қауіпсіздігін, кеден органдарының лауазымды адамдары мен олардың отбасы мүшелерін құқыққа қарсы әрекеттерден қорғауды қамтамасыз етуге;

15) өз құзыреті шегінде кеден органдары лауазымды адамдарының тарапынан болған құқық бұзушылықтардың алдын-алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі жұмысты жүргізуге;

16) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтардың жасалғандығы туралы ақпарат жинауды және талдауды жүзеге асыруға;

17) өз құзыреті шегінде сот актілерін, прокурорлардың, сондай-ақ құқық қорғау органдарының басқа да адамдарының жазбаша тапсырмаларын орындауға, оларға жекелеген іс жүргізу, іс-әрекеттерін жасауға жәрдем көрсетуге;

18) ұлттық қауіпсіздік органдарымен және басқа да тиісті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

19) Қазақстан Республикасының салық, валюталық және өзге де заңдары саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтауда, олардың алдын алуда және жолын кесуде салық қызметі органдарына және басқа да мемлекеттік органдарға жәрдем көрсетуге;

20) Осы Кодексте белгіленген тәртіппен сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушыларды тұрақты негізде, оның ішінде Қазақстан Республикасының кеден заңдарындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы уақтылы хабарландырып отыруды қамтамасыз етуге;

21) кеден ісі саласында келіп түскен сауалдар мен ұсыныстардың уақтылы қаралуын және оларға жауап қайтарылуын немесе олардан туындайтын өзге де іс-әрекеттердің жасалуын қамтамасыз етуге;

22) кеден ісі саласында өтеусіз кеңес беруді жүзеге асыруға;

23) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кедендік әкімшілік жүргізуді жүзеге асыруға міндетті.

Кеден органдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

2. Кеден органдары Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, кеден органдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген мерзімдерде материалдарды тиісті мемлекеттік органдарға беруге міндетті.

Кеден органдары Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, кеден органдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген мерзімдерде материалдарды тиісті мемлекеттік органдарға беруге міндетті.

Кеден органдары:

- сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың кеден ісі саласындағы заңды құқықтарын сақтауға және мемлекеттің мүдделерін қорғауға;

- төмен тұрған кеден органының және кеден органының лауазымды адамдарының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарауға;

- өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы мен экономикасын дамытуға жәрдемдесуге, Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге ықпал етуге;

- тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілуіне кедендік бақылау жасауды жүзеге асыруға;

- Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіппен кеден ісі саласындағы қылмыстар туралы істер бойынша анықтау жүргізуді жүзеге асыруға;

- Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарында көзделген тәртіппен кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға;

- өз өкілеттігі шегінде сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың өз құқықтарын іске асыруына жәрдем көрсетуге;

- кедендік төлемдердің және салықтардың толық өндіріп алынуын және республикалық бюджетке уақтылы аударылуын қамтамасыз етуге;

- мемлекеттік бюджетке белгіленген мерзімдерде төленбеген кедендік төлемдердің және салықтардың сомаларын, сондай-ақ олар бойынша өсімақыны осы Кодексте белгіленген тәртіппен өндіріп алуға;

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімдерде кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар, шешімдер, рұқсаттар, біліктік аттестаттарын беру туралы шешім қабылдауға;

- Қазақстан Республикасының сыртқы саудасының кедендік статистикасын және арнаулы кедендік статистикасын жүргізуді жүзеге асыруға;

- Мемлекеттің меншігіне айналдырылған тауарлар мен көлік құралдарының сақталуын қамтамасыз етуге;

- өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасын күзетуді және кедендік бақылау аймағы режимінің сақталуын бақылауды қамтамасыз етуге;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден органдары қызметінің қауіпсіздігін, кеден органдарының лауазымды адамдары мен олардың отбасы мүшелерін құқыққа қарсы әрекеттерден қорғауды қамтамасыз етуге;

- өз құзыреті шегінде кеден органдары лауазымды адамдарының тарапынан болған құқық бұзушылықтардың алдын-алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі жұмысты жүргізуге;

- кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтардың жасалғандығы туралы ақпарат жинауды және талдауды жүзеге асыруға;

- өз құзыреті шегінде сот актілерін, прокурорлардың, сондай-ақ құқық қорғау органдарының басқа да адамдарының жазбаша тапсырмаларын орындауға, оларға жекелеген іс жүргізу іс-әрекеттерін жасауға жәрдем көрсетуге;

- ұлттық қауіпсіздік органдарымен және басқа да тиісті мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

- Қазақстан Республикасының салық, валюталық және өзге де заңдары саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтауда, олардың алдын-алуда және жолын кесуде салық қызметі органдарына және басқа да мемлекеттік органдарға жәрдем көрсетуге;

- Осы Кодексте белгіленген тәртіппен сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушыларды тұрақты негізде, оның ішінде Қазақстан Республикасының кеден заңдарындағы өзгерістер мен толықтырулар туралы уақтылы хабарландырып отыруды қамтамасыз етуге;

- кеден ісі саласында келіп түскен сауалдар мен ұсыныстардың уақтылы қаралуын және оларға жауап қайтарылуын немесе олардан туындайтын өзге де іс-әрекеттердің жасалуын қамтамасыз етуге;

- кеден ісі саласында өтеусіз кеңес беруді жүзеге асыруға;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кедендік өкімшілік жүргізуді жүзеге асыруға міндетті.

Кеден органдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

**25-бап.** Кеден органдарының талаптарын орындаудың міндеттілігі

1. Кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының талаптары Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес аталған талаптар өздеріне қатысты қойылатын барлық адамдардың орындауы үшін міндетті.

2. Кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының талаптарын орындамау, сондай-ақ кеден органдарының лауазымды адамдарына жүктелген міндеттерді орындауға кедергі жасайтын басқа да іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген жауапкершілікке әкеп соқтырады.

Кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының талаптарын орындамау, сондай-ақ кеден органдарының лауазымды адамдарына жүктелген міндеттерді орындауға кедергі жасайтын басқа да іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілген жауапкершілікке әкеп соқтырады.

Кеден органдары мен олардың лауазымды адамдарының талаптары Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес аталған талаптар өздеріне қатысты қойылатын барлық адамдардың орындауы үшін міндетті.

**26-бап.** Кеден ісі саласындағы ақпаратқа қатынас

1. Кеден органдарына басқа мемлекеттік органдар, сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушылар табыс еткен мәліметтер Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес кеден саласында ғана пайдаланылады.

2. Мемлекеттік құпиялардан, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиядан тұратын мәліметті, сондай-ақ сыртқы экономикалық және кеден ісі саласындағы өзге де қызметке қатысушыларға қатысты құпия ақпаратты, осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етуге, кеден органдары лауазымды адамдарының жеке мақсаттарына пайдалануына, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беруге болмайды.

3. Кеден органдары ресми сұрату бойынша мәліметтерді Қазақстан Республикасының мынадай мемлекеттік органдарына:



1) құқық қорғау органдарына – кеден ісі саласында құқық бұзушылық жасаған адамдарды заң бойынша қудалау мақсатында;

2) соттарға – олардың талап етуі бойынша;

3) жедел-іздігіру қызметінің субъектілеріне – кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мен тиісті жедел-іздігіру қызметі субъектілерінің бірлескен актілерімен белгіленетін тәртіппен олардың іс жүргізуіндегі материалдар бойынша;

4) Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарына – Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес табыс етеді.

4. Кеден органдары мәліметтерді басқа мемлекеттердің кеден немесе құқық қорғау органдарына және халықаралық ұйымдарға Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес табыс етеді.

5. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өздері алған ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді.

Аталмыш бапта көрсетілген кедендік органдардың міндеттері өзге де нормативті құқықтық актілермен толығып отырады. Оларды жеке-жеке қарастырып көрейік.

1993 жылдың 13 қаңтарында қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекаралары туралы» Қазақстан Республикасының заңымен мемлекеттік шекараларды қорғау саласында қызмет ететін мемлекеттік органдардың, оның ішінде кедендік органдар міндеттерінің шеңбері анықталады. (24-бап). Осымен мемлекеттік шекараны қорғау Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы мемлекеттік жүйесінің бірден-бір бөлігі болып табылады және саяси, әскери, құқықтық, ұйымдық, экономикалық, экологиялық, техникалық және т.б. шараларды жүзеге асыруымен шекаралық бақылау бекеттерінде, шекаралық әскерлердің бақылау өткізу бекеттері, кедендік және өзге мекемелер құрылады (8-бап). Атап айтсақ, 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік шекараларда кедендік органдар радиациялық бақылау енгізді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексімен әкімшілік құқық бұзушылық кедендік органдардың да құзыретіне беріледі (555-бап).

Қылмыстық-процессуалды кодекспен ҚК-ң 209, 214 және 250-баптарда көрсетілген қылмыстық істер бойынша кедендік органдардың жауапкершілігі белгіленеді.

Азаматтық кодекспен (жалпы бөлім) бір жақтың екінші жаққа әкімшілік немесе басқа жағдайлармен бағынуының негізіндегі меншіктік қатынасқа, оның ішінде салықтық және басқа бюджеттік қатынасқа азаматтық заңнама қолданылмайтыны ерекше көрсетілген. (1-бап)

Мемлекеттік қызмет туралы заңнама мынаны белгілейді: Мемлекеттік органдар құрамында саяси партиялар құруға тыйым салынады. Мемлекеттік қызметкерлер өз міндеттерін атқаруда заңдарға бағынады және саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың және олардың органдарының шешімдерінен тәуелсіз болады делінген. (Мемлекеттік қызмет туралы заң 3-бап).

«Салық және бюджетке тиесілі міндетті салымдар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық Кодексімен) Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы тауар тасымалданғанда, кедендік органдар аталмыш кодекс және кедендік заңнамалар негізінде салық жинау және басқа да міндетті төлемдерді талап ету құзыреті белгіленген. (19-бап).

«Ұлттық қауіпсіздік» заңына сәйкес кедендік қызмет өзге де мемлекеттік органдар сияқты Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуші күштерге жатқызылады. (8-бап).

Мәліметтерге қатысты айтатын болсақ, кедендік рәсімдеу кедендік бақылау барысында берілетін қосымша және негізгі құжаттарда көрсетілген ақпаратқа сүйену керек.

Кодекс кеден органдарын (мемлекеттік құпияны, коммерциялық мәліметтерді заң қорғауындағы құпияларды қосқанда) конфиденциалдылығына кепіл болатындай тек кеден мақсаттарына ғана мәліметтерді пайдалануға мәжбүр етеді.

Бапта ресми сұраныс бойынша мәліметтер берілетін мемлекеттік органдар аталып кетеді. Бұл органдар мәліметтер конфиденциалдығы үшін жауапкершілікті жүзеге асырады.

Заңнама мен халықаралық келісімдер шеңберінде кеден органдары шет елдердің жоғары органдарына бар мәліметті бере алады.

### **3-БӨЛІМ. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН, СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРМЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫ**

#### **5-тарау. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН, СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРМЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫ**

*27-бап.* Кеден органдарының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы

1. Кеден органдары өз функцияларын Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен дербес және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен актілерінің негізінде немесе аталған органдармен келісе отырып жүзеге асырады.

2. Кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты іс-әрекеттердің үйлестірілуін қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден органдарының қызметіне араласуға тыйым салынады.

Бақылау, қазынагерлік және құқықтық функциялар кеден органдарымен өз еркінше жүргізіледі. Басқа мемлекеттік қызмет орындарымен өзара қатынасы осы қызмет орындары жөніндегі Кеден Кодексі ережелеріне, нормативті құқық актілеріне сай жүргізіледі. Мәселен, Кедендік бақылауға ветеринарлы, фитосанитарлы секілді басқа да мемлекеттік бақылау түрлерінен өткен тауарлар мен көлік құралдары жіберіледі. Құқықтық қызмет те басқа да дәрежелі органдармен іс-әрекетте болуын талап етеді. Қазынагерлік іс-әрекет банк және салық құрылымдарының мүдделері мен талаптарын көздейді.

Кеден әкімшіліктендіруінің актілерді бірігіп қабылдағанды талап етеді. Мысал ретінде, экспортты-импортты валюталық бақылауды, кедендік төлемді реттеуші актілерді жатқызуға болады.

(2001 жылы 5 қыркүйегінде ҚР Кеден бақылауы жүргізетін органмен және ҚР ұлттық банкі мен бекітілген экспорттық-импорттық валюта бақылауын ұйымдастыру жөніндегі нұсқауы 2003 жылы 25 сәуірде қабылданған. ҚР импортқа түсетін тауарлардың белгілі бір түрлеріне кеден босату тәртібі жөніндегі нұсқауы).

Кедендік шекара арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өткізуіне жүргізілетін бақылау кеден органдарының құзырында. Кейбір жағдайларды олар басқа органдармен бірігіп қызмет жасау керек. Осы салаға ең жақын органдар шекара қызметі, құқықтық құрылымдар.

Бұл ерекше мемлекеттік қызметтің өмір сүруінің басты аспектісі, кеден органдарының ісіне араласуға тыйым салу. Әрине, заңға сай бақылау жүргізу үшін прокуратура органдары, басқа да құқық органдары араласуы мүмкін.

Үкімет те конституцияға ережелеріне сай араласуға мүдделі.

**28-бап.** Кеден органдарының сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылармен, қоғамдық бірлестіктермен және кеден ісі саласындағы өзге де мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимылы

1. Қазақстан Республикасында кеден ісін жетілдіру және кедендік әкімшілік жүргізудің тиімді әдістерін енгізу мақсатында кеден органдары сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылармен, қоғамдық бірлестіктермен және кеден ісі саласындағы өзге де мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

2. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды, қоғамдық бірлестіктер мен кеден ісі саласындағы өзге де мүдделі тұлғаларды Қазақстан Республикасының кеден ісі мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысуға тартуына құқығы бар.

3. Сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылар, қоғамдық бірлестіктер мен кеден ісі саласындағы өзге де мүдделі тұлғалар осы Кодекстің 43-тарауында белгіленген талаптарға сәйкес міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін тұлғалар ретінде әрекет ете алады.

Бұл жағдай кеден органдарының тікелей декларанттармен, басқа да кеден қатынастарына қатысушыларын іс-әрекетте болуына кедергі болмайды. Осы бапта көрсетілген мақсаттарға сай кеден органдары мен осы тұлғалар инициативасы бойынша өзара әрекет жүзеге асады.

ҚР кеден бақылауының Агенттігі жанында кеден саясаты жөнінде консультативті кеңес қызмет етеді. Оның жұмыс істеу тәртібі және ережелері 2003 жылы 5 қаңтарда № 1 бұйрықпен айқындалған. Оның мәжілісінде кеден жүйесін жетілдіру және кеден әкімшіліктендіруінің күнделікті мәселелері қарастырылады. Мұндай кеңестер барлық территориялық бөлімшелерде ашылған. Олардың құрамына сыртқы экономикалық қызметіне қатысушылар, басқа да ұйымдар өкілдері, ғалымдар, мамандар белсенді түрде атсалысады.

Кеден ісі жөніндегі нормативті құқықтық актілерді жасауға қатысу заңды жетілдіру және оны жүзеге асыру үшін үлкен маңызы бар. Кеден Кодексі қабылданбастан бұрын бір жарым жылдық біріккен жұмыс жүргізіледі. Оны дайындауда 2800 ұсыныс берілді. Оны талқылауға 150 экспорт қатысты. Кеден қатынастарына қатысушылар кодекс ережелерін дамыту мақсатында оның басқа нормативті актілерін жасауға қатысады.

Кеден қатынастарына қатысушылар кеден төлемдері, салығы бойынша міндеткерліктерді орындаушы тұлғалар ретінде қатысуы мүмкін. Бұл камсыздандыру ішкі кеден транзиті режимі бойынша көлік құралдарын тасымалдауды кеден тасымалдаушысы ретіндегі қызметті жүзеге асыруда орын алады. Сондай-ақ уақытша сақтау, кеден территориясынан тыс тауарларды ұсақтау, тауарлар транзиті, уақытша шығару, кеден баждарын төлеу мерзімін өзгерткен жағдайда жүзеге асады.

**29-бап. Кеден органдарының шет мемлекеттердің кеден және өзге де органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы**

Кеден органдары өз функцияларын жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының халақаралық шарттарына сәйкес шет мемлекеттердің кеден және өзге де органдарымен әрі халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасап отырады.

Бұл бап кеден органдарының шет елдерінің және халықаралық ұйымдардың құзыретті қызметтерімен қарым-қатынас мәселелері бойынша іс жүргізудегі мүмкіндіктерін тарылтады. Қазақстан

1992 жылдан бастап Әлемдік кедендік ұйымға енген және кеден ісі жөніндегі өкілетті органдар осы ұйымның мәжілістеріне қатысып отырады.

Бінтымақтастық кедендік шекарадағы бақылауды қамтамасыз ету және шекаралық сауда мәселелеріне қатысты жүргізіледі.

## **6-тарау. КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДА АҚПАРАТ ЖӘНЕ КЕҢЕС БЕРУ**

### ***30-бап.* Кеден ісі саласында ақпарат беру**

1. Кеден ісі саласында ақпарат беру кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мерзімді баспасөз басылымдарында Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау жолымен жүзеге асырылады.

2. Кеден ісі саласында ақпарат беру ауызша түсіндірулер мен хабарландыруларды, ақпараттық стенділерді, таблоларды, буклеттерді және өзге де баспасөз материалдарын, сондай-ақ бейне, дыбыс және ақпаратты тарату үшін қолданылатын, оның ішінде жалпы қол жеткізілетін және тегін танысуға арналған басқа да техникалық құралдарды пайдалану арқылы да мынадай орындарда:

- 1) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізудің пункттерінде;
- 2) әуежайларда, темір жол және автомобиль станцияларында, су порттарында;
- 3) халықаралық тасымалдарды орындайтын автокөлік құралдарының, әуе және су кемелерінің бортында;
- 4) осы Кодекста белгіленетін кедендік бақылау аймақтарында, сондай-ақ кеден органдары белгілейтін өзге де жерлерде жүзеге асырылады.

3. Кеден органдары сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

1. Кеден ісі саласында ақпарат беру кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мерзімді баспасөз басылымдарында Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы нормативті құқықтық актілерін ресми жариялау жолымен жүзеге асырылады.

2. Кеден ісі саласында ақпарат беру ауызша түсіндірулер мен хабарландыруларды, ақпараттық стенділерді, таблоларды, буклеттерді және өзге де баспасөз материалдарын, сондай-ақ бейне, дыбыс және ақпаратты тарату үшін қолданылатын, оның ішінд жалпы қол жеткізілетін және тегін танысуға арналған басқа да техникалық құралдарды пайдалану арқылы да мынадай орындарда:

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде;

әуежайларда, темір жол және автомобиль станцияларында, су порттарында;

халықаралық тасымалдарды орындайтын автокөлік құралдарының, әуе және су кемелерінің бортында;

осы Кодексте белгіленетін кедендік бақылау аймақтарында, сондай-ақ кеден органдары белгілейтін өзге де жерлерде жүзеге асырылады.

3. Кеден органдары сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы Қазақстан Республикасының кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Бұл тарау кеден органдарының қызметінің негізі болып табылатын жариялылық принципін дамытады. Нормативті құқықтық актілерді ресми түрде ақпарат құралдары арқылы беру барлық кеден ісіне қатысушылардың осы заң базасын қолдануына мүмкіндік береді. Бұндай қамтамасыз ету баспасөз құралдары арқылы жүреді. (Мысалы, «Егеменді Қазақстан», «Кеден», «Вестник ВЭД» журналдары). Бұл құралдар кедендік рәсімдеу, кеден органдарының орналасқан жерлерінде кездеседі. Ақпаратты технологиялар арқылы нормативті құқықтық актілер жобалары алдын-ала жарияланатын болды. Сондай-ақ, электронды классификаторлар, ақпараттар өңделіп, жаңартылып таратылады. Әлем елдерінің сыртқы экономикалық қызметінің өлшемдері, валюталық өлшемдер, преференциялар,

сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар категориялары, кеден брокерлері жөніндегі ақпараттар беріледі.

**31-бап. Кеден ісі саласында кеңес беру**

1. Кеден ісі саласында кеңес беру кеден органдарының сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларға Қазақстан Республикасының кеден заңдарының ережелерін түсіндіруі болып табылады.

2. Кеден ісі саласында кеңес беру кеден органдарының орналасқан жері бойынша және кеден органдарының жұмыс уақыты кезеңінде жүзеге асырылады.

3. Кеден органдары кеңес беруді сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардан жазбаша өтініш алынған кезде, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жазбаша нысанда жүргізіледі, келіп түскен өтініштер кеден органдарында міндетті түрде тіркелуге тиіс. Жазбаша өтінішті қарау мерзімі, осы баптың 4-тармағында аталған жағдайларды қоспағанда, ол тіркелген күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

4. Берілетін кеңестің дұрыстығы және объективтілігі үшін қосымша құжаттар мен материалдар табыс етуді талат ететін өтініштерге қатысты, сондай-ақ кеден органдарының сол өтінішті қарау үшін айтарлықтай мәні бар ақпаратты алуға басқа мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға өтініш жасауы қажет болған жағдайда кеңес берудің мерзімі жазбаша өтініш тіркелген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

Кедендік заңда (1995-99 жж.) ақпараттандыру мен консультация жүргізу ақысы қаралып, Үкімет қаулысымен 5 экю көлемінде белгіленді. 1999 жылғы 16 шілдедегі кедендік заңдағы өзгерістермен көрсетілген ақы жойылды.

Кедендік органдарда сыртқы экономикалық және басқа қызметтегі кедендік заң ережелеріне мүдделі қатысушыларға түсінік беру үшін ақпараттық-консультативті пункттер ашылды. Берілген бапта кедендік қатынастарға қатысушылардан ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жазбаша сұраныс алған жағдайда өзіне сәйкес кедендік органның жазбаша түрдегі консультациясына акцент жасалады. Осындай сұраныстардың регистрациясы мен оларды қарастырудың нақты мерзімдері осы процедураны қамтамасыз



етудің маңызды жағдайлары. Басқа мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратпен алынған, туындаған мәселелерді шешу қажеттілігіне байланысты қарастыру мерзімі ұлғаюы мүмкін, бірақ сұраныс тіркелген күннен бастап 13 күннен аспауы керек. Берілген бап, сондай-ақ кедендік органдар қызметіндегі жариялылық принципін қамтамасыз етеді.

**32-бап. Кеден ісі саласындағы толық емес немесе көрінеу жалған ақпарат бергені үшін жауапкершілік**

**Кеден органдарының лауазымды адамдары кеден ісі саласында толық емес немесе көрінеу жалған ақпарат бергені не ақпарат беруден заңсыз бас тартқаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады**

Кедендік органдардың лауазымды тұлғалары бірінші кезекте әкімшілік және тәртіптік жауапкершілік жүктейді. Көбінесе, Әкімшілік құқық бұзу туралы кодексте бұқаралық ақпарат құралдарына біле тұра, жалған мәлімет беру үшін жауапкершілік, (347 бап), заңсыз нормативті актіні шығарғаны мен қолданғаны үшін (353 бап), нормативті заң актілерінің мемлекеттік тіркеу ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылады (354 бап).

Толық емес ақпаратқа қатысты мәселе әлі де даулы, бұл жерде заң шығарушы жалған ақпарат туралы аспектіде қарастырған сияқты. Ақпарат жеткізудегі толық емес бас тарту, сондай-ақ белгілі заңдардың шектері бар, себебі бұл жерде конфиденциалды ақпарат және оны үшінші тұлғаға беру құқығынсыз кедендік мақсатта қолдану туралы сөз болуы мүмкін.

## М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе .....	3
<b>ЖАЛПЫ БӨЛІМ</b>	
<b>1 – тақырып. КЕДЕН САЛАСЫ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ ЖАҢА САЛА.....</b>	<b>6</b>
Егеменді Қазақстандағы кеден саласын басқарудағы мәселелер. Егеменді Қазақстандағы жеке монополиялық мемлекеттік және басқа салалардың өзара байланысы.....	6
<b>2 – тақырып. МЕМЛЕКЕТТІК ТӘУЕЛСІЗДІК АЛУ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕН САЯСАТЫ МЕН КЕДЕН ІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ РЕТІНДЕ .....</b>	<b>16</b>
Кеден саясаты ішкі және сыртқы саясаттың құрамдас бөлігі ретінде. Қазақстанның кеден ісінің жалпы мәселелері.....	16
<b>3 – тақырып. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ. ҚАЗАҚСТАН ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ДЕРБЕС ҚҰҚЫҚ САЛА РЕТІНДЕГІ КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ.....</b>	<b>25</b>
Кеден құқығының пайда болуы. Кеден құқығының даму кезеңдері. Кеден құқығының даму жолдары. Құқықтық реттеудің пәні мен әдістері. Кеден құқығының құрылымы мен жүйесі, институттары, Қазақстан құқығының басқа салаларымен арақатынасы, қағидалары мен қайнар көздері.....	25
<b>4 – тақырып. КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ КЕШЕНДІЛІГІ: КЕДЕН САЛАСЫНДАҒЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НЫСАНЫ ЖӘНЕ КӨРІНІС АЛУ ТҮРЛЕРІ .....</b>	<b>39</b>
Кешенді құқықтың түзілімдері әрекет етуші Қазақстан құқығының ерекшелігі ретінде. Кеден заңдарындағы сәйкестену мәселелері.....	39
<b>5 – тақырып. КЕДЕН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚР КЕДЕН САЛАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ .....</b>	<b>50</b>
Кеден саласының саяси – құқықтық аспектілері. Мемлекеттік басқаруда кедендік қамтамасыз етудің мүмкіндіктері мен болашағы.....	50
<b>6 – тақырып. ІШКІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ .....</b>	<b>55</b>
Халықаралық кеден құқығының негіздері. Кедендік Одақтар мен басқа да халықаралық ұйымдар. Кедендік Одақ пен бірыңғай экономикалық кеңестік жайлы келісім.....	55

<b>7 – тақырып. КЕДЕН ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛІК ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ.....</b>	<b>63</b>
Кеден органдары және оның қызметінің ұйымдық – құқықтық негіздері. Кедендік әкімшілік ету мемлекеттік басқарудың нысаны ретінде.....	63
<b>8 – тақырып. КЕҢЕС ӨКІМЕТІ КЕЗЕҢІ (1917 - 1991 ЖЫЛДАР)</b>	<b>68</b>
<b>9 – тақырып. ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН (1991 – 2006 ЖЫЛДАР)</b>	<b>77</b>
<b><i>ЕРЕКШЕ БӨЛІМ</i></b>	
<b>10 – тақырып. КЕДЕН ІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ОРНЫ.....</b>	<b>90</b>
Кеден ісі – кеден құқығының негізгі институты. Кеден Құқығының негізгі институттары және кеден ісінің құрылымы.....	90
<b>11 – тақырып. КЕДЕН ШЕКАРАСЫНАН ТАУАРЛАР МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ӨТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ. КЕДЕНДІК РЕЖИМДЕР .....</b>	<b>99</b>
Кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу. Кедендік режимдердің ерекшелігі.....	99
<b>12 – тақырып. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІ</b>	<b>115</b>
Кедендік рәсімдеудің жалпы мәселелері. Кеден бақылауы. Мемлекеттік бақылаудың валюталық және тағы басқа түрлері.....	115
<b>13 – тақырып. ҚАЗЫНАГЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕГІ КЕДЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ ФУНКЦИЯСЫ .....</b>	<b>124</b>
Кеден төлемдері. Есептеу мен төлем алу тәртібі. Кеден жүйесіндегі салықтар. Салық заңдарының жалпы мәселелері.....	124
<b>14 – тақырып. КЕДЕН ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ КЕДЕН САЛАСЫНДАҒЫ ЖАУАП-КЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ .....</b>	<b>130</b>
Кеден ісіндегі құқық бұзушылық және оларды болдырмаудың бірқатар мәселелері. Кеден аясындағы мемлекеттік басқару мәселелері.....	130
<b>15 – тақырып. КЕДЕНДІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....</b>	<b>143</b>
Кедендік инфрақұрылым түсінігі мен мәні. Кедендік инфрақұрылымның қалыптасу проблемалары.....	143
<b>16 – тақырып. КЕДЕНДІК ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ .....</b>	<b>151</b>
Кедендік қызметті реформалаудың бағдарламасы. Кедендік процедураларды автоматтандыру. «Электронды кеден».....	151
<b>Қорытынды .....</b>	<b>171</b>
<b>Әдебиеттер .....</b>	<b>174</b>
<b>Қосымшалар .....</b>	<b>177</b>

*Әлібеков Сайлаубек Тынышбекұлы*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
КЕДЕН ҚҰҚЫҒЫ**

*Оқулық*

*ЖШС «Нұр-пресс» бас директоры  
Жансейтов Н. Н.*

*Беттесті: Төребаева Г. А.  
Сарапшысы: Салық Г. Т.  
Дизайн: Савельев А. О.  
Оператор: Умурова Г. О.*

Басуға 21.03.2007 қол қойылды. Офсеттік басылыс.  
Пішімі 60x90<sup>1/16</sup>. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Таймс».  
Шартты баспа табағы 16,7.  
Таралымы 1000. Тапсырыс № 39.

«Нұр-пресс» баспасы  
050057 Алматы қ.,  
М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.  
Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.  
E-mail: law-literature2006@rambler.ru